«Алпамыс батыр» жырының таралу шеңбері өте ауқымды. Солардың ішінде жырдың ең көлемді көркем үлгілері қазақ, қарақалпақ, көшпелі өзбектер арасында туғаны белгілі. Бүгінде осы жырды бәрі де өздерінің төл туындысы санайды. Мұның түпкі себебін түсіну қиын емес, әрине. «Алпамыс батыр» жырын туғызған орта болып есептелетін қоңырат руы өзбек, қарақалпақ, қазақ халықтарының құрамына еніп, жыршылық дәстүрін сақтап, үнемі дамытып отырған. Сонымен, өзбек, қарақалпақ версияларының негізгі сюжеттік құрамы біздегі нұсқалардан алшақ кетпейді. Басты айырмашылықтар мына жайттардан байқалады.

Қазақ жырында Ұлтан – Байбөрінің ағасы Құлтайдың ұлы. Ұлтан Алпамыс дүниеге келгенге дейін Байбөрінің қолында өседі. Ал қарақалпақ версиясы мен Бердібақшы жырлаған өзбек нұсқасында Ұлтан – Байбөрінің құлының баласы. Баймырзаларға қарсы бүліктің басы боп жүрген де сол.

Екі версияда да Байбөрі мен Байсары – Жиделі Байсынды мекендеген ағайынды адамдар. Жырдың қазақ нұсқасында олардың рулары басқа: Байбөрі – қоңырат, Сарыбай – шекті. Байлардың арасындағы өкпе-реніштің орын алуына көкпар барысындағы жағдай (қарақалпақ) мен ағасының інісінен зекет талап етуі (өзбек) түрткі болса, Сарыбайдың қалмақ жеріне көшуіне «Егер атадан жалғыз туған Алпамыс қаза тапқан жағдайда Гүлбаршынның әмеңгерлік жолмен Ұлтанға тиюі мүмкін» деген ой себеп болады. Байсары қалмақ жеріне көшіп барған соң, қалмақтың Тайша ханы мен Қаражан батыры Баршынға құда түседі. Ф. Юлдашев жырлаған өзбек нұсқасында олардың орнын қалмақтың алып батыры Көкалдаш пен оның інілері басады. «Алпамыс батыр» жырының Майкөт ақын вариантында Алпамыс қалың қалмақты жалғыз өзі жайратып салады, Қараманды көкпарша өңгеріп, Гүлбаршынның аяғының астына тастайды. Өзбек версиясында Баршын төрт сайыстың жеңімпазына ғана тұрмысқа шығатынын айтады. Алпамыс Баршынның үмітін ақтап, төртеуінен де жеңіспен оралады. Қарақалпақ версиясында Алпамыс қалмақтың тоғыз балуанын жықса, Қаражан Байшұбармен бас бәйгені алады. Көкеман Алпамысты тасада тұрып мылтықпен атады да, батыр қалмақтарды қан-жоса етіп қырып салады.

Қарақалпақ версиясының екінші бөлімі біздегі нұсқалардан ауқымдырақ. Жырдың кейбір мотивтері болмаса, Алпамыстың жабайы қаздың қанатына жазған хаты, батырды құтқармақ болған Қаражанның шарасыздан елге оралуы, оның досына өкпелеп, Ұлтан тазға уәзір болуы, Алпамыстың үйлену тойында аспаздармен сөзге келуі, көкпарға қатысуы, т.б. сарындары өзбек версиясымен бірдей.

«Алпамыс батыр» жырының Жиемұрат нұсқасында батырдың ғажайып туысы мен үйленуі жайы баяндалады. Мұнда Майкөт ақын нұсқасындағы Тайша ханның Байбөрі малын әкетуі, Алпамыстың жеті жыл зынданда жатуы, әйелінің үйлену тойы үстінде келуі сияқты оқиғалар жоқ. Екі нұсқадағы болашақ батырдың ғажайып туысында да айырмашылықтар кездеседі. Жиемұрат нұсқасында Байбөрі мен Байсары бір перзентке зар болып, әулие-әмбиені жағалайды. Артынша тілегі қабыл болып, Алпамыс пен Қарлығаш дүниеге келеді. Байсары қызды болады. Ғайыптан пайда болған каландарлар балаға ат қояды. Олар Алпамысты жебеуші күштер, Ғайып ерен қырық шілтен болып шығады. Бірде екі бай көкпарға таласып қалады да, Байсары қалмақ еліне көшіп кетеді. Майкөт ақында Байбөрінің – қоңырат, Сарыбайдың – шекті елінен екені анық айтылады. Байбөрі Құлтайдың тезекші қара күңнен туған баласын бауырына басады**,** әлгі Ұлтан есейе келе Байбөрі мен Құлтайға «алжыған қақпас» деп тіл тигізеді. Байбөрі Аналықты ертіп, Әзірет сұлтанға аттанады, әулие-әнбиелерді аралайды. Жаратушы ақ ниетіне орай бір ұл, бір қыз сыйлайды. Бұл нұсқада балаға ат қоятын-Баба түкті Шашты әзиз. Сарыбайдың бәйбішесі қыз туып, екі бай құда болады. Уақыт өте Сарыбай «Алпамыс жалғыз қалды, егер жазатайым өліп кетсе, қызым Ұлтан құлға қор болады» деп ойлап, көшіп кетеді. Алпамыстың қалыңдығын іздеп қалмақ жеріне аттанатын сапары екі нұсқада екі түрлі баяндалады. Жиемұратта Гүлбаршынға қалмақ ханы Тайша мен Қаражан батыр таласады. Шарасыз Гүлбаршын «қырық күншілік жерден кім бірінші келсе, соған тиемін» деп шарт қояды. Сол мезгілде Алпамыс та қалмақ еліне жетеді. Алдынан шыққан Қаражан Алпамыстан жеңіліп, онымен достасады. Гүлбаршыннан дәмелі 490 қалмақ сайысқа түседі. Бұлардың қатарында Алпамыстың тілеуін тілеген Қаражан да бар. Қаражан достыққа берік. Ол Байшұбар аттың төрт аяғына қазық қағып, құдыққа тастап кеткен қалмақтарды қуып жетіп, өзінің баласы Досмұхамед пен оның атын өлтіреді. Байшұбар бәйгеден озып келгеннен кейін, Алпамыс қалмақтың тоғыз балуанын жығады. Көкеман уәзір Алпамысқа оқ атады. Батыр қалмақтарды жайратып салады.

Жиемұрат нұсқасында шығыстық сюжеттерге негізделген діни дастандардың әсерықпалы байқалады. Алпамыс шайқасқа түскенде Жаратушыны еске алып, «Я, шері Құда, Хазірет Әлі ер Мұртаза» деп сиынады. Қаражан батыр болса «Дінім-ислам, бір хақ Құдайым» деп мұсылман болады.

Майкөт нұсқасында ілгерідегі оқиғалардың бірі де жоқ. Гүлбаршынға құда түсетін Тайша хан мен Қаражанның аты аталмайды. Гүлбаршынның қоятын шарты, сайыс, жарыс дегендер кездеспейді. Мұнда Алпамыс тасқа басылған Гүлбаршынның хатын көріп, оны күшпен жар етпек болған Қараман батырдың қалың әскерін қырып салады. Қараманның өзін көкпар ғып өңгеріп, Гүбаршынның алдына тастайды. Атасы Сарыбайды қалмақ еліне хан етеді.

Башқұрт халқының «Алпамыш пен Барсын-Хылуу» атты ертегісінің сюжеті бізге мәлім қоңырат версиясынан бұрынырақ туса керек.Онда Алпамыстың Жиделі байсын жері де, Қоңырат деген елі де, қаптаған қалмақ жауы да кездеспейді. Жырдағы батырлық үйлену сарыны мұнда қыз бен жігіттің жекпе-жегін бейнелейтін көне мотивпен ауысқан.

Барсын-Хылуу «Қорқыт ата кітабындағы» Баршын-Шешек сияқты күйеу жігітті жолықтырғанша елден жырақта жеке шатыр тігіп тұрады. Ертегідегі Барсын қыз өз лашығын тау шыңына орналастырады. Оны өзіне жар етемін деген батырлар сан тараптан ағылып кеп жатады. Алайда алып қыз тау үстінен жардай тастарды домалатып үміткерлердің бәрін өлтіріп тастайды. Ол жоғарыдан жар жағалап түскен тасты қайтадан тау үстіне лақтырып шығаратын, не алысқанда алып жығатын батыр жігітпен тұрмыс құрмақшы екен. Көп ұзамай көп үміткердің бірі ретінде Алпамыс та әлгі тауға барады. Батыр межелі жерге жеткен бойда Барсын қыз тау шыңынан бір тасты құлатып жібереді. Биіктен құлдилап келе жатқан тасты Алпамыс аяғымен теуіп қап тау үстіне қайта шығарады. Артынша тау үстіне Алпамыстың өзі де көтеріледі. Сол жерде батыр мен Барсын-Хылуу жеті күн, жеті түн алысады. Соңында Алпамыс қыздың жамбасын жерге тигізіп, Барсынды өзіне жар етеді.

«Алпамыс батыр» жыры жайында пікір айтқан ғалымдардың бірі – белгілі ақын әрі қоғам қайраткері С.Сейфуллин. Оның Қызылорда

қаласында шыққан «Қазақ әдебиеті» атты монографиясында жырдың өзбек, қазақ нұсқаларының ерекшелігі, образдар жүйесі, ұлттық дәстүрге сай сарындары туралы тиянақты ойлар айтылады. [1,216]

Академик жазушы С. Мұқанов 1939 жылы жарық көрген «Батырлар» жинағының алғы сөзінде «Алпамыс» пен «Қозы Көрпеш-Баян сұлуды» салыстыра зерттейді. [2,5] Лиро-эпикалық шығарманың құрылысы мен сюжеттік желісінің «Алпамыс жырына» ұқсас екенін байқайды.

Мұхтар Әуезов пен Л. Соболев «Эпос и фольклор казахского народа» атты мақаласында жырдың көркемдік өрнегіне ерекше ден қойған. Олар Байшұбардың шабысы бейнеленетін тұстағы суреттерді ең нақышты бейнелер деп біледі. [3,7] Қазақ жырларында тұрмыс-салт пен әдет-ғұрыптың шыншыл суреті анағұрлым мол ұшырайтыны бұлардың алғашқылары стадия жағынан кейінірек, соңғылары жасырақ болғандықтан деп есептейді.

А.С. Орлов «Казахский героический эпос» деген кітабында қазақ батырлар жырын орыс тілінде кеңінен мазмұндап шыққан [4,16]. Еңбектің ғылыми мән-маңызы осындағы типологиялық салыстыруларға байланысты. Ғалым қазақ батырлар жырына шолу жасай келіп, «Алпамыс батыр» жырын көне ескерткіштер қатарында қарайды.

В. Жирмунский мен Х. Зарифов авторлығымен шыққан «Узбекский народный героический эпос» атты монографияда «Алпамыс батыр» жырының туған дәуірі, жанрлық ерекшеліктері туралы қызықты пікірлер қозғалған [5, 66-67-68]. Авторлар «Алпамыс батыр» жырының қарақалпақ, өзбек, қазақ нұсқаларына шолу жасайды. Сонымен бірге, дәуір шындығының көркемдік даму шындығына сәйкес өзгеріске түскенін ескертеді.

«Алпамыс батыр» жырын зерттеуде елеулі еңбек сіңірген ғалымдардың бірі – Т. Сыдықов. Оның батырлар жырына арналып әр кезде жазылған мақалалары мен кітаптары жанр табиғатын түсінуге септеседі. [6, 22-42] Осы еңбектердегі бірнеше мәселені санап өтсек те, ғалым назарының қазақ эпосындағы күрделі жайларға түскенін көреміз. Атап айтқанда, ол «Алпамыс батыр» жырының зерттелу жайына, образдар жүйесіне, нұсқаларына тоқталған.

Қазақ фольклортанушыларының алдында үлкен ғылыми міндеттер тұрғаны анық. Бізге «Алпамыс батыр» жырына арнайы тоқталып, оның сюжеттерінің шығу төркінін, тарихилық дәрежесін, этнографиялық қырын, стадиялық қатарын, типологиялық өрнектерін дәл ашатын зерттеулер қажет. Жырдың вариант-нұсқаларын түгел салыстыра отырып жүргізетін жұмыстар жазылуы керек.

Әдебиеттер

1 Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. – Қызылорда, 1932. – 216 б.
2 Мұқанов С. Алғы сөз // Батырлар. – Алматы, !939. – 260 б.
3 Ауэзов М., Соболев Л. Эпос и фольклор казахского народа // Литературный критик. – Москва, 1940. – №1.
4 Орлов А.С. Казахский героический эпос. – Москва-Ленинград, 1945. – 331с.
5 Жирмунский В., Зарифов Х. Узбекский народный героический эпос. – Москва, 1947. – 519 с.
6 Сыдықов Т. Ғасырлардың кәусар бұлағы. – Алматы, 1980. – 214 б.

References

1 Seifullin S. Qazaq adebieti. – Quzulorda, 1932. – 236 b.
2 Muqanov S. Algi soz // Batirlar. – Almati, 1939. – 260 b.
3 Auezov M., Sobolev L. Epos I folklor kazashskogo naroda // Literaturni kritik. –Moskva, 1940. – №1.
4 Orlov A.S. Kazashski geroicheski epos. – Moskba-Leningrad, 1945. – 331 s.
5 Girmunski B., Zarifov Sh. Uzbekski narodni geroicheski epos. – Moskba, 1947. – 519 s.
6 Sidikov T. Gasirlardin kausar bulagi. – Almati, 1980. – 214 b.

Картаева А.М.,
Амингазинова А.

М. Әуезов шығармашылығындағы түркі халықтары әдебиеті

Мақалада қазақ халқының ғұлама жазушысы Мұхтар Әуезов шығармашылығындағы түркі халықтары әдебиетінің орны көрсетіледі. Жазушының нәр алған негізгі бұлағы түркі халықтары әдебиеті екені дәлелденіп, М. Әуезовтің ол әдебиетке қосқан елеулі еңбектері айтылады. Қырғыздың атақты «Манас» жырын зерттеуге қосқан зор үлесі аталып, Ш. Айтматовтың өзіне ұстаз санағаны жайлы сөз болады. Ш. Айтматовтың М. Әуезовті қаламгерлік шеберлігінде өзіне үлгі тұтып, шығармашылық жолмен дәстүрін жалғастырғаны талданады.

Түйін сөздер: түркі халықтары әдебиеті, жазушы, шығармашылық, эпос, қайнар бұлақтар, дәстүр, повесть.

Kartayeva A.M.,
Amingazinova A.

Literature of turkish nations in works of M.Auezov

The article tells about the place of literature of Turkish nations in the works of the literature giant of Kazakh literature Mukhtar Auezov. Article says about significant works of M. Auezov, which he contributed in literature of Turkish nations and that Turkish literature was the main source of inspiration for him. Also, it mentions his considerable contribution in examination of Kyrgyz epos «Manas» and M. Auezov mentioned that he put down C. Aitmatov as his teacher. Whereas C. Aitmatov considered Auezov's oeuvre as an example and legacy of his creativity.

Key words: literature of turkic people, writer, work, epos, sources, tradition, story.

Картаева А.М.,
Амингазинова А.

Литература тюркских народов в творчестве М. Ауэзова

В статье речь идет о месте литературы тюркских народов в творчестве великого писателя казахского народа Мухтара Ауэзова. В частности, говорится о значительных трудах М. Ауэзова, которые он внес в литературу тюркских народов, и о том, что эта литература была основным источником для писателя. Отмечается его значительный вклад, который он внес в исследование известного киргизского эпоса «Манас». Также он считал Ш. Айтматова своим учителем. Ш. Айтматов брал для себя в пример писательское мастерство М. Ауэзова, здесь рассматривается продолжение его традиций в творческом пути писателя.

Ключевые слова: литература тюркских народов, писатель, творчество, эпос, истоки, традиция, повесть.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 82:801.6; 82-1/-9

Картаева А.М.[1], Амингазинова А.[2],

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің
[1]профессоры, ф. ғ. д., [2] I курс магистранты, Өскемен қ., Қазақстан,
e-mail: kartaeva@mail.ru

М. ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ӘДЕБИЕТІ

Мұхтар Әуезов ылғи да туған әдебиетінің таңдаулы туындыларынан нәр ала жүріп, туысқан халықтар әдебиетіне ерекше мән бере қарап, орыс әдебиетінің заңғар сырларын терең ұғынды. Шетел жазушыларының талантын танып, олардан рухани нәр алды. Соның нәтижесінде Мұхаң ғұлама ғалым, дарқан дарын, кемел суреткер дәрежесіне көтеріліп, өзі де өзгелерге игі әсер ететін аса талантты майталмандар қатарынан орын алды.

М. Әуезовтің қол артқан келесі бір үлкен арнасы –Түркі халықтары әдебиеті. Түркі халықтары әдебиетінен алған ізгі нәрі мен тигізген игі әсерлері оның шығармашылығында айрықша көз тартып, көңіл аудартады. 1922 жылы Ташкент табалдырығын аттап басқан күннен-ақ, түркі халықтары әдебиетіне айрықша мән беріп, Абай нәр алған бұлақтардың кәусарынан сусындап, әдебиет әлеміне еркін кіре бастайды да, оны өмірінің соңғы сағаттарына дейін үздіксіз зерттеп, жазумен айналысқан. Соңдықтан Н. Тихонов: «Ол әріптестерін үйіріп әкететін тамаша әңгімешіл адам, әсіресе, азиялық әдебиеттер мәселесінде үлкен білімдар, аса көрнекті ғалым еді», – деген сөзінен М. Әуезовтің туысқан көрші халықтар әдебиетін жетік білетіндігін көруге болады [1, 8].

М. Әуезов түркі халықтары қаламгерлерінің шығармаларын түпнұсқадан оқыған. Бұл ретте М.Мырзахметұлының: «Ғылыми жетекшісі М.Ф. Гавриловтың арнайы тапсыруымен және нақтылы басқаруымен Қожа Ахмет Яссауидің «Дивани хикметін», Ә. Науаидың шығармаларын, Әбілғазы Баһадурдың «Түрікмен шежіресі» атты еңбегі мен Шаһнаманы» және осман түріктері мен түркмен эпостарын оқып танысты», – деген пікірін толық қостауға болады [2, 1]. Расында да, Мұхтар Әуезов Ташкентте аспирантурада оқыш жүрген кездерінде Әлішер Науаи шығармаларын, соңдай-ақ Қожа Ахмет Иассауидің «Диуани хикметін», Әбілғазы Баһадұрдың «Түрікмен шежіресін», Фирдоусидің «Шахнамасы» мен түрікмен, Осман түрк эпостарын мұқият оқып, әрі оларды зерттеп, үйрене түседі.

«М. Әуезов азиялық әдебиеттердің білімпазы еді. Қазақтың жаңа өсіп келе жатқан жасөспірім жазушыларынан бастап дүние жүзі әдебиетінің аржақ-бержағын қыран көзімен түгел шолып отыратын. Біз ғұламаның сабақтарын тыңдағанымызда

Абай есімі арғы тұсы Аристотель, әл-Фараби, бергісі Спенсер, Редиард Киплинг, Байрон, Пушкиндермен қатар аталатын. Ол туған әдебиетін қандай кең зерттеп білсе, қырғыз, тәжік, өзбек, азербайжан, түркмен, татар, кавказ халықтары әдебиеті тарихы жайлы сөйлегенде де тау суындай екпіндетіп, түйдектетіп алып кетуші», – деген Ө. Күмісбаев сөзі М. Әуезовтің түркі халықтары әдебиетінің терең білгірі екенін растайды [3, 98].

1922-1923 жылы Ташкенттегі Орта Азия Мемлекеттік университетінің (қазіргі ТашГУ) Шығыстану факультетінің еркін тыңдаушысы ретінде оқи бастаған алғашқы күндерінен-ақ, түркі халықтарының өмірімен, әдебиетімен, мәдениетімен, салт дәстүрімен жете таныса бастайды. Шығыс классиктерінің шығармаларына ден қойып, оларды тереңінен танып зерттейді. Әрі Абайдың өмірі мен шығармашылығын зерттеуді қолға алады. Белгілі ғалым Мекемтас Мырзахметұлы: «1922 жылдан бастап Мұхтар Әуезов Абай шығармаларының толық жинағын құрастыру, Абай өмірбаянынан деректер жинау, ақын мұрасы жайлы ғылыми мақалалар жазып, Абай өмірі мен шығармашылығын баспасөз бен дәріс оқу орны арқылы насихаттау жұмыстарын қатар жүргізеді», – деп орынды байлам жасайды [4, 17]. Оның үстіне Ташкенттегі Орман шаруашылығы техникумында қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ бере жүріп, 1922 жылы «Шолпан» журналында «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты зерттеу мақаласын жариялап, Абай жайлы теориялық еңбек жазады. «Сөйтіп ол Абай жайлы алғашқы ізденулерін, сондай-ақ «Қараш-Қараш оқиғасы», «Шекарада» атты повестері мен «Абай» драмасы туралы ой түйіндерін де Ташкентте бастайды. Әрі туысқан қырғыз халқының әйгілі эпосы «Манас» жайлы ұлағатты ойын да 1923 жылы Ташкентте, яғни Түркістан республикасы зиялылары алдында баяндама жасап, өз ойларын ортаға салады» [5, 109].

Міне, осы баяндамасын тыңдап, одан ерекше әсер алған зиялы қауым мен үлкен ғалымдар М. Әуезовті ғалым ретінде бағалап, келешек зерттеу жұмыстарына сәттілік тілейді. Сол жылдары Ташкентте оқып жүрген туысқан өзбек, қырғыз, түрікмен, қарақалпақ жастарымен де жиі-жиі араласып, олар арасында дәрістер оқып, сол елдердің қаламгерлерімен шығармашылық байланыста болады. «Шолпан» журналының редколлегия мүшесі қызметін атқара жүріп, шығармашылық жұмыспен де кең шұғылдана түседі. Өзінің көптеген әңгімелері мен сын-зерттеу еңбектерін «Шолпан» журналы мен «Ақжол» газетінде жариялайды.

М. Әуезов Ташкентте болған жылдарында, онан соңғы кездеріңде де Ашхабад, Душанбе, Бішкекте, Ташкентте жиі-жиі болып, түркі халықтарының әдебиет өкілдері С. Айни, А. Қадири, Б. Кербабаев, Айбек, Ғ. Ғұлям, М. Тұрсынзаде, С. Ұлық-заде, А. Тоқамбаев, Т. Сыдықбеков, Қ. Маликов сияқты т.б. қаламгерлерімен етене араласып, достық қарым-қатынаста, шығармашылық байланыста болады. Осы жөнінде Қ.Сейданов былай дейді: «Мұхтар Әуезов Орта Азия әдебиеті мен оның биік мәдениетіне айрықша көңіл қойып, ерекше мән бергендігі соншалық, өзінің қаламдас достары Айбек, Ғафур Ғұлям, Аалы Тоқамбаев, Берді Кербабаев, Түгелбай Сыдықбеков, Шараф Рашидов, Шыңғыс Айтматов, Міртемір, Хамид Ғұлям, Асқар Мұхтар, Пірімқұл Қадиров сияқты т.б. ұлт қаламгерлерінің әрбір жаңа туындыларына үңіле қарап оларды бір-бірімен салыстыра отырып, өз пікір-лебіздерін білдіріп отырған» [5, 126].

Мұхтар Әуезов 1923 жылы Ленинград университетінің тарих-филология факультетіне түсіп, онда В.В. Бартольд, А.Н.Самойлович, В. Щерба, С. Обнорский, В. Виноградов сияқты т.б. ғалымдардан дәріс алып, лекциялар тыңдайды. Әсіресе, профессор В.В. Сиповский, Р.Куллэрмен етене араласып, Абай өмірі мен шығармашылығы жайлы ой-пікірлерін айтып, оларды қызықтыра бастайды. Дүние жүзі әдебиеттерінің терең сырларына үңіліп, көркем әдебиеттің көкжиегіне ой көзін тереңірек қадап, оның негізгі ерекшеліктері мен тамаша сырларын жан-жақты ұғына түседі. Әрі сонда алғаш рет, сол университеттің студенті болған Айбекпен танысып, олар өзара бір-біріне достық құшақ ашып, шын мәніндегі дос болып кетеді.

Болашақ суреткер Ленинград университетін бітірісімен-ақ, 1928 жыл Ташкентке қайта келіп, 1928-1930 жылдары Орта Азия университетінің аспирантурасына түседі де, өзбек зиялыларымен шығармашылық байланыста болады. Бұл жылдары Мұхтар Әуезов Ташкент қаласындағы белгілі ғалым Самойлович, этнограф-фольклорист Әбубәкір Диваев, сондай-ақ Роберт Куллэ сияқты т.б. зерттеушілермен тығыз қарым-қатынаста болады. Туысқан өзбек халқы өміріне тереңірек үңіліп, Шығыстың атақты шайырлары Фирдоуси, низами, Науаи, Бабыр, Хафиз еңбектерімен жете таныса түседі. Орта Азия өңірінің Мақтымқұлы, Кемине, Тоқтағұл, Тоғалақ Молда, Күнхожа, Әжнияз, Бердақ сияқты т.б.

жыр дүлдүлдерінің өлең жырларына жан-жақты көңіл аударады. Орта Азия ауыз әдебиеті үлгілеріне үлкен ықыласпен ден қойып, олардан рухани нәр алады да, қырғыз халық эпосы «Манас» жайлы зерттеулер жүргізе бастайды.

Мұхтар Әуезов 1922-1923, 1928-1930 жылдары Ташкентте, өзбек өлкесінде жүрген шағында «Қараш-Қараш» атты повеске және Абайдың өмірі мен шығармашылығына арналған мағлұматтарды жинап жүреді. Әрі қырғыздың «Манас» эпосы туралы материалдар іздеп, үлкен бір сүйіспеншілікпен зерттей бастайды. 1927 жылы жаз кезінде Жетісуға барып ауыз әдебиеті үлгілерін жинайды. Сонда «Манас» жайлы жырлар естіп, көршілес қырғыз халқының ауыз әдебиеті үлгілеріне ерекше ықыласпен көңіл аударады. Қырғыз манасшысы – Сағымбай Оразбаевтың айтуы бойынша «Манастың» толық вариантын тауып жазып алады. «Манас» эпосы жайлы материалдар жинап, оның терең сырларын аса білгірлікпен ұғына түскен М. Әуезов оны 1936 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің 30 қаңтардағы санында «Қырғыз дастаны «Манас» деген атпен жариялап, ол жайлы түйген ойлары мен өз топшылауларын ортаға салады. 1936 жылы өзінің «Қырғыз халқының батырлық эпосы» атты мақаласын «Казахстанская правда» газетінің 28 сәуірдегі санында жариялайды. Онда ғалым эпостың өзіне тән ерекшеліктері мен халықтық сипатын терең аша түсіп, аса күрделі де шымшытырық оқиғаларды емірене жырлаған жомықшы-жыршылардың талантына таң қалады. Эпостың нағыз халық жүрегінің нәрлі тынысы екендігін айта келіп, «Манасты» тұтас күйінде бір кісі ғана шығармаған. Ол сан ғасырлар бойына, сан буын жомықшылардың қатысуымен ұлғайып, дамып отырған», – деп түйіндеулер жасайды [6, 112] .

М. Әуезов 1952 жылы маусым айында Бішкек қаласында болып өткен «Манас» эпосы жайындағы конференцияға қатысады. Қырғыз өлкесіңде өткізілген бұл конференцияға арнайы барған М. Әуезов онда «Манас» эпосының халықтық нұсқасын жасау керек» деген тақырыпта баяндама жасап, эпостың халықтық сипатын терең аша сөйлейді. Әрі, өзінің эпосты жинап, зерттеуге мақсат-мұраттарын да айта келіп: «Мен 30-жылдың басында «Манасты» зерттеуге кірістім де 1945 жылға дейін өз зерттеуімнің алғашқы нұсқасын тәмамдап, ал 1947 жылы жөндеп шықтым», – дейді [7, 237]. М.Әуезовтің өз мәлімдеуі бойынша, «Манас» жырын көп жылдар аса іждағатпен зерттегенін байқауға болады. Бұған қарап, Әуезовті «Манас» жырының білгірі ретінде де танимыз. Әкімшіл-әміршіл жүйенің озбыр саясаты тұсында «Манас» эпосының тағдыры талқыға да түскені белгілі. Сол кезде қырғыз халқының мәңгі өшпес рухани ескерткіші «Манастың» әдебиет төріндегі орнын айшықтап, М.Әуезов оның мол құндылығын дәлелдеп, сол әміршіл саясат қылышынан қорғап қалған болатын.

Мұхтар Әуезов Орта Азия жазушыларының талай-талай жиындары мен конференцияларында, торқалы тойлары мен симпозиумдарында туысқан өзбек, қырғыз, түрікмен, тәжік сияқты т. б. халық қаламгерлерімен бірге болып, ол ел әдебиеттері туралы, қаламгерлері шығармашылығы, олардың шығармаларының табиғаты жайлы әлденеше рет өз пікірлерін де ортаға салды.

М. Әуезов түркі халықтары әдебиетін шығармашылығына азық етіп, оның бар асылын бойына сіңіріп, оны терең білімдарлығымен зерттеп, сол әдебиет туралы көптеген еңбектер жазса, ал кейіннен жазушының суреткерлік шеберлігі мен ғұлама ғалымдық дарынын туысқан көрші халықтардың қаламгерлері өздеріне үлгі етіп, өнеге тұтты. М.Әуезовтің талантына тәнті болып, туысқан өзбек, қырғыз, тәжік, түрікмен және қарақалпақ халықтары айрықша қадір тұтып, қаламгерлері өздеріне ұстаз санап, жазушылық дәстүрін молынан игерді. Қырғыздың жазушысы бүгінде «адамзаттың Айтматовы» атанған Шыңғыс Айтматов Мұхтар Әуезовті өзіне ұстаз ретінде құрметтеп: «Ол кісі менің ұлы ұстазым ғана емес, қасиетті қамқоршым, жалықпас жебеушім болды», – деген сөзі ұстазға деген шынайы ризалық белгісі еді. Шыңғыс Айтматов осы «Ұстаз туралы сөз» атты мақаласында екі түрлі ұлттық асыл қасиеті барын тебіреніп былай жеткізеді: «Өз басым өзге елге сапарға шығып, өзге жұрттың табалдырығын аттай қалсам, әрқашан қасиет тұтып, өзіммен бірге қастерлеп ала жүретін екі түрлі ұлттық асылым бар: бірі – Манас, бірі – Мұхтар Әуезов. ...Мұхтар Әуезовті қырғыздар аса зор құрметпен өзіміздің туған перзентіміз деп таниды», – дейді [8, 71].

Шыңғыс Айтматов – М.Әуезовтің қаламгерлік шеберлігін өзіне үлгі тұтып, шығармашылық жолмен дәстүрін жалғастырған жазушы. Ең алғашқы тырнақалды туындысы «Жәмила» повесіне М. Әуезовтің игі әсері болғаны анық байқалады. Себебі «Жәмила» повесін оқып отырғанда, М. Әуезовтің жиырмасыншы жылдары жазылған алғашқы әңгімелері еске түседі. Осы кезде жазылған әңгімелерінің бас кейіпкерлерінің көбі «Жәмила» атымен аталғаны белгілі.

Ш. Айтматов «Жан пида» романын жазғанда қасқырлар өмірін суреттеуден бастайды. Бұған дейін қасқырлар өмірі М. Әуезовтің әйгілі «Көксерек» повесінде бейнеленген еді. Даланың жыртқыш аңын суреттеудегі М. Әуезовтің хас шеберлігі Ш. Айтматов романында да көркемдік жалғастықпен келісімге ие болды.

Түркі халықтары әдебиеті – М. Әуезов шығармашылығының мол қазына артқан қайнар бұлағы. Өзінің ғылыми-шығармашылық жолында М. Әуезов түркі әдебиетін өзіне рухани азық етті, өмір бойы асылындай құрметтеп, зерттеп-зерделеді, ол мұраны байытып толықтырды, көкжиегін кеңейтті. Түркі халықтары әдебиетінде Әуезовтің көркем бай дәстүрі қалыптасты. Әуезовтің жазушылық шеберлігінен үлгі алып, түркі халықтары қаламгерлері зор шығармашылықпен жалғастырды.

Әдебиеттер

1 Тихонов Н. Заманымыздың зор адамы / Кітапта: Біздің Мұхтар. Құраст. Б.Сахариев. – Алматы: Жазушы, 1976. – 432 б.

2 Мырзахметұлы М. Әуезов және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 272 б.

3 Күмісбаев Ө. Шығыс шайырларымен өз тілінде сырласқан // Абай. – 1997. № 2-3. – Б. 98-102.

4 Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 296 б.

5 Сейданов Қ. Мұхтар Әуезов және Орта Азия әдебиеті: Талдау / Кітапта: Д.Қонаев, Т.Қожакеев, Қ.Сейданов. Әлемнің Әуезові. – Алматы: Санат, 1997. – 144 б.

6 Әуезов М. Шығармалар. 12 томдық. – Алматы: Жазушы, 1969. – XI т. – 480 б.

7 Әуезов М. Уақыт және әдебиет. Құраст. Ы.Дүйсенбаев. – Алматы: Қазмемкөркемә-деббас, 1962. – 428 б.

8 Айтматов Ш. Ұстаз туралы сөз / Кітапта: Біздің Мұхтар. Құраст. Б.Сахариев. – Алматы: Жазушы, 1976. – 432 б.

References

1 Tïxonov N. Zamanımızdıñ zor adamı / Kitapta: Bizdiñ Muxtar. Qurast. B.Saxarïev. – Almatı: Jazwşı, 1976. – 432 b.

2 Mırzaxmetulı M. Äwezov jäne Abay. – Almatı: Qazaqstan, 1996. – 272 b.

3 Kümisbaev Ö. Şığıs şayırlarımen öz tilinde sırlasqan // Abay. – 1997. № 2-3. – B. 98-102.

4 Mırzaxmetov M. Muxtar Äwezov jäne abaytanw problemaları. – Almatı: Ğılım, 1982. – 296 b.

5 Seydanov Q. Muxtar Äwezov jäne Orta Azïya ädebïeti: Taldaw / Kitapta: D.Qonaev, T.Qojakeev, Q.Seydanov. Älemniñ Äwezovi. – Almatı: Sanat, 1997. – 144 b.

6 Äwezov M. Şığarmalar. 12 tomdıq. – Almatı: Jazwşı, 1969. – XI t. – 480 b.

7 Äwezov M. Waqıt jäne ädebïet. Qurast. I.Düysenbaev. – Almatı: Qazmemkörkemädebbas, 1962. – 428 b.

8 Aytmatov Ş. Ustaz twralı söz / Kitapta: Bizdiñ Muxtar. Qurast. B.Saxarïev. – Almatı: Jazwşı, 1976. – 432 b.

Mamraimova M.

The impact of the Nietzschean ideas on the J. London'soutlook

This article proves Jack London's novel Martin Eden belongs to eco-socialistic novels. Firstly it has political view which is not capitalistic, neither socialistic, something in between, which totally identify Eco–socialism. One of the main concepts of this theory also is humanism. And as we all are very familiar, there are bright signs of it. And the last, but not the least, is harmony between human and nature, which is also Eco–socialist direction. All of these analyses are shown in this article.

Key words: Eco-socialism, novels, capitalism, human, politics.

Мамраимова М.

Дж. Лондон шығармашылығына Ницшелік ойдың әсері

Аталмыш мақалада Джек Лондонның «Мартен Иден» романы экосоциалистік тұрғыдан қарастырылады. Капиталистік және социалистік түсініктерге сүйене отырып, ортақ саяси, қоғамда жиі көтерілетін мәселелер талқыланады. Сондай-ақ мақаламызда экосоциализмнің ажырамас бөлігі ретінде адам мен табиғаттың арасындағы үндестікті көрсету басты мақсаттың бірі болып табылады.

Түйін сөздер: экосоциализм, роман, капитализм, адам, саясат.

Мамраимова М.

Влияние ницшеанских идей на мировозрения Дж. Лондона

В статье рассматривается роман Джека Лондона «Мартин Иден». Данная статья является доказательством того, что роман относится к типу экосоциалистического романа. Выявляется политическое мнение, которое является ни капиталистическим и ни социалистическим, а что-то между двумя этими понятиями, что полностью идентифицирует экосоциализм. И последнее, но не менее важно, это гармония между человеком и природой, которая также является экосоциалистическим направлением. Все результаты этих анализов мы покажем в нашей статье.

Ключевые слова: экосоциализм, роман, капитализм, человек, политика.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

UDC 82-31

Mamraimova M.,

Master's degree 3 course of Nanjing University of science and technology,
Nanjing, China, e-mail: madinka13.12.92@mail.ru
Scientific director – professor Wan Yu Ping

THE IMPACT OF THE NIETZSCHEAN IDEAS ON THE J. LONDON'SOUTLOOK

It is not the secret, that the world was influenced by many contemporary philosophical ideas and theories of Jack London. With respect to US the writer can speak of eclecticism, philosophical and aesthetic views.

The theory of evolution and natural selection of Charles Darwin was reflected in the novel «Daughter of the Snows» [1, 127] the opposition between idealism and materialism, as well as the understanding of the philosophy of Nietzsche – in the «Sea Wolf». Nietzsche's philosophical ideas are used in «Martin Eden» (Martin Eden, 1909) and also in the novel «Little Lady of the Big House».

Problems of evolution of the animal world and the struggle for existence were solved in the novel «The White Fang» (White Fang, 1906) and a number of novels, «Call of the Wild» (The Call of the Wild, 1903), «Before Adam» (Before Adam, 1907). Problematic relation to the capitalist system, and issues of social revolution were placed in the same «Martin Eden» and «Iron Heel» (The Iron Heel, 1908). In the works of London we can easily feature ideas of his contemporaries, scientists and writers [2, 39].

Influence of Herbert Spencer on the work of Jack London is undeniable.

In letters to the American writer more than once he admired philosophy of positivism and applied these ideas at his work.

M. Cowley wrote about the influence of the philosophy of positivism in Jack London's work as follows: «Jack London read it (Spencer) sitting in the entrance of the little room in Oakland, California, and at the same time trying to learn how to write itself»[Cowley in 1973: 62]. London was fascinated by the idea of Spencer considering a person in close contact with nature and the environment. Due to recognition of the close relationship and interaction between man and nature writer logically concluded about the inevitability struggle between living beings.

The struggle for existence through all his works in animal world can be seen in «Call of the Wild», «White Fang», «Before Adam», «Sea Wolf», «Martin Eden» and a number of subsequent novels.

The struggle for Existence waslater followed by the class struggle and the idea is reflected in the «Iron Heel» (The Iron Heel, 1908), «Moon Valley» (The Valley of the Moon, 1913), and other books. The interest in the philosophy of positivism Jack London kept up to the end of life.

Another passion of the American writer was Marxism, which instilled him the idea of the inevitability of class struggle and the sharp leaps in social development. Such ideas have contributed in elaborating the materialist world view of the writer. Jack London first became acquainted with the ideas of socialism, thanks to the work of Karl Max.

The impact of the world thinkers on London can be seen in his essays «War of the Classes» which was also one of his own experiences, which he had acquired in the years of economic and political discontent in the 1890s.

Marx and his colleague Friedrich Engels insisted on the overthrow of the capitalist system of the world workers. Since London had spent long time as a worker in a factory and because of terrifying working conditions in most factories made Marx's theory relevant for the American writer. All this has prompted London to defend socialist ideas. These ideas have been implemented in the «Iron Heel» (The Iron Heel, 1908). Recognizing the degrading and destructive force of Revolution, London still played it for the revolutionary transformation of society.

London believed that the «philosophy of life» it is: every writer the key to his creative success. London calling himself «Hopeless materialist» and «materialistic monist», he did not take Bergson's philosophy and metaphysical ideas. The writer agreed with E. Haeckel, gave a solid foundation for materialism (However Haeckel did not share the hatred of socialism and bourgeois apologetics system) [3, 248].

Lacking the proper form for the literary career, but it is a will power, the talent and the desire to become a writer, Jack London gave a huge amount of time and self-forces. In my point of view writer approached for his target with the outmost seriousness and responsibility.

The American writer Spiller writes: «London became acquainted with the theory of evolution and socialism due to indiscriminate and eagerly reading, as well as communicating with people more educated than himself; however, London knew these two lines of thought not only as a scholar or critic, as well as the person really interested in them «[4, 48-53].

To discover the «Basic Principles» Spencer made one of the key actions in his life. Biographer (of Jack London) Stone writes: «It is understood that so far only He glided across the surface, observing individual phenomena, accumulating fragmentary information, resorting to superficial generalizations «[5, 312]. London borrowed position, «that man evolved from lower life forms, differing from them more degrees of kinship, rather than its very nature «.

Along with Spencer, London discovered ideas of other great philosophers who had a great impact on the world community and the culture of the time. «Darwin, Spencer, Marx and Nietzschethose are spiritual guides of Jack London». Under the influence of these four names was formed the philosophy of the writer. The theory of London transmitted to humans through their creativity. Clash of the different sides of his outlook can be traced throughout the career of London. But, as the writer himself: «I have been more stimulated by Nietzsche than by any other writer in the world». However, many researchers are faced with the difficulty of determining the impact of the measures of Nietzsche on the work of Jack London. This is due to the fact that until now it is unknown the exact time of the writer's acquaintance with the German philosopher works. There is speculation that the US writer in the early stages of his work dealt not so much with the works of Friedrich Nietzsche, as with various anthologies, and transcriptions interpretations of the teachings of the German philosopher.

Lunin speaking about the influence of the philosophy of Friedrich Nietzsche on creativity of Jack London argued that the writer all his life was in Looking, denying the opportunity to decide the fate of the individual with all mankind, and speaking against the anarchist ideology and methods of individual terrorism. In general he agrees and the difference between London and Nietzsche is also emphasized by Bykov.

The Nietzsche is immoral character; he preaches the thesis that «the incident push of Jack London, the peace of the nobility, friendly Peer – basic properties of positive characters».

The fate of the American writer and German philosopher are largely similar: «Nietzsche, the son of a pastor, suffered from unbridled zeal Hypocrites is not less than of London in unbridled enthusiasm mother sinister ritual Ouija».

London accused the Christian religion in falsehood, fiction, and hypocrisy. He did not paid attention to the writer's and Nietzsche's theory of the superman. One of Jack London's favorite books was Nietzsche's book. It glorified the German philosopher superman, a rebel by nature, which is able to challenge townsfolk, plebeians, which is driven by the herd instinct of the crowd mind.

He rejected the Nietzschean superman, but drew it all the more strongly to this idea of artistic temperament». London: «I have always attracted this

type of personality». Maxim Gorky wrote: «Jack London is a writer who is well seen, filled deeply with creative will power and was able to portray the strong-willed people».

Superman is not surpassed in strength and intelligence. The idea of a strong personality is reflected in many works of the writer.

However, it is believed that a bright individualism of many heroes, London did not come under the influence of Nietzsche, as well as an interpretation of the national American ideas. Mulyarchik writes: «It is in the primordial American experience, rather than borrowing European theories to be found the origins of individualistic philosophy of London, from which he led struggle in a number of works»[6, 144]. However, this does not detract from the role of Nietzsche's philosophy in shaping the world of the writer.

Most likely, the truth lies in between.In an embodiment of the superman, London can be seen as the traits of a romantic person, so and quality of Nietzsche's strong personality. London combines his writings with romantic individualism, positivist and scientific approach to the study of personality. In addition London was recognized as natural need for competition despite of the adoption of certain provisions.

American writer refutes many judgments of philosophies data. In the works London can be seen controversy as to Spencer's ideas, and with Nietzsche's philosophical concepts.

In the American culture of the XIX-XX centuries it is continued development of national idea, based on the theory and transcendentalism pursuit of the «American Dream.»

Philosophy of Nietzsche has penetrated into the culture and ideology of the United States over European philosophical conditions and trends (such as the theory of G. Spencer, Darwin, E. Kant, B. Hegel, Schopenhauer). Principles of Nietzsche's ideas in US literature evolved in the 1890-1910years, when public consciousness of Americans and their ideology in general underwent radical changes.

The main provisions of Nietzsche's philosophy was: Apollonian and the beginning of the Dionysian art, morality criticism, the will power, the idea of eternal return, atheism and the criticism of Christianity, the theory of the superman. Overall, some of the ideas of German philosopher harmoniously joined the overall concept of the American consciousness of the XIX-XX centuries.

Ideas of Nietzsche in US has a considerable history and is more or less reflected in the works of such writers as F. Norris, D. London, T. Dreiser, J. O'Neill. Nietzsche's philosophy influenced Jack London the most. The concept of the superman appeared in the early stages of the writer followed throughout his career

References

1 Badanov I.M. Jack London and his hero. – M., 1963. – 127 p.
2 BaturinS.S.Lots of great people / Dreiser. – M., 1975. – 39 p.
3 Baturin S.S. Biography: Jack London. – M., 1983. – 248 p.
4 States late XIX – early XX centuries. / Diss. ...Cand. philologist. Sciences. – Moscow, 2010. – 48-53 p.
5 H. Garland Crash idols / US writers of literature. – M., 1990. – 312 p.
6 Gilenson B.A. The history of foreign literature at the end of XIX – early XX century: a teaching aid. – M ., 2008. – 480 p.

Ментебаева А.Е.

Қазіргі жапон қаламгерлері шығармашылығындағы дәстүр сабақтастығы

Мақала «дәстүр» мен «жаңашылдық» тәрізді маңызды екі әдеби ұғымды теориялық тұрғыдан талдауға арналған. Қай кезең әдебиетінде болмасын дәстүр мен жаңашылдық мәселесі орын алады. Көркемдік жүйеде айтарлықтай өзгеріс болып, пікірталас тудырғанда, бір әдеби кезеңнен екіншісіне өткен кезде дәстүр мен жаңашылдық мәселесінің маңызы арта түседі, күрделене түседі. Қазіргі жапон әдеби үрдісі біршама қайшылықты әрі күрделі. Бұл күрделілік тек түрлі ағымдар, бағыттар, стильдер мен жанрлар болуының себебінен ғана емес. Бірінші кезекте, қазіргі жапон әдебиеті қаламгерлерінің жас ерекшеліктері алуан түрлі, сондықтан олардың өмірге деген көзқарасында да, әлеуметтік және моральдық мәселелерге де ұстанымы да, жапон елінің бүгіні мен болашағына деген сенімдері де әртүрлі. Әдебиет сыншылары аға буын өкілдерінің шығармашылығы туралы оң пікірде және олардың туындылары өмірлік шындықты шынайы суреттеумен, қазіргі маңызды мәселелерді пәлсапалық тұрғыдан талдай білуімен, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіне білуімен ерекшеленеді.

Түйін сөздер: жапон қаламгерлері, қазіргі кезең, сабақтастық, дәстүр.

Mentebayeva A.E.

The problem of continuity of traditions in the work of contemporary Japanese writer

In article consider the theoretical aspect of the major literary concepts «tradition» and «innovation» of the Japanese literature. In literature traditions and innovation constantly alternate. When there take place essential shifts in art systems, which are followed by discussions during transition from one literary period to another, the interrelation between traditions and innovation becomes intense. Literary process of present Japan is difficult and contradictory. And matter is not only in variety of streams, directions, styles, genres. Complexity, first of all, is explained by the fact that now in the Japanese literature writers of different generations work, the special vision of the world is peculiar to each of which, various understanding of social and spiritual problems of society, the ambiguous relation to the past, the present and the future of the country. Critics are most unanimous in assessment of works of those writers behind which there is a wide life and creative experience. Their works differs in extension of the image of reality, deep philosophical judgment of complex problems of the present, sense of responsibility to society.

Key words: Japanese writers, modern period, continuity, tradition.

Ментебаева А.Е.

Проблема преемственности традиций в творчестве современных японских писателей

В статье представлен теоретический аспект важнейших литературоведческих понятий «традиция» и «новаторство», необходимых для глубокого исследования отдельных научных проблем. В литературе постоянно чередуются традиции и новаторство. Когда прobсходят существенные сдвиги в художественных системах, которые сопровождаются дискуссиями в период перехода от одного литературного периода к другому, взаимосвязь между традициями и новаторством становится напряженной. Литературный процесс нынешней Японии сложен и противоречив. И дело не только в многообразии течений, направлений, стилей, жанров. Сложность, прежде всего, объясняется тем, что в настоящее время в японской литературе работают писатели разных поколений, каждому из которых свойственны свое особое видение мира, различное понимание социальных и духовных проблем общества, неоднозначное отношение к прошлому, настоящему и будущему своей страны. Наиболее единодушны критики в оценке произведений тех писателей, за плечами которых стоит большой жизненный и творческий опыт. Их работы отличают масштабность изображения действительности, глубокое философское осмысление сложных проблем современности, чувство ответственности перед обществом.

Ключевые слова: преемственность, традиция, современный период, японские писатели.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 82-3

Ментебаева А.Е.,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
аға оқытушысы, ф.ғ.к., Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: aiman.mentebayeva@kaznu.kz

ҚАЗІРГІ ЖАПОН ҚАЛАМГЕРЛЕРІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ

Бүгінде «көркем әдебиет» пен «көпшілік әдебиеттің» қоғамдағы орны жайлы көп айтылып жүр. Себебі, миллиондаған таралыммен шығатын көпшілік әдебиет үлгілері оқырмандарының саны күн сайын артып келе жатқаны ақиқат. Әлеуметтанушылардың айтуынша, әдеби ағымның 97% көпшілік әдебиет құрайды екен [1, 43].

Қоғамдағы аумалы-төкпелі кезеңде жанрлар арасындағы шекара жойылып, олардың өзара кірігуі күшейе түседі. Соған орай, мәдениетке жаңа тыныс әкелу мақсатында ескі жанрларды өзгертіп, жаңа жанр қалыптастыруға талпыныс жасалады. Сол себепті де посткеңестік елдерде дәстүрлі екі әдебиет арасындағы бос кеңістікті толтыратын туындылар пайда бола бастады. Сол сияқты Жапонияда «көпшілік әдебиетімен» қатар «таза әдебиет» те өмір сүріп келеді.

Мүмкін болашақта «таза әдебиет» пен «көпшілік әдебиетінің» арасындағы шекара жойылып, тек қарапайым «романдар» ғана қалатын болар. Қалай дегенмен де, бүгінгі жапон әдебиеті толығымен осы бағытта дамып келеді.

Және бір айта кететін жайт, қазіргі жапон әдебиетінде идеясыздық, дәстүрлі құндылықтардың бұзылуы, күнделікті тіршіліктің ұсақ-түйегін мақсатты түрде тереңірек сөз ету және т.б. тенденциялар пайда болған. Мәселен, «көпшілік әдебиетіне» жататын қызық оқиғалы шығармалар жазатын Дзиро Асаданың жазу стилі көптеген «таза әдебиет» өкілдерінен жоғары, ал ғажайып фантастика жанрының өкілі Макото Сиинаның туындылары көп жағдайда «таза әдебиет» жанрына жататын экспериментальді прозаға ұқсас келеді.

«Таза әдебиет» пен «көпшілік әдебиеті» арасында бірін жоғары, бірін төмен санау түсінігі жоғалғанын осыдан айқын көруге болады. Сол сияқты «таза әдебиет» өкілі қатарында аталып жүрген Сю Фудзисава осы саланың барлық талаптарына бірдей жауап бере алатын шығармалар ғана дүниеге әкеліп жүрген жоқ. Оның туындыларының кейбірінде жыныстық қатынас, зорлық, нашақорлық тақырыптары да кездеседі. Бұл қатал, дөрекі әлем – бүгінгі жапон елінің бір сипаты.

Ал «таза әдебиеттің» өкілдеріне Нацуки Икэдзава мен Хисаки Мацуура жатқызуға болады. Бірақ оларды да тек «таза әдебиеттің» талабына толық жауап бере алатын туындылар ту-

дырушылар деп айта алмаймыз. Икэдзава бірнеше жыл Грецияда тұрған, ағылшын және грек тілдерін жетік біледі. Қазіргі Эллада ақындарының өлеңдерін және Ангелопулостың фильмдерін аударған. Яғни, ол жапон мәдениетіне іштей емес, сырттан қарай алады, сырт көз тұрғысынан бағалай алады. Ал бұл қазіргі таңда жапон мәдениеті үшін аса құнды бағалау.

Сонымен қатар, Икэдзава әлемдік әдебиеттен жақсы хабардар, әрі табиғи ғылымдарды да жетік меңгерген, көптеген ғылыми мақалалар авторы. Ол өз прозасында нәзік лиризм мен ғылыми нақтылықты ұштастыра білген. Икэдзава да дәстүрлі «таза әдебиеттің» заңдылықтарын бұзып, оны батыстық мәдениеттің детальдарымен және ғылыми мәліметтермен толықтырған.

Х. Мацуураның «Өмірдің ғажайыбы» туындысы құрылымы жағынан да, стилдік тұрғыдан да жапон әдебиетінің ұлттық құндылықтарына толық сәйкес келеді. Шығарма – дәстүрлі стилде жазылған, көнелігі басым, мистикалық аурасы айқын, қайталанбас ұлттық образдылығы мен сезімталдығы айқын туынды. Ал, шығарманың авторы Х.Мацуура – танымал мәдениеттанушы, Токио университетінде француз әдебиеті мен мәдениетінен сабақ береді, ақын және көрнекті кино сыншысы. Оның туындыларындағы дәстүрлілік, көнелік жапон ұлттық ерекшелігімен ғана шектелмей, әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен астасып жатыр. Сондай-ақ, бүгінде Жапониядан географиялық алшақтықта жүріп жапон тілінде жазып жүрген қаламгерлер де жоқ емес. Олардың бірі – Тосиюки Хориэ. Ол 1989 жылы Үшінші Париж университетіне докторантураға оқуға түседі. Осында үш жарым жыл болады. Жапонияға қайтып оралған соң Хориэ өзінің осы өмірі жайлы жартылай эссе, жартылай әңгіме жанрындағы туындылар жаза бастаған.

Автордың бұл шығармалары «Қала сырты» (1995) жинағына енгізілген. Оның прозасындағы әрекеттер Париж қаласы маңында өтеді. Бұған дейінгі Францияның мәдениеті жайлы жазушылар Парижді негізге алған болса, Хориэ қаладан тыс жатқан, шеткі аймақтардағы халық тіршілігін өз шығармаларына арқау етеді. Оның 1998 жылы жарық көрген «Аирагаупт» атты екінші жинағы да осы бағытта жазылған. Мұнда иммигранттың (жапондықтың) көзімен көргені, сондай-ақ, француз астанасында немесе оның шеткі аймақтарында тұратын иммигранттар өмірі сөз болады. Мемуарлық проза, эссеистика және беллетристиканың кейбір элементтерін бойына жинақтаған, Хориэ қалыптастырған бұл жанр жапон әдеби дәстүріне толық сәйкес келеді.

Мұнымен қатар, қазіргі жапон әдебиетінде өз ана тілімен қатар, өзге шет тілінде жазатын жапон қаламгерлері де бар. Мәселен, Еко Тавада жапон тілімен қатар неміс тілінде жазады, Минаэ Мидзумара романдарында жапон және ағылшын тілдері қатар қолданылады.

Жапон әдебиетінде соңғы 20-30 жылда және бір жаңаша сипат қалыптасқан. Ол – қазіргі жапон әйелдерінің белсенді әрі батыл түрде көркем әдебиетке араласа бастауы. Оның басты себебі, жапон әйел жазушыларының XX ғасырдың соңына қарай әдебиетке қайтып оралуы болса керек. Тарихтан белгілі болғанындай, VIII-XII ғғ. ең алғаш әйелдер жапон тілінде жазуды жолға қойған. Ал ерлер бұл кезде өздерінің жоғары сауаттылығын таныту мақсатында қытай тілінде жазған. Басты жапон прозалық жанры «дзуйхицудың» (тура мағынасы – «следовать за кистью») негізін де осы әйел прозашылар қалаған.

Бұл біздің ұғымымыздағы «эсселік әдебиет» және «роман» деген мағынаны береді. Сонымен қатар, жапон әйелдерінің шығармаларындағы тақырыптар да, жанрлары да алуан түрлі. Мәселен, «кішкентай адам» туралы әлеуметтік-психологиялық драма, өлім мен мәңгілік өмір жайлы лирикалық новеллалар, балалық туралы әңгімелер, ертегінің көңілді ремейкі, философиялық притча, ойсыз, сюжетсіз жастар прозасы, жапон магиялық реализмі, жеңіл сюр және т.б. Сондай-ақ, жапон әйел жазушыларының арасында ескі дәстүрді берік ұстанған, күнделікті өмірді реалистік тұрғыда суреттейтін жазушылар да, жеңіл ойлы антиреалистік новеллалар тудырушылар да бар.

Қазіргі жапон әдебиетінің көп туындылары (әсіресе, проза жанрында) Жапонияның дәстүрлі образына сай келмейді. Мәселен, жапондықтардың танымал әйел жазушысы Банана Есимотоның халықаралық бестселлер дәрежесіндегі «Ас үй» атты әңгімесінде басты кейіпкер жетім қыз Микагэ өзінің досы жас жігіттің үйінде тұрады. Ал жігіттің шешесі шын мәнісінде оның әкесі болып шығады. Немесе прозашы Масахидо Симаданың «Шөл даладағы дельфин» атты әңгімесінде басты қаһаман жай жапондық кейпінде жүргенімен, шын мәнісінде ол аспаннан жапон еліне жұмақтан қуылған періште болып шығады. Және ол балықшы болып күн көріс жасап жүріп, күндердің күнінде аспан жерге құлайды деп уағыздайды. Көріп отырғанымыздай, жапондықтарды жапон емес елдерден бөліп тұрған шекара жойылған. Осы себепті де, бүгінгі жапон әдебиетінің өзге елдерге қоятын жаңа талабы бар. Ол жапон әдебиетіне

бұрынғыдай таңсық көзқараспен емес, әлем әдебиетінің толыққанды бір мүшесі ретінде жаңа тұрғыда қарау қажет. Жалпы жапон әдебиетінде нобель сыйлығының иегері атанған екі қаламгер бар. Олар – Ясунари Кавабата және Кэндзабуро Оэ. Ясунари Кавабата аталған сыйлықты 1968 жылы иеленсе, Оэ 1994 жылы марапатталды.

2 Turysbekova G. Sravnitel'nyj analiz pravovogo polozhenija zhenshhin po tradicionnomu obychnomu pravu u Kirgizov, Uzbekov, Kavkazskih narodov // Vestnik KazNU. Serija juridicheskaja. – 2011. – № 1 (57). – S. 19-23.

3 Martynov L.N. Stepnye huligany // Rabochij put'. – 7 dekabrja 1926 goda. – S.4.

4 Martynov L.N. Bejgajma boitsja // Rabochij put'. – 28 janvarja 1927 goda. – S.5.

5 Martynov L.N. Brat'ja Bajbatyrovy // Rabochij put'. – 18 fevralja 1927 g. – S.5.

6 Martynov L.N. Pochemu opolchilis' kirgizki? // Rabochij put'. – 27 marta 1927 goda. – S.8.

7 Martynov L.N. Sobranie sochinenij v trjoh tomah. – Moscow, Hudozhestvennaya literatura, 1977. – 414 s.

8 Martynov L.N. Bunt zheltyh zhen // Sibirskie ogni. – Nojabr'-dekabr' 1927. – № 6. – S.157-161.

Рақыш Ж.С.

«Қамбар батыр» жырындағы әйелдер бейнесі

«Қамбар батыр» жырында әйелдер бейнесі басты қаһарманның тұлғасын даралай көрсетуге қызмет етеді. Назым бейнесі жырда батырдың көп ішінен таңдаған жары, сүйген сұлу ретінде көрінеді, қыздың батырды қалауы арқылы қаһармандық дәуірдегі батырлықтың бағалануы, ел қорғайтын тұлғаның мадақтай әспеттелуі батырлық жыр поэтикасына сәйкес сомдалған. Анасының батыр тұлпарын баптауы, жеңгелердің екі жастың қосылуына тілектес, ниеттес болуы, рулық, отбасылық қарым-қатынастардың сипаты көрініс береді. Әйел еркі заманынан сақталған көне салттар іздері – қыздың күйеу таңдауы, болашақ жары қандай болуы керектігі туралы талабы, батырдың тұлпарын шешесінің баптауы, шешесінің ақ батасымен жорыққа аттануы – барлық нұсқаларда сақталған. Мақала авторы осы жайттарға тоқтала отырып, жырдың түрлі нұсқаларындағы әйелдер бейнесін қыздың күйеу таңдауындағы нұсқалық өзгешеліктер, батырдың анасы образын беру тәсілдеріндегі мәтіндік айырымдар арқылы зерделенеді. Зерттеу нысаны ретінде «Қамбар батыр» жырындағы әйелдер бейнесі талданады. Жұмыстың әдістемесін текстологиялық, салыстырмалы-тарихи, типологиялық зерттеу әдістері құрады. Жұмыстың нәтижесін жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттарына, докоранттарға пайдалануға болады, мақала фольклортанушы және мәтінтанушы мамандар үшін маңызды болып табылады.

Түйін сөздер: эпос, батырлық жыр, әйел бейнесі, нұсқалық өзгешеліктер, мотив.

Rakysh Zh.S.

Women images in the epic «Kambar batyr»

In the epic «Kambarbatyr» the system of women images provides specific description and revealing of the main character. Nazim in the epic is shown as the image of the beauty and betrothed who was chosen by the batyr and she is choosing a fiancé- batyr, so this is a heroic themeand courage of heroic epoch, and praise for the defender of the Motherland are in compliance with poetics of the heroic epic. Mother's care for the batyr's steed, friendly actionsof the sisters-in-law of the girls, their solidarity shows the character of clan and family relations.Choosing of the betrothed by the only daughter of the Khan, her claims to him (heroism), mother's care for the batyr's steed, mother's blessing before going to the campaign, the echoes of ancient customs and rituals of matriarchy, are presented in all versions of the epic. The author of the paper focuses on these circumstances, and he has explores textual differences in the methodology of transfer of the batyr's mother's image, choosing of fiancé by the girl, the image of women in different versions of the epic. The research object includes the analysis of the image of women of the epic «Kambarbatyr». The methodological basis of the work includes textual, comparative-historical, typological methods.

Key words: epic, heroicepic, women images, textual differences, motive.

Рақыш Ж.С.

Женские образы в эпосе «Камбар батыр»

В эпосе «Камбар батыр» система образов женщин служит для того, чтобы обособленно показать и раскрыть личность главного героя. Назым в эпосе показана в образе выбранной батыром красавицы, суженой, через выбор себе жениха-батыра расценивается как героика и мужество героической эпохи, похвала защитника уродины, даны в соответствии с поэтикой героического эпоса. Уход матери за скакуном батыра, дружественные действия со стороны невесток девушки, их солидарность указывают на характер племенных, семейных отношений. Выбор суженого единственной дочерью хана, ее требования к нему (богатырство), уход матери за скакуном батыра, благословение матери перед походом, отголоски старинных обычаев и обрядов матриархата присутствуют во всех вариантах эпоса. Автор статьи останавливается на этих обстоятельствах, также им были изучены текстологические различия в методологии передачи образа матери батыра, выбора жениха девушки, образ женщин в разных версиях эпоса. В качестве объекта исследования анализируется образ женщин эпоса «Камбар батыр». Методологическую основу работы составляют текстологический, сравнительно-исторический, типологический методы.

Ключевые слова: эпос, героический эпос, женские образы, текстологические различия, мотив.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 78.08:801.81

Рақыш Ж.С.,

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,
ф. ғ. к., Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: zhumashay19@mail.ru

«ҚАМБАР БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІ

Батырлық жырлардағы әйелдер бейнесі отандық және әлемдік фольклортану ғылымында біршама қарастырылған, басқа эпостық жырлардан болмыс-бітімі өзгеше «Қамбар батыр» жырындағы әйелдер бейнесі де дараланады.

«Қамбар батыр» жырындағы образдар жүйесінде батырдың сүйген жары Назым сұлу бейнесі басты қаһарман тұлғасын көмескілемейді, қайта батырдың образын ашудағы әйел бейнесінің өзгеше көркемдік мән атқарған жыр ерекшелігін білдіреді. Жырдың бастамасынан-ақ ерекше болмысты сұлудың бейнесі танылып, жыр соңына дейін алуан түрлі қасиет-белгілерімен сомдала түседі. «Пейіштің хор қызындай, нұр дидарлы» Назымның сән-салтанаты да ерекше. «Қамбар батырдағы» Назым бейнесі өз тегінен бөлек мінез бен іс-әрекет иесі екендігімен оқшауланады. Ол жөнінде жыр: «Алты ағасын, әкесінАқылымен Назым биледі», – деп баян етеді. Яғни «көпке сәулесі түскен, кірсіз ажары аққағаздай арудың» ішкі-сыртқы болмысын қатар көрсету басым. Сұлу сипаты, ерке мінезімен қатар өзіне жар таңдаудағы батыл қадамдары Назым тұлғасын өзге жырлардағы әйелдер образынан ерекшелейді. Батырлық шарт қойып «күйеу таңдау»мотиві «Қобыланды батыр» жырында да бар. Бірақ, ол «Қамбар батырдағыдай» болашақ батыр образын даралай көрсетудің тәсілі ретінде алынбайды. Ел ішінде ғана емес, жат жұртқа дақпырты жеткен сұлудың таңдауының кімге түскендігіне салмақ арту арқылы образ жасау жырдың өзіндік бітімі.

Жыр мазмұнында Назым көңілі көксеген батырдың тұлғасын бірден баян етпей, қалыңдық тарапынан байқалған ынтызарлық сезімдерді әспеттей бейнелеу басым. Елге жар салып күйеу таңдаған сұлудың ел мақтаған ердің дабысымен қанықтығы сезіліп тұрады. Қамбардың келмей қалуы қыздың ынтықтығын арттыра түспесе, кемітпейді. Осы тұста қыз батыр назарын аудартудың түрліше амалдарын қарастырады. Бұл реттегі Назым іс-әрекеті белгілі батырлық жырлардағыдан гөрі ертегідегі я болмаса дастандық эпостағы әйелдер бейнесіне жақындайды. Соның бірі – батырдың жолына өрмек құру арқылы бөгесін орнату. Өрмек құру мен оны үзудің символикалық белгілері әр кезеңде әр түрлі қызмет атқарады. Мәселен, үйлену және жерлеу ғұрыптарында белгілі әлемнен белгісіздікке өту

мәнін білдірсе, батырлық жырларда бас кейіпкер әрекетінің көркемдік кілті қызметін атқарады, әрі Назым тұлғасындағы көне әйелдер үстемдігі заманының белгілерін көрсетеді.

Батырдың жүрер жолына құрылған өрмек арқылы жырда көп жайттың мәні ашылады. Ең алдымен, қыз бен жігіттің бетпе-бет жүздесіп ішкі ой-сезімдерін танытуға мүмкіндік туады. Жалғыз өзі жолбарыспен жеке алысып, қанжығасы майланып келе жатқан аңшы, мерген Қамбар өмірінің жаңа бір арнасы осы сәттен бастау алады. Қыз батырмен бетпе-бет кездесіп, өз ойын аңғартады. Өйткені, фольклор заңдылығына сәйкес болашақ жарының елден ерек тұлғасына Назым да қанық. Ол жырда: «Жұрт әуес болған сұлудың Көңілі ауды сыртынан Ер Қамбардың күшіне, – деп өрнектеледі. Назым үшін батырлық мінезбен қасиет киелі. Қазақ-қалмақтан өзіне лайық жар таба алмағандағы негізгі қойған шарты да осы мазмұндас.

Төбенің үстіне мұнара салдырып алтын тұғыр үстінде отырған Назым жиылған көпшілікке, көп үміткерге назар салып қарамайды. Мақтауын сырттай естіп-біліп ұнатқан Қамбарды күтеді. Қалағаны келмеген соң, мұнарадан түсіп үйіне қайтады. Қалқай нұсқасында әкесінен рұқсат сұрап, төбе басында үш күн күтеді. Қыз Назым «жылқы ішінен асау ұстайтын қайратты, батыр» деп, «төбеге шығар ер» деп, «мұсылман» деп, «қалмақтың жазасын берер» деп көп ішінде Қамбарды қалайды. Назым жауабында айтылатын жылқы ішінен ат ұстап міну батырлықтың бір белгісіндей бағаланады. Атына бұрыннан қанық, сырттай ғашық Назым сұлу Қамбар бектің батырлығын жоғары бағалайды. «Выбор суженой в эпосе, как правило, не получает обоснования, достаточно оправдывающего бескомпромиссную борьбу за нее. Внешним обоснованием может выступать особенная красота невесты, принадлежность ее определенному социуму или локусу, слава о ее недоступности, о множестве неудачливых претендентов и трудности испытаний. Внутренне же дело сводится к тому, что герой «знает» свою суженую, «эту», которую он должен взять в жены, невзирая ни на какие трудности и преграды», – деп Б.Н.Путилов айтқандай [1, 87], Назым да Қамбарды жазбай таниды.

Фольклордағы сұлу қыздың бейнесінің дәстүрлі формула арқылы берілуіне жырда өзгеріс енген. Диваев нұсқасында Назымның ажары кірсіз қағазға, белі шыбыққа ұқсатылады, алтын тұғыр үстінде қонақтап отырған ақ тұйғынға, түрленген тауыс құсқа, пейіштегі хор қызына, он төртінде туған айға, ашылған гүлге, уызында жарыған ерте туған бағланға, бұлттан шыққан айға теңеледі. Ол басына бриллиант қойған кәмшат бөрік, тоғыз қабат торқадан қынама камзол, әр кезі алпыс сомдық асылдан, атлас көйлек киіп, шашына алтын шашбау тағып, қара көк жорға жеккен күймелі арбаға мінеді. Тухфатуллин нұсқасында Назым сұлудың портреті біршама нақты суреттелген: еті жауған қардан аппақ, басы түймедей, беті қар үстіне тамған қандай, мойны қудың мойнындай, көзі құралайдың көзіндей, білегі Сырдың құба талындай, балтыры ақ киіктің таңындай, екі емшегі сау қайыңның безіндей. Сұлулығы хор қызына, ақ сұңқар құсқа, түрленген тоты құсқа теңеледі. Назым сұлу жағасы алтын қамқа тон киіп, алтын күйме ішінде жиналған үміткерлерді көреді. Күйме – эпикалық сұлудың байлығы мен салтанатының символы. Бармақ нұсқасында Назым сұлудың сөйлер сөзден жаңылмайтын тапқыштығы, шешендігі және жібектей майда мінезі, әрі білімділігі дәріптеледі. Шашубай Қошқарбайұлы жырлаған вариантта Назымның портретін беру тәсілі «Ер Тарғын» жырын еске түсіреді. Ақ Жүніс өз кескін-келбетін Қарт Қожаққа суреттесе, ал Назым Қамбар батырға сипаттап береді. Назым қыздың сұлулығы дәстүрлі формуламен суреттелгендіктен Назым мен Ақжүністің, башқұрттың Акъюндуз, қырғыздың Айчүрек сұлудың кескіні (С.Каралаевтың портреттік мінездемесінде) өте ұқсас.

Назым қыздың жар таңдап, той жасау себебі үш түрлі айтылады: біріншіден, қыз әкесі өз қалауымен, ағаларының айбатынан, әкесінің байлығынан ығып қызын айттыруға ешкімнің батылы бармай отырғанын көрген соң, қызына күйеу таңдатады (Диваев нұсқасында). Екіншіден, өзімен дәрежелес хан қыздың әкесіне «қызыңды неге күйеуге бермей отырсың» деген соң, яғни біреудің сөзін тыңдап қызына той жасайды (Березин нұсқасында). Үшіншіден, Назым сұлу өзі «сүйгеніме барамын» деген соң, қызының сөзін назарға алып, жар салып ел-жұртын шақырады (С.Әбжанов (ертегілік) нұсқасында). Қалың малсыз беру қалыңдық әкесінің байлығын көрсететін дәстүрлі эпикалық форма екені белгілі [2, 25]. Қыздың күйеу таңдау мотиві күйеудің ертегілерде қиын тапсырмаларды орындау, жұмбақ шешу, батырлық жырларда қарсыласпен айқас, көне эпоста қалыңдықтың өзімен күресу түрінде кездеседі [3, 125-126; 4; 5].

Көне рулық замандағы салт бойынша патшалық мұрагерлікте аналық жүйе басты мәниеленген. Ол қартайған патшаның қызына

күйеу таңдатып жар шақыруынан көрінеді. Дж.Фрэзер рулық қоғамдағы патша қызынан үміткердің жеке басының қасиеттері – орасан күштілігі мен асқан сұлулығы ескеріліп, патша қызына үйленген күйеуге елді басқару мен тақ та қоса берілгенін, арий халқында патшалықты ер адамға емес, әйел адамға, яғни патша қызына үйленген жатжерлікке беру қалыпты жағдай болғанын айтады [6, 175]. Кейін патшалық әкеден балаға ауысады. Жырда ежелгі сюжетпен қоса кейінгі қалмақпен болған соғыс сарыны қосылған.

Қыз әкесі Әзімбай «Назымға таңдау қоям» деп алашқа тегіс білгізеді. «Мал жайып жүрген он екі жасар балаға» дейін хабар берілгенде Қамбарға хабар тимей, шақырылмай қалу себебі арқылы жырдағы негізгі кейіпкер тұлғасын таныту көрініс тапқан, оның өзі нұсқалар ерекшелігін көрсетеді. Негізінен Қамбар кедей болғандықтан тойға шақырылмай қалады да, «қызым кімді қаласа, соған берем» деп жар салған Әзімбайдың өзі Қамбардың атын естіген бойда ашуланады. Ал Назымның Қамбардың атын естігеннен құштарлығы артады. Енді бірде Қамбардың қолы тимей тойға келмейді (Бармақ нұсқасы). Кейде Әзімбайдың Қамбарды ұнатпауы әкесі Әлімбай арасындағы бас араздыққа байланысты болып та көрінеді (М.Жапақов варианты). Басқа классикалық батырлық жырларда айтылатын құдалық бесік құда, ежекабыл пен бір себептермен құдалықтың бұзылуы сияқты жағдай «Қамбар батыр» жырында да орын алуы әбден ықтимал. Сосын жырдың даму, жинақталу кезеңінде ұмытылуы, қалып қоюы мүмкін.

Жатжерлік ханның, эпикалық дұшпанның қызды, яғни батырдың қалыңдығын талап ету мотиві Тухфатуллин және Бармақ нұсқасында ғана орын алған. Тухфатуллин нұсқасында Мақтымның «қыз Назымды көремін» деп айтқан жарлығын ешкім батып Назымға айта алмайды, өзі ақылменен біледі. Бармақ нұсқасында Мақтым хан қыз жеңгесіне жасауыл бала жіберіп, қызды талап етеді. Назым Қамбар келгенше айламен қалмақты алдау үшін күймелі арба жектіріп, жеңгесі мен бірге Мақтым жатқан ордаға келеді. Екі нұсқада да қазақтың күйеу сырттан, қыз іштен қол ұстасу салтымен жеңгесінің білегін беріп, Назым айласын асырып, қалмақ ханынан, Тухфатуллин нұсқасында үш сексен күн, Бармақ нұсқасында отыз күн той болады деп кеңдік алады. Жателдің ханының қызды талап ету мотиві «Қыз Жібекте» (қалмақ ханы Қорен) де кездесетіні белгілі.

Тухфатуллин нұсқасында Назым Қамбардың жолын тосып Мақтым ханнан айламен тойдың болатын уақытын создыру үшін үш сексен күн кеңдік сұрап алғанын айтады. Сонда Қамбар: «Мен бір ғаріп баламын, Бір сапарға барамын. Жол үстінде әйелмен Сөйлессем болар кесір-ді», – дейтін жолдарынан көне замандардағы әйелді жағымсыз бейнеде көрсететін ұғымдардың сарыны аңғарылады. Дүние жүзі халықтарының көне таным-түсініктерін зерттеген Дж.Фрэзердің көрсетуінше, көптеген халықтарда жауынгерге соғыс кезінде, ұрыс алдында әйелмен сөйлесуге қатаң тыйым салатын дәстүр болған [6, 227].

Батырға лайық жардың еріне деген ізгі ниеті жөнінен де жыр ерекшеленеді. Ол көне наным-сенімдер арқылы көмкерілген. Назым сұлу Қамбар батырдың дұшпанды жеңіп, мерейі үстем болуын тілегенде мойнына бұршақ салады. Қазақтың наным-сенімінде мойнына бұршақ салып Тәңірден тілек тілеу дағдысы болған. Яғни, көне магиялық «байлау», «бекіту» түсініктері Назымның Қамбарға деген сезімін сипаттауға жұмсалған.

Жырдың аяғында Назым ұзатылып, Қамбардың еліне көп жасаумен барады (Березин, Қалқай, Диваев, Бармақ нұсқасы) немесе Қамбар тобырын көшіріп алдырады, Әзімбайдың аулына қатар қонады (Тухфатуллин, Шапай нұсқасы). Күйеудің қалыңдық аулына қоныс тебуін академик С.Қасқабасов матриархат көрінісі ретінде қарастырады: «Қahарманның қайын атасының тағына отыруы және қайын атасының елінде (үйінде) уақытша өмір сүруі – ерте заманда жоғалған матрилокальді некенің іздері деген ойға жетелейді. Кемелденген матриархат тұсында некелесудің жиі кездесетін түрі күйеу жігіттің қалыңдығының үйіне қоныс аударуымен, яғни күшік күйеу болуымен ерекшеленетін матрилокальді неке болғаны белгілі» [7, 76]. Шапай нұсқасында жауды жеңіп қайтқан Қамбар «Қыз алатын малым жоқ, қосылар қазір бұйрық жоқ» дейді. Елінің адамын жиып Алшыораз «ұнатқан жерден жайлауын, қыстауын беріп, қолға алайық» деп ұсыныс айтады, алдына мал салады. Сонда ғана Назымды айттырмақ боп Әзімбайға құда жібереді. Шапай нұсқасында батырлық жолмен үйленуді жетімсіз санап, Қамбарды Назымға құда түсіріп үйлендіреді.

Батырдың анасымен қоштасуы жырда өзіндік ерекшелігімен көрініс тапқан. Жырда көпшіліктің және анасы берген ақ батаның магиялық қасиетінен батырға қорған боларлық киесін дәріптеу, зақым келмеу (магия не уязвимос-

ти) сарыны бар. Анасының сапаралдындағы ақ батасын алуы Қамбардың жаумен айқаста жеңіске жетуіне мұрындық болады. Бармақ нұсқасында Қамбардың Қараманмен соғысуға аттанар алдында шешесімен қоштасуы молынан жырланады.

Шығыстанушы ғалым Н.И.Березин жариялаған «Қамбар баһадүрдің жырында» Қозының шешесі сияқты Қамбардың анасы да ұлын қатерлі сапарға аттанбауын сұрап үгіттеуге тырысады.Жорық алдында Қамбар анасымен қоштасып, бәйтеректің түбіне ат басындай алтын тығып қойғанын айтып, тоқсан үйлі тобырдың аш-арығын асырауды тапсырады.

Жырдың Тухфатуллин, Шапай нұсқаларында жорық алдында тұлпарын жолдасына сенбей, саяпкерге емес, шешесіне бақтырады. Бұл – жырдағы әйел-ана образдарының түрліше мәнін аңғартатын белгілер. «Уход за конем, в том числе и кормление его, в эпосе разных кочевых в прошлом народов – забота женщины, хотя в боевых и походных эпизодах, естественно, батыр сам ухаживает за своим конем», – дейді Р. С. Липец [8, 162].

Ұлттық дәстүрімізге сай бойжеткен қыздың жеңгесімен сырлас-мұңдастығына Қалқай және Бармақ нұсқаларында ерекше орын берілген. Бармақ нұсқасында Назым қасында жеңгесі болмағандықтан, Қамбармен сөйлесе алмай қалады. Қамбар да жалғыз емес, аңға бір жолдасымен шыққан. Ал Қалқай нұсқасында қайрылмай кеткен Қамбар қылығына деген ойын қыз қос жеңгесіне келіп: «Екі ағамнан қорықты ма, Қамбар неге қайрылмады, болмаса кедейлігін ескергені ме?» – деп шағынады. Осы нұсқада әлеуметтік теңсіздікке баса назар аударылған.

Бармақ нұсқасында Мақтымның портреті, тұрпайы бейнесі Назымның жеңгесінің суреттеуінде былайша берілген:

Аюдай қара күржиген,
Таңқымұрын, бұжыр бет...
Арбаңдаған не ме екен,
Қысық көзі ақиып.

Тухфатуллин нұсқасында алты жеңгесіне, Диваевта жеңгесіне иіртіп, отыз қатын өрмекті құрып, жүгіртеді. Бармақ нұсқасында Назым өзі өрмек құрады. Өрмектің мәні батырлық эпостардың мазмұнына сай қызметіне байланысты. Мысалы, «Алпамыс батырда» бала Алпамыс өрмек құрған кемпірдің баласын түртіп өлтіріп қояды, өрмек құрып отырған кемпір Алпамыстың қалыңдығы туралы хабарды айтады. «Қамбар неге бетіме қарамай өте шықты» деп айнаға қарап Назым өз көркіне өзі талып қалатын М.Балзақов вариантында ғашықтық дастандардың әсері байқалады. Назым алты жеңгесіне ұршық иіртіп, ақ жібектен өрмекті өзі құрады. Фольклор табиғатының өзіндік ерекшелігіне скермей, рухани мұрамызды саясатпен байланыстырған кезеңдерде Назымды еңбекқор, шаруа қыз бейнесінде жаңсақ түсіндірген пікірлердің де орын алғаны белгілі [9, 259].

Қорытакелгенде «Қамбарбатыр» жырындағы әйелдер бейнесі халықтық ойлармен көзқарастарды эпикалық тұрғыдан байыптауға негізделген. Батырдың анасы жорық алдында батырдың тұлпарын баптап, Назымның жеңгелері қос ғашықтың махаббатына тілеулес болса, Қамбардың ақ жаулықты жеңгелері де аяулы жандар, жорық алдында батыр әке-шешесінен кейін олармен қимастық сезіммен қоштасып жатады (Бармақ нұсқасында). «Қамбар батыр» жырындағы әйелдер бейнесі кейіпкердің (батыр) айналасы немесе көмекшілері (жақтастары) болып келеді.

Адам бойындағы ізгі қасиеттерді батырдың бойына жинақтау арқылы ел-жұрттың бірлігі мен ынтымағы дәріптелетін жырда әйелдер бейнесі үш тұрғыда көрінеді: батырдың сүйген жары, батырдың анасы және екі жастың қосылуына ниеттес жеңгелер бейнесі сомдалған.

Әдебиеттер

1 Путилов Б.Н. Героический эпос и действительность. – Л.: Наука, 1988. – 226 с.

2 Кузьмина Е.Н. Женские образы в героическом эпосе бурятского народа. – Новосибирск: Наука, 1980. – 160 с.; Надршина Ф.А. Отражение брачных отношений в башкирском фольклоре: мотив выбора жениха // Духовная культура народов России: Материалы заочной Всероссийской научной конференции. – Уфа: Гилем, 2011. – С. 19-28.

3 Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.

4 Бердібай Р. Эпос мұраты. – Алматы: Білім, 1997. – 320 б.

5 Азибаева Б.У. Казахский дастанный эпос. – Алматы: Ғылым, 1998. – 250 с.

6 Фрэзер Дж. Золотая ветвь: Исследование магии и религии / пер. с англ. – М.: Политиздат, 1998. – 784 с.

7 Қасқабасов С. Таңдамалы. Т. 4. Фольклор иірімдері. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Фолиант, 2015. – 328 б.

8 Липец Р. С. Образы батыра и его коня в тюрко-монгольском эпосе. – М.: Наука, 1984. – 262 с.

9 Смирнова Н.С. Основные версии «Камбара» // Қамбар батыр. Научное издание. Под ред. М.О.Ауэзова и Н.С.Смирновой. – Алма-Ата, 1959. – С.253-318.

References

1 Putilov B.N. Geroicheskij jepos i dejstvitel'nost'. – L.: Nauka, 1988. – 226 s.

2 Kuz'mina E.N. Zhenskie obrazy v geroicheskom jepose burjatskogo naroda. – Novosibirsk: Nauka, 1980. – 160 s.; Nadrshina F.A. Otrazhenie brachnyh otnoshenij v bashkirskom fol'klore: motiv vybora zheniha // Duhovnaja kul'tura narodov Rossii: Materialy zaochnoj Vserossijskoj nauchnoj konferencii. – Ufa: Gilem, 2011. – S. 19-28.

3 Ybyraev Sh. Epos әlemi. Qazaqtyng batyrlyq zhyrlarynyng poietikasy. – Almaty: Gylym, 1993. – 296 b.

4 Berdibaj R. Epos muraty. – Almaty: Bilim, 1997. – 320 b.

5 Azibaeva B.U. Kazahskij dastannyj jepos. – Almaty: Gylym, 1998. 250 s.

6 Frjezer Dzh. Zolotaja vetv': Issledovanie magii i religii / Per. s angl. – M.: Politizdat, 1998. – 784 s.

7 Qasqabasov S. Tangdamaly. T. 4. Fol'klor iirimderi. Әr zhylgyzertteuler. – Astana: Foliant, 2015. – 328 b.

8 Lipec R. S. Obrazy batyra i ego konja v tjurko-mongol'skom epose. –M.: Nauka, 1984. – 262 s.

9 Smirnova N.S. Osnovnye versii «Kambara» // Қambar batyr. Nauchnoe izdanie. Pod red. M.O.Aujezova i N.S.Smirnovoj. – Alma-Ata, 1959. – S. 253-318.

Салханова Ж.Х.,

Художественный документализм в творчестве Герольда Бельгера

В статье исследуется специфика художественного документализма на примере романа казахстанского писателя Герольда Бельгера «Дом скитальца». Автор статьи отмечает, что большая часть романов, повестей, рассказов, эссе Бельгера автобиографична, в них сюжетно и композиционно соединились документальность и художественность, реальность и вымысел, философские размышления и искренние чувства автора-повествователя. В творчестве Г. Бельгера художественность и документализм оказались неотделимыми, такой синтез предоставил возможность писателю выразить личностное отношение к историческим событиям. В статье выявляются признаки автобиографической художественной прозы на уровне сюжета, композиции, хронотопа, системы образов произведения. По мнению автора статьи, в романе «Дом скитальца» сходятся воедино главные темы, волновавшие Г. Бельгера на протяжении всего его творчества. Многоплановый роман с разветвленными сюжетными линиями, своеобразной композицией, системой персонажей, имевших прототипов в реальной жизни, поднимает литературное произведение на новый уровень художественного документализма. В романе отражены целые пласты истории, в том числе репрессии, война, трудовая армия, послевоенное время и современная действительность, пережитые самим писателем.

Ключевые слова: автобиографизм, историзм, художественность, документализм.

Salkhanova Zh.Kh.

The artistic documentary in the works of Herold Belger

The article considers the specificity of the artistic documentary character in the novel of the Kazakh writer Herold Belger «The Wanderer's House.» The author notes that the majority of novels, short stories, Belger's essays are autobiographical, they thematically and compositionally unite documentary and fiction, reality and fiction, philosophical thoughts and sincere feelings of the author-narrator. In the work of H. Belger the artistic and documentary characters were inseparable, this synthesis of the writer provided an opportunity to express personal attitudes to historical events. The article reveals the signs of autobiographical fiction on the plot level, composition, chronotope, the system of the work images. According to the author of the paper, the novel «The Wanderer's House» converges the main themes that preoccupied G. Belger throughout his work. The multifaceted novel with branched storylines, its peculiar composition, characters system had prototypes in real life. It raises the literary work to a new level of the artistic documentarism. The novel reflects the whole layers of history, including repression, war, labor army, post-war and contemporary reality experienced by the writer.

Key words: autobiographism, historicism, artistic, documentary.

Салханова Ж.Х.

Герольд Бельгердің шығармашылығындағы көркем деректілік

Мақалада көркем деректіліктің ерекшелігі қазақстандық жазушы Герольд Бельгердің «Жолаушының үйі» романы арқылы зерттеледі. Мақала авторы атап өткендей, романдар, повестер, әңгімелер, эсселердің басым бөлігі өзнамалық тұрғыда жазылған, оларда деректілік және көркемдік, ақиқат пен аңыз, философиялық ойлар мен автордың шынайы сезімі сюжеттік және композициялық байланысқан. Бельгердің шығармашылығында көркемдік және деректілік бір-бірінен бөлінбейді, осындай синтез жазушыға тарихи оқиғаларға қатысты өзінің көзқарасын білдіруге мүмкіндік берді. Мақалада өмірбаяндық көркем проза деңгейінде сюжет, композиция, хронотоп жүйесі, білім шығармалар белгілері анықталады. Мақала авторының пікірі бойынша, «Жолаушының үйі» романында Бельгерді мазалайтын басты тақырыптар біріктірілген. Көп жоспарлы роман бөлінген сюжеттік желілерімен, өзіндік өтті жүйесімен, кейіпкерлердің өмірде болған прототиптері әдеби шығарманы жаңа деңгейге көтереді. Романда тұтас тарих қабаттары, соның ішінде құғын-сүргін, соғыс, еңбек армиясы, соғыстан кейінгі және қазіргі болмыс, жазушының өмірінен өткен оқиғалар көрініс тапқан.

Түйін сөздер: өмірбаяндық, тарихшылдық, көркемдік, деректілік.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

УДК 82-1

Салханова Ж.Х.,

д. п. н. и.о. профессора Казахского национального университета
имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан,
e-mail: Salkhanova.zhanat@mail.ru

ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ДОКУМЕНТАЛИЗМ В ТВОРЧЕСТВЕ ГЕРОЛЬДА БЕЛЬГЕРА

Автобиографическая проза как литературное явление имеет свою историю, отраженную в русской, казахской, зарубежной литературе и культуре. Специфика автобиографической прозы заключается в том, что в ней синтезируются документальные и художественные компоненты, отражается мироощущение автора-повествователя, который сам пережил описываемые события. Какова мера художественности и документализма, какие художественные приемы создания образов использует автор, в чем заключаются особенности пространственно-временной характеристики текстов подобного рода, как автобиографизм влияет на индивидуальный стиль писателя, – эти и другие вопросы остаются актуальными. Автобиографизм является характерной чертой произведений таких казахстанских писателей, как И. Шухов, М. Симашко, В. Щеголихин, Г.Бельгер и других. Обратимся к творчеству Герольда Карловича Бельгера, немца по происхождению, но заслужившего безусловный авторитет и любовь казахов, с которыми он сроднился волею судьбы и по велению сердца. Большая часть романов, повестей, рассказов, эссе Бельгера автобиографична, в них сюжетно и композиционно соединились документальность и художественность, реальность и вымысел, философские размышления и искренние чувства автора-повествователя.

Роман «Дом скитальца» – история человека, в которой отразилась судьба целого народа. «Но где мой дом и где рассудок мой?» – эпиграфом строк Анны Ахматовой начинает автор вместе с героями произведения поиски своего дома, своей родины. Главы романа начинаются цитатами из документов, в основном, секретных. Документы знакомят читателя с историко-политической подоплекой романа – депортацией волжских немцев сразу после нападения Гитлеровской Германии на СССР и лишение их гражданских прав, которое длилось до 1956 года, этим годом заканчивается действие романа. Сам автор в реальной жизни в шестилетнем возрасте попадает в водоворот событий, который забрасывает его в один из казахских аулов, и поэтому описание действий в романе, в художественном произведении, воспринимается так достоверно.

С первых строк произведения ощущается трагичность повествования – в контрасте сухого, резкого документального

приказа о депортации и эмоциональности художественной ткани текста, в безвыходности первой изображаемой ситуации – распределении депортированного немецкого фельдшера Давида Эрлиха на работу в далёкий казахский аул. Одними из самых пронзительных эпизодов в романе предстают сцены выселения поволжских немцев в 1941 г., в которых передается растерянность людей, все еще не верящих, что это происходит с ними на самом деле. Автор эмоционально описывает, как над Волгой нависло молчание – от горя все молчали, будто дали зарок молчания.

Роман состоит из трех глав, названных по именам героев – «Давид», «Христьян», «Гарри», в них прослеживаются судьбы трех поколений немецкой семьи Эрлихов-Вальтеров. Давид Эрлих до войны был военным и членом коммунистической партии. Прямо перед началом войны его сняли с военной службы только из-за того, что он был немцем по национальности. Во время депортации он теряет жену и сына, потому что жена – русская по национальности, не хочет разделять с ним его судьбу. Попав в Казахстан, он в качестве фельдшера работает в амбулатории, которая обслуживает несколько поселков. Внешние рамки повествования не ограничивают образ Давида настоящим временем. Давид мысленно возвращается в прошлое, у него всё время перед глазами стоит волжская земля, его родное село Гнаденфлур и жизнь в этом селе.

В то же время автор описывает, как новые реалии, окружающие главного героя в казахских степях, постепенно становятся родными и близкими. В романе красочно описана природа на реке Ишим, жилища казахов, быт и обычаи, а также события, происходившие там. Период настоящего обновления начинается для Давида после женитьбы на Олькье Вальтер. Для их детей дом, построенный с помощью соседей-казахов, становится олицетворением настоящей родины. История отношений Давида и Олькье вплетена в художественную ткань текста нотками лиризма, сердечности, истинного чувства, которые сглаживают впечатление от суровых документальных фактов биографии героев произведения.

Читатель сразу же проникается симпатией к умному, душевному, работящему, почтительному Давиду. Одна из черт Эрлиха – располагающая к себе душевная чистота, даже детскость: «... путник улыбнулся доверчиво, по-детски, чуть грустно» [1, 23]. На своём пути в аул фельдшер первыми встречает ребёнка, пастушка Жараса и старика, почтальона Нуркана: логика введения образов ярко характеризует Давида. С Жарасом, круглым сиротой, сердобольный фельдшер впоследствии делит крышу над головой, на время заменяя ребёнку отца. Пронзительна, к примеру, ситуация встречи Давида и Жараса, когда фельдшер, отозванный в трудовую армию, в очередной раз возвращается в аул. Жарас при встрече плачет от радости, называет Давида своим старшим братом. В казахском менталитете старший брат имеет особый статус, он и защитник, и друг, и пример для подражания. Лучше всего передает смысл этого казахская пословица: «Если у тебя есть старший брат, значит, на твоей одежде есть воротник». Одно лишь присутствие старшего брата рядом с тобой делает тебя уверенным, защищенным от жизненных невзгод, – таков смысл пословицы. Читатель, наблюдая взаимоотношения немца Эрлиха и казахского мальчика Жараса, видит, что они полностью соответствуют пословице. Так, постепенно Давид становится близким человеком для жителей аула, заслуживает их доверие и авторитет.

Следующий документальный материал показан через воссоздание испытаний трудовой армии глазами другого персонажа – Христьяна, лиричного, интеллигентного, душевно хрупкого юноши, и поэтому страшны вдвойне. Описанный автором распорядок дня трудармейца показывает, как тяжело было выжить даже крепким, привыкшим к физическому труду людям, не говоря уже о Христьяне, молодом учителе, или, к примеру, музыканте Оскаре. Оба, не выдержав тяжелых условий жизни, погибают. В бреду больной Христьян мысленно произносит страстные монологи: «Где ты, Млечный путь на стылом небе? Где заплуталась моя звезда? Может, она давно погасла, покинула меня, бросила, и я, неприкаянный, напрасно маюсь в неведомом и чуждом краю?..» [1, 42]. Тоска по родине, по родному дому, невозможность иметь родину, вынужденное странствие по белому свету, неприкаянность, неизбывная тяга к родному очагу, одинокая судьба вечного скитальца, трагизм чувства бездомья – один из самых распространённых мотивов немецких песен, воплощается в судьбе Христьяна. Здесь историческая правда немецких выселений передается посредством художественного приема гротеска при создании литературных образов. Неслучайно образ Давида, а потом и других переселенцев сопровождается немецкой песенкой про маленького Гансика, который семь долгих лет скитался по чужбине.

Радостью для Христьяна было увидеть фотокопию карты Поволжья, чудом сохранившуюся у Давида. Братья Эрлихи рассматривают карту, и автор описывает стертую с лица земли Республику немцев Поволжья, ее столицу город Энгельс, луговую и горную части, кантоны, реки, леса, дороги. «Карта родины, которой нет…». Братья даже не имеют права повесить карту любимой земли на стену: «Увидят, донесут, по головке не погладят…». Христьян старательно воспроизводит на чертеже родительский дом, не в силах навсегда проститься с родным жилищем. Документальные материалы: карта, законы Конституции, приказы правительства, газетные вырезки, – органично вплетаясь в художественную ткань произведения, усиливают историческую, «музейную» сторону романа, силу его правды. Документальность повествования проявляется и в том, что автор включает в текст романа реальных людей, к примеру, учителя немецкого языка Виктора Кляйна, информацию о котором можно найти в биобиблиографическом справочнике Бельгера «Российские немецкие писатели».

С разных точек зрения смотрит автор на изображаемые события, и едва ли не самой интересной является позиция ребенка, Гарри Вальтера. Немецкий мальчик лучше всех учится в казахской школе. Но ему отказано не только в возможности получить медаль за отличные успехи в учебе, но и в возможности поступить в вуз. Превосходно говорящий на казахском языке, владеющий русским, абитуриент Гарри Вальтер остается для приемной комиссии в первую очередь немцем, то есть человеком без родины, без паспорта, без прав. Юный Гарри проходит суровую инициацию в счастливую жизнь – выселение, «ритуальные» беседы с комендантом, споры с бунтарём Вагнером, унижения при окончании школы и поступлении в институт. Роман завершается «хэппи-эндом», понятном лишь российским немцам, пережившим депортацию. Немец Гарри Вальтер не только становится студентом, но и получает долгожданный паспорт.

Трагичность романа Герольда Бельгера «Дома скитальца», как ни парадоксально, светлая, пронизанная доброй верой в жизнь. Из художественной метафоры в реальность жизни и быта превращается под руками Давида Дом скитальца: хозяйственный мужчина отстраивает в ауле крепкий, добротный дом. Сбывается мечта Гарри получить паспорт и высшее образование. Но погибший в молодом возрасте Христьян – вечное напоминание о суровом испытании, выпавшем на долю российских немцев, невинных граждан, расплатившихся перед другими за нападение фашистских захватчиков.

Автор наполняет художественным смыслом имена своих персонажей. Интересна этимология имен главных героев произведения. Давид означает «любимый». Христьян происходит от слова «христианин». Гарри переводится со староанглийского как «богатый дом». Имена героев, с одной стороны, раскрывают особенности характеров: люди с именем Давид прагматичны и настойчивы, Христьянам присуща прекрасная память, Гарри отличаются талантами, многогранностью натуры. С другой стороны, они отражают жизненный путь, судьбу представителей немецкого народа. Давид, несмотря ни на что, верит в будущее и идет вперед. Христьян олицетворяет память о прошлом, истории, культуре, традициях немцев. Гарри воплощает будущее, конечную цель тернистого пути его народа. Неслучайны поэтому названия и расположение частей романа. Первая – «Давид» – символизирует настоящее и стремление в будущее, достичь которое невозможно без памяти о прошлом. Отсюда название второй части – «Христьян». Третья – «Гарри» – выступает своеобразным символом будущего, мечты героев, и шире – человека и общества в целом. Тем самым хронотопы Давида, Христьяна и Гарри предстают как воплощение единства трех времен, как неотъемлемые части мировосприятия немецкого народа в целом.

Изображая людей разных национальностей, Бельгер предельно честно показывает достоинства и недостатки немцев, казахов, русских. К примеру, неоднократно воспевается гостеприимство казахов: «А казахи все такие. Удивительно: гол, нищ, а на радостях последнее отдаст». При этом «красивый» в глазах Нуркана аул Давиду, выросшему в немецком селе с добротными домами и крашеными воротами, кажется неказистым. Автор романа не отдаёт предпочтения ни одной из наций, одинаково объективно оценивая поступки соплеменников и иноплеменников. С неподражаемым мастерством Бельгер живописует быт казахов, немцев, русских, проявляя глубокие знания национальной кухни, жизненного уклада, обычаев. Исследователи творчества Бельгера называют важными художественными достоинствами романа иннонациональные культурные элементы, а также полиязычие, использование на русскоязычном фоне немецких и казахских слов и выражений, живость, характерность речи главных и второстепенных героев[2; 3].

Художественный документализм романа «Дом скитальца» необычным образом проявляется на уровне хронотопа. Исследователи отмечают многомерность пространственно-временного континуума произведения. Он охватывает несколько планов: реальный, сказочно-мифологический, исторический. В реальном измерении развиваются основные события произведения. Сказочно-мифологический план входит в роман через размышления автора и героев, проводимые ими сравнения. Пространство романа отличается географической конкретностью. Автор точно называет населенные пункты, в которых разворачивается действие и протекает жизнь героев. Художественная ткань произведения включает множество народных немецких и казахских песен, поговорок. Они, с одной стороны, отражают преемственность поколений, единство пространства духа людей; с другой – показывают общечеловеческую значимость и извечный характер выдвинутых писателем проблем [4].

Для произведения характерна оппозиция, двойственность. Роман строится на основе противопоставления. Настоящее постоянно соотносится автором и героями с прошлым, повествование пронизано словами «теперь» и «тогда». Жизнь главных героев условно делится на два периода: до и после депортации. Хронотоп романа постоянно меняет свои границы. Он то сужается до пределов частной судьбы, то раздвигается до вселенских масштабов. Значительное место в тексте занимают образы-символы и прежде всего часов, дома, окна, письма. Часы, с одной стороны, показывают, течение времени, с другой – отражают душевное состояние героев. Дом имеет несколько значений. Во-первых, он ассоциируется с родиной; во-вторых, предстает как «хранитель» жизни, залог рождения нового; в-третьих, является своеобразным храмом души человека. Окно – граница, лежащая между «внутренним» и «внешним», миром дома и миром улицы. Письмо отражает судьбы людей, вбирая в себя и соединяя их индивидуальные время и пространство.

Таким образом, в романе «Дом скитальца» сходятся воедино главные темы, волновавшие Г. Бельгера на протяжении всего его творчества. Многоплановый роман с разветвленными сюжетными линиями, своеобразной композицией, системой персонажей, имевших прототипов в реальной жизни, поднимает повествование на новый уровень художественного документализма. В произведении отражены целые пласты истории, в том числе репрессии, война, трудовая армия, послевоенное время и современная действительность, пережитые самим писателем. В творчестве Г. Бельгера оказались неотделимыми художественность и документализм, такой своеобразный синтез дал возможность выразить личностное отношение к историческим событиям, определившим судьбу писателя.

Литература

1 Бельгер Г. Дом скитальца. – Астана: Аударма, 2003. – 312 с.

2 Ананьева С.В., Бабкина Л.М. Творчество Герольда Бельгера в контексте современного литературного процесса. – Алматы, 2004. – 199 с.

3 Бадиков В.В. По гамбургскому счету. Рассказы, повесть, эссе, воспоминания / Сост. Бадикова В. – Алматы, 2007. – 400 с.

4 Темирболат А.Б. Категория хронотопа и темпорального ритма в литературе. – Алматы: КазНУ им.аль-Фараби, 2009. – 199 с.

References

1 Bel’ger G. Dom skital’ca. – Astana: Audarma, 2003. – 312 s.

2 Anan’eva S.V., Babkina L.M. Tvorchestvo Gerol’da Bel’gera v kontekste sovre-mennogo literaturnogo processa. – Almaty, 2004. – 199 s.

3 Badikov V.V. Po gamburgskomu schetu. Rasskazy, povest’, jesse, vospominanija / Sost. Badikova V. – Almaty, 2007. – 400 s.

Temirbolat A.B. Kategorija hronotopa i temporal’nogo ritma v literature. – Almaty: KazNU im.al’-Farabi, 2009. – 199 s.

Сейітжанов З.Н.,
Қалқабаева С.Ә.,
Имаханбет Р.С.,
Оспанова А.А.

Көдек өлең-толғауларындағы уақыт шындығы

Қазақ әдебиетінің тарихында шығармашылық ғұмырбаяны кейінгі кезеңде ғана толық зерттеуге тартылып отырған қаламгердің бірі – Көдек Байшығанұлы. Ақын шығармашылығының негізгі арқауы – ел басынан өткен XX ғасыр басындағы аумалы-төкпелі ауыр кезең. Қазақ әдебиетінде 1916 жылдың елді дүбілтіп, ен жайлап отырған жерінен ауа көшірген ақ патшаның зілді бұйрығынан кейінгі оқиғалардың тарихи шындығы кең ауқымда көркемдік өріске тартылған. Прозада да, поэзияда да сол бір күндердің ақиқаты баяндалды. Бұл тақырып – қазақ әдебиетінің дамуындағы көкейкесті тақырыптардың бірі болып қалыптасты. Жүсіпбек Аймауытов, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Асқар Сүлейменов, т.б. сөз зергерлері дүрбелең уақыт аясындағы адам тағдырлары тұрғысында шынайы шеберлік тұнған прозалық шығармаларын жазды. Поэзияда Омар Шапиннің «Бекболат» поэмасы мектеп оқулықтарында оқытылып келеді. Сол қиын заманның, қитұрқы саясаттардың мың-сан құрбанының бірі – аса дарынды ақындық тұлға Көдек Байшығанұлы болатын.

Түйін сөздер: Көдек Байшығанұлы, «Үркін» дастаны, қазақ әдебиетінің тарихы, Қарқара көтерілісі, ақындық шеберлік тәсілдері, тіл шеберлігі, көркемдік шешім, толғау, патша заманындағы ел тағдыры, 1916 жылдың оқиғасы.

Seyitjanov Z.N.,
Qalqabaeva S.N.,
Imaxanbet R.S.,
Ospanova A.A.

Verses of kodek reality a time

Bayshyganuly Kodek is one of the literary figures in the history of Kazakh literature, whose creative life has recently subjected to careful study. The main essence of the poet is a vague time spent by people in the early twentieth century. The historical truth of events in 1916, after a sharp order of white Tsar about the transmigration of people with an amply situated place organising bustle accepts a wide artistic scope in the Kazakh literature. The truth of those days is detailed in prose and poetry. This topic has formed as one of the urgent topics in the development of Kazakh literature. Zhusypbek Aimauytov, Saken Seifullin, Mukhtar Auezov, Sabit Mukanov, Gabit Musrepov, Askar Suleimenov, etc. wrote their prosaic works, where the main topic was the human destinies of a troubled time. The poetry of the poem «Bekbolat» by Omar Chapin is studied in school textbooks. One of the countless victims of dodgy politics of that era is a gifted poetic figure Kodek Bayshyganuly.

Key words: Kodek Baishyganuly, the history of the Kazakh literature, Karkara uprising, methods of poetic skill, language skills, artistic solutions, tolgau (song with lyric expressiveness of tunes), the destiny of the country in czarist days, historical event in 1916.

Сейтжанов З.Н.,
Калкабаева С.А.,
Имаханбет Р.С.,
Оспанова А.А.

Стихи Кодека – реалии времени

Одним из деятелей литературы в истории казахской литературы, творческая жизнь которого подвергается тщательному исследованию только в последнее время, является Кодек Байшыганулы. Главная суть творчества поэта – смутное время, прожитое народом в начале XX века. Историческая правда событий 1916 года после резкого приказа белого царя о переселении народа с просторно расположенного места, создавая суматоху, принимает широкий художественный размах в казахской литературе. В прозе и поэзии подробно излагается истина тех дней. Эта тема сформировалась как одна из актуальных тем в развитии казахской литературы. Жусипбек Аймауытов, Сакен Сейфуллин, Мухтар Ауезов, Сабит Муканов, Габит Мусрепов, Аскар Сулейменов и т.п. написали свои прозаические произведения, где главной темой стали человеческие судьбы в смутное время. В поэзии поэма «Бекболат» Омара Шапина изучается в школьных учебниках. Одной из бесчисленных жертв изворотливой политики той эпохи является особо одаренная поэтическая личность Кодека Байшыганулы.

Ключевые слова: Кодек Байшыганулы, дастан «Суматоха», история казахской литературы, восстание Каркара, приемы поэтического мастерства, языковое мастерство, художественное решение, воспевание, судьба народа при царе, событие 1916 года.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 821.512.122(091)

Сейітжанов З.Н.[1], Қалқабаева С.Ә.[2], Имаханбет Р.С.[3], Оспанова А.А.[4],

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
[1]ф. ғ. д. профессор, [2] ф. ғ. к. доцент, [3] ф. ғ. к. доцент, [4]PhD, аға оқытушы,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: aknur.ospanova@mail.ru

КӨДЕК ӨЛЕҢ-ТОЛҒАУЛАРЫНДАҒЫ УАҚЫТ ШЫНДЫҒЫ

Өнерді соның ішінде әдебиетті де қоғам өмірінен бөліп қарауға болмайды. Әсіресе, жауынгер жанр поэзия өмір құбылыстарының сан қырын өлеңмен өрнектегені белгілі. Ендеше өмірсіз өлең жоқ. Кез келген ақын көріп білгенін, көңілге түйгенін суретті сөзге айналдырады. Сондықтан халық өмірінің өткені мен жеткенін белгілі қаламгердің мұрасы арқылы танып, білеміз десек асыра айтқандық емес. Қалай да белгілі дәуір шындығы сол дәуірдің көркем сөзінен көрініс тапөан. Академик З. Қабдолов: «Әр дәуірдің әдебиеті – сол дәуірдің айнасы. Сөз өнерінің өмір шындығын «шыңдап» қана қоймай, келешекке, келер ұрпақтан ұрпаққа «шөгелеп» қалдырған құдіретті күші де осы арада жатыр» [1, 120], – деп орынды айтқан. Осы ретте қазақ әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосқан ақынның бірі – К. Байшығанұлы.

Көдек Байшығанұлының бай поэзиялық мұрасының ауқым-аясы кең. Басқаша айтқанда өзі өмір сүрген тұстың тарихи әлеуметтік жағдайынан бөле қарауға болмайды. Ақынның өлең-толғаулары заман зарымен, халық мүддесімен тығыз байланысты екенін көреміз. Ақын жас кезінен ел ішіндегі шағын той-томалақтарда өлең айтып, өзі де өлең шығаруға машықтанады. Көдек 12-13 жасынан бастап ақын бала атана бастайды.

Он үшке он екіден адымдадым,
Атымды өзім ерттеп жабьындадым.
Той болған тамашалы жерге барып
Өлеңге сол кезімнен ағындадым [2, 8],–

деген жолдар жоғарыдағы ойымызды дәлелдей түседі.

Ақын өлеңді суырып салып та айтқан, жазып та шығарған. Сондықтан оның жас кезіндегі өлеңдері қысқа, бірер қайырым ғана болып келеді. «Бір қызға», «Бір балаға», «Құртқа-мамай», «саумал», т.б. өлеңдері қолма-қол айтылған қағытпа қалжың болып келеді. Көдектің өскен ортасы өнерге бейім болғандықтан бала ақын да одан шет қалмайды. Екіншіден, халық әдебиетінің қайнарынан еркін сусындаған өзек көп ұзамай оралымды ой айта білетін ақын болып жетіледі. Ақын ел аралағанда, жол сапарда жүргенде оған «бірер ауыз өлең айтап жіберіңізші» деп қолқа салатындар да аз болмаған. Оның «орамал», «танысқан қыз»,

«әкұнар кіндік», «қойшыға» тәрізді өлеңдері осындай да айтылған. Мұндай туындыларында сыпайы әзіл кейде шешен мінез жастық жалыны мен мұңдалап тұарды. Бірде қаралы хабарды айтуға келген адам сырттан ешкімді көре алмаған соң үйге кіреді. Үйде отырған Тергеубай «неге үйге кіріп айтасың?» – деп хабаршыны сабап жібереді. Мұны естіген Көдек:

Үйіңде екен барғанда,
Мұсатай итжап манабың.
Хабар айтқан кісіні
«Үйден кет» деп сабадым
Көрмекке уәде етіп пе ең,
Ағайынның намазын
Қапшығында бар ма еді
Өлместен алған қағазың [3, 36],–

деп ащы мысқылмен сілейте соғады. Мұндай халықтық салтқа жат әрекет еткен айыбын бетіне басып, масқара етеді. Ақынның жас кезіндегі өлеңдері бетің бар, жүзің бар демей артық кемді тура айтатындығымен ерекшеленеді. Бірде Ажар есімді жеңгесі «мені өлеңге қосып мақташы, қойшысынан» – десе керек. Сонда ақын мақтаудың орнына сын айтады. Оның балаға да, үй ішіне де дұрыс қарамайтынын, салдыр салмақ әйел екендігін көз алдында әшкере етеді.

...Бұл кісінің әдеті
Көк инені түртпейді.
Жыртық киім, кір киім
Жүк бұрышына жіктейді
Әңгімесі, күлкісі
Не бітпейді, жетпейді.

Ақынның ертеректе айтқан «Тілі жоқ» атты өлеңінен де осындай ерекшелік аңғарылады. «Өлең айт» деп қолға салынған қызды алдымен мадақ етіп алады да, соңында оның кейбір оғаш әрекеттері мен теріс қылықтарын жасырып қала алмайды, ашық айтады. Сөйтіп Көдек жас кезінен өлеңді төгіп айтуға қолма-қол қиыстыруға машықтанады. Сондай-ақ хат таныған соң жазып та шығарған. Ақын осы екі ерекшелікті бірдей ұстанады. Бірде ауылға келген Бөлтірік ақынға Көдекті сынату үшін көкпар тартып жүрген Көдекті шақыртады. Көкпарын тастап, ақынның алдына келегн жас жігіт:

Ассалаумағалайкум, Алдияр,
Шақырған соң кеп қалдым.
Жүрісім өте асығыс,
Көкпарды қуа бетке алдым
Нөкерлерім қасымда,
Өкшелеп қуып жете алдым
Аялдасам кешігіп,
Атың тері бос қалдым.
Жасыңа құлдық аталар,
Айтарымды деп қалғым, -

деп өзінің жағдайын бірден іркілмей, өлеңмен айтып жібереді. Бөлтірік ақын: «Ауылдарыңнан дауылды, ақтұйғын ақын шыққалы тұр екен, жолы болып алдынан нұр жаусын!»[3, 31], деп батасын беріп, риза болыпты.

Бөлтірік жалынды жастың талабын сезімталдықпен аңғара білген, жоғары баға берген. Біртіндеп Көдек дарынды ақын ретінде қалыптасады. Тіпті, өткен ғасырдың бас кезінде ұлы жазушы М. Әуезов та осы ақынға ерекше назар аударады. «Көз ерекше үлгіде даланың дара ақыны мазмұны мен қоғамдық рөлі жөнінен әлдеқайда қызығырақ саналады. Солардың жарқын бір үлгісі – байлар арасындағы Көдек ақын»[4, 12], деп жазады. Жазушының бұл сөзінде де ақынға орынды баға бергенін көреміз.

Халық әдебиетінен, қайнарынан сусындап, өнерлі ортадан тағылым алған Көдек қоғамдық ортадағы сан түрлі жағдайларға немқұрайлы қарай алмайды. Біраз өлеңдерінде жастарға кеңес айтып, жақсы, жаман нәрселерді салыстырады. Адам болып қалудың жолы қайсы, қандай істен сақтануымыз керек деген мәселені алға тартады. «Жастарға кеңес» өлеңінде былай дейді:

...Ұры, зұлым, қарақшы, тонаушыны
Жақсы деп кім айтады залалдыны?
Үкім күшке сүйенген озбыр болса
Ол оның қара қасқа қабандығы [3, 57],

Ұры, зұлым, қарақшы, тонаушыларды атай отырып осындайлардан сақ болуды ескертеді, теріс жолдан сақтандырады, әрбір саналы адам абайлауы қажет дегенді алға тартады.

Жас кезінде оқу мен өнерге ұмтыл,
Талап қылып ізденген табар мұны.
«Өнер-білім – адамның ырысы»
Атаң мен айтапап па еді бабаң мұны, -

дейді.

Жастарға лайық іс оқу мен өнер екен. Осы жолда ерінбей талаптанса , оған қол жеткізуге болатынын айтып, «өнер-білім –адамның ырысы» деген байламға келеді. Бұл күні бүгінге дейін құнын жоймай келе жатқан пікір екені даусыз. Көдек бірқанша өлеңдерінде алыс-жақын, адамгершілік, парыз, қарыз дейтін қосарлы ұғым тудыратын қылықтарды тағы да қатар алып көрсетеді. «Ойтолғауында»:

Бақ келгенде досың көп,
Жаны бірге тыныстар.
Басқа пәле келгенде
Алысқа бәрі жылыстар, -

деп құбылмалы достық сырын ашса, енді бірде қолы бірдемеге жетіп, есет түсе есіретіндердің бар екенін жасырмайды.

Есе түссе есірер
Қайқұйылы мен бұзықтар
Оған да орнап қалмайды
Мойныңда тағдыр құрық бар...
Адал жүрсең азбайсың
Осы сөзді ұғып қал [3, 54],

Ақын адам әрекетінің сан түрін көз алдыға келтіре отырып, ең бастысы адал жүрсе азғындық жоқ деп түйеді: адалдық мәңгі ескірмейтін адамның басты қасиеті екені дау тудырамасы керек. Осы адалдықтың жетіспеуі қоғамға аз қырысығын тигізіп жүрген жоқ. Көдек тағы басқа өлеңдерінде де осы тұстарды аша түседі. «Халық сенген адал адамды» мадақ етеді:

Адасқанға ақылмен жол көрсетіп,
Талайдың ісін оңдап саралаған
Бұрынғы білермендер айтқан екен:
«Азбайды халық сенген адал адам» [3, 58],

Адасқанға жол көрсету, ақыл беру, алдына келген істі оңдап саралап шешіп беру – бәрі адалдықтың белгісі деп біледі. Адамды өз атына лайық ететін де адалдық деп ұғындырады. Ақын жақсынын жақтап, жаманды шенейді.

Көдек көптеген өлең толғауларында жиырмасыншы ғасырдың бас кезіндегі қоғамдық әлеуметтік мәселелерді кеңінен толғайды. Оның шығармаларының тақырыбы адам, заман, әлеумет өмірінің өзгерістері десек артық болмайды. Көдек саңалдарын кеңінен қамти білетін ақын, өз тұсындағы қоғамдық әлеуметтік мәселелердің ешқайсысына енжар қарамаған. Қайта басқалардың да бодан болғани елінің ертеңін ойлайды. Сондықтан сол тұстағы халықтың тұрмыс-тіршілігі, ел тағдыры қоғам, заман келбеті сияқты өзекті мәселелер ақын шығармаларының өрім өзегіне айналып отыр. Ащы шындық ашылған сайын оқырманды бейжай қалдырмайды. Өмірдің шынайы суреттері барынша табиғи көрініс тауып жатады. Өткен ғасырдың бас кезіндегі (алғашқы жартысы) халықтың қайғы, мұңын жырлап, қоғамдағы жасалып жатқан қиянатқа қарсы үн көтереді. Мұның бәрі Көдек заманының өрті мен дерті екені даусыз. Тегеурінді ақын бодандық саясатты айыптайды.

Әдебиеттер

1 Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Сөз өнері. – Алматы: Жазушы. – 1983. – Т 2. – 456 б.
2 Маралбайұлы К. Таңдамалы шығармалар. – Күйтің: Шыңжаң жастар-өрендер баспасы. – 1988. – 142 б.
3 Байшығанұлы К. Қайтейін, жалған дүние... өлеңдер, толғау, дастандар, жоқтау-дауыстар / құраст. Нұрлан Әбдібеков. – Алматы: Тоғанай Т. – 2008. – 336 б.
4 Әуезов М. Казахское народное творчество и его поэтическая среда // Альманах. – 2001. – № 3.

References

1 Qabdolov Z. Eki tomdıq tañdamalı şığarmalar. Söz öneri. – Almatı: Jazwşı. – 1983. – T 2. – 456 b.
2 Maralbayulı K. Tañdamalı şığarmalar. – Küytiñ: Şıñjañ jastar-örender baspası. – 1988. – 142 b.
3 Bayşığanulı K. Qayteyin, jalğan dünïe... öleñder, tolğaw, dastandar, joqtaw-dawıstar / qurast. Nurlan Äbdibekov. – Almatı: Toğanay T. – 2008. – 336 b.
4 Äwezov M. Kazaxskoe narodnoe tvorçestvo ï ego poétïçeskaya sreda // Almanax. – 2001. – № 3.

Смағұлов Ж.Қ., Дадиева М.Д., Смакова Т.

Сәбит Мұқанов поэзиясындағы футуризм белгілері

Мақалада XX ғасырдың 20-жылдарындағы қазақ поэзиясына Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығы арқылы келген футуризм ағымының Сәбит Мұқановтың шығармашылығына әсері ғылыми тұрғыда зерделенді. Жаңа өлеңдік форманы меңгерудің бірсыпыра ұтымды жақтары Сәбит Мұқановтың отызыншы жылдардағы поэзиялық шығармаларында ұшырайтыны жүйелі талданды. Сәбит жеке сөздің мағынасына, ойдың салмағына қарай бір шумақтың ішінде бірнеше іркіліс жасап, бөлшектеудің ұлғайған түрін қолданады. Шығармаларының халық қолдылығы, жұртқа түсініктілігі, жатықтығы – Сәбит поэзиясының бағалы жақтарының бірі. Сәбит Мұқановтың өлеңдерін талдай келе, қазақ ақынының футуризм эстетикасына сай өлеңдер жазғанына куә болдық. Ұлттық поэзиямыздың ғасыр басындағы тарихында модернистік ағымдардың бірі футуризмнің болғанына көз жетті. Олар төңкерістен кейінгі жылдары әдебиетте жарияланған ұран мен айқайға толы үгіттік шығармалардан, Маяковскийше жазу тенденциясынан, жаңа заманды жаңаша жырлау үшін жаңа түр іздеуден туған өлеңдерден көрінеді.

Түйін сөздер: футуризм, поэзия, модернизм, милитаризм, пішін, идеология.

Smagulov Zh.K., Dadiyeva M.D., Smakova T.

Signs of futurism are in poetry of Sabit Mukanov's

In article influence on Sabit Mukanov's creativity of the course of the futurism which has come to the Kazakh poetry in 20 years of the XX century through Saken Seyfullin's creativity is investigated from the scientific point of view. Rather advantageous parties of development of the new poetic forms which are found in poetic creativity of Sabit Mukanov of the 30th years are systemically investigated. Sabit Mukanov uses expanded types of division into parts, doing several delays in one stanza, focuses attention depending on the importance of a thought, value of separate words. One of the valuable parties of poetry of Sabit Mukanov is that his creativity is demanded by the people, it is clear to people, differs in simplicity of style. Analyzing Sabit Mukanov's poetry, we were convinced that the Kazakh akyn has written the verses corresponding to a futurism esthetics. Thus, in the history of national poetry of the beginning of the century one of currents of a modernism – futurism has found reflection. It is visible from the verses which are given rise in the course of search of the new forms designed to sing of modern times in a new way unlike Mayakovsky's tendencies from the propaganda works, full appeals and shouts which have found reflection in literature after the revolution.

Key words: futurism, poetry, modernism, militarism, form, ideology.

Смагулов Ж.К., Дадиева М.Д., Смакова Т.

Признаки футуризма в поэзии Сабита Муканова

В статье исследуется с научной точки зрения влияние на творчество Сабита Муканова течения футуризма, пришедшего в казахскую поэзию в 20-годы XX века через творчество Сакена Сейфуллина. Системно исследуются достаточно выигрышные стороны освоения новых стихотворных форм, встречающихся в поэтическом творчестве Сабита Муканова 30-х годов. Сабит Муканов использует расширенные виды деления на части, делая внутри одной строфы несколько задержек, акцентирует внимание в зависимости от значимости мысли на значениях отдельных слов. Одной из ценных сторон поэзии Сабита Муканова является то, что его творчество востребовано народом, понятно людям, отличается простотой стиля. Анализируя поэзию Сабита Муканова, мы убедились в том, что казахским акыном написаны стихи, соответствующие эстетике футуризма. Таким образом, в истории национальной поэзии начала века нашло отражение одно из течений модернизма – футуризм. Это видно из стихов, рожденных в процессе поиска новых форм, призванных воспевать новое время по-новому, в отличие от тенденций Маяковского, от агитационных произведений, полных призывов и выкриков, нашедших отражение в литературе после переворота.

Ключевые слова: футуризм, поэзия, модернизм, милитаризм, форма, идеология.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 82.02

Смағұлов Ж.Қ.[1], Дадиева М.Д.[2], Смакова Т.[3],

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің
[1]профессоры, ф. ғ. д., [2,3]магистранттары, Қарағанды қ., Қазақстан,
e-mail: jandossmagulov@mail.ru; m.dadieva@mail.ru

СӘБИТ МҰҚАНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ФУТУРИЗМ БЕЛГІЛЕРІ

Қазақ кеңес әдебиетінің қалыптасу, даму барысындағы жетістіктер мен іркілістерді сөз еткенде қазақ әдебиетінің бұрынғы өткен бел-белестерін ғылыми негізде танып білудің маңызы зор. Қазан төңкерісінен кейінгі қоғамдық өзгеріске байланысты классикалық мұраны таза таптық тұрғыда бағалау себепті әдеби даму процесіндегі тарихи сабақтастық, яғни дәстүр мен жаңашылдық мәселесінде де өз деңгейінде көңіл бөлінбеді. Бұл мәселедегі Алаш зиялыларының құнды еңбектері идеологиялық өлшеммен қаралды да, ҚазАПП тұсындағы солақай сындарда төңкеріске дейін қазақ әдебиеті болмады деген ұшқары ғылыми негізсіз нигилистік пікірлері үстемдік етті.

Төңкерістен кейінгі жылдары халық санасына төңкеріс идеясын, жаңа заман келбетін ұғындыру барысында қазақ әдебиетінде үгіттік шығармалар көптеп жазыла бастады. Футуризм ағымының жарқын үлгілерінің бірі – еркін тыныстық, ұранды, екпінді үгіттік шығармалар болып табылады. Бізде жиырмасыншы, отызыншы жылдардағы қазақ поэзиясы жайына келгенде, оның үгіттік мәні күшті болғанын мойындамайтын ешкім жоқ. Бірақ кей реттерде «үгіттік» дегенді тым тар мағынада, жалаң үгіт шеңберінде ғана ұғындырып жүрміз-ау дейміз. Белгілі бір науқандарға, мерекелерге үн қосу ретінде жазылған өлеңдерді ғана үгіттік шығармалар деп, өз алдына жекелеп топтау, әрине, оп-оңай жұмыс.

Маяковскийдің «бүгінгі таңда өнердің ең жоғарғы шығармасы – үгіттік шығармалар» деген пікірі нақты тарихи кезеңнің жемісі іспетті [6, 106]. Ол қандай кезең болғаны бізге сол замандағы социалистік қоғамның, сол кезеңдегі ұлттық әдебиетіміздің тарихынан мәлім. Ендеше, қазақ кеңес поэзиясының жиырмасыншы, отызыншы жылдардағы туындыларын тұтас алғанда сөздің жақсы, кең мағынасындағы үгіттік шығармалар дегеніміз дұрыс болар. Бұл оның халыққа коммунистік тәрбие беру, «жаңа адамды» қалыптастыру міндетінен туған ерекшелігі. Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин тәрізді алғы буын ақындарының қазақ даласына жаңа заман әкелген өзгерістерді өзекті тақырып етіп алған шығармалары өз тұсында өнердің ең шырайлы шығармалары болып еді. Бұлардың үгіттік мәні сыртқы белгілерінде, ұрандылығында, қалың бұқараны жаңа дүние орнату

күресіне шақыруында ғана емес. Сәкеннің «Кел, жігіттері» өзінің мазмұнымен де, көркемдік қуатымен де нағыз үгіттік өлең. Бейімбеттің үгітке тікелей қатысы жоқ болып көрінетін сюжетті өлеңдері, мәселен, Мырқымбай циклі сөздің ең жақсы мағынасындағы үгіттік дүниелер. Ілиястың «Арыным» тәрізді өлеңдері туралы да осылай дер едік.

Қазақ поэзиясында үлкен жаңалық болған Сәкен үлгісін кезінде басқа қазақ ақындары да көп пайдаланды. Мәселен, бұл үлгі С.Мұқановтың, А.Тоқмағанбетовтың, Т. Жароковтың, Ж.Сыздықовтың, тағы басқа ақындарының сол кездегі көп өлеңдерінде кездеседі. Бірақ бұл еліктеушілік, жасыратыны жоқ, ол кезде сырттай ғана болды да, аталған ақындар осы формадағы өлең үлгісін түгелдей жете меңгере алмады. Жаңа өлеңдік форманы меңгерудің бірсыпыра ұтымды жақтары Сәбит Мұқановтың отызыншы жылдардағы поэзиялық шығармаларында ұшырайды. «Майға сәлем», «Ақ аю», «Мен кіммін деп мақтанам», «Сырласу», «Колхозды ауыл осындай» атты өлең-поэмаларында Сәбит Маяковский дәстүрін өз бетінше меңгерген, мәдениеті өскен ақын екендігін дәлелдеді.

Рас, Сәкен де, Сәбит те Маяковскийге бір күнде, бір жылда келе қойған жоқ. Үйрену, өсу қиыншылығын бұлар да, басқалар да бастан кешірді.

Шығармаларының халық қолдылығы, жұртқа түсініктілігі, жатықтығы – Сәбит поэзиясының бағалы жақтарының бірі деп білу керек. «Сұлушаштың» нағыз халықтық шығарма екеніне ешкім де күмән келтірмейді.

Мазмұн жағынан осындай бағытта дамыған Сәбит поэзиясының көркемдік формасы қандай еді? Ақынның өлең формасы саласында іздену бағыты қалай болды?

Бұл сұрақтарға Сәбиттің өзі «Поэзия мәселесі» (1933) мақаласында былайша жауап берген:

«Мен түр іздеп көп ұрынған адам емеспін. 1927-1928 жылдарға дейін қазақ поэзиясында болған түрлер маған қанағат боп келді. 1927 жылдан бастап мен қазақ поэзиясына жанжал жасағандай, дұрыс айтқанда, қанағаттанбағандай болдым. Маған қазақ өлеңінің төрт аяқты, алты аяқты, сегіз аяқты түрлері күрделі пікір айтуға қолды байлайтын сықылданды. Сондықтан мен «Тұрмыс тұлпар» деген өлеңнен бастап халық әдебиетінің шұбыртпалы түріне бет алғандай болдым. Маған шұбыртпалы түрдің («Қобыланды», «Алпамыс») екпіні, ырғағы алты аяқ, сегіз аяқтардан күшті сықылданды. Шұбыртпалы түрдің құшағы пікір құшақтауға кең тәрізденді. «Октябрьдің өткелі», тағы сондайлар осы ізбен кетті» [1, 125].

Автор осы мақаласында өзінің түр іздеймін деп кей шақта «поэзияға аздап қиянат» істеп алғанын айтады (әңгіме ақынның шұбыртпалы түрден де әрі кеткені, онан кейінгі өлеңдерде ырғақ қана сақталып, үйлестің көмескілене бастағаны туралы болып отырса керек). Бірақ Сәбит поэзиясының мазмұны мен түрі сәйкес келуі, «сол түрдің өзі ұйымдасқан, заңға қатты бағынған болуы» керектігін жақсы біледі [1].

Біздіңше, Сәкен – Сәбиттің әдебиеттегі үлкен ағасы, абзал досы, жауынгер жолдасы. Бірін үнемі ұстаз, екіншісін үнемі шәкірт қалпында көрсету әдебиет тарихындағы ақиқат жағдайға жанаспайды. Сәкеннің кей реттерде тыңнан жол салғанына, қазақ кеңес әдебиетінде алғашқы сөзді айтқанына ешкім де таласпайды. Бірақ соған ғана сүйеніп, мезгіл жағынан кейін жарық көрген шығармалардың бәрін тек Сәкенің әсерімен жазылған деудің қисыны бар ма? Сәкен мен Сәбит жайына келсек, қазақ кеңес әдебиетінің ең ірі, кезеңді туындылардың бірі «Сұлушашты» Сәкеннің қай поэмасының ықпалы мен жазылды дер едік? «Ақ аю» ше? Біріншісі жиырмасыншы жылдарда, екіншісі отызыншы жылдарда – Сәкеннің бақытсыздыққа ұшырамай тұрған кезінде туған шығармалар.

Әдебиетте «ұстаз», «шәкірт» деген сөздерді байыбына бармай, кез келді қолданудың кейде теріс түсініктерге апарып соқтыруы ықтимал.

«Достыма хатында» Сәбит үзілді-кесілді былай депті: «Әлі ешкім «Сәбит пәлендей шығармасын Сәкеннің үлгісімен жазды деген емес, олай деуге дәлелі де жоқ» [2, 225].

Фактілерге жүгініп, үлгі дегенді түр түсінігі төңірегінде алып қарастырсақ, Сәбит аға ақынның жекелеген шығармасына ғана еліктеген. Мәселен, Сәбиттің 1929 жылы жазылған «Қазақстан» өлеңі Сәкеннің «Советстандағы» үлгісін сырттай қабылдаудың нәтижесі ғана. Он бір буын мен төрт буын аралас келіп, бір шумағы алты жолдан тұратын «Қазақстанның» түрі Сәбит үшін жаңа сияқты көрінсе де, көркемдік, өлеңдік жағы тым қораштау болып шықты. «Қазақстан» – Сәбиттің сәтсіз дүниелерінің бірі. Ендеше, осы өлеңге қарап, Сәкен үлгісін Сәбит дамытып әкетті деуге бола ма? Мұнан дамыту туралы қандай әңгіме болуы мүмкін?

Сәкеннің өнегесін, бастаушылық ролін мойындай отырса, сонымен қатар, оның өзімен тұтас ақындар мен шығармашылық байланыста болғанын да ескеру қажет. Сәкен қаламдас жолдастарының шығармаларын

қадағалап оқымады, олардың тәжірбиесін ескермеді деуге қандай дәлеліміз бар? Тіпті, ол кей сәтте Сәбитпен де, Ілияспен де үндес болуы ықтимал емес пе?

Сонымен, Сәбит Мұқановтың жиырмасыншы жылдардағы поэзиясында бой көрсеткен таңдаулы сипаттар оның келесі биіктерге көтерілуіне, ойлы, өрнекті өлең жасауына, жаңаша көркемдік суреттеу құралдарын табуына мықты әзірлік сатысы сияқтанды. Сәбит Маяковскийге осылай келді. Ондай идеялық – көркемдік дайындық болмаған күнде, Маяковский дәстүрін игеру, футуризм ағымында жазу мүлде қиынға соғатын еді.

Біздің байқауымызша, Сәбит Мұқановтың поэзиясында «Майға сәлемнен» бастаған бет бұрыс – Маяковскийдің идеялық, эстетикалық ықпалынан туған шығармашылық бетбұрыс болды. Жәнеде Сәбиттің Маяковскийге келу кезі, Сәкеннің әдеби қызметі тоқталғаннан кейін басталған жоқ, қайта Сәкеннің тірі кезінде басталды да, өрістеп кетті. Бұған «Майға сәлемнің» 1933 жылы жазылғанын еске түсірудің өзі де жеткілікті ғой дейміз.

«Майға сәлем» – әшейін мерекелік өлең емес. «Мерекелік» дейтініміз белгілі бір мереке, мейрамдарға байланысты жазылған өлеңдердің көпшілігі ол кезде де, онан кейінгі кезеңдерде де елеулі бір кемшіліктен әлі арыла алмай келеді. Ол кемшілік – мазмұн тереңдігінің, философиялық толғаныстың жетіспеушілігінде, көркем бояулардың ашық, ажарлы болып келмеуінде.

Сәбит «Майға сәлемде» қазақ поэзиясында оған дейін орын алып келген канонды-мерекелік өлеңдерді тек үн қосу мағынасында ғана түсініп, тар аумақтан шыға алмаушылықты ескірген дәстүр деп есептейді де, өзінің жаңа көркемдік бағыт-бағдарын ұсынады.

«Майға сәлемде» Кеңес үкіметін жау шабуылынан қорғау сарыны өлеңнің ұзын ырғасына өрімдей өріліп, оның идеялық түйінін танытады. Ақын Отан қорғау тақырыбына әлдеқалай ойыса салмайды, сол кездегі халықаралық жағдайды (Германияда фашизмнің үкімет басына келуі т.т.) ескереді.

Жолдас Май!
Күте тұра сені сыйлап,
Қуана тұра, сенен қымбат сый ап,
Одақтың ойы-қыры
сынға салып
Көреді барлық бойда күшін жинап.

Себебі, қоршап тұрған айнала жау,
Жау қолында жазылған темір тор, ау.
Се-Се-Се-Р-ді шырмамақ әлі келсе,
Үстеріне төндіре құлатпақ тау [3, 224]

Ақын оқиғаны осылайша қоюлатып, қауіптің күшейіп тұрғанын баяндайды.

«Майға сәлемнен» бастап Сәбит өлеңнің жолдарын мағынасына қарай бөлшектеу принципіне бой ұрыңқырайды да, өзі айтқандай, «әр сөздің мағынасын сақтауға тырысу, өлеңнің буынын толтырам деп, жазып отырған жолдардағы пікірге жанаспайтын көлденең сөздерді кіргізбеу» мақсатын көзденкірейді [1]. Рас, ол өлең жолдарын бөлшектеу әдісіне «Жүйткі, қара айғырымда» көбірек беріліп, мұны өз мақалаларында теориялық жағынан негіздеген болатын. Бірақ біздіңше, «Жүйткі, қара айғырымда» Сәбит өлең жолын бөлшектеуге қызығыңқырап кетті де, оқушының түсінуіне қиын соғатындай етіп жіберді.

Сәбит өлеңдерінің жеке жолдары интонацияға лайықталып, ауызекі сөйлеу түріне жуықтатыла бөлінетіні бара-бара жүйеге айналды. Ол кейде жеке сөздің мағынасына, ойдың салмағына қарай бір шумақтың ішінде бірнеше іркіліс жасап, бөлшектеудің ұлғайған түрін қолданады:

Кимелеп очередьке кірдім мен де,
Очередь өзенді өрлей көшкен сеңге
Ұқсап, алды азайса,
Арты қаптап,
Барады жылжып
Алды кеткен жөнге [3, 159].

Сәбиттің «Ақ ау» поэмасында өлең жолын интонацияға қарай орналастырудың мынандай бір түрі де кездеседі:

Февраль.
14.
34.
Мұз теңіз жақ.
Кеше,
15.
30-да
Кеме апат
Болды.
Бір жан шығын бар, басқасы аман.
Мұздан қалап жатырмыз лагерь жасап [3, 209].

«Челюскин» кемесінің апатқа ұшыраған жылы мен айы, сағаты мен минуты шұбатыла баяндалмай, телеграмма сөзі сияқты нақты, қысқа берілген. Ақын ол сөздерді қатарластырып қаламай, дауыс ырғағына бейімдеп, әр қайсысын жеке жолға қойған. Мұның өзі мағынаның салмағын да аңғартқандай.

Февраль.
14.
34.
Мұз теңіз жақ [3, 209].

Мұнда әр сөздің мағынасы интонация жағынан аяқталып тұр. Мұндай жайт Маяковскийде өте жиі кездеседі:

«Приду в четыре» – сказала Мария.
Восемь.
Девять.
Десять [7, 187].

Міне осыдан біз қазақ ақынының футуризм эстетикасына сай өлеңдер жазғанына куә боламыз. Дегенмен біздіңше, Сәбиттің кейбір қателіктері бар сықылды. Мына бір шумақтың ұйқастарына қараңыз:

Водопьянов, Папанин, Шмидт ерлер,

Қонсаң, қайда жүрсін? – деп сені
тергер,
Сен оларға айт: «Мұнан бұрын да, де,
Челюскин жорығына бірге ергем!»[3, 211]

«Ерлер» – «тергер» – «ергем» ұйқасында соңғы «ергем» сөзі мүлдем ұйқаспайды, тіпті, интонация арқылы да, үн екпіні арқылы да үйлесім таппаған.

Бұрыңғы таң, бұрыңғы жастық
қысқа
Ұрынып,
қыстан үркіп ұшқан құстай,
Тайсалса,
Октябрьдің таңы ата,
Оралып келді ұшып біздің тұсқа.[3, 156]

Немесе

– Барайын, – деді, – қазір складқа,
Малшым да жымиды, деп:
– келме таппай!
Құшақтап кіргенде әйел
«Табылды!» деп,
Жіберді малшы қолын шапалақтап.[3, 105]

Мұнда да жоғарғыдағыдай ұйқас. «Складқа» – «таппай» – «шапалақтап» –ұйқастарын, өнер емес жалпы халықтық тілге тым жақын бұл шумақтарды Сәбит қаламымен қаланған дегенге тіпті сену қиын. Бұндай футуризмге де жатқыза алмайтын ұйқасы жоқ шумақтар ақын шығармашылығында көптеп кездеседі. Бұдан соң Сәбитті ақын екендігіне де күмән келтіре бастайсың.

Отызыншы жылдардың бас кезіндегі бір өлеңінде («Мәдени бәсеке», 1931) Сәбит өлеңді аяғынан емес, басынан ұйқастырып көреді:

Культурная эстафета!
Ура!
Колхоз және совхоздар
Өндірістер, ұйымдар –
Тура
Бетін Москваға
қойған.
Шуға,
Айғайға, ұранға
Қызбаған совет елінде
Жан жоқ.
Туға
Түсті қан қызыл
«Ура, ура, уралап»
Ұмтылды жұрт.[3, 123]

Әндетіп оқуға қиындау болғанымен, бұл тақпақтап айтуға келетін өлең.

Өлеңде бастапқы сөзді ғана ұйқастыру тәжірбиесін біз Ілияс Жансүгіровтың «Жазғы салымынан» (1922) көреміз:

Күркіреп, күңіреніп ұласып аспан,
Сіркіреп, бұлт тұмшалап, жаңбыр жауар.
Дүркіреп, жауқазындар жарар гүлін,
Үлбіреп өсер шөптер, құлпырар қыр.[4, 55]

Екі өлеңде де ұйқас әр жолдың басында тұр, бірақ «Мәдени бәсеке» мен «Жазғы салым» мазмұн, түр жағынан бір-біріне мүлде ұқсамайды.

«...Сәбит Мұқанов Маяковскийден бір күнде, не бір жылда ғана үйреніп, оның дәстүрлерін опоңай ғана меңгере қойған жоқ. Бұл – басталуы, өзгеріп, өсуі, қалыптасуы бар творчестволық үйрену процесі» [5, 37]. Ғалым, әдебиет сыншысы Айқын Нұрқатовтың бұл пікірін дұрыс айтылған деп білеміз.

Футуризм элементтері, Маяковский мәнері, дәстүрі Сәбиттің әсіресе «Сөз –Советтік Армия», «Сырласу», «Поэзия маршалы» өлеңдерінен айрықша байқалады. Әсіресе «Поэзия маршалы» өлеңі футуристік элементтерге толы. Мәселен:

Тоқтат,
Дүние,
Дабырды!
Не керек,
Көңіл
Ескі оймен
Тыңдайық жаңа дабылды
Жолдас
Маяковскийден.

Поэзия маршалын
Көрдің бе,
Қызыл Алаңда?
Поэзия полкына
Бергелі шықты команда[3, 191].

деп басталатын «Поэзия маршалы» атты өлеңінде ақын Маяковскийдің дабылды үнін, өлеңдерінің жалынды ырғақ, динамикалық қуатын еркін меңгеріп әкеткенін көреміз. Ол – Маяковскийге жай ғана еліктеуші емес, оның дәстүрін қазақ поэзиясының топырағында өзінше дамытқан ақын.

Бес жылдықтардың алғашқы жылдарындағы қазақ кеңес поэзиясында екі түрлі ағымның ізі болғандығы байқалады. Бірі, сол кездегі жаңа жағдайға байланысты жаңа түр іздеу, лирикалық «менді» әлеуметтік «менге» айналдыру, кейде лирика мен эпикалық жанр элементтерін ұластыру. Екіншісі, осы жаңалық іздеу жолында формализм, схематизмге ұрынуы.

Әйтсе де алдыңғы ағым негізгі, жетекші және формалистік элементтерге жол бермеу принципінде дамыды. Олар әрі сол жағдайдағы өмір процесінің қазанында қайнаса, әрі алдыңғы саптағы орыс поэзиясының, дәлірек айтсақ, Маяковскийден (футуризмнен) шығармашылық жолмен үйрену қазақ поэзиясын жаңа ритм, интонация, ұйқас, қысқасы, өлең құрлысына әр алуан жаңалықтар енгізуге тырысты, кіргізді де. Жоғарғы Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқановтардан келтірілген үзінділер осы түр жаңа өрнектердің жақсы үлгілері болатын.

Сәбит – Маяковскийге жай ғана еліктеуші емес, оның дәстүрін қазақ поэзиясының топырағында өзінше дамытқан ақын.

Өмір озған сайын, әр елдің мәдениеті дамып, ой-санасы есейген сайын, оларға көзқарас та бір қалыпта тұрмайды. Мәдениет, әдебиеттердің өсуімен байланысты шын мәніндегі ғалым, сыншы, әдебиетшілерде дүниеге келеді. Олар асылды жасықтардан айырады. Кейбір ақын-жазушылар мезгіл сынын көтере алмай, өзінен-өзі тарихтан шығып қалады. Қысқасы, әдебиет жанды нәрсе сықылды, әрдайым өсіп, өніп, өзгеріп отырмақ.

Нәтижесінде, ұлттық поэзиямыздың ғасыр басындағы тарихында модернистік ағымдардың бірі футуризмнің болғаны анық. Олар төңкерістен кейінгі жылдары әдебиетте жарияланған ұран мен айқайға толы үгіттік шығармалардан, Маяковскийше жазу тенденциясынан, жаңа заманды жаңаша жырлау үшін жаңа түр іздеуден туған өлеңдерден көрінеді. Өз заманында әділ бағасын ала алмаған, кертартпа буржуазиялық ағым атанған футуризм қазақ әдебиетінің, ұлттық поэзиямыздың асқан асуы қиын бір асқар биік іспетті.

Әдебиеттер

1 Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар (16 томдық). – Т. 14. Мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1978. – 368 б.
2 Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар (16 томдық). – Т. 15. Мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1978. – 379 б.
3 Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар (16 томдық). – Т. 1. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1972. – 408 б.
4 Жансүгіров І. Таңдамалы шығармалар. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 220 б.
5 Нұрқатов А. Маяковский және қазақ совет поэзиясы. – Алматы: ҚМКӘБ, 1957. – 204 б.
6 Сейітов С. Қазақ поэзиясындағы Маяковский дәстүрі. – Алматы: Ғылым, 1966. – 175 б.
7 Маяковский В.В. Стихотворения. Поэмы. – Москва: Худож. лит., 1986. – 495 с.

References

1 Muqanov S. Tañdamalı şığarmalar (16 tomdıq). – T. 14. Maqalalar. – Almatı: Jazwşı, 1978. – 368 b.
2 Muqanov S. Tañdamalı şığarmalar (16 tomdıq). – T. 15. Maqalalar. – Almatı: Jazwşı, 1978. – 379 b.
3 Muqanov S. Tañdamalı şığarmalar (16 tomdıq). – T. 1. Öleñder. – Almatı: Jazwşı, 1972. – 408 b.
4 Jansügirov I. Tañdamalı şığarmalar. Öleñder. – Almatı: Jazwşı, 1989. – 220 b.
5 Nurqatov A. Mayakovskïy jäne qazaq sovet poézïyası. – Almatı: QMKÄB, 1957. – 204 b.
6 Seyitov S. Qazaq poézïyasındağı Mayakovskïy dästüri. – Almatı: Ğılım, 1966. – 175 b.
7 Mayakovskïy V.V. Stïxotvorenïya. Poémı. – Moskva: Xwdoj. lït., 1986. – 495 s.

Солтанаева Е.М.,
Сағындықов Н.Б.,
Оспанова Г.Т.

Жыраулар поэзиясындағы ұлттық идея

Мақалада жыраулар поэзиясындағы ұлттық идеяның көрініс табуы қарастырылған. Ұлттық идеяның негізі ретінде елдік, халықтық идеялар айқындалып, олардың Бұқар, Үмбетей, Қожаберген жыраулар мен Шал ақын шығармашылығындағы ерекшелігі талданады. Жыраулар поэзиясынан көрініс беретін ұлт ұлықтаған мінездер, халықтың әр өкілінің бойына жарасымды жүріс-тұрыс нормасы, ұлттың әсемдікке деген көзқарасы сараланады. Толғаулардағы орда, хан, хандық обаздарын талдай келе жыраулар поэзиясы хандықты мығым етуге, халықты береке-бірлікке ұйыстыруға жұмсалатындығы анықталды.

Қожаберген жыраудың өз көзімен көріп бақылаған «Елім-ай» жырындағы жоңғар халқының ұлттық характері мен қазақ халқының мінездері салғастырыла қарастырылады. Жырдағы елдік идеяның бейнелену ерекшелігі сөз болады.

Түйін сөздер: жыраулар поэзиясы, ұлттық идея, ұлттық характер, интерпретация, қазақ халқының дүниетанымы, мінез-құлық нормалары, ұлттық рух.

Soltanaeva E.M.,
Sagyndykov N.B.,
Ospanova G.T.

The National idea in the poetry of zhyrau

In the article principles of an embodiment of national idea in the poetry of zhyrauare considered. It has been established, that the national idea is the precondition of national identity's origin. In the article features of its embodiment in works of Bukharzhyrau, Umbeteyzhyrau, Kozhabergenzhyrauand Shalakynare analysed. The great attention is given a problem of reflection of national character, ethical standards of behaviour of each member of a society, aesthetic views of people in the artistic works. On the basis of the analysis of the Horde, khan, state's images in the article it is proved, that the poetry of zhyrauhas been directed on strengthening of the state, the unification of the country and the preservation of the people's unity.

In the article comparison of national character Dzhungarsand Kazakhs on the material of Kozhabergenzhyrau'stale, which has participated in military actions and has described event of impacts with Dzhungarsas the witness. The ideas of the patriotism received reflection in this work and closely interwining national idea are considered.

Key words: the poetry of zhyrau, the national idea, national character, interpretation, outlook of Kazakh people, norm of behaviour, national spirit.

Солтанаева Е.М.,
Сагындыков Н.Б.,
Оспанова Г.Т.

Национальная идея в поэзии жырау

В статье рассматриваются принципы воплощения национальной идеи в поэзии жырау. Было установлено, что народная идея является предпосылкой зарождения национальной идентичности. В статье проанализированы особенности ее воплощения в произведениях Бухара жырау, Умбетея жырау, Кожабергена жырау и Шала акына. Особое внимание уделяется проблеме отражения в произведениях национального характера, этических норм поведения каждого члена общества, эстетических воззрений народа. На основе анализа образов Орды, хана, ханства в статье показывается, что поэзия жырау была направлена на укрепление ханства, на объединение страны и сохранение единства народа.

В работе проводится сопоставление национального характера джунгаров и казахов на материале сказания Кожабергена жырау «Елим-ай», участвовавшего в военных действиях и описавшего события столкновений с джунгарами как очевидец. Рассмотрены идеи патриотизма, получившие отражение в данном произведении и тесно переплетающиеся с национальной идеей.

Ключевые слова: поэзия жырау, национальная идея, национальный характер, интерпретация, мировоззрение казахского народа, нормы поведения, национальный дух.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 821.512.122(091)

Солтанаева Е.М.[1], Сағындықов Н.Б.[2], Оспанова Г.Т.[3],

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
[1]ф. ғ. к., доцент м.а., [2]ф. ғ. к., аға оқытушы, [3]аға оқытушы,
Алматы қ., Казақстан, e-mail: gulkataim@gmail.com

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

Қазақ әдебиетінің тарихынан ғасырлар бойында ұлттық идеяның бедерлену көрінісін бақылау ғылым үшін маңызды. Себебі бұл ең алдымен ұлттық сананың ағымын бақылау, гуманитарлық ойдың жылжуын қадағалау деген сөз. Қайсыбір кезеңдерде ұлттың ұлы тұлғалары, ірі тұлғалары бас қосқанда өзектенген басты ой қандай болғанын, тек жеке тұлғалар емес, дүйім жұртты не алаңдатып, яғни қоғамдық сананы нендей идеялар жайлағанын анықтауда әдеби мұраны, әрине, тарихпен, фәлсапамен сабақтастыра қарастырған жөн.

Осы тұрғыдан алғанда А. Сейдімбек, Х. Әбжанов, Қ. Салғараұлы «Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен болашағы» атты ұлттық идеяның тарихи даму динамикасын бақылаған еңбектері өзекті. Осы еңбекте қазақ даласындағы ұлттық идеяның тууы мен даму белестерін кешенді түрде тиянақтап, болашағына көз жүгіртіп көреді. Кітапта XYIII ғасырдағы ұлттық идея қызметі жөнінде былай делінген: «қазақ жерін Жоңғар империясының шапқыншылығынан азат ету (Абылай хан, Бұқар жырау, Қожаберді, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиембет, Ақтамберді жыраулар, Төле, Қазыбек, Әйтеке билер, қазақ ел-жұртын азат еткен батырлар). Ұлттық идеяның ұлтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі әлеуеті ашылды» – дейді [1, 6].

Расымен, XYIII ғасырда өмір сүрген ақын-жыраулардың қай қайсысында болмасын шығармашылығына негізгі өзек болған тақырып елдің береке-бірлігі, ынтымақтастығы, көшпелі қоғамның әр мүшесінің өз қызметін дұрыс орындауы.

Бұқар жырау:

Жақын жерден шөп жесе,
Жердің сәнін кетірер,
Ағайынның аразы,
Елдің **сәнін** кетірер.
Абысынның аразы,
Ауыл **сәнін** кетірер – десе [2, 35],

Үмбетей жырау:

Бай болмаған бай болса,
Жайламаған сай қоймас,
Би болмаған би болса,

Айтылмаған сөз қоймас,
Хан болмаған хан болса,
Қаналмаған ел қоймас, – дейді [2, 25].

Бұқар жырау:

... Ер жігітке **жарасар**,
Қолына алған найзасы.
Би жігітке **жарасар**,
Халқына тиген пайдасы.
Ақсақалға **жарасар**,
Тілеуқорлық айласы.
Бәйбішеге **жарасар**,
Емізіктегі сабасы.
Келіншекке **жарасар**,
Емшектегі баласы.
...Бұл жалғанда бір жаман
Ағайынның аласы – деп келеді [2, 26].

Яғни қарадан бастап, ханға дейінгі дүйім жұрт, ағайын, туыс, абысын-ажын, бәйбіше-тоқал, келін-кепшік, қыз-келіншек, бойжеткен мен бозбала, ер жігіт, жігіт ағасы, ақсақал, би, бай, барлығының өзіне тән, жарасымды жүріс-тұрыс нормасы жыраулар поэзиясында белгіленген. Әрине, бұл жүріс-тұрыс нормалары бір күнде қалыптаспаған, ол халықтың сан ғасырлық дүниетанымының негізіндегі түсініктер.

Үмбетей жырау:
Ұрысқақ болса, ұлың жау.
Керіскек болса, келінің жау.
Үйіңдегі ұлың жаман болса,
Есіктегі құлмен тең.
Қойныңдағы қатының жаман болса,
Қаңтардағы мұзбен тең – [2, 36]

деп адамның жаманы қандай, жақсысы қандай болатындығын сын безбенімен парықтайды.

Мұның барлығы халықтың ғасырлар бойындағы әдет-ғұрып, салт-сана, жөн-жобалары арқылы сіңісті болған қағидалары. В.В.Радлов өзінің «Из Сибири» деген еңбегінде: «Мен қазақтар арасында көп болдым және мына жағдайға көзім анық жетті, оларда бейберекеттілік (анархия) деген жоқ, тек бізден өзгеше өзіндік ерекшеліктері бар. Ол ерекшілігін әбден реттелген өзіндік мәдени қарым-қатынас деуге болады» – деген екен.

Жыраулар поэзиясындағы халықтың әр өкілінің өз міндетін, қызметін, жарасымды қылығын пайымдаудағы түпкі мақсат халықты біртұтас ел ретінде қалыптастыру. Ұлттық мінезді айқындау. Г.Лебонның пікірінше: «Халықтың мінезі және наным-сенімдері – оның тағдырын шететін, міне осылар. Мінездің басты бөлшектері өзгермейді. Дәл осы өзгермейтіндіктің арқасында білгілі бір халықтың тарихы әрқашан өзінің біршама бүтіндігін сақтайды. Ал наным-сенімдер өзгеруі ықтимал. Сол өзгеретіндігінің нәтижесінде тарих өз жылнамасына талай төңкерістің болғаның жазып жатады дейді» [3, 25]. Бұл ақиқатты жыраулар да білген. Сондықтан да, әр нәрсенің өз сәнін, жарасымын жырлау арқылы ұлттық мінез-құлыққа норма белгілейтіндей.

Шал ақынның:

Шайы сиса, асыл қылыш ердің көркі,
Ер жігіт жауға аттанған елдің көркі.
Жарасар әрбір нәрсе өз сәнімен,
Аққу құс айдын шалқар көлдің көркі.

Гүл шешек орман өсіп желкілдеген,
Биік тау, асқар төбе жердің көркі,
Ағайын бір уақыт жақсы болса,
Сонымен табылады елдің көркі... – дейді [2, 41].

Мұнда батырлықты, ержүректілікті, өз жерін сыртқы жаудан қорғаған жігіт образы ұлт үшін қастерлі екендігі бейнеленіп, бастысы ел татулығы, ағайынның бірлігі дәріптеледі. Дәріптеу кейде кеңес ету түрінде беріледі. Айтылған кеңес-ақыл қараға ғана емес, ханға да айтылады. Ханның да сәнін келтірер, сәнін кетірер әрекеттер туралы толғамдар жасалады.

Бұқар жыраудың:

Соғыспа деп жырлайды,
Бұқарекең деген кәріңіз,
Соғыссаң кетер **сәніңіз,**
Бізден бұрын өтіпті,
Әзіреті әліңіз.
Жаулық жолын сүймеңіз,
Мынау жалған сұм дүние,
Өтпей қалмас демеңіз... [2,32]-

деп жырлайды. Яғни хан қызметіне де жыраулар әділ сын айта отырып, тоқсан үштегі қарт баба ханның сәнін соғыс кетіреді деп біледі. Бұл жерде жырау ұлт мүддесі үшін, ұлт өз есесін жіберіп алмас үшін тіл қатып отыр. Тағы да жыраудың ойлағаны өз мүддесі емес, халық қамы. Сондай-ақ ханның бітістірушілік, төрелік айту қызметі де бар екендігін толжырларында таңбалаған. Оны садыр руына айтқан мына жырынан көруге болады:

...Абылай алдында сен бітсең,
Құдандалы таныспын,
Абылай алдында бітпесең,
Атасын білмес алыспын – дейді [2,51].

Сондай-ақ хандық қызмет етуге де өзіндік өлшеммен қарап,

Ханның жақсы болмағы –
Қарашаның елдігі.
Қараша халық сыйласа,
Алтыннан болар белдігі [2,14].

Байқасақ, Бұқар жырау өлеңдерінде әр нәрсенің сәні, әр адамға жарасымды қылықтар, гармониялық үйлесімдік көп айтылады екен. Соған қарағанда, жырау өте талғампаз, сұлулыққа жаны құмар, эстет адам болғанға ұқсайды. Өмірді көркем тұрғыда қабылдап, өз ойындағы әсем әлемге елді жетелейді. Тіпті тоқсан үшке келіп тұрған өз бойынан да сән іздеп таба алмай, кешірім сұрағандай болады.

Құбылып тұрған бәйшешек,
Құрай болар солғанда,
Ақиық бүркіт төмендер
Екі қанат талғанда,
Сөге көрме Абылай,
Мен пақырда **сән** бар ма?
Уақытым мұндай болғанда?! – деп [2, 23]

өзін екі қанаты талған ақиық бүркітке теңейді. Ақиық бүркіт мұнда асқақтықтың, еркіндіктің символындай.

Сұлулықты, сәнді, жарасымды тек адам бойынан ғана емес, елден, ауылдан, тіпті айналасындағы заттардан көреді. «Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен болашағы» атты кітапта қытай киімі мен тамағына үйір болан «табғаштың тәтті сөзін малданып, жібегі мен шарабына алданған» Ғұн мемлекеті Хан империясының боданы болып, ақыры елдігінен айырылғанын білмей қалғандығы туралы айта келіп, «Бұдан шығар қорытынды сол – ұлт үшін, оның дамып, өркендеуі үшін сол ұлттың өзіне қатысты «ұлттық» деп аталатын дүниенің ұсақ-түйегі жоқ екендігі, ел тәуелсіздігін сақтауға, ең ақырғысы, күнделікті киетін ұлттық киімің мен ұлттық тағамыңа дейін қызмет етеді» – деп әділін айтады [1, 65]. Яғни жырау суреттеп отырған заттар тек жылтырақ дүниелер емес, бұл ұлттың әсемдікке деген көзқарасы. Бұқардың Абылайдың ақ ордасын нақышына келтіріп сипаттауынан да осыны аңғарамыз.

Еңсесі биік боз орда,
Салтанатқа орнатқан.
Болаттан шеге соқтырып,
Шаңырағын торлатқан...
Қазығын қалайыдан қақтырып,
Тоқпағын сом алтыннан соқтырып,
Нықыра күміс шаптырып,
Былғары саба пісіріп,
Шыны аяқпен іштірген,
Орындығын оймыштап,
Ою-нақыш салдырған,
Сандығын сары алтынға малдырған [2, 56].

Ордадағы әр заттың әр бөлшегіне дейін сәнді. Бұл тек сыртқы атрибутика ғана емес. Орда әрқашан сән-салтанат ошағы, бар халықты біріктіретін күш, сондай-ақ әспеттелетін, киелі орын. Ордасы осындай болғанда, хан образы тіптен асқақ.

Жалпы, жыраулар поэзиясы хандықты мығым етуге, халықты береке бірлікке ұйыстыруға жұмсалды. Мұны, әсіресе Бұқар жыраудың «Тілек» өлеңінен көреміз. Жырау он бір түрлі тілек тілеу керегін айтады. Сол тілектердің ішінде тек жеке басқа қатысты дүниелер айтылмайды. Керісінше, қоғам бүтіндігі, мемлекет іргесінің беріктігі мәселелері көп көтеріледі.

Жыр авторының дүниені сезінуі ерекше. Индивидуалисттік емес, ұжымдық сана, әлеуметтік ымырашылдық өлеңнен айқын сезіледі. Жырау қоғамның әрбір жеке өкілімен рухани байланыс орнатуы үшін, оған қайырыла сөйлейді. Әдетте, ұжымдық сана халық басына үлкен қауіп-қатер, нәубет төнген уақытта ерекше көрінеді екен. Бұқар заманы дәл сол қазақ еліне бір жағынан Жоңғар империясы, бір жағынан Ресей патшалығы, бір жағынан Қытай империясы секілді алпауыттар қазақ халқына қауіп тудырып отырған заман болды. Осы кезде ұжым атынан, халық атынан, ел атынан жыраулардың сөз сөйлеуі ұлттық сананың қалыптасқанының көрінісі. Олар ұлттық мүддені ойлап әрекет етуге шақырғанын көруге болады. Жыраулар поэзиясында хан, хандық, орда, ел-жұрт сөздерінің қайталанып отыруы да екінші жағынан ұлттық идеологияның тапсырысы еді.

Жыраулар поэзиясындағы арғымақ ат пен азаматты, табиғат құбылыстары мен адамзат өмірін шендестіре жырлау, дұшпан мен дос, жақсы мен жаман, жалғыздық пен көптік мотивтерінің астарында да дәуірдің рухани-эстетикалық сұранысын көруге болады. Жақсы мен жаманның ара жігін ажырату, жақсы қасиеттерді теріп санау арқылы ұлтқа тән қасиеттерді қалыптастыру деген сөз. Ұлт идеясы сол халықтың арман-мақсат, талап-тілек, мұрат-мүддесінен көрінетіні анық. Яғни халықтың туа бітті өз мінезінен туындайды. Халық өз ұрпағының бойынан қандай қасиеттерді көргісі келеді, қандай мінезді бойына сіңіреді, қандай әрекеттерді ерекше ұлықтайды? Осының барлығы жыраулық поэзиядан көрініс тапқан.

Қожаберген жыраудың «Елім-ай» жыры да ұлт мінезі, ұлттық намыс тегеурінді көрінген іргелі туынды. Халықты намыс қысқан кезінің көрінісі. Мұнда халықтың өз есесін жібермей, кеудесін таптатпау жолындағы ерлерінің ісін ұлықтау бар. Манаш Қозыбаевтың ««Елім-ай» шын мәнінде ұлттық сананың биік шыңы, ұлттық сергелдеңге душар болған мұңы, болашаққа құлаш сілтеп, қайсар, намысшыл қазақтың ұлт болмысын жаңартуға ұмтылысының шаншыла атқан қайнар жыры. «Елім-ай» ұлтымыздың «Илиада» мен «Одиссеясындай» эпикалық өміршең трагедиясы» – деп бағалауы тегін емес [5, 32].

«Елім-ай» жырының «Майданда ерлеріме қуат беріп, көрші елдердің қалдырмасын табасына», «Тілеймін жалбарынып жаратқаннан, Халқымды еткізбе деп жауға мазақ» деп басталатын сөз басынан-ақ ел мүддесі бірінші орында тұрғаны көрінеді.

«Елім-ай» жырының бір ерекшелігі автор қан майданға өзі қатысып, өз көзімен көргендіктен де болар көп нәрсені шынайы бере алған. Ауыз әдебиетін зерттеуші Қаратай Биғожаұлы: «Толыбайсыншыұлы жырау 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған ірі апатты өз басынан өткеріп, көзімен көрген, қырғынның жуан ортасында болған қарт баһадұр. Сол аса қатерлі сапарда ол Науан, Әсет есімді екі батыр баласынан, өзіне әрі өкіл бала, әрі атқосшы саналған Айбек, Ермек атты екі батыр азаматтан айырылып, бәйбішесі екеуі әрең дегенде көппен бірге жау қоршауын бұзып өтіп, аман құтылады. «Елім-ай» әнін, «Елім-ай» күйін, «Елім-ай» жырының бірінші бөлімін Қожаберген ақын сол қоршауда тұрған кезінде шығарыпты» -дейді [4]. Яғни жырдағы автор әрі кейіпкер ретінде де көрінеді. Жырда ұлттық рух, ұлттық мінез мықты көрініс тапқан. Автор болып жатқан оқиғаға тек жеке басы тұрғысанан баға бермейді, өмірлік оқиғаларға объективті түрде қалыптасқан қарым-қатынастар тұрғысынан баға береді.

Тек қазақ халқынының ұлттық мінез ерекшеліктерін ғана емес, жорғарлардың да образын сомдайды. Мәселен:

Сақал да жоқ, мұрт та жоқ,
Өңкей көсе, көнті ауыз,
Ел шапқанға көңілі тоқ,
Қанға тоймас жалмауыз [5, 28].

Мінез құлқын суреттегенде де «қанға тоймас сұмдар, мейірімсіз бұзық құлар» деп сипаттайды. Киім киіс, жүріс-тұрыс, ой-таным, түсінігі де жырда көрініс тапқан:

Әйелдерше шашты өсіріп,
Бұрым еткен қалмақтар,
Қалдырып аз шаш төбеді,
Тұлым қойған қалмақтар,
Сиықсыз сондай сұмдармен,
Шықтық талай жекпе-жек,
Айдарынан ұстап бас кесіп,
Алған едік жаудан кек – дейді [5, 30].

Жоңғар халқының жүріс-тұрыс, мінез-құлқы, киім-киісі, ас ішуі ғана қазаққа (жырдың бірнеше жерінде жоңғарлардың етті шикі жейтіні, етті сысытып, шірітіп жейтіндігі айтылады) таңсық емес, олардың жалпы дүниетанымы қазаққа кереғар. Яғни қазақы түсінігі «адал», «харам», «ұят», «обал», «сауап» туралы түсініктерден жоңғарлар ада екендігін байқаймыз. :

... Тамағыжауданжегенхарамболған.
Сасытып һәм құрт татып ет жей тұғын,
Дұшпанға қалайынша көңілі толған?

дегенжолдардан қазақ халқының түсінігіндегі «адал», «харам» ұғымдары тек жеуге болатын және жеуге болмайтын дүниелермен шектелмейтінін, «Тамағын жаудан жеген харам болар» деп Қожаберген жырау айтқандай адал еңбекпен табылмаған, ұрлық-зорлықпен табылған астың харамдығын айтып отыр. Ал осындай харам жерге өз қыздарын беріп, олардың обалына қалғанша, өлген артық дегенді айтады. Қожаберген жырау сатқындық дегенді емес, «обал» түсінігін де бекер айтып отырған жоқ, қазақы түсінік бойынша біреуге зиян келтіру, мейлі ол қоршаған ортаға болса да, мейлі жансыз затқа қатысты айтылса да біреуге қиянат жасау бұл обал. Ал өз баласын жай жатқа емес, діні, тілі, тегі жатқа матап беру, оның өміріне балта шабу, бұл енді шынымен сұмдық еді.

Жырда жоңғар халқының қазақ халқымен салыстырып, оларға тән мінездерді көптеп беріп отырады. Жоңғар халқын сипаттайтын эпитеттерден олардың мінез-құлқы көрінеді. Әрине, онда эмоциялық күй басым болғанымен, десе те халықтың мінез-құлқына қатысты біраз шындықтан хабар береді. Жырда: «сұм жоңғар», «аяусыз жоңғар», «қан төккіш,бұзық жоңғар», «кәпір жоңғар», «зар еңіреткіш жоңғар», «дүлей жоңғар, санасыз», «ит жоңғар», «әділетсіз жоңғар», «сұмырай қалмақ», «күнәһар қалмақ» надан қалмақ», «халықты зар илеткен қалмақ» деген тіркестер бар. Шынымен жоңғардың басқыншы жаулары әділетсіз соғыс жүргізгені тарихтан мәлім. Олай деуге жыр иесінің себебі де бар:

...Жау алды қазақтың кең сахарасын,
Талайды оққа ұшырып, кесіп басын.
Күнасыз жүкті әйелдің ішін тіліп,
Найзалап шырылдатты жас баласын [5, 65] –

деген баяндауларжоңғарлардың тым мейірімсіз, қандықол жендет мінездерін көрсетеді.

Қазақ халқына қатысты эпитеттерден де қазақ халқына тән ұлттық менталитет көрінеді. «Сауықшыл бейбіт жатқан Қазақ едік», «Аңғал қазақ алданған», «Қанданды қазақ атам кең даласы «Бытырап шіл боғындай тозып кетті, Болса да біздің Қазақ берекелі», «Өскенбіз Қазақ ұлы бір ұяда, Қызыққан ел емеспіз дүнияға», «Бұл заман, қай-қай заман, қасқыр заман, Көрші ел жоқ қазақтарға қас қылмаған», «жомарт қазақ», «Бауырмал, жомарт ел едік, Ешкімді сырт теппеген. Не пиғылдан тап болдық, Біле алмаймын індетке?», «Табанды елім-қазағым» – деген жолдардан расымен қазақ халқына тән қасиеттер, атап айтсақ, елдің берекелілігі, аңғалдығы, жомарттығы, сауықшылдығы, дүниеге қызықпайтындығы, бауырмалдығы, мың өліп, мың тірілген табандылығы көрінеді. Жырдағы ұран іспетті жолдар ұлт рухының биіктігін көрсетеді.

Жорықта жолың болсын азаматым,
Болыңдар жаудан кекті қайтаратын.
Кеудеңде шыбын жаның болса егер,
Жоғалтпа жер бетінен қазақ атын![5, 67].

Қорыта айтқанда, жыраулық поэзиядағы ынтымақ, береке, бірлік түсініктері хандық, мемлекеттік ұғымдармен өте тығыз байланысты екендігі ұлттық идеяның мәнін анықтайды.

Әдебиеттер

1 Сейдімбек А., Әбжанов Х., Салғараұлы Қ. Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен балашағы. – Астана: Фолиант, 2012. – 248 б.
2 Бес ғасыр жырлайды. Алматы: Жазушы, 1989. – 384 б.
3 Қамзабек Д., Омарұлы Б., Шәріп А. Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік. Алматы: ARNA-B, 2013. – 192 б.
4 Биғожаұлы Қ. Қожаберген жырау // http://el.kz/m/articles/view/content-4494
5 Қожаберген жырау. Елім-ай. Астана, 2003. – 257 б.

References

1 Seydimbek A., Äbjanov X., Salğaraulı Q. Ulttıq ïdeya: tarïxï tağdırı men balaşağı. – Astana: Folïant, 2012. – 248 b.
2 Bes ğasır jırlaydı. Almatı: Jazwşı, 1989. – 384 b.
3 Qamzabek D., Omarulı B., Şärip A. Ulttıq ädebïet jäne dästürli mentaldik. Almatı: ARNA-B, 2013. – 192 b.
4 Bïğojaulı Q. Qojabergen jıraw // http://el.kz/m/articles/view/content-4494
5 Qojabergen jıraw. Elim-ay. Astana, 2003. – 257 b.

Tagizada I.Q.

The obvious and secret psychologisms in alice munro's prose

The investigator's scientific-theoretical views on the collection of stories «The Moons of Jupiter» including the literary heritage of Canadian Nobel Prize laureate, Alice Munro are discussed in this article. The obvious and secret psychologisms were researched in the original texts of the writer's some stories. The author of the article theoretically sustains the problems touched upon in the Canadian writer's stories, expresses her attitude towards the critics' opinions who investigated psychologisms on the scientific-theoretical level, presents the extracts from the stories. Alice Munro describes the characters' lives with its sharp turning and progress and slopes caused the moral crises. Each page of author's short stories may be considered the slide of real life.

Key words: scientific-theoretical approaches, «The Moons of Jupiter», literary psychologism, obvious and secret psychologisms, literary-psychological analysis.

Тагизаде И.К.

Элис Манроның қысқа әңгімелеріндегі айқын және жасырын психологизмдер

Бұл мақалада Канада әдебиетінің тұңғыш Нобель сыйлығының иегері Элис Манро мырзаның көркем мұраға айналған «Юпитер серіктері» аталатын әңгімелер жинағына тоқталған зерттеушілердің ғылыми-теориялық көзқарастарына талдау жасалады. Сонымен қатар автордың кейбір әңгімелерінің түп нұсқасын оқып-үйрену негізінде олардың айқын және жасырын психологизмдері ашылады. Элис Монро кейіпкерлер өмірінің моральдық дағдарыс туғызған тосын өзгерістерін, алға басқан қадамдарын, күйзелістерін нанымды суреттейді. Автордың қысқа әңгімелерінің әрбір бетін шындық өмірдің нақты көрінісі деп санауға болады.

Мақала авторы Канада жазушысының әңгімелерінде көтерілген мәселелерді теориялық жағынан негіздейді, психологизмді ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеген сыншылардың пікірлеріне өз тұжырымын білдіреді, олардың ізденістерінен үзінділер келтіріп отырады.

Түйін сөздер: ғылыми-теориялық тәсіл, «Юпитер серіктері», көркем психологизм, айқын және жасырын психологизм, көркем-психологиялық талдау.

Тагизаде И.К.

Явные и скрытые психологизмы в кратких рассказах Элиса Манро

В этой статье обсуждаются научно-теоретические взгляды исследователей о сборнике рассказов «Спутники Юпитера», входящем в художественное наследие первого Нобелевского лауреата канадской литературы г-на Элиса Манро, а также исследованы явные и скрытые психологизмы на основе изучения оригинального текста некоторых рассказов автора. Элис Манро описывает жизнь персонажей с ее резкими поворотами, прогрессом и падением, которые часто приводят к моральному кризису. Каждую страницу коротких рассказов автора можно считать слайдом реальной жизни.

Автор статьи теоретически обосновывает проблемы, затронутые в рассказах канадского писателя, выражает отношение к мнению критиков, исследующих психологизм в научно-теоретическом русле, приводит цитаты из их произведений.

Ключевые слова: научно-теоретические подходы, «Спутники Юпитера», художественный психологизм, явные и скрытые психологизмы, художественно-психологический анализ.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

UDC 82-32

Tagizada I.Q.,

Azerbaijan University of Languages,
Baku, Azerbaijan,
e-mail: tagizade-1979@mail.ru

THE OBVIOUS AND SECRET PSYCHOLOGISMS IN ALICE MUNRO'S PROSE

The short story genre starting its development from 1890s as a national genre of English Canadian literature is still valued as a famous narrative form of recent years by the writers.

The researcher Nishik Reingard in his article «The Canadian Short Story: Status, criticism, historical survey» published in the book «The Canadian Short story» pays attention to the historical development of English-Canadian short story and emphasizes that this form of prose became the leading genre of the XXI century Canadian literature. Mentioning the modern short story writers' names as Margaret Atwood, Mavis Gallant an Alice Munro, the investigator Nishik Reingard speaks about these writer's achievements in the sphere of this genre [1, 208]. Alice Munro (1931-) differs from these two female writers with her appealing only short story genre.

Alice Munro managed to raise the short story genre to its worthy level in the Canadian Literature. Besides it, she proved being the honor of Canada with entering the list of the 100 Most Influential People of 2005 and 2010 arranged by The Time before getting Nobel Prize (2013), with gaining Governor General's Award for five times («Dance of the Happy Shades» – 1968, «Who do you think you are?» – 1978, «The progress of love» – 1986, «The Moons of Jupiter» – 1982, «Open and Secrets» – 1994) and Giller Award wined twice («The Love of a Good Woman» – 1998? «Runaway» – 2004), the 2009 Man Booker International Prize for her lifetime body of work and O. Henry Award for continuing achievement in short fiction in the U.S and so many.

The Canadian writer describes the characters' lives with its sharp turning and progress and slopes caused the moral crises. The each page of author's short stories may be considered the slide of real life. Alice Munro, being the master of describing anxious female moral world is called «the writer, writing about women for women».

The fruitful creative activity of Alice Munro who made a goal to publish the collection of stories after each four-five years beginning from 1968 to 2012, had been investigated towards different aspects in the thesis and articles by some researches. This article was dedicated to the investigation of the obvious and secret psychologisms in some short stories of the collection «The Moons of Jupiter». Firstly, we

Аналитикалық жолмен жасалған ауру атаулары матаса да қабыса да байланысады. Матаса байланысқан сөз тіректері жайлы Р. Әмір, С. Исаев, Е. Ағманов, Т. Сайрамбаев еңбектерінде қарастырылған. Р. Әмір матаса байланысқан сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары зат есім, сын есім, сан есім болады. [1, 24] десе, М. Балақаев зат есім мен заттанған сын есім, есімдік, етістікті есімше, тұйық етістік түрлері де болады [2, 167] – дейді.

Матасу – изафеттік құрылыстағы сөз тіркесінің байланысу формасы. Изофеттік құрылыстағы сөз тіркестерін өзара матастырып тұратын грамматикалық тұлғалар – ілік, тәуелдік жалғаулары. Матасу өзара байланысқан сөздердің бірі екеншісіне бағынып тұлғаланса, екіншісі сол бағынатын сөзге қарай айқас байланысады. [3, 46]

Ілік септігінің білдіретін басты мағынасы – грамматикалық меншіктілікті, иелікті, меншіктілік-қатынасты көрсету. Ілік септігі білдіретін меншіктілік мағынаға иелілік-тәндік, таза меншіктілік (баланың кітабы), әр түрлі органикалық, табиғи байлланыс (мұнайдың қалдығы т.б.), әр түрлі органикалық,табиғи байланыс (мұнайдың қалдығы), әр түрлі туыстық жақындықтар, адам арасындағы қарым-қатынастар (баланың ағасы т.б.), бүтіннің бөлшегі, бір заттың бөлігі (кітаптың беті), заттар арасындағы әр түрлі, әр ыңғайдағы тәуелділік қарым-қатынас (судың сылдыры), заттың әр түрлі қасиеті, сапалық қасиеті, (аттың жүйрігі), заттың сандық, реттік мәні, қатысы (баланың біріншісі), заттың белгілі бір қасиетінің артықшылығына, ерекшелігіне қатысты (шешеннің шешені) т.б. сияқты мәндерді білдіріп, ілік септікті сөз тәуелдік жалғаулы сөзбен анықтауыштық қатынаста матаса байланысып қолданылады [4, 81].

Матаса байланысқан ауру атаулары: бастың сақинасы, бауырдың қабынуы, ен қосалқысының қабынуы, жақтың шірілуі, жүрек бұлшық етінің іруі, қызыл иектің көпсіп қабынуы, көздің ағы, көз жасы қалташасының қабынуы, қабақтың қабынуы, қарын мен ұлтабардың ойық жарасы, мидың шайқалуы, мұрынның тілме ауруы, өкпенің қабынуы, күре тамырдың кеңіп түйінделуі, терінің қабынуы, ішектің түйінделуі, ішектің қабынуы, несептік жоқтығы.

Жартылай матасу арқылы жасалған ауру атаулары: бұлақ ауруы, тыныс демікпесі, асқазан жарасы, бас ауруы, бауыр

ауруы, бауыр церрозы, буын сарысуы, ен қабығы шемені, жақ рагі, жүрек ақауы, жүрек демікпесі, жүрек қызылы, қызыл иек іріңдігі, омырау рагі, өт тасы ауруы, тіс ауруы, тіл қабынуы, ішек құрт ауруы, іш сүзегі, тыныс демікпесі, үрпі қабынуы, іш сүзегі, ішек жұқпалары мен жұқтырмалары, ішек инфекциялары, ішек коли жұқпасы, ішек құрт ауруы, ішек гильминтоздары, эндемиялық бүрге сүзегі, кене боррелиозы, энтеровирус жұқпасы, ішек вирусы жұқпасы, энтеровирус қызбасы, доңыз тілмесі, резонбах ауруы, тан шешегі, қан инфекциясы, ұшық қызбасы, қызба герпесі, қара шіркей қызбасы, бұқара қызбасы, паппатачи қызбасы, суматра кене қызбасы, тотықұс ауруы, маймылдар шешегі, Виноградов ауруы.

Ауру атауларының қабыса байланысуы. Ауру атауларының көпшілігі атаулық тіркестер арқылы жасалып, қабыса байланысып келеді. Профессор С. Исаев «Атаулық тіркестердің грамматикалық байланысу тұрақты, көбінесе жеке сөздің эквиваленті сияқты бір сөздің орнына қолданылады. Қала берді атаулық тіркестердің орын тәртібі де тұрақты болады. Бұндай лексикалық оралымдардың құрылысы да құрамы да біршама тұрақталған болып келеді. Олар бірбірімен тығыз байланысты, белгілі бір тәртіппен құралған сөздерден тұрады. Құрамындағы сөздер қалай болса солай ауыса бермейді» – дейді. Ауру атауларын құрастырушы атаулық тіркестер бір ғана сөздің орнына, бір ғана ауру атауларының аты ретінде қолданылады. Олар синтаксистік тіркестер, терминдік, фразеологиялық тіркестерге ұқсас, ал күрделі сөздермен тығыз бірлікте, қарым-қатынаста қолданылады.

Қабыса байланысқан ауру атауларының екі компонентіде зат есімдерден болады. Алғашқы сыңары анықтауыш болып, екінші сыңары анықталушы ретінде анықтауыштық қатынаста жұмсалады. Зат есімдердің қабыса байланысуында бағыныңқы сыңардағы зат есім басыңқы сыңардағы зат есімнің семантикалық белгісі емес, бұл зат есім өзін атаулық мәнге жеткізетін семантикасы арқылы басыңқы сыңардағы заттың пайда болғаннан кейінгі сындық қасиетін анықтайды. «Қоян тобық» тіркесінде «қоян» сөзі тобықтың пайда болып, ұғымның атауын білдіруіне қызмет атқармайды. Тобықтың пайда болғаннан кейінгі сындық белгісін анықтайды. Ауру атауларының қабыса тіркесуінде тіркес құрамындағы сөздер әрі зат есім болғандықтан, әрі бағыныңқы сыңары басыңқы сыңардық пайда болғаннан кейінгі қасиетін анықтап, бір ұқымға негізделгендіктен сөйлемнің бір ғана мүшесінің қызметін атқарады. Осы мәселеге байланысты К. Бейсенбаев мынадай тұжырым жасайды: «Зат есімдердің жалғаусыз тіркесуі – тілдің негізгі белгілерінің бірі және сөйлемдегі бір мүшенің маынасын күрделендіруге ең негізгі құрылыс материалы».

Тіліміздегі қабыса байланысқан ауру атауларының барлығы бірдей басыңқы сыңардағы заттың сындық қасиетін анықтап, қатыстық мағынада жұмсалады. Олар басқа да әр түрлі мағыналық қатынастарда жұмсалады. Бағыныңқы сыңардағы зат есім басыңқы сыңардағы сөз арқылы берілген ұғымның мағынасын даралау мақсатында да жұмсалады. Мысалы, *бөртпе, сүзек, без тамақ, шаш жегі, шынайы шешек, қара шешек, оба тектес ауру, флеботомиялық қызба, бұқара қызбасы, беймәлім пневмония, сары безгек, сары қызба, тұспалы көкжөтел, ұшпа шешек, ұстамалы қалтырама* т.б. қабыса байланысқан зат есімдердің тіркесі. Сөз тіркесінің бұл түрінді тіркес құрамындағы екі сөз бір ұғымды анықтауға негізделген. Біркелкі белгілер арқылы номинативті мағынада тұрған зат есімдер дараланған атауын анықтаған. Бұл тіркес бір ұғымға негізделген екі сөздің атауы арқылы жасалғандықтан сөйлемнің бір мүшесінің қызметін атқарады.

Зат есімдер лексика-грамматикалық мағынамен қатар лексика-семантикалық топтарға жіктеледі. Лексикалық мағыналар мен категориялық мағыналары бірлікте тұрған зат есімдер қабыса байланысқан синтаксистік сөз тіркесін жасауға қабілетті. Зат есімдер кім? не? деген сұраққа жауап беріп, тіліміздегі бір ұғымның атын білдіреді. Ұғымның атын білдіретін сөздер дербес тұлғада тұрғанда лексикалық, грамматикалық, номинативті мағынамен қатар категориялдық мағына да береді. Категориалдық мағына сөздердің лексикалық мағынасына негізделеді. Зат есімдердің негізгі мағыналары әр түрлі заттық ұғымды білдірсе, грамматикалық мағыналары біреу болады. Кез келген зат есімдербайланысқа түсіп сөз тіркестерін жасай бермейді. Қабыса байланысқан зат есімді сөз тіркестерінің лексикалық мағынасы мен категориялық мағыналарының бірлікте жұмсалуы олардың синтаксистік тіркес екендігін анықтайтын негізгі белгісі болады. Зат есімдердің матаса және жартылай матаса байланысқан түрінде түркес құрамындағы екі сөздің лексикалық мағынасы мен категориялдық мағынасы өзара бірлікте жұмсалады. Мысалы, *жүрек ақауы, тыныс демікпесі, іш сүзегі, ішек жұпалары, егеуқұйрық сүзегі, доңыз тілмесі, сіреспе ауруы, тан шеше-*

гі, түйнеме ауруы, ұшық қызбасы, қызба герпесі, үшкірқұрт ауруы, кене қызбасы, тотығұс ауруы, маймылдар шешегі, мешіндер шешегі, шығыс жарысы, батпақ қызбасы т.б.

Енді атаулық тіркестер арқылы жасалған ауру атауларына мысалдар келтіріп, талдау жасайық. Атаулық тіркестердің құрамы зат есімнің байланысынан тұрып, білгілі бір заттың атауын білдіреді. Бірінші компонентінің сындық қасиеттері екінші компоненттегі зат есіммен грамматикалық байланысқа түсіп, тірек сыңардың бір белгісін анықтайды. Мысалы, *өкше мүйіз*. Мұнда тіркес құрамындағы алғашқы компоненттің мағынасы толық грамматикалық байланысқа түспей, өз депрбестігін сақтайды. Сондықтан ауру атауы құрамындағы зат есімдер тіркес қалпын сақтап бір ұғымның атына айналған.

Атаулық тіркес құрамындағы сөздердің семантикалық жақтан өзара байланыста болатынын да байқауға болады. Мысалы, ит емшек. Бірақ атаулық тіркес құрамындағы сөздер ит және емшек күрделі сияқты тұтасып кетпей, әрбір сөз өзі белгілеп тұрған ұғымның атауы ретінде номинативті мәнін сақтап қалады.

Атаулық тіркестер арқылы жасалған ауру атауының орын тәртібі тұрақты болып келеді. Мысалы: *көр шиқан* деген ауру атауын құрастырушы сыңарларының орнын ауыстырып, *шиқан көр* деп атай алмаймыз.

Ауру атауындағы атаулық тіркестер екінші компоненті бірінші компоненттегі заттың сындық сапасына негізделеді. Мысалы, *без тамақ, шаш жегі*. Атаулық тіркес құрамындағы зат есімдердің мағынасы әр тектес ұғымдағы сөздер болады. Мысалы: *жел құз* атаулық тіркес даяр тұлға ретінде жұмсалынып тұр. Тіркес сыңарлары жеке тұрып, өз алдында дербестігін сақтайды. Бірінші сыңары өзіне тиісті әрбір зат есіммен тіркесе береді. Мысалы: бөртпе сүзек тіркесіндегі алғашқы сыңар мынадай зат есімдермен тіркеседі: бөртпе орамал, бөртпе тамақ, бөртпе ауру т.б.

Ауру атауын жасайтын атаулық тіркес сыңарларының әрқайсысы жекелеген ұғымның атын білдірмей, бір ғана ауру атауын білдіреді. Тілімізде кейбір тіркесті атаулар метафоралық қолданыстың ықпалымен жасалады. Мысалы, көк жөтел метафоралық қолданыста жұмсалады.

Әдебиеттер

1 Әмір Р.С. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы, 1983.
2 Балақаев М., Сайрамбаев Т. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы, 1997.
3 Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
4 Шәкенов Ж. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер тұлғалар. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 120 б.

References

1 Ämir R.S. Jay söylem sïntaksïsi. – Alamtı, 1983.
2 Balaqaev M., Sayrambaev T. Söz tirkesi men jay söylem sïntaksïsi. – Almatı, 1997.
3 Qazaq grammatïkası. – Astana, 2002.
4 Şäkenov J. Qazaq tilindegi kürdeli sözder tulğalar. – Almatı: Ana tili, 1991. – 120 b.

Тасымов А.

Тіл қазынасы – қарапайым халықтың жады

Мақалада ана тілінің ерекшеліктері туралы сөз болады. Қазақ тілінің артықшылықтары сараланып талданады. Ана тілінде дұрыс әрі әсерлі сөйлеу мен жазудың маңызы жайлы айтылады. Сонымен қатар тілді оқытудың теориялық та, практикалық та маңызы зор екендігі айтылған. Шетел ғалымдарының қазақ тіліне берген бағалары негізінде ана тіліміздің ең бай, ең таза және ең көркем тіл екендігіне баса назар аударылған. Қазақ мектептері, жоғары оқу орындары жетілген, толыққанды азамат тәрбиелеу жолында еңбек етіп келе жатқаны сөз болады.

Түйін сөздер: тіл, сөз, халық тілі, қазақ тіл білімі, білім, қоғам, мектеп, жоғары оқу орны.

Tasymov A.

The richness of the language – the memory of the common people

The article discusses the features of the native language. Advantages of the Kazakh language. Says how to speak and write competently in their native language. The article is devoted on defining of importance of the theory and practice of Kazakh language and the statement of foreign and domestic researchers about a condition of Kazakh language, and also examples from the Law on language are given. It is possible to claim that the main objective of an education system at schools and higher educational institutions of our country is to bring up the full-fledged citizen of the republic.

Key words: language,word, people's speech Kazakh linguistics, education, society, school, institution of higher education.

Тасымов А.

Богатство языка – память простого народа

В статье рассматриваются особенности родного языка, анализируются преимущества казахского языка, объясняется, как правильно говорить и грамотно писать на родном языке. Также автором рассматриваются важность теории и практики казахского языка и высказывания зарубежных и отечественных исследователей о состоянии казахского языка, приводятся примеры с Закона о языке. Можно утверждать, что основная цель системы образования в школах и высших учебных заведениях нашей страны – это воспитать полноценного гражданина республики.

Ключевые слова: язык, слово, народная речь, казахское языкознание, образование, общество, школа, высшее учебное заведение.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 371.014.14

Тасымов А.,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
оқытушысы, доценті, Алматы қ., Қазақстан,
e-mail:

ТІЛ ҚАЗЫНАСЫ – ҚАРАПАЙЫМ ХАЛЫҚТЫҢ ЖАДЫ

Өз тілінде дұрыс жазып, дұрыс сөйлеу үшін тілдік материалдарды (сөздің негізгі мағынасы мен реңктерін) біліп қана қою жеткіліксіз, сонымен қатар тілдік механизмді, айталық сөздердің тіркесу заңдылықтарын да жете меңгеру керек. Бұл ретте әрбір жас қаламгер ең негізгі мәселе етіп нені айтамын дегенді емес, қалай айтамын, қандай тілдік тәсілдерді қодану арқылы оқырманның ойына жол табамын дегенді мақсат етіп қойғаны ләзім. Өйткені тіл байлығы – ой байлығы. Ойы бұлдырдың сөзі де бұлдыр. Ұлы Абай айтқандай шығарманың тілі, стилі, ойы, образы бір-бірімен жымдасып, қабысып, айналасы теп-тегіс жұмыр келсе, нұр үстіне нұр. Тек сүйектен өтетін сөздің кейде жүрекке де жетпей жататынын жас қаламгерлер ескерулері керек.

Тілді оқытудың теориялық та, практикалық та рөлі қай заманнан, қай тілде болмасын маңызды проблемалардың бірі екендігі дәлелденген мәселе.

Тіл білімінде қазіргі уақытта кеңінен тараған тілдік элементтер табиғатын тереңірек пайымдауға мүмкіндік беретіні жайлы айтылып келеді.

Қазақ сөздерінің дұрыс жазылуы дегенде барлық сауатты қауым (ғылыми қызметкерлер, оқытушылар, қаламгерлер т.б.) А. Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институтының ғалымдарының авторлығымен жарық көрген қазақ тілінің орфографиялық сөздігін басшылыққа алып отырғаны абзал. Атамыз қазақ қашанда сөздің қасиетіне бас иіп, оның күшті құрал екендігін жақсы білген. Сондықтан болар «сөз тас жарады, тас жармаса бас жарады» деген. Жазу әдеби тілдің берік қазығы деп айтылады, жазылады. «Қаламмен жазылғанды балтамен шауып тастай алмайсың» деген де мақалымыз бар.

Сан ғасыр бойы халқымызбен егіздің сыңарындай бірге жасасып келе жатқан ана тіліміз – ұзақ тарихы бар, ежелден ірге теуіп орныққан дәстүрі бар тіл. Халықтың ауыз әдебиетінің өрен үлгілерінен, өткендегі аты әйгілі ақын-жырауларымыздың шығармаларынан, бұлбұлдай сайраған шешендер өнерінен бүгінгі әдеби тіліміз мирас еткен қыруар сөз байлығы, сөз саптау машығы халықтық тілімізде есте жоқ ерте замандардың өзінде-ақ берік дәстүрдің болғандығының кепілі. Қазіргі әдеби тіліміздің жай-жапсарын бұдан көп дәуір бұрын ел арасына

тараған ауыз әдебиеті нұсқаларының тілімен салыстырар болсақ, олардың арасына бір-бірі-не соншалық кереғар, алшақ жатқан сөздердің де, дыбыстық белгілердің де, грамматикалық тұлғалардың да жоқ екенін айқын аңғарамыз. Бұлай болуы түсінікті де. Тіпті қазақ арасында әлі күнге жырланып келе жатқан халықтық эпос, жыр-дастандар мен ауызекі сөйлеуде, жазғанда тілге сан рет оралып жататын мақал-мәтел, нақыл сөз біткеннің баршасын былай қойғанда, түркі тілдерінің көбіне ортақ жазба ескерт-кіштердің бетінен де қазіргі қазақ тілінен тым шалғай жатқан тілдік құбылыстарды табарымыз кемде-кем. Сөз қоры мен фонетикалық жүйесін-дегі ерекшеліктері демесек, түркі тілдерінің бірі-не немесе екіншісіне жақын деп танылып жүрген ортағасырлық біраз түркі жазбаларының тілінің де, грамматикалық құрылысының да қазіргі біз-дің халықтық тіліміздің жырақтап кетер жайы шамалы-ақ. Сонда да болса, бұлармен өлшестір-генде ауыз әдебиетіміздің ең көне деген үлгіле-рінің өзінің қазіргі әдеби тілімізге жақындығы тонның ішкі бауындай екендігі бәрімізге аян.

Жұрттың көбінің түсінігіндегі халық тілі деген ұғым – аса кең ұғым. Алайда диалект, го-вор, наречие деген терминдерді бас-басына айт-ып жатуды мақсат тұтпаған жағдайда осы тер-миндердің баршасының жинақы бір баламасы ретінде қолдануға ыңғайлы тұратын, орыс ті-ліндегі лингвистикалық әдебиетте әбден ірге теуіп қалыптасқан народный язык, народная речь (немесе народно-разговорный язык, народ-но-разговорная речь) деген дәстүрлі термин сөздердің бар екенін тіл мамандары жақсы біле-ді. Мұның өзі сөз саптаудың терминологиялық деңгейге көтерілген ғылыми зерттеулердегі дәс-түрлі бір көрінісі десек те болады. Ос ыңғайдан алғанда қазақ тілі жөніндегі ілім-білімде де бұл ұғымды халық тілі, халықтың ауызекі тілі деп қазақшалап, дәл осы мағынада, дәл осы терми-нологиялық аяда қолданудың орайы бар.

Қазақ тіл білімінің дамуы сөздердің тек фо-нетикалық, грамматикалық қатарлары мен мор-фологиялық жақтарын ескеріп қана қоймай, тілдің барлық сөздік қорын әдеби аспекті де, жалпы тілдік тұрғыдан да ескеруді қажет ете-ді. Бұл орайда С.Аманжолов, Т.Сауранбаев, М.Балақаев, Ә.Қайдаров, Р.Сыздық, С.Бизақов сынды өзге де ғалымдардың қазақ тілі мәдениеті, тілдік норма, әдеби тіл нормасының қалыптасуы мен дамуы, тілдегі варианттылыққа арналған еңбектерінде қарастырылған, зерттелген.

Ұлан-ғайыр территориямыздың болашақ иелері неғұрлым дүниежүзілік алдыңғы қатарлы білім-ғылымды толық игерсе өркениетті ел-дер қатарына соғұрлым тезірек қосылуымызға болады. Ол үшін білім ошағы – мектептен бастап сапалы, жан-жақты терең білім алып шығуы ләзім. Білім алуда өзінің және өзге де тілдерді жетік меңгеру ең басты мәселелер-дің бірі. Алыс-жақын шет елдердің тілін игеру белгілі-бір қиындықтар туғызса, ана тілін білмеу халық наласын туғызады. Өзге тілдің бә-рін біл – өз тіліңді ардақта дегендей, ана тілін толық игермеген жастардан елге жаны ашитын мамандарды күту қиын мәселе. Білім – қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Халық-тың ең үлкен мектебі – ана тілі екендігі белгілі. Ана тілінің бар байлығын оқу-ағартуда жүйелі пайдалана алса қазақ әлемге өзі-ақ танылады. Білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар, түрлі-ше кәсіптік бағдарла-маларға негізделген жаңа типтегі оқу орындарының пайда болуы болашақ мамандарды даярлау ісіне нақты талаптар қоюда. Болашақ мамандарды даярлаудың маңыздылы-ғы маманның жеке тұлғасы мен қызметіне деген осы заманғы талаптармен сипатталады. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмаса керек. Қазақ ті-лінің әсем де әдемілігі, сөздік қорының мол-дығы, мұнтаздай тазалығы шексіз шешендікке жетектейтіні жөнінде өткен ғасырда өмір сүр-ген түрколог ғалымдардың назарын аударған. Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің «Маған жақсы мұғалім бәрінен қымбат, өйткені жақсы мұғалім – мектептің жүрегі» – деген. 1832 жылы француз ғалымы А.Һанри де Манси өзінің «Ис-тория древних и новых литератур, наука изящ-них искусств» деген кітабында: «Қырғыз (қазақ А.Т) тілін түркі тілдерінің ішіндегі ең таза тіл-дердің бірі» десе, В.В Радлов 1880 жылғы «Сред-няя Зарафшанская долина» атты мақаласында: «Қазақтардың тілі ұшқыр да шешен, ойнақы да өткір, сұрақ пен жауаптары орынды, кей-де таңғаларлықтай және бәрі де, тіпті оқымаған сауатсыздарының өзі де, өз тілін өте жетік мең-герген...» – деп жазған болатын. Ал татар ғалымы А. Сағди «Тіл, әдебиет, жазу, әм олардың өсулері» атты кітабында: «Қазіргі ең таза, ең бай, ең табиғи және бұзылмай, бұрынғы қалпында сақталып қалған бір тіл болса ол да қазақ тілі және қазақ әдебиеті, шын ғылым үшін біз бұны ашық айт-уымыз керек» – деген. Кезінде ұлы орыс ғалымы С.Э.Малов: «Түркі халықтарының ішіндегі ең су-ретшіл, бейнелі тіл – қазақ тілі. Қазақтар өзінің шешендігімен, әсем ауыз әдебиетімен де даңқты» деп тегін айтпаса керек-ті.

П.Т. Мелиоранскийдің қорытынды сөзі: «Қазақ тілін зерттеуші барша ғалымдардың бір ауызды пірікірінше ол түркі тілдерінің ішіндегі ең таза, ең бай тіл деп есептейді» («Краткая грамматика казах-киргизского языка», ч.1 СПБ. 1984г.). Сөз – көркем әдебиет тілінің көріктеу құралы, көркем суреттің бояуы. Сөздің ондағы нәрі, көріктеу қызметі ұстаздардың, қаламгерлердің соларды жұмсай білу шеберлігі деңгейінде танылады. Ана тілінің лексикалық байлығын жете меңгеріп, оны орын-орнына пайдалана білу, сауатты жазу үлгісін жетілдіруде ана тілінде шыққан сөздіктердің алатын орны ерекше. Тіл ұстартудың бір құралы – сөздіктерге үнемі жүгініп отыруды әдетке айналдырған жөн. Елбасының алға қойған зор міндеттерін іске асырушылар – жастар. Олай болса, сол жастарға сапалы біліммен қатар, салауатты тәрбие беру университетіміз бен ұстаздарға байланысты. Оқыту тек білім берумен шектеліп қалмай, тәрбиелеу мақсатын да қамтуы тиіс. Себебі, оқыту теориясы студенттерге білім, іскерлік пен дағды қалыптастырумен бірге, олар-дың шығармашылық қабілетін дамытуды қамтамасыз ететін тәрбиенің біртұтас бөлігі және жеке тұлғаны қалыптастырудың маңызды құралы.

Оқытудың ғылымилығы, өмірмен байланыстылығы, жүйелілігі мен пәндердің бірін-бірі толықтырып жетілдіруі нәтижесінде білім мен біліктілігі шыңдала түспек, студенттердің техникалық шығармашылығын дамытудың негізгі шарттарының бірі – білімді қалыптастыруға көбірек әсер ететін пәнаралық жүйелі түрде іске асуы керек. Университетіміздің филология факультетінің филолог боламын деген әрбір түлегі сұранысқа ие болғысы келсе мемлекетіміздің түрлі салаларында жұмыс істей білуі қажет.

Қазақстан Республикасының «Жоғары білім беру туралы» заңының тоғызыншы бабында «Жоғары оқу орны мамандарды даярлауда білімді, ғылым мен білімді ұштастыруы оқытудың белсенді әдістері, жаңа ақпараттық технологиялар кешенін қолдана отырып дараландыру негізінде студенттердің шығармашылық, практикалық қабілеттерін таныту, қалыптастыру және дамыту үшін мүмкіндіктер туғызу арқылы жүзеге асырылады» – делінген. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына тікелей байланысты. Ел президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» атты халыққа жолдауында мемлекеттің мерейін өсіріп, іргесін бекітерлік ұзақ мерзімді басылымдар қатарында, ерекше орында білімнің айтылуы да сондықтан. Өйткені адамзат тарихы, тағылымы осыны дәлелдеп отыр. Білім қадірін біздің халқымыз ерте түсінген «Бақыт жолы тек білімнен табылар» дейді Ахмет Игүнеки бабамыз. Қазақстан Республикасының сәулелі болашаққа бастаған алғашқы шешуші қадамдарының бірі – 1991 жылдан бері жүріп жатқан білім реформасы Ұлттық білім жүйесінің ең басты мақсаттарын жүзеге асыру үшін белгілі ғалым, педагогтардың, білікті мамандардың қатысуымен жаңа «Білім туралы» заңының жобасы жасалды. Жалпы, әр мемлекеттің ұлттық білім жүйесінің өзіне тән үлгісі сол елдің экономикалық дамуына, халқының тарихи тағылымына, мәдениетінің деңгейіне сәйкес болады.

Қазақ мектептерінің, жоғары оқу орындарының басты мақсаты – жетілген, толыққанды азамат тәрбиелеу. Ұлттық тіліміздің тамаша тарихы, сипаты мен танымдық жағы, тағытағылары жайлы талай-талай ғылыми зерттеулер жазылып келеді, жазыла бермек. Халқымыздың қатынас құралы – әдеби сипаты, тіліміздің ежелгі тарихы, рухани байлық қоры ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп, жалғастырылып келгені баршамызға аян. Ғалымдардың қоғам талабына сай жүргізіліп жатқан өзгерістерге тән жоғары оқу орындарында, әлемдік стандартқа сай мамандарды дайындау үшін күш жігерлерін ғылыми тұрғыда байланыстыра отырып қызмет жасауда. Тіл қазынасын анықтаудың бірден-бір объективті жолы – ол ғасырлар бойы қалыптасқан қарапайым халықтың жады. Жоғары оқу орнындағы оқу тәрбие үдерісін жетілдіру мен мамандарды дайындау сапасын жақсартуда әдістемелік жұмыстың маңызды екенін ескеру қажет, зерттеу қызметінің әдістері мен амалдарды түсіне білуі керек. Зерттеушілік әдісін қолдану қажеттігі студенттің білім алу үдерісінде қоршаған ортасына қызығушылығымен түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» заңында: Тіл ұлттың аса ұлы игілігі әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі, ұлттық мәдениеттің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы – тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюіне тығыз байланысты» делінген. Тіл арқылы рухани байлығымызды меңгереміз. Өзіміз танып қана қоймай, сол асыл қазыналарымызды әлемге танытамыз. Әлемді танимыз. Тіл халықтың жады, сәні, тұтастай кескін келбеті, болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі.

Әдебиеттер

1 Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2013.
2 Байтұрсынұлы А. Тіл тағлымы. – Алматы: Ана тілі, 1992
3 Балақаев М. Қазақ әдеби тілі. – Алма-Ата, 1987.
4 Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000.
5 Сауранбаев Н. Қазақ тіл білімінің проблемалары. – Алматы, 1982.

References

1 Baytursınulı A. Qazaq til biliminiñ mäseleleri. – Almatı, 2013.
2 Baytursınulı A. Til tağlımı. – Almatı: Ana tili, 1992
3 Balaqaev M. Qazaq ädebï tili. – Alma–Ata, 1987.
4 Sızdıq R. Qazaq tiliniñ anıqtağışı. – Astana: Elorda, 2000.
5 Sawranbaev N. Qazaq til biliminiñ problemaları. – Almatı, 1982.

Halenova A.R., Artykova E.U.,
Mahazhanova L.M.,

The impact of globalization on the appearance of the english words into the kazakh language

As the process of globalization involves drastic transformations of economies and societies as a whole, its impact on culture and language must not be underestimated as it can be traced in every aspect of life.

To analyse better whether or not the increasinguse of English is detrimental to Kazakh language and culture in the long run, a further and detailed research needs to be conducted on the extent of the use of English in Kazakh society and its effects on Kazakh educational system and culture. In the process of globalization Language borrowings are a clear evidence of linguistic dominance of one language over others; Borrowing has been defined as the introduction of phonological, morphological, lexical, and syntactic items from one language or into another.

Also, having noted that the spread of English is an indication of globalization process, the analysis of who supports and who opposes to the spread of English in culture in general and in education in specific, one can draw some conclusions who supports and who rejects globalization.

Key words: globalization, interdependence of language, culture, dominance of one language.

Халенова А.Р., Артыкова Е.У.,
Махажанова Л.М.

Жаһандану кезеңінің қазақ тілінде жаңа ағылшын сөздерінің пайда болуға тигізген әсері

Жаһандану үрдісі тұтастай экономика мен қоғамды түбегейлі өзгерістерге әкеп соғады және оны өмірдің әр аспектісінде байқауға болады, өйткені мәдениет пен тілге оның ықпалының бар екендігін жете бағаламауға болмайды.

Мақалада қазіргі кездегі заман талабына орай ағылшын тілін оқып-үйрену мәселесі қарастырылған. Әр студент өзін жан-жақты дамыған, шығармашылығы мол, өз бетінше іздене алатын тұлға ретінде көрсетуі тиіс. Сол себепті студенттер бірнеше тілді меңгеруге тиіс. Яғни, үш тілді меңгеру, білу – бұл жаһандық әлемге жолдама деген сөз. Бұл адамның өмірдегі табыстылық, жетістік принципі.

Кез келген қазақ тіліндегі жаңа ғылыми үрдістерді олардың өзекті мәселелерінің ғылыми және қоғамдық проблемаларын жетік меңгеру, қазіргі қоғамдағы лингвоэкологиялық жағдаяттарды толық игерту, ағылшын тілінің жаңа салалармен толығуы мен зерттелуінің мәселелерін анықтап білу болып табылады.

Түйін сөздер: жаһандану, мәдениет, тілге ықпалы.

Халенова А.Р., Артыкова Е.У.,
Махажанова Л.М.

Влияние глобализации на появления новых английских слов в казахском языке

По мере того, как процесс глобализации предполагает радикальные преобразования экономики и общества в целом, его влияние на культуру и язык не следует недооценивать, как это можно проследить во всех аспектах жизни.

Для того чтобы лучше проанализировать, является ли все более широкое использование английского языка вредным для казахского языка и культуры в долгосрочной перспективе, дальнейшее и детальное исследование должно быть проведено по степени использования английского языка в казахстанском обществе и его влияния на казахстанской образовательной системе и культуры. В процессе глобализации языковые заимствования являются наглядным свидетельством лингвистического доминирования одного языка над другими; заимствование было определено как введение фонологической, морфологической, лексических и синтаксических элементов одного языка в другой.

Кроме того, отметив, что распространение английского языка является показателем процесса глобализации, автором был сделан анализ того, кто поддерживает и кто выступает против распространения английского языка в культуре в целом и в образовании в частности.

Ключевые слова:

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

UDC 378.02

Halenova A.R., *Artykova E.U., Mahazhanova L.M.,

Senior teachers of Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan,
*e-mail: erkesh_d@mail.ru

THE IMPACT OF GLOBALIZATION ON THE APPEARANCE OF THE ENGLISH WORDS INTO THE KAZAKH LANGUAGE

In the 21st century the need for a deep scientific understanding of the nature of the process of globalization from the perspective of linguistics is particularly urgent. Language as a means of communication, traditionally considered one of the main indicators of the state of society as a whole, so any transformation of social relations is primarily manifested in the language environment of the country.

The world is developing towards intercultural communication. Knowledge of foreign languages today is not only cultural, but also an economic necessity. Foreign Language became aware as a communication tool, a means of understanding and interaction between people, the means of familiarizing with different national culture and as an important tool for the development of intellectual abilities of students, their educational potential. The global changes taking place in our society – the expansion of contacts, access to the foreign arena, the establishment of joint enterprises – led to interest in foreign languages.

Globality of language is determined by the role of the state, where it is the official language, in world politics, economics and culture. Race progress, for achievements in the field of science and technology, stimulates the intellectual and research capacity of community. Therefore, any language that is at the center of such a rapid development of international activities, immediately acquires the status of a «global».

The study of interaction and interdependence of language and culture helps linguists reveal the key points of their reciprocal influence upon the ethnic, cultural and social group an individual belongs to. This approach is of special attention in the modern age of rapid development of science and technology and universal globalizing processes [Левицкий (1) 2010, 82].

The Oxford Online Dictionary defines globalization as «the process by which businesses or other organizations develop international influence or start operating on an international scale» [Oxford Dictionaries Online]. Thus, globalization is first of all defined as the integration of national economies into the international economy through trade, foreign direct investment, capital flows, migration, the spread of technology, and military presence [Bhagwati, 2004]. However, as the process of globalization involves drastic transformations of economies and societies as a whole, its impact on culture

and language must not be underestimated as it can be traced in every aspect of life.

The question should be answered: to what extent are languages involved in the

process of globalization? And on the one hand: If cultural identity is linked to language, what effect does this have on the culture? As Ricento points out, «Can (and should) countries protect their national linguistic resources, or should they «open their markets» and promote languages such as English in order to enhance access to technology, trade, and the like?» [Ricento 2010, 125].

Languages are understood as sets of speech norms of a particular community and people using them signal their cultural identity. Thus a language becomes a part of a culture and differentiates it from others.

The information revolution is based on a computer connected to telecommunications networks, radically transforms the human being. It compresses time and space, opens borders, and allows establishing contacts anywhere in the world, turning individuals into citizens of the world. As the world economy has been integrating actively, a common tongue is now important to promote international commerce. Over the past two or three decades, English has come to occupy a significant position among languages – previously one of the several dominant European languages, it is a world language today, the language people use when they want to communicate both internationally and within their own communities.

Today, English is used largely due to the fact that it is used so heavily in television, film and music; besides ,it is also the predominant language on the internet pages other languages tend to have an English translation.

In the process of globalization Language borrowings are a clear evidence of linguistic dominance of one language over others; Borrowing has been defined as the introduction of phonological, morphological, lexical, and syntactic items from one language or into another. Borrowings occur when two languages are in contact. For many years now we have been referring to English as a global language – as the language of communication, technology, and business.; to track the stated tendency, we can consider some examples of English loan words into Russian, Kazakh Russian, Kazakh and speakers are using loan words frequently instead of the equivalents *business-related vocabulary* (the Russian language): бизнес (business), бизнесмен (Eng. businessman), брокер (Eng. broker), дефолт (Eng. default), дилер (Eng. dealer), дистрюбютер(Eng. distributor), доллар (Eng. dollar), копирайтер (Eng. copywriter), нейминг (Eng. naming), пиар (Eng. PR (public relation)), прайс лист (Eng. pricelist), промоушн (Eng. promotion), пресс-релиз (Eng. press-release), стар-тап (Eng. startup), офис (Eng. office), холдинг (Eng. holding), (Eng. boicot, bonus , business, cash, check, management, marketing, voucher, tariff , flashmop etc.); *IT-related vocabulary* (the Russian language): байт (byte), блог (blog, from «web log»), блогер (blogger), веб (world wide web»), интернет сервис провайдер (internet service provider), клик (click), лэптоп (лептоп) ноутбук (laptop), логин,monitor, printer, file, on-line, chat, internet, intranet, modem, multimedia, PC, portal, printer, click (mouse)), display, browser, cd, cd-rom, (login), плагин (plugin), трафик (traffic), хакер (hacker), хай-тек (hitech, etc.)

The Kazakh vocabulary also presents a number of borrowings that function alongside with the national words though the former ones are used more often nowadays e.g.: lets compare such kind of kazakh variants веб-ғаламтор, (Eng. web, from «world wide web») information – информация-ақпарат, universal – универсальный – әмбебап, businessman – кәсіпкер, broker – делдал, qualification – біліктілік, visit – іс-сапар, project – жоба.

And some authors have pointed out, that some loan words occurred under the influence of foreign culture and foreign words «fashion». For example: rating – (оценивать. определять – бағалау) ,(makeup), макияж, (show представление, көрсетілім, (presentation) открытие, ашылу, the dress code (кодекс одежды – киім кодексі, киім кию үлгісі), coffee – break – (короткий перерыв – қысқа үзіліс), volunteer (доброволец – өз ерікімен еңбектенуші), slogans (рекламный девиз – жарнамалы құран), baby box ((ящик для младенца – жаңа туған нәрестеге арналған жәшік), interactive взаимодействия, очень важная персона. Аса лауазымды адам (VIP – very important person). show-buisness, bestseller, supermarket – азық-түлік сататын дүкен, cruise – морское путешествие, теңіз саяхаты, such kind of loan words are easy and short to use. If we didn't use such kind of loan words, while translating them into Kazakh, they would contain several words [46, 48].

Language borrowings are an evidence of linguistic dominance of one language over others. Globalization allows language and their culture to spread and dominant rapidly on global scale and it has lead to extinction of other language and culture, putting them in endangerment. Of course, the pressures of globalization are experiencing not only the languages of indigenous peoples, but also the lan-

guages of larger linguistic communities. The most important area of dialogue organized by the national language is the verbal sphere of national culture. Of course, the acquisition of the English language that role can not be treated uniquely. The positive side of this process is obvious: the general command of the English language provides a natural human need for understanding on a global scale.

However, the distribution of a second language violates other natural human need: the desire in all circumstances to use their mother tongue, the development in early childhood. People are forced to have to learn a foreign language, although still is, capable of conscious learning of languages. So every culture tries to learn English and put little effort in learning their native language. Because in doing international business people need to learn English rapidly

Many scientists fear that the dominance of the English language can lead to a complete change of the language system, which under the influence of Anglo-American linguistic culture will bend the mental space of the native language. We believe that there is no reason for concern, because the English language – it is an opportunity due to the global information flow, with the result that every person can become an equal part of the global cultural community.

Globalization phenomena will be dominating in the future; it is our urgent task to outweigh the advantages and disadvantages of the globalization process, and find a way to benefit both national language and global values.

References

1 Левицкий А. Э. (1) Особенности взаимодействия языков и культур в эпоху глобализации / Андрей Эдуардович Левицкий // Русский язык и поликультурном мире: III Международная научно-практическая конференция (6 – 9 июня 2009 года, г. Ялта): Сб. науч. тр. – К. – Ялта, 2010. – С. 82–87.

2 Oxford Dictionaries Online. http://oxforddictionaries.com/view/entry/m_en_gb0337920#m_en_gb0337920.

3 Bhagwati J. In Defense of Globalization / JagdishBhagwati.– Oxford, NY: Oxford University Press,2004. – 320 p.

4 Ricento Th. Language Policy and Globalization / N. Coupland (ed.) The Handbook of Language and Globalization. – L.: Wiley-Blackwell, 2010. – P. 125

5 Ota N. (1) Cross-Cultural Communication through Japanese: Communicating with Japan through high school education / D. J. Dicks (ed.) Communicating with Japan: Images Past, Present and Future – An Interdisciplinary Anthology. – Montreal: Concordia University Press, 1995. – P. 119.

References

1 Levickij A. Je. (1) Osobennosti vzaimodejstvija jazykov i kul'tur v jepohu globalizacii / Andrej Jeduardovich Levickij // Russkij jazyk i polikul'turnom mire: III Mezhdunarodnaja nauchno-prakticheskaja konferencija (6 – 9 ijunja 2009 goda, g. Jalta): Sb. nauch. tr. – K. – Jalta, 2010. – S. 82–87.

2 Oxford Dictionaries Online. http://oxforddictionaries.com/view/entry/m_en_gb0337920#m_en_gb0337920.

3 Bhagwati J. In Defense of Globalization / JagdishBhagwati.– Oxford, NY: Oxford University Press,2004. – 320 p.

4 Ricento Th. Language Policy and Globalization / N. Coupland (ed.) The Handbook of Language and Globalization. – L.: Wiley-Blackwell, 2010. – P. 125

5 Ota N. (1) Cross-Cultural Communication through Japanese: Communicating with Japan through high school education / D. J. Dicks (ed.) Communicating with Japan: Images Past, Present and Future – An Interdisciplinary Anthology. – Montreal: Concordia University Press, 1995. – P. 119.

Шойманова М.Б.,
Жамашева Ж.Р.

Қазақ және ағылшын халықтарының ұлттық тағам атауларының тілдегі көрінісі

Жалпы алғанда, көлемінің ықшамдығына қарамастан, бейнелі тілдік бірліктер нақты да күрделі ойдың себеп-салдарын, халықтың өмір тәжірибесінің қорытындысы мен дәлелін қатар білдіреді. Онда халықтың тарихы, саяси өмірі, тыныс-тіршілігі, дүниетанымы, рухани және материалдық мәдениеті жан-жақты көрініс тапқан. Терең ойды аядай қалыпқа сыйғызған халық даналығын, шешендігі мен асқан шеберлігін танытатын да осы ұлттық сипатқа ие мәдени ентаңбалы (маркерлі) тұрақты орамдар. Әрбір халықтың тарихи даму кезеңдеріндегі сан алуан өзгерістер тілдің лексикалық-грамматикалық жүйесінде өзіндік із қалдырып отырғаны белгілі, алайда, өзінің біртұтас жүйесін, тұлға-тұрпаты мен мән-мағынасын сақтап қалған дәл осы тілдік бірліктер.

Түйін сөздер: бейнелі тілдік бірліктер, дүниетанымдық ерекшеліктер, халық даналығы, ұлттық сипат.

Shoimanova M.B.,
Zhamasheva Zh.R.

Linguistic units of traditional meal names of Kazakh and English nations in the light of the language

In general, at the same time figurative linguistic units refer to the reasons of concrete and difficult ideas, conclusions and proofs of life experience of the people despite of small volume. Also the history, political life, culture, outlook, spiritual and material culture of the people are shown in them. And these cultural marker constant syllables reflect speaking, excellent skill and that folk wisdom which contain a deep meaning in each syllable. It is known that various changes in historical stages of development of each people are left by a significant trace in lexical and grammatical system of language, but there are language units that refer to a part of language which kept the uniform system, form and value.

Key words: figurative linguistic units, world outlook, folk wisdom, national peculiarities.

Шойманова М.Б.,
Жамашева Ж.Р.

Названия национальных блюд казахского и английского народов в свете языка

В целом, образные языковые единицы, несмотря на небольшой объем, одновременно означают причины конкретных и сложных идей, выводы и доказательства жизненного опыта народа. В них проявляются история, политическая жизнь, быт, мировоззрение, а также духовная и материальная культура народа. Именно эти культурные маркерные постоянные единицы отражают ораторство, превосходное мастерство и ту народную мудрость, которая вмещает в каждый слог глубокий смысл. Известно, что различные изменения в исторических этапах развития каждого народа оставляют значимый след в лексико-грамматической системе языка, но существуют языковые единицы, которые сохранили свою единую систему, форму и значение.

Ключевые слова: образные языковые единицы, мировоззрение, народная мудрость, национальные особенности.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 81’373.222=512.122=111

Шойманова М.Б.[1], Жамашева Ж.Р.[2],

[1]«Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы аға оқытушы, ф. ғ. к., [2]М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университеті, аға оқытушысы, п. ғ. к., Шымкент қ., Қазақстан, e-mail: moldir@list.ru; zhanar.75.03@mail.ru

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМ АТАУЛАРЫНЫҢ ТІЛДЕГІ КӨРІНІСІ

Қазақ өмірінде мал сүті ежелден-ақ маңызды орын алатын. Әсіресе жаз айларында негізінен малдың сүтін, бір жағынан, қорек, екінші жағынан, сусын ететін. «*Сауынсыздықтың жазы болмас, қауынсыздықтың күзі болмас*» дегендей қысқы азықтың да біразын сүттің көп кезінде дайындайтын. Қазақ халқы төрт түлікті сауып, әрқайсысының сүтінен әртүрлі тағам дайындайтын. Жазғытұры қара мал төлдесімен халықтың аузы аққа тиеді (қазақ халқы мал сүтінен дайындалған сұйық тамақ, яғни сусын түрлерінің бәрін «*ақ*» деген).

Ерте кезде «*ақты*» қазақ киелі деп есептеп, оны аяқ астына төкпеген. Өйткені *ақ* төгілген жерді адам басса, ит жаласа малдың желіні іседі, сүті қайтады деген ұғым болған. Тіпті мал сауылған шелектердің де жуындысын адам баспайтын қалтарысқа төгіп немесе итаяққа құйып итке беретін. Ал байқаусызда аяқ астына төгіліп қалса, оны топырақпен дереу жауып тастайтын. Мұның бәрі қазақ өміріндегі мал сүтінің қаншалықты маңызды орын алғандығына зор айғақ болғандай.

Ірі қараның өзі ең алдымен оның сүті үшін ұсталатындықтан, бұзаулы сиырлар түгелдей сауылатын. Ал малы көп ірі байлардың төлді малдары түгелдей сауылмайтын. Себебі олардың бәрін бірден сауға бірден шамасы келмейтін, әрі керек те етпейтін. Орта шаруалар мен кедейлер үшін мал сүтінің қажеттігі сонша, олар төлі өлген барлық түліктің аналық басын суалтпауға тырысып, оларға бөтен төлді телитін.

Түрлі себептермен телуге мүмкіндік болмай немесе төл әбден есейіп кеткен соң шетінесе, оның терісінен тұлып жасап та, енесін суалтпай сауа беретін. Тұлыппен сауу негізінен сиырға ғана қолданылады. Өйткені өзге түлік бұған тез көне қоймайды.

Әр түліктің сауылатын мерзімі әртүрлі. Мысалы, сиыр бұзаулауына 1-2 ай қалғанға дейін сауылады. Сиыр жаздыгүні күніне екі рет (таңертең және кешке), қожыраған кезде (кешкісін) бір-ақ рет сауылатын.

Ежелден төрт түлік малмен көзін ашқан малсақ халқымыз кесек-кесек сом ет пен шелек-шелек сүт беретін сиыр жөнінде Зеңгі баба атынан:

Сиыр баға білмесең,
Шаруа емессің, шөнексің.

Сиыр сауа білмесең,
Сүт-айрансыз көнексің.
Саба желін, сом етті
Әукешіме не жетсін, –

депті.

Сүт – ең басты қоректік зат. Оны кей жерде *сүме* деп те атайды [1, 115]. Сүттен халқымыз неше түрлі тағамдар әзірлеген.

Сүттен жасалатын ұлттық тағам атаулары: *сүт, уыз, кілегей, қаймақ, май, торта, ірімшік, айран, іркіт, қатық, сүзбе, құрт, малта, ежігей, уызқағанақ, тасқорық, сірне, құрғақ сүт,* т.б.

Бұлар – адам үшін өте қажетті әрі ең маңызды тағамдар. Олардың құрамында адамға қажетті қоректік заттардың (ақуыз, май, қант, дәрумендер, минералдық заттар, т.б.) бәрі де бар [2, 102-111; 3, 174-176].

Сүт [milk] – пісіріп, ыстықтай да, салқындай да ішетін сіңімді тағам. Оны шайға қатады, көжеге қосады. Сүттен айран ұйытады. Сүттің екі түрі бар: *көк сүт* (майы алынған сүт) [skim milk, fat-free milk, nonfat milk, skimmed milk], *майлы сүт* (майы алынбаған сүт) [whole milk, rich milk, creamy milk] [2, 107]. Мыс.: *Қазина еңгезердей қызыл сиырды нұсқап: – Кейде қарап тұрып-ақ тулап кететіні бар. Абай отырмасаң* ***сүтіңді*** *ақтарып, өзіңді майып етеді, – деді* (Қ. Қамбаров, Алтай аясы). Тағы бір деректерге сүйенетін болсақ, иігенге дейін сауылған сүт, сүттің ең майлы бөлігін *жебінді сүт* деп атайды екен.

Уыз [beestings, foremilk, first milk, colostrum] – жаңа төлдеген малдың (сиырдың) алғашқы сүті. Оны пісірсе, қоюланып, бауыр болып ұйып қалады. Түсі – ақ немесе ақ сары. Өте қуатты әрі дәмді тағам. Мыс.: *Мүмкіндігінше енесі жарытпаған қозыларға қой сүтінің орнына сиырдың уызын қолданса да болады* («Лен.жас»). *Жас бұзауға* ***уыз*** *берілетін себебі – тіршілігінің алғашқы күндерінде олардың асқазаны уызды ғана қорыта алады* (Қазақст. етті молайту).

Кілегей [sour cream, cultured cream, acidified cream] – қойып қойған шикі сүттің бетіне жиналып қалатын немесе сүтті сепаратор машинасына тартып, бөліп алатын маңызы. Сондықтан да кілегейді кейде *сүттің маңызы* деп те атайды. Кілегейден май шайқайды, болмаса оны нанға жағып жейді, талқан шылайды, әртүрлі тағамдарға қосады [3, 108]. Мыс.: *Сабын жеген сиырша қарнымыз қампайғанымен, көк темірден өткен сүттің* ***кілегейінде*** *де, майында да не дәм, не кенеу (қуат) жоқ* (З.Жәкенов, Таң самалы.).

Қаймақ [cream, dairy cream] – піскен сүттің бетіне жиналған маңызы. Оны жейді, шайға қосады. Қаймақпен тары, талқан, бидай шылайды. Мыс.: *Қаймақ жоспары орындалмай қалады деген боп, сиырды қақтай саудырды* (Б. Майлин, Шығ.). *«Апалап» жүріп* ***қаймақ*** *қайнаттырып жейді, құрттың май көбігін жалайды, сиыр сауысады* (Р. Тоқтаров, Ертіс).

Балқаймақ [dish made of sour cream] – кілегейді қайнатып жасайтын тағам. Үстіне аздап бал қосады, ұн себеді. Дәмді тағам [4, 93].

Қаспақ [skimming] – сүт пісірілген ыдыстың (қазанның) түбіне жабысқан маңызы. Мыс.: *Ол әке-шешесіз, үй-күйсіз Қосайдың есігінде итпен таласып сүйек кеміріп, күшікпен ырылдасып қаспақ жеп өсті* (І. Жансүгіров, Шығ.). *Қаспаққа өш кісінің үйлену тойында қыс болса қар, жаз болса жаңбыр жауады деседі* (М.Ысқақов, Соқыр сенім).

Май [butter] – кілегейді шайқау арқылы немесе күбіге жиналған ашыған сүтті пісу арқылы алынатын ең құнарлы тағам. Оны *сармай// сарымай* деп те атай береді. Мыс.: *Аттаудан май алдым да, аузыма салдым* («Ленин туы»). *Бар дейсің байлық қылып қос өгізім, Бір байдан майын сұрап алғаныңа, Айтуға аяқты мал таппаған соң, Теректі сасқаннан соң санадың ба?* (Айтыс)

Халық *еріткен май* немесе *тортасын айырған май* [ghee] өнімін пайдаланады. Ерітілген май оның түсі қоңыр түске айналғанша қайнату арқылы әзірленеді. Ерітілген май ұзақ уақытқа бұзылмастан сақталады. Мыс.: *The nonfat parts are thrown away, and the fat, or ghee, is used for food* (The World Book Encyclopedia).

Торта [scum, rendering] – сары майды қайнатқаннан кейін ыдыс түбінде қалатын тұнба. Дәмді тағам [1, 43]. Халық әніндегі: *Қарағым, айналайын, орта бойлым! Айырып сары майдан торта қойдым. Атыңды жанның бәрі білмесін деп, Әдейі «Күлімкөз» деп, жорта қойдым!* – дегендегі «торта» – осы *торта*. Мыс.: *Сары майдан тортасын айырып сататын* (Кенжетаев).

Ірімшік [cottage cheese, home-made cheese, cream cheese] – оны қайнату үшін әйелдер күні бұрын қазан-қазан сүт жияды. Содан соң оған туа сала, ауызданбай өлген жас қозының ұлтабарынан кесіп алып, сақтап қойған мәйегін езіп қосып, әуелі сүтті ұйытады. Сөйтеді де қайната береді. Ірімшік кесек-кесек болып, кер қызыл тартып піскен кезде, сары суы әбден

суалып, қоюланады. Түсі қоңыр қызыл, шоколад сияқты болады. Оны домалақтайды да, қысқа сақтайды немесе сүзбеден жасалатын құртқа қосады [1, 91]. Ірімшік өте дәмді, бағалы ас. Ұзақ уақытқа сақталады. Мыс.: *«Мө», – деді қоңыр сиыр сөзге жетік, Құр босқа даурықпалық теріс кетіп, Шығады сүтімнен май, құрт, ірімшік, Бағалы етім майлы терім – етік* (Айтыс). *Дастарқанда ірімшік, құрт, май, сапырулы қымыз* (Елебекова).

В статье рассматриваются некоторые аспекты преподавания курса «Научно-технический перевод» на физико-техническом факультете КазНУ. Основная проблема преподавания данного курса в неязыковом вузе состоит в ограниченном количестве часов, выделяемых на данный предмет, и недостаточно высоком уровне знаний английского языка у обучающихся. Поэтому преподаватели должны в сжатые сроки дать студентам максимальное количество навыков, на основе которых студенты смогут переводить тексты по специальности. При переводе текстов мы учим студентов использовать знания по специальности, что обуславливает выбор текстов по уже пройденным по курсу физики темам. Знание предметной области помогает студентам определить, какое понятие выражает термин, так как часто термины обозначают разные понятия в зависимости от области употребления. В статье показана взаимосвязь между курсом НТП и курсом профессионально-ориентированного английского языка. Проводится сравнение примеров дословного и литературного перевода.

Ключевые слова: профессиональный (технический) язык, текст по специальности, термины, аббревиатуры, перевод.

Strautman L.E., Gumarova Sh.B.

Tasks of the course «Scientific and technical translation» at nonlinguistic faculties

The article discusses some aspects of teaching the course «Scientific and Technical Translation» in the Faculty of Physics & Technology, KazNU. The main problem of teaching the course «Scientific and Technical Translation» at nonlinguistic faculties is a limited number of hours for the subject, and insufficiently high level of proficiency in English. Therefore, in a very limited time teachers must provide students with skills using which students will be able to translate texts connected with their specialty. When translating the text, we teach students to use the knowledge on their specialty, which leads to the choice of topics already studied in the course of Physics. Their knowledge of the subject area helps students determine the correct translation of the term, because often terms have different meanings depending on the area of their application. The article shows the relationship between the STT course and professionally-oriented English language. A comparison of examples of word-for-word and literary translation is shown.

Key words: professional (technical) language, terms, abbreviations.

Страутман Л.Е., Гумарова Ш.Б.

Тілдік емес факультеттерде «Ғылыми-техникалық аудару» курсының міндеттері

Мақалада әл-Фараби атындағы ҚазҰУ физика-техникалық факультетінде «Ғылыми-техникалық аудару» курсын оқыту барысындағы түйткілді мәселелер қарастырылады. Тілдік емес оқу орындарында «Ғылыми-техникалық аудару» курсын оқытудағы негізгі мәселе – берілген пәнге бөлінген сағат санының шектеулі болуына байланысты студенттердің ағылшын тілін меңгеруінің талапқа сай жоғары деңгейде болмауында. Сондықтан оқытушылар қысқа мерзімде студенттерге мамандығы бойынша игере алатын мәтіндерді аудару дағдыларын максимальді мөлшерде меңгертуі тиіс. Мәтіндерді аудару кезінде студенттерді мамандығы бойынша білімдерін пайдалануға үйретеміз, себебі таңдалынған мәтіндер физика курсы бойынша өтілген мәліметтерге байланысты алынады. Терминнің мағынасы қолданылу аясына байланысты болғандықтан, студенттердің пән бойынша білімдері олардың қандай мағынада қолданылып тұрғандығын анықтауға септігін тигізеді. Мақалада «Ғылыми-техникалық аудару» курсы мен «Кәсіби бағдарлы шет тілі» курсы арасындағы байланыс көрсетілген. Тікелей және әдеби аударма мысалдары салыстырылып беріледі.

Түйін сөздер: кәсіби (техникалық) тіл, терминдер, қысқартулар.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

УДК 378

Страутман Л.Е., Гумарова Ш.Б.,

ст. преподаватели Казахского национального университета
имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан,
e-mail: strat50@mail.ru; sholpan5619@mail.ru

ЗАДАЧИ КУРСА «НАУЧНО-ТЕХНИЧЕСКИЙ ПЕРЕВОД» НА НЕЯЗЫКОВОМ ФАКУЛЬТЕТЕ

Современный специалист должен уметь ориентироваться в современной информационной среде, получать и обрабатывать информацию, представленную иностранными авторами. В настоящее время около 90% научной литературы публикуется на английском языке, поэтому выпускники технических факультетов должны владеть английским языком. Одной из наиболее важных задач обучения иностранному языку на неязыковых специальностях является формирование навыков перевода научно-технической литературы.

Хорошая лингвистическая подготовка, включающая переводческие умения и навыки, существенно влияет на профессиональную компетентность современного специалиста.

В данной статье мы рассматриваем некоторые аспекты преподавания перевода научных текстов с точки зрения повышения эффективности данного процесса. Основная проблема преподавания курса «Научно-технический перевод» в неязыковом вузе состоит в ограниченном количестве часов, выделяемых на данный предмет, и недостаточно высокий уровень знания английского языка. Поэтому преподаватели должны в сжатые сроки дать студентам максимальное количество навыков, на основе которых студенты смогут переводить тексты по специальности. Мы рассмотрим некоторые специфические проблемы, которые представляют интерес не только для студентов, но и для начинающих переводчиков технической литературы. В статье по проблемам ESP, Hutchinson [1] отметил: «Изучение профессионального языка повышает мотивацию студентов, что позволяет достичь более эффективных результатов в более короткий срок».

В настоящее время большинство студентов, приступающих к изучению профессионального (технического) языка, имеют в качестве пререквизитов курс English File.

Курс «Научно-технический перевод» предполагает развитие компетенций и навыков, необходимых для чтения и перевода научной литературы по специальности, формирование терминологического словаря, написания докладов и выступлений на конференциях. Курс ориентирован на развитие у студентов восприятия иностранного языка как источника информации и иноязычного средства коммуникации в целях

расширения и углубления системных знаний по специальности и как средство самостоятельного повышения своей профессиональной квалификации. Организация учебного процесса должна предусматривать этапность в формировании навыков перевода литературы по специальности для преодоления возникающих трудностей.

К концу курса обучения научно-техническому переводу студенты должны:

1. Знать термины, наиболее часто применяемые в данной области. Изучить параллельные (близкие по содержанию) тексты на английском и русском языке для понимания многозначности слов при переводе и поиска правильного варианта перевода. Этот метод позволяет студентам научиться переводить термины.

2. Изучить грамматические конструкции, характерные для научных текстов. Уметь сравнивать их с конструкциями из общего курса английского языка.

3. Научиться основам перехода от дословного перевода к переводу профессиональному.

4. Знать наиболее распространённые сокращения в текстах по специальности и способы их перевода.

5. Уметь читать и переводить аутентичные тексты по специальности с иностранного языка на родной язык с использованием словаря и справочников.

Для решения этих задач необходимо использовать тексты, содержание которых связано с изученным и изучаемым лексическим и грамматическим материалом.

При изучении грамматики были использованы параллели между грамматикой, представленной в English File и предложениями в технических текстах. Например, Second conditional. Приведем некоторые примеры из English File и научных текстов.

I would buy the car if I were you. (English File)

Were the earth perfectly spherical. It would be much easier to calculate satellite orbits. (English for physicists)

Were it not for the spectroscope, we would not be able to learn the composition of stars.

Демонстрация таких параллелей позволяет студентам быстрее понять и закрепить материал.

Тексты, используемые на занятиях, должны отражать стиль научно-технической литературы, но не должны быть перегружены незнакомой терминологией.

Точность перевода как отдельных частей текста, так и всего текста в целом, определяет качество научно-технического перевода. Для правильного и полного перевода научно-технического текста необходимо правильно понять и перевести связанные между собой смысловые группы слов, составляющие мысль предоставляемого отрезка информации. При оценке перевода надо учитывать не только то, насколько верно переведены все предложения и текст в целом, но и то, насколько точны найденные переводчиком слова и выражения.

В научной лексике употребляется большое количество специальных терминов и слов не англосаксонского происхождения. Слова отбираются с большой тщательностью для максимально точной передачи мысли. Большой удельный вес имеют служебные слова и слова, обеспечивающие логические связи между отдельными элементами высказываний. Особое значение отводится аббревиации как особому типу номинативных знаков.

Основные особенности перевода научно-технических текстов проявляются в обязательном знании переводчиком терминов, касающихся конкретной технической области перевода. Научно-технические тексты требуют точного перевода с использованием соответствующих лексических эквивалентов в языке перевода. Значительные трудности при переводе научных текстов возникают и в том числе, если слово имеет несколько значений. Выбрать то, которое не искажает не только смысл перевода, но и дает правильную трактовку термина для конкретного технического случая – это мастерство переводчика. Иногда техническая терминология может поставить в затруднительное положение и человека с инженерным образованием, особенно, если в разных технических областях применяются совершенно разные значения одного и того же слова.

При переводе текстов мы учим студентов использовать их знания по специальности, что обуславливает выбор текстов по уже пройденным по курсу физики темам. Знание предметной области помогает студентам определять, какое понятие выражает термин, так как часто термины обозначают разные понятия в зависимости от области употребления. Такое явление называется полисемией. Рассмотрим примеры многозначных технических терминов:

– термин «well» имеет значение: потенциальная яма (в физике) и буровая скважина (в нефтедобыче);

– термин «workshop» имеет значение: мастерская, цех, а также семинар, симпозиум;

– термин «matter» имеет значение: вопрос, дело (в разговорном языке), но вещество, материя (в физике).

Студенты не сразу воспринимают новые значения уже знакомых им слов. При изучении английского языка мы сталкиваемся с несколькими лексическими единицами, выражающими одно и то же понятие [2]. Такое явление называется синонимией. Например:

– ядро (core, nucleus);
– точность (accuracy, precision);
– определение (definition, determination)
– оценка (evaluation, estimation, appreciation).

Несмотря на многозначность терминов при переводе необходимо найти правильный термин, применяемый именно в данной области. При описании конкретной предметной области, например области ядерной физики, термины не допускают неверного их толкования. Поэтому важно на занятиях использовать тексты со знакомой лексикой на русском языке. Например, при переводе предложения

The radiation caused by positive particles, which were shown by Rutherford to be positively charged cores of helium atoms, was called alpha radiation.

Излучение, вызванное положительными частицами, которые, как было показано Резерфордом, являются положительно заряженными ядрами атомов гелия, называли альфа-излучением.

студенты-физики не напишут «позитивная частица», что вполне вероятно для студентов гуманитарных факультетов.

Термины в технических текстах несут основную семантическую или смысловую нагрузку, занимая главное место среди всех слов, поэтому правильность их перевода играет значительную роль для понимания сути переведённого текста. Но общая доля терминологической лексики в техническом тексте, как правило, не превышает 25%. Общетехническая лексика состоит из слов, словосочетаний, специальных оборотов, употребляемых для выражения связей и отношений между терминированными понятиями и объектами.

При отборе терминологического материала авторы использовали наиболее распространенные термины, которые часто вызывают затруднения у студентов и начинающих переводчиков.

Еще одна немаловажная проблема – это наличие в текстах аббревиатур или сокращений, которые не всегда понятны даже техническим специалистам. Сокращения и аббревиатуры могут стать непреодолимым барьером на пути к качественному переводу. Например, в английских статьях по ядерной физике часто используются сокращенные названия методов и моделей, например, CRC – метод связанных каналов реакций, DWBA – модифицированный метод искаженных волн, ANC – асимптотический нормировочный коэффициент. Достаточно высока частотность терминов, имеющих перевод на русский язык, но используемых в виде транслитерации в русском переводе. Например, core spin согласно словарю должно быть переведено как «спин ядра», но в физических текстах переводится как «спин кора», так как понятие «спин ядра» имеет другой смысл.

Одной из наиболее трудных практических задач при обучении переводу – переход от дословного перевода к переводу профессиональному, то есть применение грамматических преобразований в процессе перевода, правильная передача отдельных лексических единиц и словосочетаний средствами родного языка [3]. Рассмотрим примеры из реального научного текста по физике плазмы.

Английский текст: *Dusty plasmas of the size and nature observed in the DUPLEX device can be generated because there are none of the usual sheath effects near the walls that are present in most smaller experiments.*

Подстрочник: *Пыльные плазмы от размера и характера наблюдаемого в дуплексном устройстве могут быть созданы, потому что нет ни одного из обычных эффектов оболочки вблизи стенок, которые присутствуют в большинстве небольших экспериментов.*

Русский перевод после редактирования: *Установка DUPLEX позволяет получить пылевую плазму данного типа и размера, так как в данной установке нет ни одного из пристеночных эффектов, которые обычно присутствуют в большинстве экспериментов с камерой меньшего объема.*

Английский текст: *The dust cloud internal structure suggests a possible underlying electrostatic potential structure in the region where the particles are suspended. Because these highly structured clouds form above the dust sources, it is possible that the insulation provided by the unlevitated dust on the cathode alters the local potential profile directly above the source.*

Русский перевод: *По внутренней структуре облака пыли можно предположить существование базового электростатического потенциала в области, занимаемой взвешенны-*

ми частицами. Так как эти сильно структурированные облака образуются над источниками пыли, то, возможно, изоляция, создаваемая на катоде не осевшей пылью, изменяет локальный профиль потенциала непосредственно над источником.

Перевод названия статьи, который невозможно сделать без знания изучаемого предмета:

Dusty Plasma Dynamics in the NRL Space Physics Simulation Chamber Laboratory

Исследование динамики пылевой плазмы в камере-модуляторе лаборатории космической физики ВМС

Из приведенных примеров следует, что перевод не должен быть ни буквальным подстрочником, ни вольным пересказом оригинала, хотя элементы того и другого обязательно присутствуют. Перевод научно-технического текста должен верно передавать смысл оригинала в форме, по возможности близкой к форме оригинала. Отступления должны быть оправданы особенностями русского языка и требованиями стиля.

Литература

1 Hutchinson, T.; Waters, A. English for Specific Purposes: A learning centered approach. – Cambridge: Cambridge University Press, 1987.

2 Иванкина О.В. Лексико-грамматические особенности информативного перевода специальных текстов // URL:http://studyenglish.info/article080.php

3 Мешков О., Лэмберт М. Практикум по переводу с русского языка на английский. – Москва, 2002. – 200 с.

References

1 Hutchinson, T.; Waters, A. English for Specific Purposes: A learning centered approach. – Cambridge: Cambridge University Press, 1987.

2 Ivankina O.V. Leksiko-grammaticheskie osobennosti informativnogo perevoda special'nyh tekstov // URL:http://studyenglish.info/article080.php

3 Meshkov O., Lehmbert M. Praktikum po perevodu s russkogo yazyka na anglijskij. – Moskva, 2002. – 200 s.

Толегенов Т.Қ.

Қазақ тілі сабағында алаш арыстарының еңбектерімен таныстыру

Алаш арыстарының бірі ретінде Ыдырыс Мұстамбайұлы біріншіден, сыншы ретінде 1920 жылдардағы көркем әдебиет туралы пікірталасқа белсене араласып қана қоймай, сол жылдардағы солақай саясаттың ықпалына түспестен, ұлттық мүддені жоғары қоятын берік ұстанымынан таймай, өзіндік батыл пікірлерімен көзге ерекше түссе, екіншіден, ұлтымыздың рухани байлығы, әдебиетіміздің темірқазығы Абай шығармашылығын жоққа шығаруға тырысқан кейбір қаламгерлердің теріс пиғылды мақалаларына батыл түрде тойтарыс беріп, абайтануға өзіндік үлкен үлес қосты. Үшіншіден, Ыдырыс Мұстамбайұлының зұлматты жылдарда алаштың саңлақ ақыны М. Жұмабаевты кеңестік идеологияның айыптауынан арашалап алып қалуға тырысып жазған мақаласының да мағжантануда алар орны ерекше деп қарау керек.

Түйін сөздер: сыншы, көркем әдебиет, пікірталас, рухани байлық, абайтану, ұлттық мүдде.

Tolegenov T.K.

On the use of Alashorda works at the Kazakh language lessons

In the 1920s the slogan that the literature should defend only proletariats' interests was proclaimed and the name of «left feudalists» was given to many talented writers of that time, who had their own opinion. One of those bright literal people was Ydyrys Mustambayev, who was under the ideological pressure and whose name was undeservedly forgotten for a long period of time. Nowadays, the studying of his literary heritage is very actual for future development of Kazakh literary studies.

Key words: critic, fictiona, discussion, spiritual wealth, Abai studies, the national interest.

Толегенов Т.К.

Использование трудов алашординцев на уроках казахского языка

В 20-годы XX века был провозглашен лозунг о том, что литература должна защищать только классовые интересы пролетариата и на многих талантливых литераторов того времени, отличившихся иным собственным мнением, был навешен ярлык «левых феодалистов». Одним из ярких литераторов того времени, который подвергся жестокому идеологическому прессингу и чье имя долгое время незаслуженно было забытым, является видный общественный деятель, юрист, литературный критик Ыдырыс Мустамбайулы. На сегодняшний день изучение его литературного наследия является актуальным для дальнейшего развития казахского литературоведения.

Ключевые слова: критик, художественная литература, дискуссия, духовное богатство, абаеведение, национальный интерес.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 82.0

Толегенов Т.Қ.,

«Тұран» университетінің доценті, ф. ғ. к.,
Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: tolegenov62@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІМЕН ТАНЫСТЫРУ

Жоғары оқу орындарында қазақ тілін тереңдетілген деңгейде оқитын оқу топтарына алаштың абзал азаматтары туралы мәліметтер берілуі тиіс. Алаштың тарихына аттары алтын әріппен жазылған ұлтымыздың біртуар ұлдары жайында өскелең ұрпақ тереңірек білулері үшін олардың есімдері, шығармашылығы бағдарламадан өз орнын тапқаны дұрыс.

Жиырмасыншы жылдары қазақ әдебиеті сынының өркендеп қанат жаюына қоғам қайраткерлері де өздерінің айтарлықтай үлестерін қоса отырып, дарындары жағынан кәсіби қаламгерлерден кем түспейтін деңгейде көрінді. Олар – Смағұл Сәдуақасов, Ыдырыс Мұстамбайұлы, Нәзір Төреқұлов, Ілияс Қабылов, Сұлтанбек Қожанов, Шәймерден Тоқжігітов сынды азаматтар. Бұлар негізінен мемлекеттік қызметте болғандықтан сынға жиі араласуға мүмкіндіктері аз болды.

Солардың ішінен өзінің мақалаларының мәнділігімен, өміршеңдігімен, терең ойлылығымен жарқырай көрініп, аса белсенділік танытқан, ірі қоғам қайраткері, әдебиет сыншысы Ыдырыс Мұстамбайұлының еңбектеріне ерекше тоқталуды жөн көрдік.

Ыдырыс Мұстамбайұлының өзі де түрлі заң, кеңес қызметінде лауазымды міндеттер атқарғанымен, әдебиет, мәдениет, саясат төңірегінде болып жатқан оқиғаларға сын тұрғысынан белсене араласып, соның ішінде әсіресе, Абай мұрасын үнемі назарында ұстап, сол кездің қасаң саясатынан қызғыштай қорғады. Ұлы ақынды халық санасынан өшіріп, шығармаларын жоққа шығаруға тырысқан шенеуніктер мен кейбір қаламгерлер әрекеттеріне аяусыз тойтарыс беріп, дәлелді түрде қарсылық білдірді, ескі атаулы мен көне мұраға тыйым салған Сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйе қаһарынан еш қорықпай ұлы ақынның қазақ әдебиеті тарихындағы ерекше орны мен мән-маңызын жете ашып берді. Қайтпас қайсар өр мінезі үшін де «таймас қара» атанып, 1920-жылдардағы Абай төңірегіндегі әдеби айтыс тартыста ұлы ақын өмірімен шығармашылығы жайлы терең білімділігін танытып, биіктен көрінді.

1926 жылдың маусымында Қазақстандағы ҚазАПП-тың құрылуына Мәскеуде пролетариат жазушыларының бүкілодақтық ассоциациясының (ВАПП) құрылуы себеп болды. Алайда, бұл ұйым қазақ жазушыларының арасында іріткі туғыздырып, олардың жік-жікке бөлініп, топ-топ болып бір-бірімен айтыс-

уына түрткі болды. Қазақ әдебиетінде де пролетариат әдебиеті атанған жаңа ағымның пайда болуы сол кездегі айтыс-тартысты одан әрі қыздыра түсуге себін тигізді.

Ыдырыс Мұстамбайұлы «Сын мен баспасөз туралы» [1] мақаласында сол кездегі «өзара сынды күшейтудің бір жолы баспасөз арқылы істеген істің жөнін айтып еңбекшілер жұртшылығының алдына салып таныстырып отыру» екендігін айта келіп, қазақ газеттерінің кемшіліктеріне тоқталады: «Біздің ішімізде қазақ газетінің аттарын білмейтін «сабаздар» да жоқ емес. «Менің білгенімнен артық нені жазады» деп қазақ газеттерін оқымайтынын «мақтаныш» қылып, «білгендігін» көрсететіндер де табылып қалады. «Мені біреу не мақтап, не боқтап жазған, болмаса, менің мақалам басылған санды жіберіңдер» деп жүретіндер де табылады... Қазақша білмеймін ғой, орысша жазайын деп өтінетіндер де бар. Тіпті кейде сол орысша жазғандарын орыс газетіне бере салып, ертең онда басылып шаққан соң, «ана мақаламды аударып басыңдар» деп қолқа салып түстен кейін мөңірейтіндер де бар... «Өз тілін өзі ұмытып кетіп, қазақша сауатын ашуды міндетім» деп білмейтін сауатсыздар да бар. Керек десе, жарнама байланыстарын орыс газетіне ғана бастырып «үнем» қылатындар да бар. Баспасөзге қатынасу – жұртшылыққа қатынасу... Бұл жұмысымызға кіресерде мұндай қылықтарды жіпке тізе айта отыру керек» дей келе, «не көп газетке басылып жатқан жолсыздықтар көп» [2] екенін айтады.

Ыдырыс сол жылдардағы газет басқармалары не болса, соны ойдан шығарып, не біреуді мұқату үшін, көрінген хабарды қойып қалып отырмауын, тілшілердің жазғанын, қолға түскен мәліметтердің сөлін алып отырып жазуын, басуын ескертеді. Уездік, губерниялық, өлкелік газеттердегі жолсыздықтарды атай келіп «бұл шен сыйлағандық салдары» екендігін баса айтады.

Ол кездегі алаш ұлдарының қазақ ұлтының мүдесіне қатысы бар қандай ірі мәселелер болмасын, бел шеше араласып, белсенділік танытқанын қазір көптеген зиялыларымыз жазып, зерттеп жатыр. Солардың бірі, ұлтының біртуар азаматы Ыдырыс Мұстамбайұлы да өзінің «Түркістан – Сібір жолы» [1, 2] атты еңбегінде сол кезде жүргізілген ірі құрылыстың бірі «Түркісибке» жан-жақты экономикалық талдаулар жасайды.

Ыдырыс, басқа да кемшіліктерді атай келіп, баспана мәселесіне де арнайы тоқталып өтіп, құрылыс материалдарын үнемдеуге, тиімді жақтарын қарастыруға да көп көңіл бөлген.

Сондай-ақ, тағы бір кемшілік мынау деп Ыдырыс: «Жұмыста ешқандай жүйелілік жоқ екендігін, қолда бар құрал жабдықтарды, техникалардың дұрыс пайдаланылмайтындығын, жұмыстың өнімсіздігін, оның себебі қолдағы барлық нәрсенің есебін білмегендік» екендігін, оның барлығының атасы «бассыздық, тәртіпсіздік» [1] деп тұжырымдайды.

«Қандай шаруашылық болмасын, әсіресе Түркісиб секілді үлкен өндіріс жұмысында есеп жұмысының тәртібі нығаймай іс өнбейді. Ақша ұстау мәнісі де осындай» деп Ыдырыс істің бетін аша отырып, заңсыздықтарға тоқталады.

«Балық басынан шіриді» демекші, енді Ыдырыс «Түркістан-Сібір» темір жолының басқару әкімшілігі ретіндегі, кеңсе тәртібіндегі кемшіліктерге баса назар аударады. Қазақ елінің келешегі үшін, барлық істерге бел шеше кірісіп, халқының болашағы жолында жан аямай еңбек еткен елінің нағыз ұлтжанды ұлдарының бірі Ы. Мұстамбайұлының қай еңбегі болмасын терең зерттелініп келешек ұрпаққа ұсынылуы тиіс. Өйткені оның қазіргі таңдағы экономикамыз үшін маңыздылығы, құндылығы жағынан да қымбат екендігі даусыз. 20-жылдардағы қазақ әдебиетіндегі сыни пікірталастарға кеңестік идеология қаншама араласып, өзіндік ықпалын жүргізіп бақса да, Ыдырыс нағыз зиялы ретінде ұлт мүддесін барынша қорғап бақты.

Әдебиет сыншысы ретінде Ыдырыс Мұстамбайұлы ақын-жазушылардың ойшылдығы туралы пікірталасқа да белсене араласып, өзіндік ой-талғамымен терең білімділігін таныта білген тарихи тұлғалардың бірі.

Сыншының 1920 жылдардағы әдеби айтысқа белсене қатысып, батыл пікір білдіруінен оның үлкен дайындықпен келгеніне қоғамдық ой мен әдебиет ғылымынан мол хабардар екендігіне оның «Н. Г. Чернышевский» [6] деген мақаласы айғақ бола алады.

Бірақ Чернышевскийлердің қателері болса да, заманына қарай сөзсіз ірі кісі екендігін, Чернышевскийдің пікірін тексеру үшін Маркс әдейілеп орыс тілін үйренгенін, Маркс Чернышевскийдің ірілігін айтып бұрынғы пәлсапашылардың көбінен артық көріп мақтап кеткенін айта келіп, Чернышевскийдің Маркстен бұрын өткендігін, Фейербахты, Гегельді әбден жақсы білгендігін, бұлардан тәлім алғандығын, әсіресе өле-өлгенше Чернышевский Фейербахтың шәкірті затшылдық негізін қолдағандығын ескереді.

Өз ортасынан озық шығып, өз заманындағы ұлы тұлғалардың біріне айналған Чернышевскийдің философиялық еңбектерімен қатар, әде-

биет мәселелеріндегі туындылары да құндылығымен бағалы.

Қорыта келе, XX – ғасырдың 20-жылдарында кеңестік идеологияға сай келмейтін туындылар қатты сынға ұшырағандықтан, Абай дәстүрінің дамуы, жалпы адамзаттық ортақ мәселелер әдебиет тарихында өз шешімін таба алмады. Әдеби туындылар, жеке қаламгерлердің көзқарасы әдебиеттің партиялығы туралы В.И. Лениннің теориясы шеңберіндегі өлшеммен өлшенгендіктен, қазақ әдебиеті өзінің табиғатынан, даму заңдылықтарынан айырылып, жаппай науқаншылдық өріс алды. Десек те, кеңестік дәуірде қазақ әдебиетінің тарихы күрделі де, қайшылықты жағдайларға толы болғанымен, сонымен бірге бұл дәуір қазақтың ұлттық мәдениеті мен әдебиетінің өсу, өркендеу жолында айтарлықтай жаңалықтар әкелген кезең болғаны да даусыз.

Соның ішінде, жиырмасыншы жылдары екі дүркін айтыс болған абайтану ғылымында да әдебиеттанушылардың, қоғам қайраткерлерінің айтарлықтай қосқан табыстары болды. Абай мұрасын қорғап қалуда үлкен қажыр-қайрат танытқан көрнекті қоғам қайраткері, әдебиеттанушы, сыншы Ыдырыс Мұстамбайұлының да абайтанушылардың қатарында өз орнын алары сөзсіз. Оның әсіресе, Абай мұрасына қарсы шыққан І. Қабылұлының мақаласына екі тілде бірдей жауап жазған мақаласының әдебиеттану ғылымындағы орны ерекше.

Жиырмасыншы жылдардағы қазақ әдебиетіне саясат мәселесінің кірігу себебі ел басындағы қоғам қайраткерлерінің көпшілігі әдебиетпен айналысқандығынан болса, бір жағы ұлт-азаттық қозғалысының басшыларының өзі әдебиетшілер еді. Сол себепті, саяси майданда да негізгі тақырыптардың бірі әдебиет мәселесі болды. Сол кездегі кейбір солақай саяси жағдайларға бейтарап қарай алмаған алаш азаматтарының бірі ретінде қоғам қайраткері Ыдырыс Мұстамбайұлы да белсене араласты. Семей қаласында өткен атаман Анненковтың сотында қоғамдық айыптаушы ретінде қатысқан Ыдырыс шешендігімен көзге түскендігі өз алдына, тіпті зұлматты жылдарда бірінші хатшы болған Голощекинге де қаймықпастан өз пікірін айта білген, қашанда болсын ұлт мүддесін бәрінен де жоғары қойған.

Әсіресе, 1920-жылдары көркем әдебиет жайлы болған пікірталаста өзінің құнды пікірлерімен көзге түсіп, әділ көзқарасымен танылды. Айтар болсақ, қаламгер «Біздің таластарымыз» атты мақаласында көркем айтыс жайындағы өзіне баға беруден бастап, пікірталасқа қатысушылардың ойлау жүйесі мен ойын жеткізу қабілетінің қай деңгейде болғандығын, олардың айтыс кезіндегі мінез-құлықтарына да баға береді. Бұл жердегі басты себеп кейбір әдебиетшілеріміздің сол кездегі қызыл идеологияның жетегінде кетуінде еді. Олар өздерінің қарсыластарына тойтарыс беру үшін, сол жылдардағы ресми идеологияның барлық қаруларын түгелдей жұмсап бақты. Олар өздеріне сын айтқан адамдарға «ұлтшыл-байшыл» деген саяси айып таға салуға дайын тұрды. Ал, ол кездері халық баспасөз бетіне жарияланған мақалаларға қатты сенетін. Дегенмен, жиырмасыншы жылдардағы қазақ әдебиетінің тарихындағы әдеби пікірталастар тек әдебиеттің ғана емес, қазақ қоғамының барлық саласына да өз әсерін тигізді.

Сондай-ақ, Ыдырыс Мұстамбайұлы өзінің «Көркем әдебиет туралы» атты мақаласында «қазақ елінің көркем әдебиеті қашаннан басталатындығы» туралы пікірталасқа қатыса отырып, нағыз ұлт әдебиетінің тууын Абайдан бастайды да, орыс әдебиеті Пушкиннен басталса, қазақ әдебиеті Абайдан басталуға тиіс деген дұрыс шешімге келеді. Сол кездегі әдеби ағымдар жайлы пікірлерінен де өзгелерден өзгеше өзіндік көзқарасты анық байқаймыз.

Ы. Мұстамбайұлының көркем әдебиет, өнер туралы, жалпы мәдениет жайында жазған мақаларынан оның жан-жақты терең білімді, аса парасатты, кең ақылды, алғыр ойлы, әділдік, шындық жолынан таймайтын қажырлы, қайсар қайраткер екенін көреміз.

Әсіресе оның, абайтану мәселесіне сіңірген, мол еңбегін ешқашан маңызын жоймайтын баға жетпес құнды мұра деп білеміз. Ы. Мұстамбайұлы өзі де түрлі лауазымды қызметтер атқарғанымен, Абай мұрасын үнемі назарда ұстап, сол кездің солақай саясатынан жанын сала қорғады, ұлы ақынның асыл қазынасын халық санасынан өшіріп, шығармаларын жоққа шығаруға тырысқан, шолақ белсенділер мен қасаң саясат жетегінде кеткен кейбір қаламгерлер әрекеттеріне батыл тойтарыс беріп, дәлелді түрде қарсылық білдірді, ескілік атаулы мен көне мұраға тыйым салған Сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйе қаһарынан еш сескенбестен, ұлы ақынның қазақ әдебиеті тарихындағы ерекше орны мен мән-маңызын жете ашып берді. Ыдырыс Мұстамбайұлы ақын шығармаларын жан-жақты талдай келіп, Абайдың ұлылығын танып қана қоймай, батыл түрде тұңғыш рет қазақ поэзиясының биік шыңы деп бағалады.

1920-жылдары халық санасынан Абай мұрасын өшіріп тастауға бағытталған саяси теріс жолға түсіп кеткен кейбір қаламгерлеріміз

ақынның шығармашылығына айтарлықтай қауіп төндіріп, ақынның әрбір өлеңдерінен қызыл идеологияға жат пиғыл іздеп қана қоймай, өз басына тиісе келе, бүкіл шығармашылығын мансұқ етуге тырысқан кезде, озық ойлы алаш азаматы ретінде Ыдырыс Мұстамбайұлы да бұған немқұрайлы қарап қалмай Абай мұрасын қорғауда ерекше атсалысып, белсенділік танытты. Өзінің дәлелді туралы пікірлерімен терең білімпаздықтың, асқан парасаттылықтың, кемеңгерліктің биігінен көрінді. Ешқашан мәнмағынасын, маңызын жоймайтын құнды еңбектерін қалдырды.

Сондай-ақ, Ы. Мұстамбайұлы поэзия әлемінде айрықша із қалдырған, аса көрнекті ақын Мағжан Жұмабаевтың басына қауіп төнген жылдарда да басын бәйгеге тігіп, ақынды пәле-жаладан арашалап қалуға араласып, мақала жазуы да ерлікпен пара-пар еді.

Қорыта айтқанда, Ыдырыс Мұстамбайұлы біріншіден сыншы ретінде 1920- жырдардағы көркем әдебиет туралы пікірталасқа белсене арасып қана қоймай, сол жылдардағы солақай саясаттың ықпалына түспестен, ұлттық мүддені жоғары қоятын берік ұстанымынан таймай, өзіндік батыл пікірлерімен көзге ерекше түссе, екіншіден ұлтымыздың рухани байлығы, әдебиетіміздің темірқазығы Абай шығармашылығын жоққа шығаруға тырысқан кейбір қаламгерлердің теріс пиғылды мақалаларына батыл түрде тойтарыс беріп қана қоймай, абайтануға қосқан өзіндік салиқалы да, салмақты ойлары мен зерттеу мақалаларының үлесі зор. Үшіншіден, Ыдырыс Мұстамбайұлының зұлматты жылдарда алаштың саңлақ ақыны М. Жұмабаевты кеңестік идеологияның айыптауынан арашалап алып қалуға тырысып жазған мақаласының да мағжантануда алар орны бар деп есептейміз.

Әдебиеттер

1 Мұстамбайұлы Ы. Көркем әдебиет туралы // Қызыл Қазақстан, 1927. – №2.
2 Мұстамбайұлы Ы. Біздің таластарымыз // Жаңа әдебиет, 1925. – №5-6.
3 Мұстамбайұлы Ы. Джумабаев и «Девяносто» // Советская степь, 1929, 24 мая.
4 Мұстамбайұлы Ы. Сын мен баспасөз туралы // Еңбекші қазақ, 1928, 12-шілде.
5 Мұстамбайұлы Ы. Түркістан – Сібір жолы // Еңбекші қазақ, 1929, 26-апрель.
6 Мұстамбайұлы Ы. Н.Г.Чернышевский (1828-1889) // Еңбекші қазақ, 1928, 26-ноябрь.
7 Мұстамбайұлы Ы. Ұлы ақын – Абай // Қазақ тілі, 1924, 1-қаңтар.
8 Мұстамбайұлы Ы. Абай // Жаңа әдебиет, 1928. – №7-8.
9 Мұстамбайұлы Ы. Ақын Абай және пәлсапашыл Ілияс туралы // Еңбекші қазақ, 1929, 10, 11-қаңтар.
10 Қабылұлы І. Философия казахского поэта Абая и ее критика // Еңбекші қазақ, 10-сентябрь.

References

1 Mustambayulı I. Körkem ädebïet twralı // Qızıl Qazaqstan, 1927. – №2.
2 Mustambayulı I. Bizdiñ talastarımız // Jaña ädebïet, 1925. – №5-6.
3 Mustambayulı I. Djwmabaev ï «Devyanosto» // Sovetskaya step, 1929, 24 maya.
4 Mustambayulı I. Sın men baspasöz twralı // Eñbekşi qazaq, 1928, 12-şilde.
5 Mustambayulı I. Türkistan – Sibir jolı // Eñbekşi qazaq, 1929, 26-aprel.
6 Mustambayulı I. N.G.Çernışevskïy (1828-1889) // Eñbekşi qazaq, 1928, 26-noyabr.
7 Mustambayulı I. Ulı aqın – Abay // Qazaq tili, 1924, 1-qañtar.
8 Mustambayulı I. Abay // Jaña ädebïet, 1928. – №7-8.
9 Mustambayulı I. Aqın Abay jäne pälsapaşıl Ilïyas twralı // Eñbekşi qazaq, 1929, 10, 11-qañtar.
10 Qabılulı I. Fïlosofïya kazaxskogo poéta Abaya ï ee krïtïka // Eñbekşi qazaq, 10-sentyabr.

Шыныбекова А.К.

Кәсіби қазақ тілінің заң саласында қолданылуы

Бұл мақалада «Кәсіби бағдарлы қазақ тілі» пәні және оның заң факультетінде жүргізілуіндегі өзіндік ерекшеліктері туралы айтылады. Психология, философия, саясаттану, тарих, мәдениеттану сияқты қоғамдық пәндерге қарағанда бұл пән болашақ заң саласы қызметкерлерінің тілдік қорын байытып қана қоймай, мамандығына қатысты мәтін түрлерімен жұмыс істеуді үйретеді және өз жұмысы барысында кездесетін қасаң лексикалық бірліктермен орыс тобындағы студенттерді таныстырады. Заманауи оқу талаптары мемлекеттік тілде мамандыққа қатысты мәтін түрлерімен жұмыс істей білуді қажет ететіндіктен де сөйлеу тілі мен жеке жұмыс істеуді жаңаша тұрғыдан қарастырады. Мемлекеттік тілде ресми құжат тілінен қылмыс әлемі тілі өзіндік ерекшеліктерімен ажыратылады және оларды өз мағынасын сақтап орыс тілінен қазақшаға аударуда қиындықтар да кездеседі. Қылмыс әлемі тілі өзіндік арнайы сөз оралымдары мен жаргондардан тұратындықтан оларды мемлекеттік тілге аудару барысында лингвистикалық заңдылықтарға сүйену қажет, сол сияқты мұндай сөздердің қазақ тілінде де бар екеніне баса назар аударады.

Түйін сөздер: заң, термин, терминжасам, кәсіби бағдарлы, сала, қылмыс әлемі, терминдену.

Shynybekova A.K.

The use of Kazakh language for professional purposes in the field of jurisdiction

This article deals with the current problems of discipline «Professionally – oriented Kazakh language» and about the innovations of reference disciplines at Law Faculty in Russian-speaking audience. In contrast to the humanities such as psychology, philosophy, political science, cultural studies and the history, this subject has explicitly expressed the practical and educational orientation and forms language skills and the ability of future specialists to provide both adequate perception of the texts in their specialty. Today's situation is expecting mature reading and listening that promotes and is particularly important for producing their own speech and oral work in accordance with the situation in the official language of communication. Communication language of the criminal world is differ from others with its word derivatives and slang, and it requires the same consideration of modern translation from Russian into Kazakh language without sacrificing semantic link in the linguistic aspect and at the same time to give thenotion that such words is also available in the Kazakh language.

Key words: law, term, term formation, professionally-oriented, branch, criminal world, borrowed terms.

Шыныбекова А.К.

Использование казахского языка для профессиональных целей в юридической сфере

В данной статье рассматриваются актуальные проблемы дисциплины «Профессионально-ориентированный казахский язык» и новшества ведения дисциплины на юридическом факультете в группах русскоязычной аудитории. В отличии от таких гуманитарных дисциплин, как психология, философия, политология, культурология и история, этот учебный предмет имеет эксплицитно выраженную практическую и воспитательную направленность и формирует у будущих специалистов речевые навыки и умения, обеспечивающие адекватное восприятие текстов по специальности. Современные ситуации предполагают зрелое чтение и аудирование, способствующие, что особенно важно, продуцированию собственных и устных речевых произведений в соответствии с ситуацией общения на государственном языке. Язык общения криминального мира отличается своеобразными словооборотами и жаргонами, а это требует современного рассмотрения перевода с русского языка на казахский, используя смысловую связь в лингвистическом аспекте. В то же время это дает понять, что такие слова и словосочетания тоже имеются в казахском языке.

Ключевые слова: закон, термин, терминообразование, профессионально- ориентированный, отрасль, криминальный мир, терминолог.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 81:37.373;001.4

Шыныбекова А.К.,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
доценті, ф. ғ. к., Алматы қ., Қазақстан,
e-mail:aygul_69@mail.ru

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЗАҢ САЛАСЫНДА ҚОЛДАНЫЛУЫ

Қазіргі кезеңде мемлекеттік тілді барлық мамандық бойынша білім алушыларға үйретумен қатар кәсіби бағытта тілді үйрету мәселесі басты өзектілікке айналып отырғаны баршаға мәлім. Қазақ елінің әлемдік қауымдастықта беделінің артуы мен шетелдік мамандар арасындағы халықаралық байланысының нығаюы білім алушы жастардың кәсіби тілді толық меңгеруіне жол ашуда. Мемлекеттік тілді кәсіби деңгейде меңгерту мәселесі – бүгінгі таңда аса өзектілікке ие болды. Кәсіби тілді мемлекеттік саясаттан бөліп қарастыруға болмайтынын осыдан көруге болады.

Кәсіби бағытта тілді меңгертуге арнайы бағдарламалар жазылмаса да жоғары оқу орындарындағы мемлекеттік тілді меңгеруге бағытталған типтік бағдарлама негізінде мәселе жүзеге асырылады.

Кәсіби қазақ тілі пәнін заңгерлер тобында өту барысында жалпы теориясыз үйрету мүмкін емес. Ол үш бөлімнен тұрады: жоғары деңгейдегі қазақ тілінің грамматикасын оқытудан, ресми-іскери және ғылыми стильден, қолданбалы лингвистикалық арнайы мәтіндермен жұмыс түрлерін меңгерту әдістемесінен, яғни, мәтіндер мен затындар (материалдар) мамандығына бағытталады.

Заңгер мамандығы тек қана заңдарды білумен шектелмейді, ол сондай-ақ сөз құрауын сөйлеу және жазу түрінде дұрыс қолданудан тұрады. Кез келген заңгер құжатсыз жұмыс істеуі мүмкін емес, ол мейлі сот, прокурор, тергеуші, қорғаушы, құжат құрастырушы қызметінде жүрсе де көптеген құжаттар қалыптастыратын тұлға болып табылады. Өз кезегінде заңгерге көп сөйлеуге тура келеді, түсіндіру, баяндау, жеткізу шеберлігі де қажет. Кеңес бергенде, түсіндіргенде, ұсыныс айтқанда заңгер көбінесе ауызша сөйлескенде де кәсіби тілді қолданады. Ал талап арызы, келісім-шарт, шағым, өсиет, қаулы, шешім, хаттама, айыптау қорытындысы, үкім, ұйғарым, қадағалау хаты, наразылық құжаты сияқты арнайы заңгерлік құжат түрлерін жасау барысында заңгер-маман арнайы тілдік стандарттарға сүйенеді. Тілдік стандарттар орыс тілінде жасалғанымен қазақ тілінде енді қалыптасып келеді. Парламент қабырғасындағы заң шығару ісімен айналысушы депутаттар парламенттік

жарыссөздерде, заң шығару ісінде көптеген қиындықтарды мемлекеттік тілде дайын тілдік стандарттардың қалыптаспауынан кездестіреді.

Тіл – жанды құбылыс, ол үнемі даму, өзгеру үстінде жүзеге асырылатыны мәлім. Шешендік сөз арқылы жарыссөзде, сотта шындыққа жету мүмкіндігі ғасырлар қойнауынан жеткен билер шығармашылығынан көрінсе, әсер ету тілі арқылы нақты шешімге қол жеткізу мүмкіндігі дәлел, айғақ, жауапкершілікті сезінуде эмоциялық құралдың қатарына да тіл жататынының айқын дәлелі болады. Міндеттеу, тыйым салу, өкілеттік ету, құқық түрлеріне қатысты түсіндіру тілдік бірліктері де заңгерлердің кәсіби тілін жетілдіреді.

Баршамызға белгілі болғандай, заңгерлер тілі бір ғана күнде қалыптаспайды. Алайда, орыс тілінің функционалдық қызметі әлі де үстем болып тұрған мемлекеттік-әлеуметтік саланың бірі – заң болады. Студенттердің көптеген ғылыми әдебиеті де орыс тіліндегі басылымдардан, шетелдік ғалымдардың орыс тіліне аударылған оқу-әдістемелік құралдарынан тұрады. Осыдан келіп, мемлекеттік тілде заң шығарудан бастап іс жүргізудегі қиындықтар орысша ойлау мәселесімен астасып жатады. Мәселен, *отобрать лицензию, приобщить к делу, составить протокол, причинить вред, доказать виновность, осуществлять надзор* тіркестері орыс тілінде *взять лицензию, присоединить к делу, сделать протокол, делать вред, показать виновность, проводить надзор* түрінде қолданылмайды. Ал, ендеше неге ол тіркестер қазақ тілінде әр түрлі қолданыста болуы керек? *Отобрать лицензию – рұқсаттаманы (лицензияны) кері шақыру – алып қою; приобщить к делу – іске қоса тіркеу – іске қосымша тіркеу; доказать виновность – кінәсін дәлелдеу – кінәсін мойындату; осуществлять надзор – қадағалауды жүзеге асыру – қадағалауды іске (іс жүзіне) асыру* деп қалыптаспай отырған тілдік стандарттарды көрсетеді.

Сөйлеу тілінде орыс тілінде *убить, лишать жизни – прикончить; мошенник – проходимец; лицо – рожа, морда; кушать – жрать, хавать, слопать; замолчать – заткнуться; толкаться – пихаться; доносить – настучать; влюбиться – втюриться; обманывать – врать, надувать; деньги – бабки, капуста; подделка – липа, фальшивка; аферист – проходимец, жулик, прохиндей; расторжение брака-развод; умышленно-нарочно; командировать – послать; уведомить – сообщить* т.б. сөздер жарыспалы қолданылса да жазба тілде ресми-іскери стильде тек алдыңғысы ғана қолданылады. Бұл қалыптасқан үрдіс. Ал қазақ тіліндегі заң әдебиеттері мен заңнамаларда тіпті келеңсіз қолданыстардан көз сүрінеді. Мұның өзі заң саласында лексикалық стандарттардың әлі қалыптаспағанын көрсетеді.

Кітаби, бейтарап және сөйлеу тілі лексикасы арасында жаргондардың алар орны ерекше. Қай халықтың болмасын өзіндік сөз қолдану ерекшеліктеріне сәйкес жаргон сөздері болады. Студенттер де тілдік ортаның белсенді мүшесі болғандықтан өзіндік жаргондарға, олардың қалыптасуына үлес қосады. *Хвост, завалить экзамен, шпоры, окно, задолженник, училка, летник, повторник* т.б. сөздер орыс тілінде қалыптасқан студенттік жаргондардың бір үлгісі десек, қателеспейміз. Ал осы сөздерді қазақша жаргон ету мүмкін емес, сол себепті де олар орыс тіліндегідей қолданылады. Бұл жаргондарды қазақша қолданудың еш қажеттілігі жоқ, ол тура аударылса, мағынасын дәл жаргон түріндегідей бермейді. Әр түрлі маман иелерінің өз кәсіби сөздерімен қатар жаргондары да болады. Мәселен, *оқытушы – мұғалімдердегі «окно» – сабақ кестесіндегі бос уақытты айтса, дәрігер – хирургтер көптеген жарақат алған науқасты «сложный череп» (күрделі бас қаңқасы)* дейді. Мұндай жаргондар заң бұзушылар арасында жиі кездеседі. Мысалы, *перо – пышақ, конверт – қап немесе киім-кешек салынған дорба, фара – көз, поперхнуться – ұрлығын істеп үлгермей қалу, пацан – түрмеде беделге ие адам; пахан – қылмыстық топ басшысы, бригада – қылмыстық іспен айналысушы топ мүшелері, западло-түрме ішкі тәртібін бұзу; легавый – заң орындарына айтып қоюшы; писарь – қалтаны не сумканы кесіп тонаушы; телка – қыз; дело – қылмыстық іс; лох – қолынан іс келмейтін бос адам; базар – әңгіме; наезжать – сөзбен тиісіп кірісу* т.б. Заң мәтіндерінде, баспасөз бетіндегі қылмыс әлемі туралы мақалаларда бұл сөздер аудармасыз беріледі, олар өз бояуын аударма тілмен жеткізе алмайды. *Мент, мусор, счетчик, крыша, танк, разборка, кинуть, беспредел, бардак, терпила* сөздері де қылмыс әлемінің өзіндік жаргондары. Бұл сөздерге қоса заң қызметкерлері арасында қолданылатын кәсіби жаргондар да баршылық. Мысалы, *износ (износилование) – әйел зорлау ісі; подснежники – қар ерігенде табылатын қысқы мәйіттер; важняк – аса қауіпті әрі ауыр қылмыстарды тергеу ісімен айналысушы заң қызметкері; висяк, глухарь – ашылуы қиын немесе мүлде ашылмайтын қылмыстық іс, громкое дело – атышулы іс, ксива – қызметтік куәлік; проходить по делу – тергеуден өту; пришить де-*

ло – қорқыту арқылы істі басқа адамға жабу; замочить – жою; вещдок – заттай айғақ т.б. Бұлардың бірсыпырасы орыс тілінде *воровское арго* деп аталады, қазақша қылмыс әлемінің сөздері, яғни кез келген адам түсіне бермейді.

Заң мәтіндері, өз кезегінде, жоғарыда айтылған жаргондарды баспасөзден аударып беруге тырысады, алайда, одан оның эмоциялық бояуы бәсеңдеп, түсіндіруі тиіс көп сөзділікке барады.

Жоғарыда келтірілген мысалдар орнына *майталман, кәнігі, құныққан, әдетке айналдырған, кәсіби, баукеспе* сөздері қолданылады. Осы сөздер арқылы заң тіліне ерекше бояулар беріледі. *Құқық қорғау органдарына нелер жатады?* деген сауалға қатысты сот органдары, прокуратура органдары, әділет органдары мен мекемелері, тергеу және алдын ала тергеу органдары, салық және қаржы, кеден органдары деген сөз тіркестері арқылы кәсіби тіл байлығы қоры толықтырады. *Өкілетті мемлекеттік органдарға* заң мекемелері, заң шығару органдары, жергілікті өзін өзі басқару органдары мен жергілікті басқару органдары жатады. Ал заңдық күші бар нормативтік актілерге: Президент жарлықтары мен үкімет қаулылары жатады. *Тәртіптік жазалау түрлері:* ескерту, сөгіс, жеке еңбек келісімшартын бұзу кіреді. *Қызметтік қару түрлеріне* шолақ қару, тапанша, ұзын дүмді тегіс және кесілген қару; *сот сараптамасына енетін түрлерге* алғашқы, комиссиялық, кешенді, қосымша, қайта сараптамалар кіреді. *Жылжымайтын мүлік түрлері:* жер телімдері, ғимараттар, көп жылдық өсімдіктер, жермен байланысты басқа да мүліктер; *құнды қағаздарға:* облигация, коносамент, акция, заем, пай т.б. жатады. Аталмыш сөз қолданыстары мәтіндерді мазмұндауда жүзеге асырылады, іс тоқтатылады, жауапқа тартылады т.б. сөз тіркестері жүйелі қолданылады.

Етістікті және есімді сөз тіркестерімен жұмыс істеу үшін мәселені талдау, талқылау, парламентке жолдау, іс қарау, құжат толтыру, іс қозғау, күш көрсету, біржолғы жәрдем, өкілеттік беру, қос азаматтық, кеден алымдары т.б. қолданылады. Бұл тіркестердің әрқайсысымен сөйлем құрастыра отырып, студентпен белсенді жұмыс жүргізуге болады.

Соңғы кезде қазақ тіліндегі заңдардың қоғамда қолдануға қолайлы, тиімді болуы үшін олардың бірінші кезекте сапалы жазылуы талап етіледі. Кейбір заңдардың мәтіндеріндегі ойды түсіну қарапайым халыққа қиын түсетіні де рас. Заң саласында орыс заңгерлері С.С.Алексеев, И. Грязин, С.А.Боголюбовтің еңбектерімен қатар Н.А.Власенконың «Құқық тілі» (1997), А.С.Пиголкиннің редакциясын басқаруымен «Заң тілі» (1990) атты іргелі зерттеулері арнайы заң мәтіндерінің, заңнамалық актілердің тілін, қылмыс әлемі лексикасын қарастырды.

Қылмыс туралы мәтіннің тілдік қабылдану, пайымдау ерекшелігі тұрғысынан сөз ете отырып, оның көпшілік қолданысына негізделіп жасалған мәтін болғандықтан, күнделікті құқық саласының өмірінде жиі пайдаланатындықтан, екіншіден, қабылдауға икемді, жеткізу жағы сапалы болғаны орынды. Бұл тұрғыдан осы қылмыстық құқық мәтіндері арқылы ойлау мен тіл бірлігін екінші қырынан қарастыра отырып, яғни, ойдың тілде берілу деңгейін оның қабылдаушы тарапынан қабылданушы деңгейін қарастыра отырып дәлелдеуге болады. Тіл қандай да бір ойды жеткізу құралы екені белгілі. Бұл оның негізгі қызметі болып саналады. Тілші-ғалым З.М. Шаляпина «тілдің белгілі қызметті атқарып, ойды жеткізуі барысында «мағына мәтін» моделдерінің арасындағы байланыс қатаң сақталады», – дегені осы орайда орынды айтылған [1, 25].

Тіл арқылы берілген ойды беруге негізделген мәтіннің қабылдануы оның түсініктілік деңгейіне байланысты. Түсініктілік деңгей туралы Г.Е.Крейдман, А.К.Поливанова еңбектерінде айтылады. «Бір мәтіндер жеңіл түсініледі, екінші мәтіндер қиындықпен түсіндіріледі, ал үшіншілері «түсініксіз мәтіндерге» жатады», – дей келе, ішкі құрылымдық тілдік құралдардың орналасу тәртібімен байланысты екенін айтады [2, 191].

Заң мәтіндері, оның ішінде, қылмыстық кодекс мәтіндері ойды беру тұрғысынан суық қабылданатын ерекшеліктерге толы келеді. Заң мәтіндері жекелеген салаларға қатысты құқықтар мен ерекшеліктерді анықтап берумен шектеледі. Жеке сала мәтіндермен салыстырғанда қылмыстық құқық кодексінде тікелей барлық қылмыс түрлерін қамти отырып, сол қылмыс түрлері жасалған жағдайда соларға қатысты қарым-қатынасты реттеп беретін болғандықтан қылмыстық кодекс мәтіндерінің тілі барынша суық үдерісте жазылып, тыңдаушы немесе оқушы тарапынан да сол бағытта қабылданады.

ҚР Қылмыстық кодексінің 56-бабының 4-тармағында: «Қылмыс жасауға дайындалғаны үшін және қылмыс жасауға оңталғаны үшін өлім жазасы мен өмір бойы бас бостандығынан айыру тағайындалмайды», – деген бап мәтінінде болымсыздық мағынада жазылған сөйлемнің өзі суық қабылданады [3, 280].

Қамау, оқшаулау, мәжбүрлеу, кісі өлтіру, өзін-өзі өлтіру, өзіне-өзі қол салу, әскери қызметтен жалтару, ұрып-соғу, психикалық зардап шегу, зорлау, науқасқа көмек көрсетпеу т.б. суық стильді сөздер мен сөз тіркестері халық арасында «жаман» ұғымын түсіндіруге бағытталады.

Заң мәтіндері ресми мәтіндер қатарына жатады, сондықтан да лексикалық тұлғалар қайталанып келе береді. Бір мәтіннің бойындағы ұдайы қайталанатын тұлғаларды «сериялық қолданыстар», «стандарттар», «біртектілік, штампы» деген атаулармен беруге болады [2, 230]. Бұл ресми-іскери стильдің басты сипаты болса, заң мәтіндеріндегі міндеттеуші пайымдау да осы қайталанба сөздерді басшылыққа алады. *Айқындау, қолдану, жүзеге асыру, шектеу, болып табылады, босатылады, құқылы, жауапқа тартылады* т.б. сөздер мен сөз тіркестері заң мәтіндеріндегі «жауаптылық» пайымдауын көрсету үшін қолданылады. *Немқұрайдылық, салғырттық* сөздерінің заң мәтіндерінде қолданылуы қазақ тіліндегі салақтық сөзінің орнына қолданылып, «жауапсыздықпен қарау» мағынасының прагматикалық мәнін аша түседі, бұл *небрежность, халатность* сөздерінің мағынасын толыққанды түсіндіреді.

Қылмыс – қоғам айнасы болса, адам қоғамы қылмыссыз болмайды. Қылмыстан жирендіру мақсатында суық қабылданар сөздер көп ретте тәрбиелік мәнге ие болады. *Зинақорлық, жезөкшелік, жеңгетайлық, әлімжеттік* т.б. сөздер жай сөз емес, терминге айналған. Бұл сөздер қатарын бітімгершілік (медиация) термині де толықтырды. Жауапкер сөзінің орнына ертеде құнықер сөзі қолданылған. Заң мәтіндері тым қарапайым жазылуы мүмкін емес, өйткені ол ойдағы дәлдік пен нақтылықты басқаша түсіндіре алмайды, эмоция-экспрессиясыз жинақы жеткізу үшін де тілдегі ойды қабылдау ерекшелігі керек.

Әдебиеттер

1 Шаляпина З.М. К проблеме моделирования языковой компетенции и языковой деятельности человека в рамках общей модели языковой действительности // Референция и проблема текстообразования. – М.: Наука, 1988. – С. 214-232.

2 Крейман Г.Е., Поливанова А.К. Дедуктивная правильность текста // Референция и проблемы текстообразования. – М.: Наука, 1988. – С. 191-213.

3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – ҚР заңы. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 280 б.

References

1 Shalyapina Z.M.K problem modelyrovania iazykovoi kompetensi I iazykovoi deiatelnosty sheloveka v ramkach obshei modeli iazykovoi deistvitelnosti // Referensia i problema tekstoobrazovanya. – M.:Nauka,1988. – S. 214-232.

2 Kreiman G.E.,Polyvanova A.K. Deduktivnayapravilnost teksta // Referensia i problema tekstoobrazovanya. – M.: Nauka,1988. – S. 191-213.

3 Kazachstan Respyblykasinin Khylmystyk Kodeksi. – KR Zany. – Almaty: Jety Jargy, 1997. –280 b.

4-бөлім

АУДАРМА ТЕОРИЯСЫ

Раздел 4

ТЕОРИЯ ПЕРЕВОДА

Section 4

THE THEORY OF TRANSLATION

Дәулеткелдіұлы С.

Қытай қазақтары аударма әдебиетінің өткені мен бүгіні

Мақалада қытай қазақтары аударма әдебиетінің қалыптасу жағдайы, әдеби аудармашылар мен олардың көрнекті әдеби аударма еңбектері сөз етіле келе, қытай қазақтары аударма әдебиетінің негізгі ерекшеліктері пайымдалып, аударма шығармашылығы мен аударма сыны аясындағы нәтижелер мен сақталып отырған мәселелер тілге тиек болады. Аударма әдебиеті (Translated Literature) біршама кең ұғым. Оны әдеби аударма ұғымымен қатар қоюға болмайды. Бұл екеуі ешқандай айырмасы жоқ ұқсас ұғымдар сияқтанады. Іс жүзінде әдеби аударма көбінесе көркем аударма шығармашылығын немесе аударма көндікпесін ғана меңзейді. Ал, аударма әдебиеті тұтас ғылыми жүйе болып, ол аударма шығармашылығы, аударма тарихы, аударма теориясы және аударма сыны сияқты төрт бөліктен құралады. Көркем аударма шығармашылығы бір ұлт тіл-жазуында дүниеге келген әдеби шығарманы екінші бір ұлттың тіл-жазуына үлкен талғам, қатаң өлшем және асқан жауапкершілік негізінде аударып таныстыруға қаратылады.

Түйін сөздер: аударма әдебиет, ұлт әдебиеті, көркем аударма, әдеби аударма, қытай қазақтары, әдебиет теориясы.

Dauletkeldiuly S.

The past and the present of Chinese Kazakhs translation literature

Considering the issues of formation of the Chinese Kazakhs' translation literature, the author discusses the main features of the translation of literature, about the work of literary translators, about the best translation works, notes some of the results of the translation of creativity in the aspect of translation criticism. Translating literature is pretty broad concept. It cannot be treated on a par with literary translation. Although these two concepts seem similar, in fact, literary translation only covers the artistic creativity translation. A translation literature is a whole scientific system and it consists of four parts, such as translation work, history of translation, translation theory and translation criticism. Through the translation work of art created by the transfer is in the language of a nation's literary work into another language of the nation, which requires a great deal of responsibility, strict criteria and high taste.

Key words: translation literature, national literature, literary translation, Chinese Kazakhs, literary theory.

Даулеткелдиулы С.

Переводческая литература казахов Китая: прошлое и настоящее

Рассматривая вопросы формирования переводческой литературы китайских казахов, автор рассуждает об основных особенностях переводческой литературы, о творчестве литературных переводчиков, о лучших переводческих трудах, отмечает некоторые результаты переводческого творчества в аспекте переводческой критики. Переводческая литература – довольно широкое понятие. Ее нельзя рассматривать наравне с литературным переводом. Хотя эти два понятия кажутся одинаковыми, на самом деле литературный перевод охватывает только художественное переводческое творчество. А переводческая литература представляет собой целую научную систему и состоит из четырех частей, таких как переводческое творчество, история перевода, теория перевода и критика перевода. Через художественное переводческое творчество осуществляется перевод созданного на языке одной нации литературного произведения на язык другой нации, который требует большой ответственности, строгих критериев и высокого вкуса.

Ключевые слова: переводческая литература, национальная литература, литераурный перевод, китайские казахи, теория литературы.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 81’25

Дәулеткелдіұлы С.,

Іле педагогикалық институты филология институтының
деканы, профессор, ф. ғ. д., Құлжа, ҚХР ШҰАР,
e-mail: jalenayt@163.com

ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫ АУДАРМА ӘДЕБИЕТІНІҢ ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

Көркем әдебиет шығармалары – ұлттың рухани байлығы. Дүниеде мәдениеті ерте өркендеген, тіл-жазуы кемел тапқан ұлттардың көпшілігінің ұлт әдебиеті, ұлттық әдебиет нұсқалары бар. Олар көбінде ұлттық әдебиеттің дәстүрлі арнасымен алға қарай өркендейді. Осылай даму мынау әр ел, әр ұлттан құралған тіл мен діл, мәдениет пен дүниетаным әрқилы болған дүниеде, әрине, түрліше болады. Біреу алға озып жатса, біреу шаң қауып артта қалады. Алға озып дамудың даңғылына ерте ілінген ұлттар мен елдердің басты тәжірибесі өз ұлтының дәстүр үлгісінде ғана қалып қоймай, өзгенің дарқан дастарқанындағы дәмді тағамдардан да жиі-жиі дәм татып, өз көкжиектерін үздіксіз кеңіте түседі.

Аударма әдебиеті (Translated Literature) біршама кең ұғым. Оны әдеби аударма ұғымымен қатар қоюға болмайды. Бұл екеуі ешқандай айырмасы жоқ ұқсас ұғымдар сияқтанады. Іс жүзінде әдеби аударма көбінесе көркем аударма шығармашылығын немесе аударма көндікпесін ғана меңзейді. Ал, аударма әдебиеті тұтас тұлғалы ғылыми жүйе болып, ол аударма шығармашылығы, аударма тарихы, аударма теориясы және аударма сыны сияқты төрт бөліктен құралады. Көркем аударма шығармашылығы бір ұлт тіл-жазуында дүниеге келген әдеби шығарманы екінші бір ұлттың тіл-жазуына үлкен талғам, қатаң өлшем және асқан жауапкершілік негізінде аударып таныстыруға қаратылады.

Аударма әдебиеті ұлт әдебиетінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде әр ел, әр ұлт әдебиетінде түрліше орынға қойылып, түрліше даму жағдайында сақталып және өркен жайып келеді. Қытай әдебиетінде 1919 жылғы «4-мамыр» қозғалысынан кейін бұл ұғым жарыққа шығып, біртіндеп күн тәртібіне қойылып, зерттеліп келеді. Ляң Чичау, Айың, Хушы, Чын Зыжан, Уаң Жыфу, Чын Иүиган, Го Янли, Сұн Жыли қатарлы қытай оқымыстылары ілгеріндi-кейінді аударма әдебиеті жайындағы зерттеулерге араласып құнды еңбектер жазды. Олардың қаламынан туған «Аударма әдебиеті және бұдда номдары», «Қытай аударма әдебиеті тарихы», «Қытай таяу заман аударма әдебиетіне шолу», «1949-1969 жылдардағы еліміз аударма әдебиеті туралы» дейтін кесек еңбектері Қытай аударма әдебиеті көндікпесі мен теориясының кемелдене түсуінде маңызды рөл атқарады. Қытайда аударма әдебиеті ресми қалыптасып,

кезекті кемелдену, толысу басқышына қадам қойды. Жуық жылдардан бері «Қытай салыстырмалы әдебиеті», «Әдеби шолу», «Шетел әдебиеті шолуы» және «Қытай аудармашылығы» қатарлы мемлекеттік беделді басылымдарда бұл жақтағы сүбелі ғылыми зерттеу нәтижелері көптеп жарияланды. Осы тақырыптағы зерттеумен арнайы шұғылданатын Шэ Тиянжын, Уаң Шияңюан қатарлы ықпалды оқымыстылар жарыққа шықты. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бастапқы кезеңін қазақ аударма әдебиетінің ресми қалыптасқан тұстары деуге әбден болады. Осы кезде аударма әдебиетінің негізін қалап, жүйеге түсірушілер Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Шәкерім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Қытай қазақтарынан Әсет Найманбаев, Ақыт Үлімжіұлы, Жүсіпбекқожа Шайхыйсламұлы бастаған көрнекті аудармашылар болды. Олар орыс және әлем әдебиеті классиктерінің, шығыс әдебиеті классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, қазақтың осы заман аударма әдебиетінің шаңырағын көтерді.

«Мәдениет төңкерісінен» кейін немесе 1976 жылдан соң қытай классик әдебиетіндегі «Ақын азабы», «Таң дәуірінің өлеңдері», «Үш патшалық қиссасы», «Су бойында», «Батысқа сапар», «Қызыл сарай түсі», «Ғұламалар шежіресі», «Лияужай аңыздары» секілді үздік шығармалар, Лу Шүн, Ба Жин, Мау Дүн, Лау Шы, Жау Шули қатарлы қазіргі заман прозаиктері мен Гоморо, Ай Чиң, Хы Жиңжы, Го Шияучуан, Заң Кыжя қатарлы әйгілі ақындардың өлеңдері, Уаң Мың, Лю Шиниуи, Жаң Шиңжы, Мо Ян, Алай қатарлы осы заманғы атақты прозаиктердің үздік шығармалары қазақ тіліне аударылып жарияланды.

Өткен ғасырдың 50-жылдарының басында қытай қазақтарынан шыққан белгілі әдеби аудармашы Нариман Жабағытайұлы атақты қытай жазушысы Яң Шуоның Қытайдың Шаушян еліне көмектесіп, Америка жиянгерлігіне соққы беру шайқасындағы өз жеке бастық кешірмелерінен жазған «Үш мың шақырымдық тау-өзен» (аударма нұсқасы 1955 жылы басылым көрген) атты романын аударды. Бұл романның аударма нұсқасының баспадан шығуы Нариманды қытай қазақтары аударма әдебиетінің серкесіне айналдырумен бірге, сол тұстағы әдеби аударма саласына зор ықпал жасады. Бір ғасырға таяу тарихы бар қытай қазақтарының аударма әдебиеті тарихының әрқайсысы даму кезеңдерінде мол білімді, талантты аудармашылар үздіксіз майданға шығып отырды. Азаттық аясында қанат қаққан Н. Жабағытайұлы, Ә. Байболатов, Ш. Әубәкіров, М. Әленұлы, Ә. Ақыштайұлы, Ә. Тышанұлы көркем аударманың серкелері саналды.

Қытай Халық республикасы құрылғасын партияның абзал ұлттық саясатының жебеуінде аға буын аудармашылардан Н. Жабағытайұлы, Ә. Байболатов, Қ. Мәнжібаев, А. Қасымбекұлы, Ә. Ақыштайұлы, М. Әленұлы, Ш. Әубәкіров, Ә. Тышанұлы мен орта буынның көрнекті өкілдері Н. Сапан, К. Қайыржанұлы, Қ. Қалиякбарұлы, Б. Мұқаметжанұлы, А. Раданұлы, Ғ. Осман, Ә. Қалиұлы, Х. Әкімжәнұлы, А. Әбеуұлы, Қ. Арабин, Б. Қыдырмуллин, Қ. Мұқанұлы, А. Изатбекұлы әдеби аударма саласында еңбектеніп, өздерінің тіл және әдебиеттік бекем негіздеріне сүйеніп, ғылыми әрі қатаң талап, жанкешті рухпен қытай мен шетелдің бірқатартаңдаулы шығармаларын мазмұн мәнері мен көркемдік айшығын ешбір солғындатпастан аударып, қазақ қауымына тарту етті.

XX ғасырдың 50-жылдары мен 60-жылдарының бастапқы мезгілдері қытай қазақтары аударма әдебиетінің ресми қалыптасқан жане алғашқы адымда өркендеген мезгілі болса, 60-жылдардың орта тұсынан 70-жылдардың алғашқы кезіне дейінгі аралық бірде оңалып, бірде тоқырап отырған толқымалы кезеңі, ал, 70-жылдардың орта мезгілдері мен 80-жылдардың басынан басталған мезгіл қытай қазақтары аударма әдебиетінің қайта түлеп, дамып өркендеу жолына біржолата түскен кезеңі есептеледі. Қытай әдебиетіндегі өз кезінің таңдаулы дүниелері саналатын «Ең сүйікті адамдарымыз кім», «Үш мың шақырымдық тау-өзен», «Қызыл жартас», «Қалың орман, Қарлы дала», «Қызыл ту шежіресі», «Есалаңның естелігі», «Жарақат», т.б. прозалық шығармалар қазақ тілінде жарық көрді. 60-жылдардың орта тұсынан 70-жылдардың алғашқы кезіне дейінгі аралықта қытай қазақтары аударма әдебиеті даму үрдісін басып өтті де, әу баста біртіндеп өркен жайғанымен соңына бара тоқырады. Бұл тұста қытай әдебиетінің «Қызыл шырақ», «Уйхушан тауын ақылмен алу» және «Гауйұйбау» сияқты шығармалары қазақ тілінде сөйледі. Он жылға ұласқан «Мәдениет төңкерісі» тұсында өзге ұлттар секілді қазақ аударма әдебиеті де тоқырап тоқтап қалды.

80-жылдар мен 90-жылдардың алғашқы тұстарында қытай қазақтары аударма әдебиеті шығармашылығының қызу өрлеуі бір мезет те бәсеңдеген жоқ. «Батысқа сапар», «Ғұламалар

шежіресі», «Таң алдында», «Арайлы аспан», «Санган көгіндегі күн», «Махаббат трагедиясы», «Көгілдір көз», «Том Жонс», «Ғарыштан келген адам», «Уақыт белгілері» (Найман Сапанның көркем аудармалар топтамасы), «Әр ел ауаны» (Әзімхан Тышанұлының көркем аудармалар жинағы), «Франс Кафка әңгімелері», «Калила мен Дәмена», «Жен Эйр», «Шал мен теңіз», «Андерсонның балалар ертегілерінен таңдамалылар» секілді қытай мен шетел әдебиетінің таңдаулы шығармалары іркес-тіркес аударылып баспадан шықты. Осы мезгілде қытай қазақтарының аударма әдебиеті Ә. Мәжитұлы, Ш. Әбдәлиұлы, Ә. Нұрғазыұлы, Е. Құрманбекова, Қ. Тәбәрікқызы, М. Сұлтаншәріпұлы, С. Имашұлы, С. Қауымбайұлы, Т. Сейітбатталұлы, Б. Рабатов, Т. Дошықұлы, У. Зәкеров, Б. Шөкеев сияқты бір топ жас қаламгерлермен толықты.

ХХ ғасырдың 90-жылдарының орта шенінен қазірге дейінгі мезгілде қытай мен шетел әдебиетіндегі үздік әдеби туындылар үзбей аударылып, баспадан шықты. Мәселен, «Шаң-тозаң айыққанда», «Да Винчи құпиялығы», «Көк бөрі», «Ну ормандағы махаббат», «Қалыңдық», «Батпырауық қуған жан», «Жаз келмей, мәз келмейді» қатарлылар мен 2012 жылғы новелла әдебиет сыйлығының иегері, қытай прозашысы Мо Янның «Шарап елі», «Қызыл каулен», «Отшаң әулет», «Он үш адым» сияқты таңдаулы шығармалары тәржімаланды. Осы мезгілде көркем аударма шебіне өткен ғасырдың 60-70-жылдарынан соң дүние есігін ашқан Н. Болатұлы, М. Мұқатайұлы, Д. Патиқұлы, Ж. Мұқаметханұлы, Ә. Зақанұлы, Ш. Бөкетайұлы, С. Сағатжанұлы, Н. Әбдіқадырұлы, Қ. Жұмашұлы, Қ. Оразбекұлы, С. Әуесханұлы, Д. Жамбайқызы, М. Қасенұлы, Т. Төрежанов келіп қосылып, көркем аударманың келешегінен үлкен үміт аңдатты.

Аударма әдебиет шығармашылығының өркен жаюына ілесе қытай қазақтары арасында аударма әдебиет теориясы туралы зерттеулер қолға алынып, аударма сыны өріс алды. Осы қатарда аударма әдебиетінің теориясы жөніндегі зерттеулер ара-тұра жүргізіліп, аударма әдебиеті сынына қатысты шығармалар бой көрсете бастады. «Тіл және аударма» журналының жарық көруі, қазақ тілінде басылым көретін ғылыми журналдар мен басқа да басылымдардың бұл салаға мән беруі нәтижесінде аз болса да сапалы, сүбелі еңбектер дүниеге келді әрі «Тіл және аударма» секілді басылымдар арқылы үздіксіз жарияланып тұрды. Аударма әдебиеті теориясын зерттеумен арнайы шұғылданатын мамандарымыз болмаса да, әр буын аудармашыларымыз өз тәжірибелері негізінде аударма әдебиеті тарихына, теориясы мен сынына қатысты бірсыпыра мақалалар жариялап, бұл жақтағы кемшілікті толтыруға құлшынды. Ә. Байболатовтың «Көркем аударма және оның тілі туралы», «Классик шығармалардың аудармасы жайында», «Аударма және оның әдеби тілге ықпалы туралы» сияқты мақалалары, Ғ. Османның «Өлең аудармасы туралы кейбір ойлар» атты мақаласы, Ә. Нәбиұлының «Қазақ халық әндерін қытайшаға аудару жөнінде» деген мақаласы, Б. Мұсақызының «Балаларға арналған шығармаларды аудару жөніндегі ойларым», С. Қанапиннің «Әдебиет және аударма» атты мақалалары және Қ. Мұханұлының «Қазақ әдеби аударма тарихы жөнінде аз аял» атты мақаласы бастаған көптеген еңбектер бұл жақтағы өкілдік зерттеулер есептеледі. Солай да аударма әдебиетіміздің теориясы жөніндегі зерттеулер мен аударма сыны аударма әдебиет шығармашылығымыздың өресі мен сан мөлшерінен әлі де алыста жатыр. Бұл жөнінде аудармашыларымыздың өз тәжірибелерін таныстыруы, аударма теориясы туралы жалпы зерттеулері біршама көп те, аударма әдебиетінің тарихына, аударма әдебиеті шығармашылығындағы нақты мәселелерге, жекелеген аударма еңбектердің табысы мен олқы тұстарын көрсетіп беруге, аударма сынын өрістетуге саятын зерттеулер тым аз.

Қытай қазақ аударма әдебиетінің табыс, нәтижелері бар дей тұрғанымызбен сақталып отырған мәселелерді көрмей де тұра алмаймыз. Әсіресе аудармашылар қосынында үзіліс болып, жас аудармашыларды баулып жетілдіруге көңіл бөлінбей отырғаны, соңғы кездері аударылатын туындыға деген талап пен талғамның төмендеп кетуі, ана тіліміздегі таңдаулы дүниелерді қытай және өзге ұлт оқырмандарына аударып жеткізудің саябырсып қалғаны және аударма сапасының ала-құла болып, аударма әдебиеті шығармашылығын ақша табудың ғана құралына айналдыру сынды жәйттердің барын ашып айтпай болмайды. Қытай қазақтарының аударма әдебиетінің қалыптасқанына ғасырға таяу уақыт болды. Оның соқпақты жолдары, нәтижелері және нақты теориялық мәселелері біздің зерделеп, зерттеуімізді, аударма әдебиеті шығармашылығын ілгері бастыруымызды күтіп отыр.

Әдебиеттер

1 Байболатов Ә. Аударма аясында. – ҚХР Бижиң: Ұлттар баспасы, 2001. – 158 б.
2 Чын Шымиң. Шинжияңның осы заманғы аударма тарихы. – ҚХР ШҰАР Үрімжі: Шинжияң университеті баспасы, 1999. – 271 б.
3 Солтаншәріпұлы Н. Аударма мәселелері. – ҚХР ШҰАР Күйтүн: Іле халық баспасы, 1989. – 257 б.
4 Мұханұлы Қ. Қазақ әдеби аударма тарихы жөнінде аз аял // Алқап. – ҚХР Бижиң, 1993. – №11. – 52-63 бб.
5 Шие Тиянжын. Аударма әдебиеті – мойындалу үстіндегі әдебиет // Қытай аудармашылары. – ҚХР Бижиң, 1992. – №2. – 17-24 бб.
6 Ыбырайым Т. Шинжяң қазіргі және осы заманғы аударма әдебиеті туралы // Тіл және аударма. – 2003. – №4. – 37-51 бб.
7 Мұқатайұлы М. Аударма тарихынан үзіктер // Шинжияң. – 2003. – 24 қазан.
8 Әлиев М. Қытайша-қазақша аударма назариясы. – ҚХР ШҰАР Құлжа. Іле педагогика институты оқулық бөлімі құрастырған, 2002. – 132 б.
9 Дәулеткелдіұлы С. Төл әдебиетіміз туралы толғаныстар. – ҚХР Бижиң: Ұлттар баспасы, 2010. – 291 б.
10 Мырзаханов Ж. Қазақ мәдениетінің айдыны. – ҚХР ШҰАР Үрімжі: Шинжияң халық баспасы, 2001. – 284 б.
12 Жияши Ж, Дәулеткелдіұлы С. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. – ҚХР ШҰАР Үрімжі: Шинжияң халық баспасы, 2007. – 342 б.
14 Мырзаханұлы Ж. Қазақ әдебиетінің тарихы. – ҚХР ШҰАР Үрімжі: Шинжияң халық баспасы, 2005. – 314 б.

References

1 Baybolatov Ä. Awdarma ayasında. – QXR Bïjïñ: Ulttar baspası, 2001. – 158 b.
2 Çın Şımïñ. Şïnjïyañnıñ osı zamanğı awdarma tarïxı. – QXR ŞUAR Ürimji: Şïnjïyañ wnïversïteti baspası, 1999. – 271 b.
3 Soltanşäripulı N. Awdarma mäseleleri. – QXR ŞUAR Küytün: Ile xalıq baspası, 1989. – 257 b.
4 Muxanulı Q. Qazaq ädebï awdarma tarïxı jöninde az ayal // Alqap. – QXR Bïjïñ, 1993. – №11. – 52-63 bb.
5 Şïe Tïyanjın. Awdarma ädebïeti – moyındalw üstindegi ädebïet // Qıtay awdarmaşıları. – QXR Bïjïñ, 1992. – №2. – 17-24 bb.
6 Ibırayım T. Şïnjyañ qazirgi jäne osı zamanğı awdarma ädebïeti twralı // Til jäne awdarma. – 2003. – №4. – 37-51 bb.
7 Muqatayulı M. Awdarma tarïxınan üzikter // Şïnjïyañ. – 2003. – 24 qazan.
8 Älïev M. Qıtayşa-qazaqşa awdarma nazarïyası. – QXR ŞUAR Qulja. Ile pedagogïka ïnstïtwtı oqwlıq bölimi qurastırğan, 2002. – 132 b.
9 Däwletkeldiulı S. Töl ädebïetimiz twralı tolğanıstar. – QXR Bïjïñ: Ulttar baspası, 2010. – 291 b.
10 Mırzaxanov J. Qazaq mädenïetiniñ aydını. – QXR ŞUAR Ürimji: Şïnjïyañ xalıq baspası, 2001. – 284 b.
12 Jïyaşï J, Däwletkeldiulı S. Qazaq ädebïetiniñ qısqaşa tarïxı. – QXR ŞUAR Ürimji: Şïnjïyañ xalıq baspası, 2007. – 342 b.
14 Mırzaxanulı J. Qazaq ädebïetiniñ tarïxı. – QXR ŞUAR Ürimji: Şïnjïyañ xalıq baspası, 2005. – 314 b.

Турбекова С.А.

Один из видов формальной соотносительности личных имен при переводе художественного текста

В статье рассматривается один из видов формальной соотносительности эмоционально-оценочных существительных со значением лица при переводе художественного текста. Автор отмечает, что при переводе происходит категориальное смещение: имя с категориальным значением существительного в тексте оригинала заменяется словосочетанием с признаковой семантикой в тексте перевода. Доминантой оказывается признаковое значение. Личное значение заменяется отвлеченным и передает процессуальный признак без лица.

Отмечается, что возникновение данного вида формальной соотносительности обусловлено отсутствием в казахском языке специальных словных наименований для лиц женского пола, а также моделей, типов образования личных имен по качествам, чертам характера.

Ключевые слова: эквивалентность личных имен, формальная соотносительность, перевод художественного текста.

Turbekova S.A.

One of the types of formal correlations of personal names in translation

The article considers one of the types of formal correlation of emotionally-valued nouns with the meaning of a person when translating an artistic text.The author notes that in the translation there is a categorical shift: the name with the categorical value of the noun in the original text is replaced by a phrase with semantics in the text of the translation.The dominant is indicative. Personal value is replaced by an abstract one and transmits a procedural sign without a face.

It is noted that the emergence of this type of formal correlation is due to the absence in Kazakh language of special word names for the females, as well as models, types of education of personal names by qualities, character traits.

Key words: the equivalence of personal names, formal correlations, the translation of an artistic text.

Тұрбекова С.А.

Көркем мәтінді аудару барысындағы деректі есімдердің сәйкес арақатысы түрлерінің бірі

Мақалада көркем мәтінді аудару барысындағы атау мәніндегі эмоциональды-бағалаушылық зат есімдердің сәйкес арақатысы түрлерінің бірі қарастырылады. Автордың пайымдауынша, аударма барысында категориялдық ауысу жүзеге асады: түпнұсқадағы зат есім категориялдық мағынасындағы аталым аударма мәтінде нышандық мәндегі сөзтіркесімен ауысады. Нышандық мағына басымдықта болады. Деректі мағына дерексізге ауысады және дерексіз процессуалды нышанды көрсетеді.

Деректі есімдердің сәйкес арақатысы түрлерінің пайда болуы қазақ тілінде әйел жынысы үшін арнайы сөз атауларының, сонымен бірге деректі есімдердің сапасына, сипатына қарай жасалу модельдерінің болмауына байланысты екені атап айтылады.

Түйін сөздер: деректі есімдердің баламалылығы, сәйкес арақатынасы, көркем мәтінді аудару.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

УДК 81’25

Турбекова С.А.,

к. ф. н. доцент Казахского национального исследовательского технического университета им. К.И. Сатпаева, г. Алматы, Казахстан,
e-mail: sturbekova@mail.ru

ОДИН ИЗ ВИДОВ ФОРМАЛЬНОЙ СООТНОСИТЕЛЬНОСТИ ЛИЧНЫХ ИМЕН ПРИ ПЕРЕВОДЕ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА

В лексике категорию лица представляют лексемы, в значениях которых содержится компонент «человек». При этом значение лица может конкретизироваться, отражая общественно-социальные, возрастные, административно-территориальные, профессиональные, родственные, половые и другие группировки людей. Личные имена представляют ядро выделяемой лингвистами категории лица. Значение лица может выражаться лексическими, словообразовательными, морфологическими и синтаксическими единицами, подтверждая асимметрию плана выражения и плана содержания языка. Данное проявление асимметрического дуализма заключается в известной способности одного содержания выражаться неодинаковыми средствами не только в разных языках, но и в одном языке.

Перевод художественного текста, элементами которого выступают эмоционально-оценочные личные имена, осуществляется путем достижения функциональной и «элементной» эквивалентности. Последняя имеет два основных типа, представленных формальной и семантической соотносительностью.

В орбиту формальной соотносительности, подготавливающей семантическую эквивалентность, втягивается «контекст лица», имеющий особые условия формирования в обоих языках. Эти условия диктуются различными целями «контекстов лица». Дополнительная функция таких контекстов в обоих языках тождественна – это эксплицировать эмоционально-оценочное значение.

Виды формальной соотносительности личных имен при переводе реализуют возможность передачи одного содержания в разных языках единицами разных уровней. Они возникают в связи с тем, что понятийно-классификационное членение мира в разных языках не совпадает. Другая причина уровневой неравноправности элемента языка-источника и его перевода в другом языке – изменение синтаксического употребления и категориального значения. Доминирующим же фактором являются расхождения в таксономии языков.

Рассмотрим вид формальной соотносительности: Слово (Я1) – словосочетание (Я2).

1. Он отмахивался: «Да нет же, я *воин*, я говорить не умею» [1, 418].

Ол: «... жоға, мен *жауынгер адаммын*. Сөйлеуге ыңғайым жоқ.» [2, 294].

2. Толпа загудела, *оратор* нырнул в нее и скрылся [1, 66].

Сөйлеген кісі гу ет қалған топтың арасына сұңгіп, ғайып болды[2, 87].

3. Видимость: наглая писарская *рожа* [1, 59].

Көзге түсеріміз: писарлардың *арсыз беті* ғана[2,78].

4. Увидел *кикимору* – худую бабу и простоволосую, – сильно испугался... [1, 6].

Шашы жалбыраған ап-арық мыстанды көріп... [2, 5].

В данном случае словосочетание в Т2(текст перевода) формируется путем присоединения к наименованию «мыстан» слов из другой синтаксической группы в Т1 (текст оригинала). Определения при слове «баба» в Т1, которое опущено в Т2, подчинены переводу эмотива и подчеркивают его доминирующую позицию.

5. Там, господа, были жидовочки, а здесь – *пролетарочки*... [1, 265].

Мырзалар, онда жөйіп әйелдер бар, мұнда *пролетар әйелдері* бар... [2, 72].

6. Но ведь она *преступница* [1, 22].

Бірақ Катя *қылмысты әйел* ғой [2, 28].

7. Шейнберг опять сошелся со своей *истеричкой*... [1, 34].

Шейнберг*қояншық әйеліне* қайта қосылыпты …. [2, 44].

8. Три *мещанки* в зеленых и пунцовых платьях грызли семечки и плевали шелухой... [1, 71].

Жасыл кашимир көйлек үш *тоғышар әйел*... [2, 95].

Словосочетанияв Т2 [2, 3, 4] восполняют отсутствиеразграничения названий лиц в Я1 по полу.

9. ... *мальчишка* из магазина принес [1, 32].

... магазиннен *бір бала* әкелді [2, 42].

Семантическая структура многозначного слова «бала» не включает семы неопределенности, которую может иметь существительное «мальчик», благодаря соотнесенности возраста, пола; тогда как «бала», кроме этих сем, несет сему родственных отношений, которая не предполагает неопределенности. Так как у слова «бала» нет внутрисловной расположенности к выражению «некоего лица», то оно вносится аналитическим способом («бір бала»).

10. Разыши этого николая Ивановича и скажи ему, что он *разиня* [1, 75].

Әлгі николай Ивановичті тауып алып оған *ашық ауыз* екенсің де[2, 99].

При переводе происходит категориальное смещение: имя с категориальным значением существительного (Т1) заменено словосочетанием с признаковой семантикой (Т2). Последняя представляет лишь часть содержания личного значения («лицо» – «качество», т.е. лицо, обладающее качеством). Опущение семы восполняется в Т2 за счет других его элементов («оған», «николай Ивановичті»).

11. Тогда Катя, всегда молчаливая, – *«овечка»,* – почти крикнула,сжав руки [1, 248].

Үндемейтін «қойдан жуас» Катя жұмылығын түйіп, айқайлап жіберді [2, 47].

Как и в предыдущем случае перевод словосочетания осуществлен с опущением семы «лицо», которая восстанавливается синтагматическим округлением («Катя»).

12 Одиночка, мечтательница, холодная, никогда не любившая женщина – прощай, черт с тобой, не жалко...[1, 359].

Топтан бөлініп жалғыз қалған қиялый, ешкімді сүйіп көрмеген салқын әйел, хош бол енді, сені аяйтын ештеңе жоқ... [2, 208].

Еще одно подтверждение того, что в номинации лиц по качествам в русском языке активно участвуют словообразование и фразообразование, тогда как в казахском языке им соответствует только фразообразование. Ср: 1) одиночка – одинокий человек, одинокая женщина – тот, кто одинок; 2) жалғыз адам – жалғыз әйел. Так как сочетание «жалғыз әйел», как и «одинокая женщина» имеет более узкое значение и отражает семейный статус жалғыз басты әйел, а не вообще социальный , как «одиночка», «одинокий человек», «жалғыз адам», то для расширения значения словосочетания «жалғыз қалған әйел» введены дополнительные слова «топтан бөлініп», что определило сложность словосетания, которое к тому же получает сему «лицо» в контексте.

13. Мы не хотим быть *наемниками* кровавой буржуазии [1, 221].

Біз қанқұйлы буржуазияның *жалдамалы құлы* бола алмаймыз [2, 8].

Пример обнаруживает таксономическое расхождение языков, котороефиксирует, в частности, несходство в исконных традициях, принципах формирования, содержания, управления, организации военных сил у русских и казахов.

14. Я не *саботажник*.. [1, 227].

Кеселдік жасаушы емеспін… [2, 16].

15. Он вдруг улыбнулся как-то по-забытому, по-«довоенному», простодушно, и Даша все вспомнила: плоский песчаный берег, солнечную мглу над теплым и ленвым заливом, себя – *«недотрогу»,* девичий бант на платье, влюбленного Куличика, которого она от всей своей высокомерной девственности презирала... [1, 354].

...ол кенгет бір түрлі ұмыт болып кеткен «соғыстан бұрынғы» ақжарқын пішінмен жымыйып күлді, сол сәтте: өткен өмір Дашаның есіне түсе қойды. Жайпауыт құмайт жаға, баяу толқыған жылышығанақтын үстіне түскен күн сәулесі, көйлегіне бант таққан *«шан тимес*» қыз-өзі, ғашық болған Куличик, ол оны күнәсіз өркөкрек қыз жанымен жек көріп еді... [2, 201].

В Т2 так же, как и в предыдущих случаях (10-14) создается «контекст лица» путем включения зат есім «қыз» и есімдік «өзі».

16. Я – никто. *ничтожество.* Бездарна и порочна [1, 27].

Мені қойшы. *Түкке тұрмаймын*. Дарынсыз бұзылған адаммын [2, 34].

В данном соотношении Т1 – Т2 «контекст лица» в Т2, созданный при обозначении признака «түкке тұрмаймын», поддерживается отсутствующим в Т1 несколькословным наименование лица (дарынсыз, бұзылған адаммын), который соответствует наименованиям признаков (бездарна и порочна). Категориальная и уровневая разница нейтрализуется функциональной адекватностью. Данные соотносительные единицы из Т1 и Т2 выполняют одну и ту же синаксическую функцию сказуемого.

17. Это *сумасшедшие* [1, 27].

Бұл *естен айрылғандық* [2, 65].

Личное значение Т1 заменено отвлеченным в Т2 и передает процессуальный признак без лица. Демонстрируется возможность перевода с пропуском значения лица, так что доминантой оказывается признаковое значение, с которым и связана эмоционально-оценочная окраска контекста.

Как видим, возникновение данного вида формальной соотносительности обусловлено отсутствием в казахском языке специальных словных наименований для лиц женского пола, а также несвойственностью для казахского словообразования, в отличие от русского, моделей, типов образования личных имен по качествам, чертам характера. Поэтому вместо отадъективных субстантивов в казахском текстепоявляются качественные прилагательные, требующие или не требующие «контекста лица».

Литература

1 Толстой А. Хождение по мукам. Трилогия. – Минск: Мастацка літаратура, 1975. – 750 с.
2 Толстой А. Азапты сапарда. Трилогия. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1953.

References

1 Tolstoj A. Hozhdenie po mukam. Trilogiya. – Minsk: Mastacka litaratura, 1975. – 750 s.
2 Tolstoj A. Azapty saparda. Trilogiya. – Almaty: Қазақтың memlekettik kөrkem әdebiet baspasy, 1953.

5-бөлім
МӘДЕНИЕТ

Раздел 5
КУЛЬТУРА

Section 5
CULTURE

Аймұхамбет Ж.Ә.,
Байтанасова Қ.М.

Мифтік танымдағы жаратылыс диадасының қосарлы-қайшылықты бітімі

Мақалада мифтік дүниетаным негізіндегі диадалық бірліктің қайшылықты сипаты талданалды. Миф табиғатына тән бинарлық оппозицияның мәні, тілдік аспектідегі қалыптасқан ұғымдардың мағынасы туралы тұжырымдар негізге алынып, тұжырымдар жасалады. Мифема ұғымының осы бинарлық оппозицияға негіз болғандығы мысалдар арқылы талқыланып, тұжырымдармен бекітіледі. Бинарлық оппозиция категорияға айналып, табиғат пен мәдениеттің өмір сүру қағидаттары ретінде сипатталады. Мақалада бейсаналық құрылымды анықтау үшін халық мәдениетін, менталитетін, рухын танып-түсіну, дәл осы құрылым қабаттасқан бинарлық оппозицияны айқындау керектігі айтылады. Мифтік дүниетанымда ерекше орын алатын бинарлық-диадалық құрылым әлем халықтарының мифтік баяндарынан және поэтикалық кеңістіктен орын алғандығы туралы қорытындылар жасалады.

Түйін сөздер: дүинетаным, миф, бинарлық оппозиция, мифема, медиатор, хаос, космос, аспан, жер, бейнелеу тәсілдері, стилистикалық пішін, антитеза.

Aymukhambet Zh.A.,
Baitanasov K.M.

The binary and opposite nature of the dyad in the mythical consciousness

The article analyzes the opposite qualities and unity of the dyad of the mythical world from the point of view of language and aspects inherent to the nature of the essence of the myth of binary opposition. The binary opposition is considered as a separate category and characterized as the main principle of nature and culture existence. In the article it said that in order to identify subconscious structure it is necessary to study the culture, mentality and spirit of a nation, the structure can certainly recognize the binary opposition. Conclusions are justified by the judgment in the examples that vividly demonstrate the fact that mytheme has formed the basis of a binary opposition. The conclusions in the article also argue that the structure of the binary dyad has a special place in the mythological world view of mythical stories of the peoples of the world and in a poetic space as well.

Key words: outlook, myth, binary opposition, mytheme, mediator, chaos, space, sky, earth, ways of reflection, stylistic forms, antithesis.

Аймухамбет Ж.А.,
Байтанасова Қ.М.

Дуо-противоречивая природа диады в мифическом сознании

В статье анализируется противоположные качества и единства диады мифического мировоззрения с точки зрения аспекта языка и присущей природе мифа сущности бинарной оппозиции. Бинарная оппозиция характеризуется как отдельная категория, описывается как основной принцип существования природы и культуры. В статье говорится о том, что для определения подсознательной структуры необходимо понять и познавать культуру, менталиетет и дух народа, именно эта структура может обозначать бинарную оппозицию. Выводы обосновываются посредством суждения на примерах, демонстрирующих тот факт, что мифема легла в основу бинарной оппозиции. Выводы в статье также доказывают, что структура бинарной диады занимает особое место в мифологическом мировоззрении мифических рассказов народов мира и в поэтическом просторе.

Ключевые слова: мировоззрение, миф, бинарная оппозиция, мифема, медиатор, хаос, космос, небо, земля, способы отражения, стилистические формы, антитеза.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 398.122: 821.512.122

Аймұхамбет Ж.Ә.[1], Байтанасова Қ.М.[2],

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
[1]профессоры, ф.ғ.д., [2]профессоры, ф.ғ.к., Астана, Қазақстан,
e-mail: a_zhanat@mail.ru; beka-talgat@mail.ru

МИФТІК ТАНЫМДАҒЫ ЖАРАТЫЛЫС ДИАДАСЫНЫҢ ҚОСАРЛЫ-ҚАЙШЫЛЫҚТЫ БІТІМІ

Адам баласының әуелгі дүниетанымы қарама-қайшылықтардың табиғатын тануға және түсінуге негізделген. Ежелгі дүниетаным болып саналатын миф табиғатына бинарлық оппозицияның тән болуы даму заңдылығын қамтамасыз ететін қарама-қарсылықтың бірлігі мен күрес заңын еске түсіреді.

Тілтаным аспектісінде бинарлық оппозиция (лат. binarius – қосарланған, екі бөліктен тұратын) дегеніміз белгілі бір таңба өзіне оппозицияда тұрған таңбамен байланысы арқылы ғана белгілі бір мағынаға ие болатын шеңберде түсіндірілетін семиотикалық жүйедегі қарым-қатынас типі екені белгілі [1]. Қарапайым мысал келтірер болсақ, лингвистикалық таңба ретіндегі «ізгілік» сөзінің мәнін «зұлымдық» сөзі, «жақын» сөзінің мағынасын «алыс» сөзі, «қатты» сөзінің мәнін «жұмсақ», «тұщы» сөзінің мәнін «ащы», «ақ» сөзінің мәнін «қара» сөзі айқындайтыны мәлім.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап Ф. де Соссюр концециясы негізінде ғылымда кез келген құбылыс белгілі бір құрылымға ие деген түсінік үстемдік ала бастағаны белгілі. Осыдан келіп құрылымдық лингвистика туындады. Соссюр тілдік құрылымды зерттей отырып, оның элементтері болып табылатын таңбалар арасында әрекет ететін ішкі байланыстың синхронды тәртібін айқындады. Тіл элементтері, Соссюрдің айтуынша, бірін бірінен ерекшелейтін және бір-бірімен байланыстыратын оппозициялық жүйеде қызмет етеді, ал мағына, мән осы система, немесе құрылым ішіндегі бөліктер байланысының нәтижесі болып табылмақ [2, б. 19-21]. Сондайақ, де Соссюр үшін тіл дегеніміз – функционалды айырмашылық пен оппозиция жүйесі. Тілдің күллі механизмі оппозицияға және оған қосалқы түрде фонетикалық, концептуалдық айырмашылықтарға құрылған. Бұл тұжырымның қисындылығын, әрине, жоққа шығара алмаймыз.

Соссюр идеясын әрі қарай дамытқан Роман Якобсон фонетикалық құрылымды зерттей келе, фонетика саласының ерекшелігі – оның дуалистік, яғни бинарлық болмысында дейді. Якобсонның пікірімен келісе отырып, барлық фонемалар қай тілде болсын бір-біріне қарама-қарсы жұп құрайтынын айтуға болады. Мысалы: дауысты=дауыссыз, қатаң=ұяң, жіңішке=жуан. Тілдік таңбалар мен құбылыстар адам баласының

қарым-қатынасы нәтижесінде пайда болып, бір-бірінің қасиетін, сапасын, пішінін айқындайтын жұпты құрайды.

Структурализм теориясында бинарлық оппозиция негізгі категорияға айналып, табиғат пен мәдениеттің өмір сүру қағидаттары ретінде сипатталады. Француз структуралистері, оның ішінде этнолог әрі антрополог Клод Леви-Стросс құрылымдық лингвистиканың бинарлық оппозиция туралы идеясын қабылдай отырып, лингвистиканың құрылымдық моделі антропология моделімен ұқсас келеді деп түсіндіреді. Ал, бұл модельдер бейсаналықтан бастау алады, яғни әу баста адам ақылының құрылымында бар ұғым. Тіл дегеніміз, Леви-Стросс пайымдауы бойынша, халық мәдениетінің бейнесі, бірақ оның құрылымы сөйлеу тілінде қабылданбаған. Тіл – ішкі құрылымын өздігінен туындататын құбылыс. Леви-Стросс тұжырымын алға тартсақ, мифті тілмен салыстыруымызға болады, мифте де сөйлеушілер қабылдамайтын құрылымдық сипат бар (ол – бейсаналық құрылым) [3, б. 65].

Бейсаналық құрылымды анықтау үшін халық мәдениетін, менталитетін, рухын танып-түсіну, дәл осы құрылым қабаттасқан бинарлық оппозицияны айқындау керек.

Бинарлық оппозицияны Леви-Стросс ойлаудың ең түпкі, негізгі бөлшегі болып табылатын *мифема* ретінде қарастырады. Шындығында да, дүниені тануға талпыныстың ең ежелгі формасы осы мифемада жатқаны ақиқат.

Әдеби-мәдени талдаулар тұрғысынан келер болсақ, «Бинарлық оппозиция – XX ғасырда ерекше белсенді қолданылған және осылай деп танылған әлемді танудағы әмбебап құрал. Әлем бейнесін суреттеудің кез келгенін түрінде бинарлық оппозиция бар және олар әмбебап сипатымен ерекшеленеді: *өмір/өлім; бақыт/бақытсыздық; оң/сол; жақсы/жаман; жақын/алыс; өткен/болашақ; жоғары/төмен*. Бұл оппозицияның бір жағы жағымды, бір жағы жағымсыз сипатымен белгілеленген» [4].

Ежелгі дүниетаным және тарихи сананың бір формасы ретіндегі миф тұтас дүние құрылымындағы қарама-қайшылыққа ерекше назар аударады. Структуралистер сипаттаған бинарлық-диадалық құрылым мифтік дүниетанымда ерекше орын алады және жаратылыс атаулының қайнар көзі, дамудың тетігі, қозғаушы күші ретінде айтылады.

Біз сол мифтік танымдағы бинарлық оппозиция табиғатына үңіліп, олардың мән-мағынасына тоқталмақпыз.

«Кез келген мифтің негізінде біршама оппозиция жатыр кез келген миф бинарлық оппозициядан бастау алады, мысалы: өмір мен өлім, аспан – жер, күн – түн, оң мен сол, жоғары – төмен, киелі – қасиетсіз, шикі мен піскен, ақ пен қара, т.б. Миф мазмұнының өрістеуі осы негізгі қарама-қайшылықты біртіндеп арылтудан түзіледі. Ол үшін мифтік-шығармашылық оппозициялар полюсін анықтап бекітетін аралық өтпелі элементтердің медиациялы-қозғалмалы рәсімін (медиатор) туындатады» деп тұжырымдайды В. Найдыш [5, б.456]

Ежелгі дүниетаным ретіндегі мифтің кез келген мотивінен біз бір-біріне болмысы қайшы диадалық құрылымды көре аламыз. Олар: хаос – космос; аспан – жер, күн – түн, изгілік пен зұлымдық, ақ пен қара. Бұл жұп ұғымдар бір-бірімен тығыз байланысты болумен қатар өзара қайшылықты сипатта. Бұл қайшылықтың өзі айналып келгенде бір тұтастықты түзеді.

Дүниенің жаратылуы туралы мифтерде ең әуелі бей-берекет хаос айтылса, артынша реттілік, үйлесім ретіндегі космос оған қарсы қойылады. Бұдан кейінгі қарсылықты әрі тұтастықтағы жұп – аспан мен жер.

Сөйтіп, мифтік танымдағы айтылым бойынша хаос-космос қарсылықты жұбының байланысы нәтижесінде дүние ретке келтіріледі. Ежелгі Мысыр мифологиясында Атум құдайдың өз бойынан Шу мен Тефнутты жаратқаны, бұл жұптың балалары ретінде Геб (еркек) пен Нуттың (әйел) дүниеге келгені айтылады. Геб – жер, ал, Нут – аспан ретінде сипатталады.

«Геб пен Нут бірін-бірі жақсы көргендері соншалық, дүниеге құшақтасқан қалпында келді. Сондықтан да бастапқыда бұл екеуі бір-бірінe жабысып тұрады. Олардың балалары – жұлдыздар дүниеге келеді. Бір күні Геб пен Нут ұрсысып қалады. Жанжалдың себебі – Нут үнемі өзі тапқан балаларын жұтып қояды. Геб оған ашуланады. Аспаннан да, жерден де тыныштық кетеді. Күн құдайы Ра Шуға екеуін екі бөліп жібер деп бұйрық береді. Шу Нутты көкке көтеріп, екеуінің құшағын ажыратады. Сөйтіп аспан жерден ажырайды» [6, б. 222]. Нут бұл жерде жойымпаздық сипатымен ғана емес, жаратушылық (жұлдыздарды дүниеге әкелу) әрекетімен де көрінеді. Яғни ол әрі жұлдыздарды жаратушы, әрі өз жаратқанын қайта жоюшы. Бір Нуттың болмысының өзі мифтік танымдағы жасампаздық/жойымаздық диадасын құрайды.

К. Юнгтің архетиптер теориясында Анима мен Анимус әйелдік (аналық) және еркектік (аталық) бастау архетиптері болып түсіндіріі-

леді. Бұл екеуі әрі жұптасқан, бірін-бірі толықтыратын архетиптер, әрі бір-біріне деген оппозициялық сипатымен ерекшеленетін болмыс. Жаратылыстың оппозициялық сипатын мифтік негізде пайымдай отырып, ғалымдар осындай қайшылықты қарым-қатынастың даму диалектикасының өзегі екенін қайталай айтады. Миф символикасы туралы пайымдауында Дороти Норман былай дейді:

«Біз үнемі қарама-қарсылықтармен, өмір мен өлім, көк пен жер, күн мен түн, аналық пен аталық, өткен мен болашақ, біздің ішіміздегі мен оған кереғардың ойынымен бетпе-бет келеміз. Біз шүбәсіз болатын қарама-қарсылықты жұптар ғана емес, сонымен бірге, олардың шексіз болып көрінетін қиюластық амалдары да абдыраушылыққа әкеледі. Міне, сол кезде біздің осынау қарама-қарсылықтардың айлалы шытырман қиюластығымен келісімге келуден және оларға талғампаздықпен қараудан басқа амалымыз қалмайды» [7, б. 412].

Мифологияда Хаос-Космос диадасынан өмір-өлім оппозициясына дейінгі аралықта қаншама қайшы ұғымдар мен құбылыстар қамтылған. Жоғарыда өзіміз мысалға келтіріп өткен аспан мен жер бинарлық-диадалық жұптастық болумен қатар оппозициялық жаратылыс. Осы оппозиция аспан-жер ұғымын қытай мифологиясында Инь мен Янь, грек мифологиясында Уран мен Гея, мысырлықтарда Геб пен Нут түрінде бейнелейді. Сондай-ақ Шив пен Вишнудың, Гор мен Сеттің бітпейтін майданы осы мифтік дүниетанымның бинарлық өзегі. Күллі табиғаттағы жаратылыс, мейлі, нақты-заттық, мейлі абстрактылы болсын, бір-бірімен қарама-қарсы жұп құраса, дәл осы қайшылық нәтижесінен даму өрбиді.

Адамзат жаратылысының негізгі өзегі болып, санасынан берік орын алған ақ пен қараның, жақсылық пен жамандықтың, ізгілік пен зұлымдықтың, жомарттық пен нәмәрттіктің мәңгілікке созылған күресі мифтік танымда бір-біріне қарама-қарсы қойылған қос қаһарман, қос билеуші, қос «құдай», т.б. сипатта бейнеленгені бізге әлем халықтарының мифтерінен белгілі.

«Инь мен Ян концепциясы – қарама-қарсы және бірін бірі толықтыратын екі бастау – мемлекетті басқару системасынан бастап адамдар арасындағы қарым-қатынасты, тамақтану ережелері мен өзін өзі реттеуге дейінгі аралықтағы қытайдың барлық мәдени дәстүрін қамтиды. Олар, сондай-ақ адам мен рухани әлем арасындағы қарым-қатынастың күрделі жүйесін де де таралған», – деп жазады А.А.Маслов [8, б. 29]. Бұл екі бастаудың өзін ежелгі қытайлықтар былайша сипаттаған: Ян – аспан, аталық бастау, оңтүстік, жарық, өмір, күн, тақ сан; Инь – жер, аналық бастау, солтүстік, ай, қараңғылық, түн, жұп сан.

Қазақ халық фольклорындағы «Жақсылық пен Жамандық», шығыс халықтарындағы «Мәрт пен Нәмәрт» ертегілерінің мазмұнында болмыстары бір-біріне мүлде кереғар екі кейіпкер жолға бірге шығады. Жақсылық, немесе Мәрт жол-жөнекей жаяу қалып, мүсәпір болған Жамандықты, яғни Нәмәртті жаны ашып, атына мінгестіріп алады. Бейшара жолаушы Жамандық (Нәмәрт) атқа мінігесіп алған соң өзіне жақсылық жасаушы жанды алдап, жолға тастап кетеді. Яғни, бұл екеуі бір жолмен жүре алмайды дегенді Жамандықтың осы әрекеті танытады. Алайда, екеуінің жолдары қайта-қайта тоғыса береді. Жамандықтың жасаған жамандық әрекеті Жақсылықты бір жақсылыққа жолықтырып отырады. Себебі, өмірдің өзі осы жақсылық пен жамандықтың тартысына негізделген. Бұл екі ұғым бір-біріне қарама-қайшы мәнде болғандықтан да сол ұғымдарды иемденген екеу ертегі мотивінде сол аттарына сәйкес әрекет жасайды.

Жаратылыстың екі бастауын – жақсылық пен жамандықтың қайнар көздерін сипаттауда философтар мифтік дүниетанымға назар аудара отырып, түрлі концепцияларды ұсынды. Бұл концепциялар дерлік мифтерден, аңыз-ертегілерден өздеріне «дәнек» іздегені белгілі. Осындай ізденістер нәтижесінде неміс ойшылы Фридрих ницше XIX ғасырдың 72-жылы болмыстың екі бастауын сипаттайтын «аполлондық» және «дионистік» бастаулар ұғымын ұсынды [9]. Аполлон да Дионис те – грек мифінің кейіпкерлері, екеуінің әкесі – найзағай құдайы Зевс делінеді. ницше тұжырымы батыс ойшылдары Плутарх, Томас Ман еңбектерін еске салады. Бұлар күн құдайы болып саналатын Аполлон мен шарап құдайы Дионистің болмыстарындағы бір-біріне ұқсамайтын қасиеттерді жүйелеп алып, солар арқылы бір-біріне кереғар өмір сүру тәсілдерін анықтайды. Мифтік танымдағы аспан мен жер, ақ пен қара, қараңғы мен жарық, ыстық пен суық, күн мен түн, жоғары мен төмен, солтүстік пен оңтүстік, батыс пен шығыс, жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық, періште мен шайтан – бір-біріне қарама-қарсы, қарама-қайшы, алайда, бір-бірінен бөлінбейтін жұпты құрайды. Өзара тартыста болғанымен, олар бірінсіз бірі әркет ете алмайды. Диалектиканың негізгі заңдарының бірі – қарама-қарсылықтың бірлігі мен күрес заңы екенін философиялық

The article deals with the imagery aspect of the unity of opposites and their relationship in the language and belles-letters space. Analyzing the methods of reflection of linguistic and literary arts in works of fiction, the author argues that such artistic techniques as a description of the personality, the protagonist-antagonist, oxymoron, contrasting display, antithesis and stylistic forms are derived from the binary opposition which is inherent in the mythological consciousness. There is also an analysis carried out into the conflict and nature of the dual characters in contemporary fiction. According to the concepts given in the article it is clear that all the artistic devices of the opposite structure originated from the tectonics of the binary opposition. The analysis and conclusions in the article concerning binary oppositions, mythological dyads, the unity of opposites are all based on theoretical works and folklore works of national and world literature.

Key words: antonym, antithesis, oxymoron, mythic tektonics, protagonist, antagonist, symbol, acrothesis, alogism, dyad character, transformation, archetype.

Аймухамбет Ж.А.,
Оразбек М.С..

Поэтическая трансформация бинарной оппозиции в структуре мифа

В статье рассматривается художественный аспект единства противоположных понятий и их взаимосвязь в языковом и художественном пространстве. Анализируя методы отражения в художественных произведениях лингвистического и литературного искусства, автор доказывает, что такие художественные методы, как описание личности протагониста-антагониста, оксюморон, контрастные отображения, антитезы и стилистические формы происходят от бинарной оппозиции, присущей мифологическому сознанию. Проводится также анализ конфликта и природы сдвоенного персонажа в современной художественной литературе. Согласно заключению статьи можно заметить что, все художественные методы противоположной структуры по сути естества возникли от тектоники бинарной структуры. Анализ и выводы в статье касательно бинарных оппозиций, мифологической диады, единства противоположностей основываются на теоретических трудах и фольклорных произведений национальной и мировой литературы.

Ключевые слова: антоним, антитеза, оксюморон, мифотектоника, протагонист, антагонист, символ, акротеза, алогизм, персонаж-диада, трансформация, архетип.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 398.122: 821.512.122

Аймұхамбет Ж.Ә.[1], Оразбек М.С.[2],

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
[1]профессоры, ф.ғ.д., [2]профессоры, ф.ғ.д., Астана, Қазақстан,
e-mail: a_zhanat@mail.ru; makpal_zere@mail.ru

МИФ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ БИНАРЛЫҚ ОППОЗИЦИЯНЫҢ ПОЭТИКАЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Әлемнің тілдік және көркем бейнесінде қарама-қарсы құбылыстар мен ұғымдарды антоним, антитеза, оксюморон сияқты терминдермен сипаттайды. Осы филологиялық терминдер поэтикалық ойлау жүйесіндегі көркем әдіс-тәсілдердің түзілуіне жол ашты. Диадалық сипатымен ерекшеленетін бинарлық-оппозициялық құрылымның көркемдік табиғатын анықтауда олардың мифотектоникасына міндетті түрде назар аударылу керек.

Қарама-қарсы ұғымдар жүйесінің тілдік-көркемдік түзілімі кез келген өнер туындысының құрылымында бар. Ежелгі дүние өнері мен мәдениетіне тән болған тартыс осындай қарама-қайшылықтарға негізделеді. Оған мысал ретінде әуелі антикалық грек драматургиясындағы протагонист// антогонист тұлғалардың жіктелуін айтуға болады.

«Протагонист – ежелгі грек трагедияларындағы үш актердің біреуі, басты рольді орындаушы (екінші актер девтерагонист, үшіншісі тритагонист деп аталады). Жаңа әдебиетте протагонист – драмада басымырақ көрінетін антиқаһарман; антагонист – оған қарсы тұратын туындының бас қаһарманы. Протагонист гректің «protos» – бірінші және аудармасы актер мағынасын беретін «agonistes» деген сөзінен шыққан» [1]. Басты әрекет етуші тұлға ретіндегі протагонист негізінен ізгілікке, жақсылыққа нұсқаса, антогонист, керісінше, оппозицияның екінші жағында тұрған жамандық, зұлымдық сияқты ұғымдардың бейнеленуі. Осылайша, жаратылыс диадасы бинарлық-оппозициялық негізін сақтай отырып, тілдік, көркемдік болмысымен өзінің «өмір сүруін» жалғастырады. Жаратылыс негізіндегі оппозиция табиғаты айқындалып, жіктеліп, көркем туындыдағы тұлғалар әрекетіне көшіріледі.

Лингвистикалық құбылыс ретінде оксюморон, поэтикалық мәтіннің бір құралы ретінде қарастырылады. В.В. Виноградов «Анна Ахматова поэзиясы туралы (стилистикалық үлгілер)» мақаласында оксюмороны «заттар мен құбылыстардың, белгілердің сипатын анықтаушы...» символ ретінде танытады [2,385]. Оксюморонның құрылымын «шағын қысқартылған сөз тіркесі»деп таныған Виноградов салыстырулар барысында оның құрылымы кеңейетініне назар аударады. Тіпті, тұтас бір күрделі сөйлем болуы да мүмкін дей

отырып, фразеологизмдердің семантикалық өзгерістер нәтижесінде оксюморонға айналу жолын талқылайды. «А.Блоктың контрасты поэтикасы» атты мақаланың авторы Л.Н. Тимофеев Блоктың поэтикалық танымындағы ерекшелік – контрасты бейнелеу деп көрсетеді. Ақын қолданысында оксюморон, антоним, қарама-қарсы сипаттағы эпитет шығарманың композициясында, образдар жүйесінде, сюжеттік дамуда, тақырып атауында кездесіп, тілдің қисынды түрдегі шоғырлануы, кейде жай сөз тіркесі түрінде келіп, лирикалық қаһарманның ішкі толғанысы түрінде танылатынын атап көрсетеді [3, б. 48].

Тағы бір зерттеуші Л.А. Введенскаяның «Антонимге негізделген стилистикалық фигуралар» атты мақаласында оксюморонды тек стилистикалық фигураның бірі ретінде ғана емес, оны «ең тиімді көркем құралдардың бірі... логикалық ойлау тұрғысынан бір-біріне сәйкес келмейтін сөздердің тіркесуі» [4, б. 128] деп тұжырымдайды. Зерттеуші оксюморонның лингвистикалық табиғатына көп мән берген. Компонеттер ретінде антонимдік қарама-қарсы мағынадағы екі сөз алынады. Мұндай жағдайда «антоним сөздердің біріншісі екіншісін анықтаушы ретінде беріледі: жастықтағы кәрілік және кәрі жастық» [4, б.128].

Теориялық анықтамаларға назар аударсақ, оксюморон қарама-қарсы мағынада антитеза, акротеза, амфитеза, диазтеза сияқты тәсілдер арқылы беріледі.

Антитеза тәсілі бізге «Ер Тарғын» жырындағы Ақжүністің әйгілі монологынан таныс. Антитезаға қарама-қарсы сипаттағы мағыналық бірігу мен тұтастықты танытатын амфитеза және акротеза туралы шет ел филологтарының пікіріне сүйенсек, «антонимнің қызметі қарама-қарсы қоюмен шектелмейді. Антонимдер қарама-қарсы қою семантикасы жоқ дерлік байланыстың басқа түрін де білдіре алады (амфитеза тәсілі). Акротеза болса өзара байланысты бір белгіні оған қарама-қайшы ұғымды жоққа шығару арқылы күшейте көрсетеді»[5, б. 310-311]. Бұл жерде автордың оппозициялық байланысты мегзеп отырғаны анық.

Акротезаға мысал ретінде М.Жұмабаевтың «Пайғамбар» өлеңін атауға болады:

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Күні батып, жаңа таңы атпаған.
Түнеріп жүр түннен туған перілер
Тәңірісін табанына таптаған [6, б. 41], –

деп басталатын бұл өлеңде күнбатыс түн ұғымымен анықталып, қараңғы сөзімен бейнеленіп, күллі жамандықтың, қаскөйліктің қайнар көзі ретінде көрсетіледі. «Аллаға емес, әзәзілге табынған», «Інжілді өртеп, Құранды табанға салған», иманды білмеген түн баласының ұнамсыз әрекеттерін көрсету арқылы ақын екінші ұғымды – Күншығыстың асқақтығын күшейтеді. Сөйтіп «ақ алтын сызығы бар», «жер жүзіне нұр беретін» Күн ұлының тұлғасын «пайғамбар» дәрежесіне дейін көтереді. Күншығыстың жарығы мен нұры Күнбатыстың қараңғысы мен түнегі арқылы асқақтай түседі. Сөйтіп «түннен туған пері», яғни «Тәңірісін өлтірген түн баласының» жағымсыз іс-әрекетін суреттеу арқылы оны жоққа шығарса, Күн баласын осы қарсы жақтағы ұғым арқылы биікке көтерген. Алайда, осы Күнбатыс, ондағы түн ұлы «Күншығыстан бір пайғамбар күтеді». Қарама-қарсы екі ұғым арасындағы оппозициялық байланыс тетігін осыдан аңғарамыз. Протагонист тұлға – Күншығыстағы Күн ұлы (Пайғамбар) болса, антогонист –Күнбатыстағы түн баласы.

Сонымен бірге оксюморон ұғымына қатысты аллогизм терминіне де тоқтала кеткен жөн. «Аллогизм – көркем шығармада қолданылатын стилистикалық тәсіл. Шығармада ұғымдардың байланысы бір-бірімен логикалық бұзылулары немесе жойылулары арқылы түзілетін стилистикалық немесе сюжеттік-композициялық құрылымдар» [7, б.18].

Жоғарыдағы анықтамаларға назар салсақ, қарама-қарсылықты құрылымдағы барлық тәсілдерінің жаратылыс негізіндегі бинарлық құрылым тектоникасынан бастау алғанын көруге болады. Ал, бұл бинарлық-оппозициялық құрылым көркем әдебиетте диадалық бейнелердің айқындалуына қызмет етті. Протагонист – антогонист тұлғалардың қақтығысынан, тартысынан бастап, кейіпкер болмысының екіге жарылуына дейін жалғасқан бинарлық оппозиция оксюморон, антитеза, антоним, амфитеза, акротеза тәсілдері арқылы көркем туындының «тұла бойына сіңіп», диада-кейіпкерлердің тұлғалануына әкелді. Ұлттық әдебиетімізде бір кейіпкердің екіге жарылуы М.Жұмабайұлының «Шолпанның күнәсі», Ж.Аймауытұлының «Елес», М.Әуезовтің «Қаралы сұлу» әңгімелерінде психологиялық талдаулар қалтарысында тұрса, О.Бөкейдің «Сайтан көпір», Ә.Кекілбайдың «Аңыздың ақыры», Т.Әбдіктің «Оң қол», «Парасат майданы», «Тұғыр мен ғұмыр», М.Мағауиннің «Қыпшақ аруы», «Жармақ» сияқты әңгіме, хикаят, романдарында да түрлі қалыпта көрініс тапты.

Ежелгі Мысыр мифологиясының «даңқты» кейіпкерлері Гор мен Сеттің кеңістіктегі шайқас алаңы көркем туындыларда бір адамның, бір тұлғаның ішкі әлеміне де көшіріледі. Бұл – миф құрылымындағы бинарлық оппозиция трансформациясының бір көрінісі. Т.Әбдіктің «Оң қол» әңгімесі мен «Парасат майданы» повесіндегі кейіпкерлер болмысы бір тұтас тұлғаның «екіге жарылуымен» ерекшеленеді. Дәрігер-әңгімешінің айтуымен, оң қолы өзіне шабуыл жасап, қауіп төндіретін Алма атты он сегіз жасар қыздың психикасындағы тылсым жайтты баян ететін «Оң қол» әңгімесін еске алайық. Қазақ әдебиетіндегі біртұтас болмыстың «екі түрлі көрінісіне» осы Алма бейнесі мысал. Бір біріне қарсы иесі мен оның оң қолы «екіге жарылған бейне» ретінде танытылады.

Бұл туынды дәрігердің әңгімесі түрінде баяндалған.

«Наурыз айының аяқ кезінде бізге жасы он жетілер шамасындағы бір қыз түсті. Қабылдау үстінде ата-анасы қыздың өзін өзі бірнеше рет қылғындырып өлтірмек болғанын айтты. Маңындағылардың араласуымен аман қалған. Ал қыздың өзі мүлде басқаша баяндайды. Ол: «Маған қастандық жасаған мынау, бұл менікі емес, мүлде бөтен қол, мені өлтіргісі келіп жүр», – деп өзінің оң қолын көрсетеді. Бізде мұны ішкі тұлғаның екіге жарылуы деп атайды. Психопаталогияның бір түрі. Яғни бір дененің ішінде екі түрлі «жан иесінің» кезектесіп не қатар өмір сүруі. Мұның бәрі мидың шешілмей жатқан жұмбақтары ғой» [8, б. 539]. Дәрігердің осы баяны әңгіме сюжетінің бастамасы. Ары қарай науқас қызды тікелей өз бақылауына алған дәрігер ауру сырына үңіліп, оның себебін таппақшы болады.

Диада-кейіпкердің барынша қайшылықты тұлғасы «Парасат майданында» психологиялық-философиялық тұрғыда көрінген. «Тұғыр мен ғұмыр» хикаятында бұл мәселе тіптен күрделеніп, замана зобалаңына тап болған жанның тәлкекке түскен тағдырын танытады.

«Парасат майданы» повесінің эпиграфы ретінде алынған американ қаламгері Роберт Пенн Уореннің «Сен жақсылықты жамандықтан жасауың керек, өйткені оны жасайтын басқа ештеңе жоқ» деген сөзі жаратылыстағы бинарлық оппозиция мәнін философиялық тұрғыда түсіндіру сияқты. Хикаяттың мазмұнында бұл сөздің мәні терең ашылады. Протагонист кейіпкер (изгілікті мұрат тұтушы пациент) мен антогонист кейіпкер (хат жолдаушы бейтаныс құрбы) айналып келгенде бір-ақ адам. Пациенттің күллі ойлары, іс-әрекеті, мақсат-мұраты күнделік арқылы берілсе, бейтаныс құрбының пікір-пайымы хат арқылы көрінеді. Сөйтіп бір адам екі кейіпкерге айналады. Біртұтас болмыстың екі түрлі қалыпта, екі түрлі бағытта болуы мифтік танымдағы тартыс заңдылығынан бастау алып, адамзаттық жобадағы өмірдің өзегіне айналғанын өнер туындылары түрлі пішінде танытты. Мифтік таным архетиптері осы заңдылықты түрлі тұлғалар арқылы аңғартса, солардың бірі – көлеңке. Адам болмысының автономды бір бөлшегі болып табылатын көлеңке көркем туындыдағы бір кейіпкердің екіге жарылуы мотивінде негізгі ролді атқарады.

Швейцарлық К.Г.Юнг теориясындағы көлеңке архетипі адам санасындағы жағымсыз ойлар пен мінез-құлықтағы жағымсыз сезімдер, әрекеттер үшін жауапты болады деп түсіндіріледі. З.Фрейд айтқан бейспаналық жекелеген түрде Көлеңке архетипімен сәйкеседі. Көлеңке арқылы жеке тұлғаның «негативті» жағы, яғни жасырын, зиянды қасиеттерінің жиынтығы, жекелеген бейсаналықтың жеткіліксіз дамыған әрекеті мен мазмұны түсіндіріледі» [9, б. 72]. Сондықтан да ол санадағы және мінез-құлықтағы ұнамсыз әрі әлеуметтік орта құптамайтын ойлар мен сезімдердің, әрекеттердің пайда болуына себепкер. Юнг талдауына сүйенсек, ол адамның хайуандық инстинктін жаңғыртады. Көркем туындыларда психодинамикалық қайшылықпен сипатталатын көлеңке негізгі кейіпкердің екінші жағын – жағымсыз қырын жайып салу қызметін атқарады.

Әлем әдебиетінің классигі, көрнекті неміс жазушысы, композитор әрі суретші, романтизм әдебиетін жаңа белеске көтерушілердің бірі Эрнст Теодор Амадей Гофман өз туындыларында екі ұдай сезімдердің арпалысына толы ақ пен қараның ара жігіне айрықша назар аударады. Зұлымдық қайдан бастау алады, жақсылықтың жәрдемшісі кім, т.с.с. сұрақтарға жауап іздеген қаламгердің өз шығармаларына арқау еткен басты тақырыбы – адам бойындағы екі болмыстың өзара арпалысы. Діни танымдағы рух пен нәпсінің арасындағы байланысты, психологиядағы адамның санасы мен бейсанасының арасындағы қатынасты тақырып етіп алған Гофманның «Ібіліс эликсирі» («Эликсир сатаны») атты туындысы Медард атты діндардың бойында екі адами болмыстың өзара тартысын суреттейді. Оның бірі изгілікке, Құдайға, тазалыққа, адалдыққа қарай ұмтылса, екіншісі атаққұмарлыққа, бақ-дәулетке, билікке қарай талпынады және соған жету үшін арсыз-

дық пен айуандыққа да барудан тайынбайды. Адамды адалдыққа жетелейтін Жаратушыға, махаббатқа деген сенімі де, арамдыққа, залымдыққа бастайтын Ібіліс деп көрсетеді [10].

К. Юнг Көлеңке архетипін адамның жануарлық, инстинкт бастауы ретінде тани отырып, «тән – жануар, оның жануарлық болмысы бар, яғни инстинкке кіріккен жанды жүйе, инстинктті бастау. Көлеңкемен бірігу – инстинкке «иә» деу, сондай-ақ жан түбінде бұққан сойқан динамиканы құптау» деп түсіндірген [9, б. 35]. Бұл жерде жан мен тән, рух пен нәпсі арасындағы тартыс мәселесі назарға алынады.

Миф құрылымындағы бинарлық оппозиция, диадалық бірлік ұғымының көркем трансформациясы туралы айтқанда әлем әдебиеті үлгілерінен тағы да көп мысалдар табуға болады. Ертегілердің тұрақты мотивіне айналған метаморфозалардың қайнар көзі – мифтік құбылушылық. Мифтегі құбылу, яғни бір түрден екінші түрге ауысу сенімі де екі ұдайлықты, тартысты мегзейді. Адамның аң-құсқа айналуы, бір тұлғаның күндіз адам, түнде аң болып өмір сүруі түркі, славян халықтарының ертегілерінде жиі ұшырасады. Шығыстық сюжеттерде құбылу зұлым күшке ие сиқыршылар немесе ерекше қасиетке, тылсым күшке ие ғажайып жандар тарапынан үстемдік алады. Даниялық қаламгер Ханс Христиан Андресеннің «Көлеңке» атты ертегісі бір тұлғаның екіге жарылып, бір-біріне қайшы әрекет етуінің жарқын көрінісін берген.

Тегі ирландық, даңқты ағылшын жазушысы Оскар Уайльдтың «Портрет Дориана Грея», Нобель сыйлығының иегері, неміс жазушысы Герман Гессенің «Степной волк», орыс классигі Федор Достоевскийдің «Двойник», неміс тілді қаламгер Франс Кафканың «Превращение», жапон жазушысы әрі сыншы Эдогава Рампоның «Чудовище во мраке», т.б. әдеби-көркем туындыларда мифтік танымдағы бинарлық оппозиция бірлігі диада-кейіпкерлерді тұлғалауға, сол арқылы адам өмірінің тартысқа толы динамикасын, адамның жан дүниесіндегі қайшылықтарды бейнелеуге негізделген.

Г. Гессе өзінің кейіпкері Гарри Галлерді былайша сипаттайды: «Дала қасқырының екі табиғаты – адамдық және қасқырлық табиғаты бар, тағдыры да солай – ерекше әрі сирек тағдыр»[11, б. 51]. Сондай-ақ кейіпкерінің екіге жарылуындағы құбыжықтық, яки зұлымдық бастауды былайша түсіндіреді: «Бұл адамдардың барлығы құдайлық және шайтани бастауды, әке және ана қанын, бақытқа және қасіретке бейімділікке негізделген екі жанды, екі тіршілік иесін өз болмысына сыйдырған, осылардың бәрі олардың бойында бей-берекет әрі бір-біріне жауыға араласып, Гарридің адам әрі қасқыр сипатындағыдай болып шығады» [11, б. 55].

Ұлттық әдебиетімізде де мифтік-бинарлық оппозицияны көркем кеңістікте құбылтып, қымқиғаш тартысқа толы оқиғаларды бейнелеп, күрделі характерді таныту мақсатында туынды өзегіне алу мысалын көптеп келтіруге болады. Ақ пен қара, ізгілік пен зұлымдық бір бойында тайталасқан «екі табиғатты бір тұлғаның» қатарында атауға болатын Алма (Т.Әбдік. «Оң қол»), пациент (Т.Әбдік. «Парасат майданы»), ұлт тарихы мен тағдырын жүк етіп көтерген бағзы кездегі Қыпшақ ханы Көбектің бәдізші ұлы және оның бүгінгі жалғасы мүсінші Саржан (М.Мағауин. «Қыпшақ аруы»), т.б. кейіпкерлер мифтік-бинарлық оппозицияның поэтикалық танымдағы трансформацияға түскен реминисценциясына мысал деуге болады.

Әдебиеттер

1 Интернет ресурсы: http://www.litdic.ru/protagonist/. (дата просмотра: 24.08.2016)

2 Виноградов В.В. О поэзии Анны Ахматовой (Стилические наброски) // Виноградов В.В. Избранные труды. Поэтика русской литературы. – М.: Наука, 1976. – 511 с. ISBN: 5-265-00925-6.

3 Тимофеев Л. Поэтика контраста у А.Блока // Русская литература. 1961. №3. – С. 98 – 107.

4 Введенская Л.А. Стилистические фигуры, основанные на антонимах // Учебные записки Курского и Белгородского пед. ин-тов. Краткие очерки по русскому языку. – Т. XXV. – Вып. 2. – Курск, 1966. ISBN: 5-87688-032-9.

5 Корюкина Е.С. Риторические возможности лексических антонимов // Вестник нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского. 2011. № 6-2. С. 309-313.

6 Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Жазушы, 2005. – 208 б. ISBN: 5605018175.

7 Кривонос В.Ш. «Оксюморон» // Поэтика: словарь актуальных терминов и понятий / [гл. науч. ред. Н.Д. Тамарченко]. – М.: Изд-во Кулагиной; Intrada, 2008. – 358 с. ISBN: 978-5-903955-01-5.

8 Әбдікұлы Т. Парасат майданы. – Алматы: Раритет, 2012. – 616 б. ISBN: 9965-9349-6-7.

9 Юнг К. Г. Психология бессознательного. – М.: Канон +, 2003. – 400 с. ISBN: 5-17-004859-9, 5-88373-081-7.

10 Гофман Э.Т.А. Эликсир сатаны (первая публикация 1815 г.). М.: Астрель, ВКТ, 2012. – 384 стр. ISBN: 200002461613 (артикул 4886847).

11 Гессе Г. Степной волк (первая публикация 1927 г.). СПб.: Азбука-классика, 2007. – 288 стр. ISBN: 5-88294-099-0.

References

1 Internet resources: http://www.litdic.ru/protagonist/.

2 Vinogradov VV About the poetry of Anna Akhmatova (Stilicheskie outline) // VV Vinogradov Selected works. The poetics of Russian literature. – M .: Nauka, 1976 – 511 c. . ISBN: 5-265-00925-6.

3 L. Timofeev contrast Poetics at A.Bloka // Russian literature. 1961. №3. – S. 98 – 107.

4 Vvedenskaya LA Stylistic figures based on antonyms // Educational notes Kursk and Belgorod ped. in-comrade. Brief essays on the Russian language. – T. XXV. – Vol. 2. – Kursk 1966. ISBN: 5-87688-032-9.

5 Koryukina ES Rhetorical possible lexical antonyms // Bulletin of the Nizhny Novgorod University. NI Lobachevsky. 2011. № 6-2. Pp 309-313.

6 Zhumabaev M. Multi-volume collection of works. Volume 1. Almaty: Writer, 2005. – 208 p. . ISBN: 5605018175.

7 Kryvonos VS «Oxymoron» // Poetics: a dictionary of current terms and concepts / [Ch. scientific. Ed. ND Tamarchenko]. – M .: Izd Kulagina; Intrada, 2008. – 358 p. ISBN: 978-5-903955-01-5.

8 T. Әbdikұly Parasat Maidan. – Almaty: Rarity, 2012. – 616 b. ISBN: 9965-9349-6-7.

9 Jung CG Psychology of the Unconscious. – M .: Canon +, 2003. – 400 p. ISBN: 5-17-004859-9, 5-88373-081-7.

10 ETA Hoffmann The Devil's Elixirs (first published 1815). M .: Astrel, CGT, 2012. – 384 p. ISBN: 200002461613 (артикул 4886847).

11 G. Hesse Steppenwolf (first published 1927). SPb .: Azbuka-Classics, 2007. – 288 p. ISBN: 5-88294-099-0.

Стамғазиев Р.Ө.,
Сабырова Ә.С.

Жетісу өңірінің тұрмыс-салт әндеріне тән кейбір көркем музыкалық ерекшеліктер

Жетісу әндерін жинау 1920 жылы этнограф Ә. Диваев пен І. Жансүгіровтің экспедициялық сапарынан басталды. Фольклор туындыларынан 68 қойын дәптер жиналып, І. Жансүгіров «Ән-әншілер жайында» мақаласында Жетісу әнінің аймақтық географиялық жағдайымен байланыстылығына назар аударған. Фольклорист М. Жолдасбеков сері Сауытбек Ұсаұлы, Дәурен сал, Қырмызы сал, «Ашаның алты салы» атанған Жидебай, Қайрақбай, Балқыбек, Сауытбек, Әлдібай Бекқұлының атағы елге жайылғандығын жазады. Жетісу өңірінен фольклорист А. Затаевич «500 әндер» жинағына 100-ден аса әндерді тұңғыш хаттады. 1958-1959 жылдары ғылыми-фольклорлық экспедициясына сазгер Е. Рахмадиев, музыкатанушы А. Темірбекова қатысып, мыңнан аса фоно-материалдар жинады. Консерваторияның зертханасынан Б. Ерзакович, А. Серікбаева, А. Райымбергенов, Г. Омарова, С. Елеманова, С. Қалиев фольклорист-ғалымдар барды. Жетісу әндерін хаттап жүйелеген ғалым Б. Мүптекеев оларды «Жетісу әуендері» жинағына шығарды. Ұсынылған мақалада тұңғыш рет «Жетісу әуендері» музыкалық-этнографиялық жинағының қара өлеңдерінің көркем ерекшеліктері айқындалды.

Түйін сөздер: Жетісу, қара өлең, шумақ, поэзиялық мазмұн.

Stamgaziev R.O.,
Sabyrova A.S.

About the musical characteristics of household songs Zhetysu

Semirechye's songs collection begins with the expedition of A. Divaev and I.Zhansugurov in 1920 y. They collected materials on folklore, which amounted to 68 notebooks. I.Zhansugurov in his article «Song, the singers» drew attention to the link songs with specific geographical position of the edge. A folklorist M. Zholdasbekov was the first who published the such prominent singers of Zhetysu as seri Sauytbek Ұsaұly, Dəuren and Qyrmyzy, Zhidebay, Qayraqbay, Balqybek, Sauytbek, Əldibay Bekkұly. These folk singers were called the «Sala Ashanyң alty». A folklorist A. Zataevich was the first who published 100 songs of his native region in the book «500 songs». The group of folklorists-researches, led by composer E. Rakhmadiyev and musicologist A. Temirbekova collected more than 1,000 phono materials in1958-1959y.y Also the collecting folk materials has been carried out in different years by such researchers of the Conservatory Science Laboratory as Yerzakovich B., A. Serikbaev, Rayymbergenov A., G. Omarov S. Elemanova, S. Qaliev. However, only with the collecting activities of B. Muptekeev and his ethnographic collection «Zhetysu auenderi» has been created the ground for the full study of the local tradition. The current article is devoted to the musical features of domestic songs of Zhetysu.

Key words: Zhetysu, kara өlең, domestic song, poetic content.

Стамгазиев Р.О.,
Сабырова А.С.

О музыкальных особенностях бытовых песен Жетысу

Сбор песен Семиречья берет начало с 1920 года с экспедиции А. Диваева и И. Жансугурова. Тогда были собраны материалы по фольклору, которые составили 68 тетрадей. В статье И. Жансугурова «Песня о певцах» писатель обратил внимание на связь песен с особенностями географического положения края. Фольклористом М. Жолдасбековым впервые были обнародованы имена выдающихся певцов Жетысу, таких как сери Сауытбек Усаулы, Даурен сал, а также Қырмызы сал, Жидебай, Кайракбай, Балкыбек, Сауытбек, Алдибай Беккулы, которых в народе называли «Ашаның алты салы». Фольклористом А. Затаевичем в сборнике «500 песен» были впервые опубликованы нотированные 100 песен края. В 1958-1959 годы учеными-фольклористами во главе с композитором Е. Рахмадиевым, музыковедом А. Темирбековой были собраны свыше 1000 фонематериалов. От научной лаборатории консерватории в разные годы сбором материалов по Семиречью занимались Б. Ерзакович, А. Серикбаева, А. Райымбергенов, Г. Омарова, С. Елеманова, С. Калиев. Однако лишь с собирательской деятельности Б. Муптекеева и его этнографического сборника «Жетісу әуендері» была создана почва для полноценного изучения данной локальной традиции. Предлагаемая статья посвящена рассмотрению музыкальных особенностей бытовых песен Жетысу.

Ключевые слова: Жетысу, бытовая песня, поэтическое содержание.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 398:801.6; 398:82.0; 801.8

Стамғазиев Р.Ө.[1], Сабырова Ә.С.[2],

[1]ө. ғ. магистрі, Т. Жүргенов атындағы
Қазақ Ұлттық өнер академиясының доценті,
[2]ө. ғ. к., Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының доценті,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: stam_67@mail.ru; aliya_sabyrova@mail.ru

ЖЕТІСУ ӨҢІРІНІҢ ТҰРМЫС-САЛТ ӘНДЕРІНЕ ТӘН КЕЙБІР КӨРКЕМ МУЗЫКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР (С. Медеубекұлы, Б. Мүптекеевтің «Жетісу әуендері» жинағы бойынша)

Б. Мүптекеевтің «Жетісу әуендері» жинағында бар 116 әннің барлығы да 11-буынды болса, ән мазмұнының басым бөлігі (36 ән) ғашықтық махаббат және өмір фәлсафасы (24 ән) тақырыбына арналған. Жалпы, қара өленді қазақ өмірінің энциклопедиясы десек артық емес. Мұнда дәстүрлі қоғамның тыныстіршілігі, дүниетанымы, қарым-қатынас, әдеп ережелері, тіпті қонақ кәде әдеті жан-жақты қамтылады.

Қара өленнің қазақтың ән өнерінде алатын орнын С. Елеманова [5] айқын белгілеп, қара өлең әдет-ғұрып және кәсіби әннің арасындағы дәнекерлеуші кезең, деп көрсетеді. Бұл қасиет қара өленді мұң-шер сарындарының даму ерекшеліктерін қорытындылап, кәсіби әннің сипаттарын алдын алатын дайындауы оны әдет-ғұрып және кәсіби әндерінің арасындағы дәнекерлеуші көпір, деп бағалауына негіз болды.

Егер әдет-ғұрып сарындарының жалпы мазмұны белгілі бір тақырыпқа шығарылса, қара өлең, атына сәйкес, кез келген жағыдайда орындалғандықтан, тақырыбы жағынан шектелмей, өмірдің барлық жағын қамтыды. Десек те, әннің «қара өлең» деген атауында «өлең» ұғымы, қазақ әнінде тұңғыш рет ән салу – көркемдік сипат алғандығын айқындайды. Мұндағы «өлең» ұғымы тек мәтінге ғана емес, әнге де тиесілі екендігін көрсетеді. Демек, егер мұң-шер сарындары тыңдаушыны қажет етпесе, қара өленде тыңдаушы бары анық сезіледі. Міне, осы тыңдаушы көпшіліктің мейірін қандыру ән орындаушысынан шеберлікті, жүйрік суырып салма өнерін қажет етеді. Осы өнерді жеткізу шеберлігі қара өленде алғаш рет жеке тақырып өзегі болады. Зерттеушілер А. Сейдімбеков пен Оразақын Асқар қара өлең түрлерін жіктей отырып оларды орындалу орнына, мазмұнына, орындаушысына қарай «жұлдыз өлең», «тау өлең», «қамшы өлең», «шай өлең» т.б. топтарға бөлетіні белгілі.

Алайда, қара өленде тұңғыш туындайтын бір тақырып – «өлең туралы өленнің» пайда болуы, оның жоғарыда айтылған көркемдік табиғатын аша түсетіні айдан анық. Қара өленнің бұл тақырыптағы әндерден, өнерпаздардың арасында қалыптасқан ән-өленді айту жайы жан-жақты таратылады. Қара өлең құрылымының айтыспен және өз кезегінде ақындар өнерімен тығыз байланыс табатыны белгілі. Сондықтан қара өленде айтылған

ойлар ақындар өнерінің кәсіби кодексі (ережелер жиынтығы) деп атаса артық емес. Міне, осы тұста қара өлең мәтінін зерттей отырып, сол ережелердің мән-мағынасын таратайық (мұндағы жақшаға алынған сандар С.Медеубекұлы, Б.Мүптекеевтің «Жетісу әуендері» жинағындағы қара өлеңдердің реттік санын білдіреді).

Мысалы, қара өлеңде жиі қайталанатын «Өлең деген немене өнерпазға», «Өлеңді айт дегенде тайсалдық па», «Айт дегенде өлеңді аярым жоқ, Желісім бар азырақ, аяңым жоқ» (31), «Келгенде қара өлеңге қабандаймын» (72), «Өлеңді айт дегенде...» жолдарының түрлі нұсқалары, ақындар туған заманда суырып салма өнер жалпыұлттық сипат алып, кез келген адам домбыра алып ән салуға бейімділігін көрсетеді. Міне, осындай тез әрі табан астында туындаған өнерді ел ішінде «жел сөз» деп атады: «Жел сөзді термелеуге келген бала-ай, Азырақ сөз сөйлеуге талаптандық» (81)

Б. Мүптекеевтің «Жетісу әуендері» жинағының бірнеше өлеңінде «Ұстағаным қолыма қалам еді» (28), «Қалам алдым қолыма өрнекпенен» (37), «Қолыма қалам алып жазамын хат» (41,63), «Ақ қағазға жаздым хат» (75) жолдарынан тыңдаушы көпшілік қолқалап ән сұраған арнайы кәсіби ақындардың пайда болғандығын аңғартып, ақынның айтқан өлеңін жазып отыратын тілмаштардың да болғандығын жеткізгендей: «Сен сұрасаң өлеңді мен айтайын, жазып алғын осылай, балам, енді-ай» (28). Ал ән мен мәтін дәстүрлі өнер ортасында бір-бірінен тәуелсіз еркін көшіп жүретіндігін мына жолдар дәлелдейді: «Өрнегіне келтіріп әуен қоссаң-ау, Өленің өзгермеген, көнермеген» (28).

Ақындар тойға арнайы шақырылып, олардың қоғамдағы өзіндік әлеуметтік мәртебесі болған: «Өлең айт деп балалар қолқа салса, Мен айтпасам өлеңді кім айтады?» (29), «Өлеңді айт дегенде болдырар ма, Тойда ақын өлең айтып жаңылар ма?» (30). Ақын өзін шын жүйріке, торы атқа (127) теңейді: «Ендеше өлең де өнер, өлең де өнер, Шын жүйрік өрге шапса өршеленер», «Дегенге-ау, өлең деген, өлең деген, Құлағым өлең десе елендеген. Өленнің айтар жері келгенінде, Мінетін жүйрік атты жөніменен» (76). Тыңдаушылар ақынды қадірлесе, ақын өз өнерін мақтан тұтады, жоғары бағалайды: «Ақын емес, мен өзім ақ маңдаймын-ау, Ақынмын деп ешкімге мақтанбаймын-ау» (36), «Қалам алып қолыма жазамын хат, Өзім арзан болсам да, сөзім қымбат» (63). Ақынның қоғам алдындағы беделі сондай, ол бұқара көпшілікке ұстамды, данагөй сөзімен ғибрат айтып өзіне де, сөзіне де қарата білді: «Көпшілік, сөз тыңдашы, бұл халайық, Сөзімнің нұсқасынан сабақ алып» (81).

Ақындық өнердің тұқым қуалағанын да қара өлең жеткізеді. Халық оны «шынжырлы тұқым» деп атады: «Өленім он жасымнан өрге жүзген, Қоңыр қаз су жағалай көлде жүзген. Шынжырым жеті атамнан үзілмеген, Ағыздық сүттен бұлақ іргеміздің» (135).

Қара өлең құрылымы айтыс өнерінде жиі қолданылғандықтан өленде сайыс кезіндегі бәсекелестік, тыңдаушылардың қызу қолқалауы, ән құмарлар ақынды алқа құрып қоршауы суреттеледі: «Орынбай мен Кеншімбай айтысыпты-ай, Жетісуға жандарал барғанында, үрия-ай» (31), «Ән қалаған, алқалаған, Қарақадан қызығым тарқамаған» (87). Айтыс кезінде туындайтын неше түрлі жағдайлар да бейнеленеді: «Өзі мұндай жақсының кілті аспанда, Сөз түспейді аузыңа ер сасқанда. Бұл өленді немене айтып-айтпай, Үлкен-кіші жиналып бас қосқанда» (73). Ән мәтінінде айтыстың негізгі шарты – ақындардың әдеп сақтап кезекпен сөйлеу керектігі ескертіледі: «Жай білмейтін жаманмен жолдас болсаң, Соңын күтпей сөзіңнің безектеген. Жақсылардың жауабы неткен артық, Сөйлеседі астыртын кезекпенен» (80). Айтыстың қиын, сын сәттерінде ақын бабасына жүгінеді, сондықтан өлең-сөздің ақын қиялына қонуы Алла нәсібі деп түсінілген: «Бабасын,ау, ендеше, ау, бабасына, ау, Бал құйыпты-ау атан мес, сабасына-ау. Досым емес, ау, дұшпаным, оу, толып отыр-ай, Қалдырмағын-ау дұшпанның табасына-ау» (114), «Өлең деген немене өрлегенге, Алла нәсіп шашады өлмегенге» (123).

Өнер тұтқасын ұстаған адам жақсы, жаманнан өнер шықпас, деп есептеді халқымыз: «Өнер шықпас жаманнан, қапелімде, Қамшы салып шолақты қинағанмен» (43).

Қара өлең ақындардың өмір салты жайынан да сыр шертеді, олар той думанның ортасында жүріп, думан еркесі болған, өнерлерін жәрмеңкеде көрсетті: «Жатып та айтам өленді, тұрып та айтам-ау, Салтанатты жігіттік құрып та айтам-ау. ...Мойнымды өзіңе бұрып та айтам-ау. Іздегенім тамаша, Думанды елім-ай» (121), «Ел жайлауы Қарқара, Мекен болған қалқама. Жәрмеңкеде ән салған, Бар қызығым, тарқама» (136).

Қара өленде музыкалық өнердің кәсіби тұрғыдан қыр-сыры да жан-жақты қарастырылады. Ән дауыс әсемдігін қара өлең: «Көмекейде бұлбұлдың ұясы бар» (45), «Қара өлең тамағымда

ұясы бар» (98) деген әсем теңеу арқылы әншінің бұлбұлша иірім, әшекей қоса айта білу шеберлігі әрі дауыс, музыкалық қабілет адамның табиғатынан туғаннан беріледі және ол көмейге бітетін «тамақтың ұясы» деп атап көрсеткен.

Дауысты басқара алу, ән айту шеберлігінің өзіндік жүйесі қалыптасқандығын қара өлеңнің мына қысқа жолы дәлел бола алады: «Өлең айт осындайда жанай құрбым, Баласы жақсы ауылдың жүйе білген». Соңғы жолдар ақындар өз сарынын айтқанда кәсіпқой ережеге сүйену керектігін білеміз. Осы әнді дұрыс айту жүйесінің құрамдас бөліктерін талдасақ.

Оның бірі – дауысты түрліше құбылта алу шеберлігі: «Ертелі-кеш ән салсам жалықпаймын, Тоқсан түрлі дауысыңды анықтаймын» (49).

Ақын айтыс кезінде тоқтамай, керек сөзді тез таба білуі де шеберлік пен шешендіктің белгісі болды: «Сыпыра қайың шоқ талдай, Осы әнге сал тоқталмай, Көңліңдегі кісің болса, Шақырып қасыңа ал тоқталмай» (55), «Айт дегенде мен неге тоқталмаймын, Кесіп алған тоғайдан оқтаудаймын» (58).

Әнші дауысының биікте самғап, қатты шығуы да кәсіпқойлықтың белгісі еді: «Дәм татайық бұйырса, шәй қайнаса, Еті қызар шын жүйрік айқайласа» (64).

Дәстүрлі ортада тыңдаушы мен әншінің арасындағы көркем байланыс, түсіністік, өзара шығармашылық қарым-қатынастың орнау қажеттілігі ескерілді. Сондықтан тыңдаусышымен түсіністік табу шарты да өлеңдерде: «Ей, қай түрлі әнге сал дейсің, Түсінетін балалар», деп тыңдаушыға қарата сөздер айтылады (68). Тыңдаушылар қауымының осындай нәрлі өнерден ләззат алуы олардың өмірінің ұзаруына септігін тигізді: «Мың күнімен татиды, ой, Осы отырған бір күнім-ай» (71), «Өнеріңді аямағың жастық шақта, Әр күнің бір жылға тең ойнап күлген» (83).

Қара өлең мәтінінде әннің көркем сапасына да тоқталады. Жақсы ән адам көңілін жадыратып, көкірегіне сәуле ұялатады: «Жақсының әні сондай, қандай жақсы, Қолыңа іліктірер, асыл зат, шам алғандай» (92).

Жалпы С. Медеубекұлы, Б. Мүптекеевтің «Жетісу әуендері» жинағы осы аймақтың қара өлеңдерінде табиғат, туған жер туралы, өмір өтпелілігі жайлы фәлсафалық ой-тұжырымдар, дастарқан басында айтылатын «шәй өлең», жастар айтысындағы «бәдік айтыс», туысқандарға арнау, сағыныш, сәлем-хат әндер, діни уағыз турасындағы әндер, әдеп, жақсылық пен жамандық, өмір-тіршілік, адам тағдырын баяндайтын қара өлең топтары арқылы сараланды.

Жетісу қара өлеңдерінің музыкалық көркем тілі

«Жетісу әуендері» жинағының 116 ән нұсқасын талдау нәтижесінде қара өлеңде әдет-ғұрып сарындарының ерекшеліктері қорытындыланып, кәсіби әннің сипаттары қалыптаса бастағандығына көз жеткізді.

Мысалы, өлең құрылымында 11-буын тұтас емес, басым бөлігі 7+4 болып бөлініп айтылады. Сирек жағыдайда 11-буын 3+8 бөлікке бөлінеді («Үрия-ай, көкек», «Кегенім», Қарқара», «Естен кетпес жиырма бес», «Көкем-ай», «Көлсайдан ұшқан аққулар», «Сары беткей»). Бұл қасиет қара өлеңде тұңғыш пайда болған 11 буынның оған дейінгі әдет-ғұрып сарындарындағы 7-буынға тағы 4 буын қосылуынан туындағанын дәлелдей түседі. Ал Жетісу әндерінің кейбіреуіндегі 3+8 болып бөлінуі әдетте өлең мен ән сабақтастығында асинхронды ара-қатынасқа алып келеді.

Жетісудың қара өлеңдерін зерттеу нәтижесінде бұл жанрдың аймақтық ерекшеліктері бары анықталды:

– Қара өлеңнің ақындық дәстүрмен мығым байланыс оның тақырыптық-мазмұндық және құрылымдық сипаттарында көрінеді;

– Аймақтың әндері негізінен пентатоникалық дыбыс қатарына негізделеді. Олар квинта, секстадан бастап октавадан сәл асатын көлемде болады. Октавадан аспайтын шағын көлемді ладтарда миксолидий және дорий дыбыс қатарлары қолданылады;

– Өңірдің қара өлеңдерінің басым бөлігі лексакалы қайырмасы бар әндер. Олардың арасында қайырым мен төрт-алты жолды дамыған қайырмалар жиі кездеседі.

Аталған аймақтық ерекшеліктер Жетісудың кәсіби әндерінен де молынан табылады.

Статья посвящена изучению музыкально-поэтического и музыкально-языкового своеобразия жанра қара өлең

Әдебиеттер

1 Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жұлдыз, 1990. – 348 б.
2 Затаевич А. В. Ән-күйлер жинағы (қолжазба ноталары). – Республикалық орталық ғылыми кітапхана. УНИК/940
3 Темірбекова К.З. Песенное творчество казахов Семиречья (Муз.-теорет. исследование): Автореферат дисс. на соискание ученой степени кандидата искусствоведения / Ин-т истории искусств. – Москва: 1966. – 16 б.; Темирбекова А. Казахские народные песни (В музыкально-теоретическом освещении) / А. Темирбекова. – Алма-Ата: Жазушы, 1975. – 136 б.
4 Медеубекұлы С., Мүптекеев Б.Ж. Жетісу әуендері. – Алматы: Өнер, 1998. – 352 б.
5 Елеманова С. Казахское традиционное песенное искусство. – Алматы, 2000. – 186 б.

References

1 Joldasbekov M. Asıl arnalar. – Almatı: Juldız, 1990. – 348 b.
2 Zataevïç A. V. Än-küyler jïnağı (qoljazba notaları). – Respwblïkalıq ortalıq ğılımï kitapxana. WNÏK/940
3 Temirbekova K.Z. Pesennoe tvorçestvo kazaxov Semïreçya (Mwz.-teoret. ïssledovanïe): Avtoreferat dïsc. na soïskanïe wçenoy stepenï kandïdata ïskwsstvovedenïya / Ïn-t ïstorïï ïskwsstv. – Moskva: 1966. – 16 b.; Temïrbekova A. Kazaxskïe narodnıe pesnï (V mwzıkalno-teoretïçeskom osveşçenïï) / A. Temïrbekova. – Alma-Ata: Jazwşı, 1975. – 136 b.
4 Medewbekulı S., Müptekeev B.J. Jetisw äwenderi. – Almatı: Öner, 1998. – 352 b.
5 Elemanova S. Kazaxskoe tradïcïonnoe pesennoe ïskwsstvo. – Almatı, 2000. – 186 b.

Шарипова Д.С.

Орнаментальная система в творчестве мастера гобелена Ирины Яремы

Статья посвящена творческой судьбе Ирины Яремы, особенностям формирования художника и влиянию ее творчества на реактуализацию казахского орнамента в изобразительном искусстве Казахстана. Пейзажные гобелены, созданные И. Яремой, – одна из интересных страниц культуры. Лирическая манера, присущая художественному языку гобеленщика, исследуется в контексте традиций украинского искусства. Анализируя личность художника, национальную тематику и ориентиры ее творчества, ключевые произведения, автор раскрывает стилистику произведений мастера и его значение для развития отдельных направлений декоративно-прикладного искусства. На примере произведений И. Яремы выявлены некоторые существенные характеристики орнаментальной системы в гобелене. Показано, что в период 80-х годов XX века исходная строго упорядоченная, канонизированная система орнамента начала рушиться, открывая простор для индивидуального творчества. Орнаментальная трансформация композиций гобеленов стала популярным методом творчествав наше время. Эволюция творчества И. Яремы рассматривается на широком фоне художественной жизни Казахстана.

Ключевые слова: гобелен, орнаментальная система, национальные традиции, народное искусство, декоративно-прикладное искусство, орнамент, трансформация, пейзаж.

Sharipova D.S.

Ornamental system in creative work of the master art tapestry Irina Jarema

This article examines the life and talents of the artist Irina Jarema; peculiarities of Jarema's development, her works and its impact on the reactualization of Kazak ornament in the Fine Arts of Kazakhstan. Landscape etchings are one of the most significant cultural events.The work's lyric manner is analyzed in the context of Ukrainian art traditions. Analyzing the personality of the artist, national theme and prominent features of her creation and the main works, the author reveals the style of the works and its importance for the development of certain arts and crafts areas.

On the example of Jarema's works, it reveals some essential characteristics of the ornamental system in the art of tapestry. It is shown that during the 1980s the initial, strictly organized and canonized ornamental system disintegrated, giving way for individual creation. The ornamental transformation of tapestries has become an actual creative method in our time. Evolution of Jarema's works is examined against the background of the artistic life of Kazakhstan.

Key words: tapestry, ornamental system, national traditions, folk art, arts and crafts, ornament, transformation, landscape.

Шәріпова Д.С.

Гобелен шебері Ирина Ярема шығармашылығындағы ою-өрнектік жүйе

Мақала Ирина Яреманың өмірі мен шығармашылық жолына арналған, суретшінің шығармашылығының Қазақстан бейнелеу өнеріндегі қазақ өрнегінің көкейкестілігін қалыптастырудың ерекшелігі. И. Ярема қолынан шыққан пейзаждық гобелендер – Қазақстан мәдениетіндегі ерекшеліктердің бірі. Гобеленнің көркемдік ерекшелігіне тән, лирикалық-романтикалық нақыш, украин өнерінің дәстүрлі мәнмәтінінде талдау. Суретшінің жеке шығармашылығы талданып, оның ұлттық тақырыптағы және шығармашылық бағыты, негізгі туындылары, автор суретшінің туындыларының стилистикасын ашады және оның сәндік-қолданбалы өнердің салаларының дамуында алатын орнын қарастырады. И. Яреманың туындыларының негізінде гобелендегі ою-өрнек жүйесінің кейбір негізгі сипаты ашылады. 1980 жылдар кезеңіндегі бастапқы бірыңғай қатаңдық, бастапқы өрнектік заңдастыру жүйесінің бұзылуы, жеке шығармашылықтың бастауына негіз болатыны көрсетіледі. Қазіргі таңда гобелен композицияларына ою-өрнектің трансформациялануы біздің шығармашылық әдісімізге айналды. И. Ярема шығармашылығының дамуы Қазақстанның көркем өмірінің кең ауқымында қарастырылады.

Түйін сөздер: гобелен, ою-өрнек жүйесі, ұлттық дәстүр, ұлттық өнер, сәндік-қолданбалы өнер, ою, трансформация, пейзаж.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

УДК 7.07

Шарипова Д.С.,

к. искусств. н., ведущий научный сотрудник отдела изобразительного искусства
Института литературы и искусства им. М.О. Ауэзова КН МОН РК,
г. Алматы, Казахстан, e-mail:dilyarazam@mail.ru

ОРНАМЕНТАЛЬНАЯ СИСТЕМА В ТВОРЧЕСТВЕ МАСТЕРА ГОБЕЛЕНА ИРИНЫ ЯРЕМЫ

Гобеленщик Ирина Зиновьевна Ярема родилась в 1931 году в селе Павлов Радеховского района Львовской области. В 1965 году окончила Львовский институт прикладного и декоративного искусства. В Казахстан приехала в 1976 году.

Ирина Ярема владеет точным, завершенным видением мастера-прикладника, привыкшего к жесткому творческому графику. Такова, к примеру, была эпопея по созданию ее самого грандиозного детища – 34-метрового гобелена «Радуга Казахстана» для алма-атинской гостиницы «Казахстан» в 1977 году. За кратчайший срок ей удалось сделать серию эскизов, утвердить их, подготовить схемы для плетения, собрать команду, наконец, воплотить сложный замысел в жизнь.

Активный интерес к орнаменту привел мастера к пониманиюмонументального гобелена как синтетической формы, коррелирующей с архитектурным пространством. Перед ней стояла задача создать произведение, открытое зрителю, активно формирующее художественный облик архитектуры, обогащении ее цветом; насыщении окружающей среды глубокими смыслами.

Искусство1970-х годов не раз обращалось к иносказательной поэтике и в литературе, и в живописи. Декоративно-прикладное искусство также затронули эти искания. Выразительное орнаментальное начало даже без использования сложных метафорических приемов определило эмоциональное воздействие еегобелена, его ассоциативное истолкование.

Будучи «мультидисциплинарным» художником, – работая в технике гобелена, живописи и графики, а также настенной монументальной росписи, мозаики, граффито, – Ирина Ярема стремится в понятной форме раскрыть закономерности в необъятной красоте мира. Восторг и буйство первых впечатлений у нее всегда отстаиваются в четкие формулы. Зрелищность и интеллектуализм соединяются воедино. В гобелене мастер не погружается в натуру, а выбирает из нее самые выразительные моменты, умножая с помощью преображения реальных зарисовок силу их воздействия на зрителя.

Почтенный возраст мало влияет на творческую активность художника. В ней есть что-то от волевого качества великих скульпторов – Микеланджело или Родена, – которые на склоне лет начали открывать и воплощать свои самые свежие и яркие

идеи. Даже пятно на плоскости гобелена отдает бразды правления объемным образованиям. Произведения мастера априори материальны, вещественны, их весомость ощутима, а объемность благодаря разнообразию фактуры видима. Ярема, подобно ваятелю, создает ощущение пластичной формы, пронизанной движением, одухотворенной материи.

Мастер любит монтировать прозрачные нежные субстанции цветов с твердыми массивам гор, с их «старческими» складками и наростами. Все эти приемы позволяют в таком условном пространстве гобелена выявить кипучую энергию бытия. В работах«Водограй» («Водопад») она стремится одушевить струи воды, в «Казахстанской степи» – весеннее цветение передает сочетание букле и обнаженной основы ковра.

Припоминание давно забытого становится инструментом для появлениявещей, в которых реальные пейзажи обретают символичность, облекая в плоть тонкие эмоции и переживания. Ярема стремится «срежиссировать» пространство гобелена. Ей нужно создать целостный визуальный образ, глобальную метафору утешающей красоты («Млечный путь», «Ангелы») или, наоборот, непоправимой утраты («Арал»), и вновь ожидания чуда («Луч надежды»).

Пустынные пейзажи ее гобеленов лаконичны, с ясной и ритмичной композицией. Если бы они были живописными полотнами, то могли бы показаться чрезвычайно простыми и однообразными. Однако вытканная на станке вещь, которую никогда нельзя повторить точь в точь, нельзя тиражировать, обладает своей уникальной аурой, дарует тепло и уют.

Значимый вклад в искусство Казахстана, своеобразное пластически-образное мышление, особый творческий почерк, – все эти важные категории позволяют говорить об особом статусе мастера в системе нашего искусства. С чем это связано? Творческие практики художницы выдвигают интересную проблему – роль львовской школы в формировании нового видения казахского декоративного искусства.

Львовский институт в шестидесятые годы прошлого века стал подлинной территорией духа. Во-первых, Западная Украина всегда являлась краем с богатейшими традициями народного искусства, к которым в любое время относились с бережным уважением, определяя их как главный стержень индивидуального творчества. Прочная опора на народное наследие соединялась с активным использованием опыта совершенно иного толка. «Железный занавес» опустился в Львове на несколько десятилетий позже, когда Западная Украина была присоединена к СССР. Благодаря этому здесь сохранилась преемственность с модернизмом начала XX века, которая была прервана в 1930-ые годы на остальной территории СССР. Благотворно сказывалось и пограничное состояние Львова. Здесь были хорошо известны художественные поиски в социалистических Польше и Венгрии, находившиеся в более открытом информационном пространстве. Наконец, в институте преподавали люди, которые являлись непосредственными преемниками европейского авангарда. Фигура Романа Сельского, возглавлявшего кафедру живописи, стала знаменем поисков молодых живописцев. На летнюю практику огромными классами учеников Сельский вместе со своей женой – Маргит Сельской, ученицей Ф.Леже, выезжал в Карпаты или Крым. Сельский выработал специальную методику: обучать живописи на пленэре с одновременными конструктивным исследованием в области построения художественной формы. Интерес к абстрагированию орнамента уЯремы, возможно, зиждется на уроках формотворчества Сельского. Сама творческая атмосфера Львова способствовала эксперименту, развитию импровизационных наклонностей, поиску собственного неповторимого авторского стиля.

И. Ярема соединяет любовь к казахской земле с неизбывным чувством родства с украинской культурой. Каждое лето она едет в Гуцульщину, много работает, впитывает новые впечатления.

Образ гор, знакомый с детства, стал своеобразным маяком творчества. В родном Закарпатье маленькие аккуратные домики появляются в ближайшем соседстве с вершинами. Близость домашнего быта с величественным, острое понимание единства малого и глобального у Яремы в крови. Поэтому так легко ей работать над горными пейзажами, в которых переход от земного к небесному столь же логичен и прост. Любое пространство космического масштаба она сразу же делает домашним с помощью смены ракурса с верхнего на нижний.

УЯремы драгоценна и одушевлена каждая мелочь, здесь у каждой пылинки есть свое значимое место, и автор делает все, чтобы одарить этим взглядом зрителей. В гобелене она начинает с самого незначительного – мимолетней, исчезающей за один день красоты белых

шариков одуванчика, самой что ни на есть бесплотной крупинки бытия, чтобы потом, все более ускоряя темп, в резком рапиде показывать степь, затем – подножия гор, величественные белоснежные вершины; наконец, – космос.

Для мастера всегда важен этот скоростной путь, резкий прорыв из одного пространства в другое, из одного среза бытия в иной вымышленный «ирреальный» мир. Это позволяет обогащать изображение новыми смыслами. Разные пространственные зоны входят в произведение как разные уровни реальности. Подобное можно найти у великих живописцев прошлого, к примеру, у Веласкеса в «Пряхах», где, кстати, второй «виртуальный мир» возникает на гобелене, вытканном на тему мифа об Арахне.

Based on the understanding of this term as perceptual-cognitive-affective formation, it can be stated that the analysis of ways and methods of presentation of various complex concepts in the literary work could solve the problem of understanding and interpretation of the text. According to N.V. Alexandrovich «a set of concepts as units of individual consciousness develops in the conceptual sphere, or model of the world picture of the author, and embodied in the piece of art» [12, 52].

Analysis of existing interpretations of this notion allows to systematize the main approaches to the study of this phenomenon. Firstly, the understanding of the art concept as a universal element of the «system of meaning of a literary text»; secondly, an understanding of artistic concept as a continuation of the cognitive concept, because «in a literary text the conventional meaning of the concept is deformed, modified under the influence of personal interpretations». Accordingly, attention is

drawn to the cognitive interpretation of the concept, from the point of view of the author of any piece of art; thirdly, understanding the artistic concept as a mental formation, in his unity not only with individual consciousness, but with psychomental sphere as a particular ethno-cultural community; the perception of the concept as a unit of author's consciousness in a literary text, which «expresses the author's individual understanding of the essence of objects and phenomena».

Generalizing different points of view of scientists, we can distinguish the following characteristics of the concept: the mental nature, correlation with the cognitive structures; the presence of name; vicarious function; potentiality; the embodiment in different linguistic units; the manifestation in the form of concept, symbol, image; cultural and historical determinism; value in nature; the concepts have verbal and nonverbal forms. Understanding of this term is due not only to structural and content features of the text, but also from the process of perception and interpretation, therefore largely related to psycholinguistic research.

Artistic concepts of certain works appear as fixed options of the individual author's concept, which is accumulated in the semantic configuration of concept sphere of piece of art.

Based on the theories of S.A. Askoldov, L.G. Babenko, V.V. Kolesnikova, Zh.N. Maslova, I. A. Tarasova, and others, it is possible to define the artistic concept as an aesthetically meaningful mental formation, which is characterized by the following features:

– author's presence in the conceptsphere as a sustainable semantic dominant, a universal element of the system of meaning in the literary text;

– accumulation properties of the cognitive concept along with the value-oriented entity;

– involvement in psychomental scope of a particular ethno-cultural community, the national artistic picture of the world.

Thus, in understanding the artistic concept the important role play the notions of its specificity, its individuality, modal- evaluative character, communication with moral norms and traditions of society. Important role in the comprehension of this concept play the personal forms, enables them to understand complex things through their convergence, apposition with tangible, concrete reality.

References

1 Vorobiev V.V. Lingvokulturulogia: Monografia. – Moskva: Rossiiskii universitet druzhbi narodov, 1997. – 331 p.

2 Lisicina V.O., Arutyunova E.K. Problema opredeleniya ponyatiya koncept v sovremennom yazikoznanii // Mezhdunarodnii zhurnal eksperimentalnogo obrazovaniya. – 2014. – №3. – P. 163-165.

3 Stepanov Y.S., Proskurin S.G. Konstanti mirovoi kulturi. – M.: Nauka, 1993. – 158 p.

4 Samigullina A.S. Kognitivnaya lingvistika i semiotika // Voprosi yazikoznaniya. – 2007. – № 3. – P.11-24.

5 Surina V.N. Ponyatie koncepta i konceptosferi // Molodoi uchenii. – 2010. – № 5. – T. 2. – P. 43-46.

6 Bolotnova N.S. Kognitivnoe napravlenie v lingvisticheskom issledovanii hudozhestvennogo teksta // Poeticheskaya kartina mira: slovo i concept v lirike serebryanogo veka: VII Vserossiskii nauchno-practicheskii seminar. – Tomsk: TomGPU, 2004. – P. 7-19.

7 Vezhbickaya A.Semanticheskie universalii i opisanie yazikov. – M.: Nauka, 1999. – 345 p.

8 Matveeva T.V. Uchebnii slovar : russkii yazik, kultura rechi, stilistika, ritorika// T.V. Matveeva. – M.: Flinta; Nauka, 2003. – 432 p.

9 Bolotnova N.S. O metodike izucheniya associativnogo sloya hudozhestvennogo koncepta v tekste // Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta. Seriya: Gumanitarnie nauki (Philologiya). – 2007. – Vipusk 2 (65). – P. 74-79.

10 http://magazines.russ.rU/voplit/2003/2/zys.html.

11 Volodina N.V. Koncepti, universalii, stereotipi v sfere literaturovedeniya. – M.: Nauka, 2010. – 320 p.

12 Vasilieva T.V. Literaturovedcheskii podhod k izucheniyu hudozhestvennogo koncepta // Philologicheskie nauki.Voprosi teorii i practiki. – 2012. – № 7(18). – P. 51-54.

Наханова Қ.Қ.

Түркі халықтарының эстетикалық дүниетанымындағы сырғаның символдық мәні

Мақалада әшекей бұйымдардың атауы ұлт болмысын дәйектейтін өзекті мәдени компонент ретінде қарастырылады. Әсіресе, сырғаның түркі халықтары арасындағы қалыптасқан символдық мәні жан-жақты ашылады. Қазақ халқында сырғаға қатысты, мысалы ұзын сырға жын-шайтанды қуады және осы секілді тағы басқа наным-сенімдердің өзге түркі халықтары арасында да бар екені, сонымен қатар сырғаға қатысты қалыптасқан тілдік бірліктер түркілік лексиканың байлығын ғана емес, халықтың даналығын, биік талғамын, таным-түсінігін танытатындығы баяндалады.

Түйін сөздер: түркі халқы, сырға, символ, әшекей, дәстүр, эстетика, наным-сенім.

Nakhanova K.K.

The symbolic significance of earrings in the aesthetic worldview of the Turkish people

In the article considered the names of jewelry as a component information about the national culture, especially the symbolic meaning of earrings, entrenched among the Turkic peoples. Revealed the existence of some of the superstitions of the Kazakh people of earrings among other Turkic peoples and analyzed that linguistic units on earrings represents the wisdom of the Turkic people.

Key words: the Turkish people, earrings, symbol, decoration, tradition, aesthetics, faith.

Наханова К.К.

Символическое значение серег в эстетическом мировоззрении тюркских народов

В статье рассматриваются названия ювелирных украшений как компонентов, несущих информацию о национальной культуре, особенно символическое значение серег, укоренившееся среди тюркских народов. В суевериях казахского народа, по сравнению с другими тюркскими народами, серьги имеют особый смысл и обозначают мудрость.

Ключевые слова: тюркский народ, серьги, символ, украшения, традиции, эстетика, вера.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 811.1/.8

Наханова Қ.Қ.,

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің
II курс магистранты, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: kulpinai_90@mail.ru
Ғылыми жетекшісі – ф. ғ. д. профессор Ермекова Т.Н.

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ СЫРҒАНЫҢ СИМВОЛДЫҚ МӘНІ

Әр адам қоршаған ортасына өзі туралы мағлұматтарды еріксіз түрде беріп отырады. Адамнан берілетін белгілердің ең мәнерлісі және кең тараған түрі әшекейлер болып табылады. Әшекей бұйымдар тек қана байлық немесе әсемдік үшін ғана емес, ол негізінен, халқымыздың асыл мәдениетімен және наным-сенімінен дүниеге келген мұралар. Негізінен алғанда әшекейлер бірнеше түрге бөлінеді: 1) мойын немесе кеудеге; 2) белге; 3) басқа; 4) аяққа тағылатын; 5) қолға және иыққа тағылатын бұйымдар [1, 129].

Әшекейлерде олардың түрінен бастап, орналасуы да, көрсету мәнері де өте маңызды. Бір ғана шынжырдың егесінің қолында ма, мойнында немесе толарсағында тағылғанына қарап, әртүрлі мағлұматтар алуға болады. Бір ғана жүзік қай саусаққа тағылғанына қарап та түрлі мағына мен сенімге ие болады. Дененің бір бөлігіне қанша әшекей тағылғаны да маңызды болуы да мүмкін. Мысалыға, Швейцар психологы Макс Мюлердің айтуынша, «Әшекейлер басқа белгілерге қарағанда жеке тұлғаның сезімдік жағдайы туралы мәліметтерді анығырақ көрсете алады».

Толарсаққа тағылған шынжыр бүкіл денені билеген сезімінің айқын белгісі. Ол шынжырдың иесі өзінің сезімтал екендігін білдіреді. Қолдың әр саусағы өзіндік символдық мағынаға ие. Символ танымдық белгі, таңба – белгілі бір нәрсені өз қалпынан өзге, жанама сипатында алып көрсетуден туатын эстетикалық категория. Алғашқы қиялдау, болжау, ертедегі түсініктер, наным-сенімдер – символдың шығуына әсер еткен құбылыстар.

Енді әшекейлер ішінен сырғаларға жеке тоқталар болсақ. Сырға – әйелдердің құлағына тағатын әшекейлі, сәнді зергерлік бұйым (кейбір елдерде сырғаны ерлерге де тағатын болған). Қазақ әшекейлерінің мән-мағынасына тоқталсақ, онда этнографиялық бұйымдардың қасиеттілік астарының бар екенін білеміз. Сонымен қатар, сырғаның ғұрыптық та мән-мағынасы бар, ол құлаққа дүлей күштерден сақтау мақсатында тағылатын болған. Сырғаның тұтас тұрпаты да, жекелеген бөлшектері, материалы мен ою-өрнегі де белгілі бір мән-мағынаны білдіреді. Көз қондырылған бұйымның көз тиюден алдын-ала сақтайтын киелілік және емдік қасиеті бар деген ұғым қалыптасқан.

Қазақтар үзбелі салпыншақтар сылдырымен жын-шайтанды үркітіп отырады деп түсінген. Мұндай ұғым басқа халықтарда да кездеседі. Якуттарда сырғаны бесікті қорғау үшін ілетін болған. Бұл зергерлік бұйым жынысты анықтау аспектісінде де маңызды болып табылады. Қорым мен көктаста сырғаның бейнеленуі қайтыс болған адамның әйел екендігін білдіреді. Сондықтан да әйел адамдар сырғаны үнемі тек түрін өзгертіп қана тағатын болған. Ол неолит заманында сүйектен, мүйізден, қола дәуірінде металдан жасалған. Б.з.б. II ғ. – б.з.II ғ-нан алтын мен күміске асыл тас орнатылып жасалған, сырғаның өте сәнді түрлері шыға бастаған. С.П. Толстов жетекшілігімен Хорезм археологиялық этнографиялық экспедициясы 50-60 жж. және қазіргі кездегі Ж.Қ. Құрманқұловтың жетекшілігімен Шірікрабат археологиялық экспедициясының Шірік-рабат мәдениетінің ескерткіштеріне жүргізген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде б.з.д IV және II ғасырларда өмір сүрген осы аймақтың халықтары арасында коральдан жасалған салпыншағы бар, маржан моншақтармен безендірілген алтын сырғалардың кең таралғандығын көрсетіп отыр [2, 166]. Осы ескерткіштерден табылған әшекейлер асқан шеберлікпен жасалғанымен ерекшеленеді. Орта Азия елдерінің ішінде қарақалпақтарда мұрынға сырға тағу кең таралған және кейбір өңірдегі қазақтарда кездеседі және оны *арабек* немесе *әребек* деп атайды [3, 15]. Болашақ нәрестенің жынысын анықтауда егер жүкті әйел немесе оның жақындары түстерінде сырға көрсе, міндетті түрде қыз туылатын болған. Қазақта ертеректе қыз баланы қырқынан шығара салып, құлағының сырғалығын (құлақтың етегін сырғалық деп атайды) тары дәнімен уқалап, етін өлтіріп, отқа қарылған инемен тесіп, оған жібек жіп өткізіп, түйықтап байлап қоятын. Құлақтың тесігі бітеліп қалмауы үшін кейінірек кішірек күміс сырға тағатын. Ол «жас нәрестеге тіл – көз тимесін» деген тілектен туындаса керек. Р. Карутцтың мәліметі бойынша «Баласы болмай келген немесе кеш босанған әйелдер, балаларының құлағын уақытынан бұрын, ұзақ өмір сүрсін деген ниетпен, үш жасында тескізген» [4, 11]. Қыз балаға құлақ тесу міндетті болып саналады, мәні жағынан сүндеттеумен теңестірілген. Сондықтан да халық арасында «құлақ тесу – қыздың сүндеті» деген сөз кездеседі. Қазақтармен қатар Орта Азияның басқа халықтарында қыз баланың дүниеге келуі аса қуаныш тудырмаған. Бұл ұғырып Тува халықтарында да кездеседі [5, 172]. Бұрын ер баласы тұрмай жүрген немесе баланы өте кеш көрген ата-аналар ырым етіп қартайғанда көрген осы ұлымыз тұрсын, тіл-көзден, әртүрлі жаман күштерден аман болсын деген мақсатпен оны «ұл емес қыз» деп құлағына сырға тағып қоятын болған. Ал өзбек халқында баланы сақтап қалу үшін көп балалы жеті әйелдің әшекейлерінің сынықтарын балқытып сырға жасатқан. Ер балалар бұл сырғаны қазақтарда бес жасқа дейін, ал өзбектерде үйленгенге дейін таққан [6, 378]. Баланың буыны бекіп ер жете бастағанда ғана ата-анасы ауыл-аймағын шақырып той жасап, сол той үстінде бозбала жігіттің құлағынан сырғасын алады. Қазақта осы тойды *сырға той* деп атаған. Ел арасында мұндай ұғырып XX ғ.басына дейін сақталып, тіпті сирек те болса XX ғ. 40-50 жж. дейін кездеседі. Қазақ халқында қызды бесіктегі кезінде немесе ол бой жете бастаған кезде атастырған. Атастырылған қыздың құлағына сырға салу, сырға тағу (кейде үкі қадайды) рәсімі бар. Сондықтан да құда түсу рәсімінде сырғаны, басқа да бағалы заттармен бірге сый ретінде әкелу міндетті болып саналған. Бұл дәстүр Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде жақсы сақталған. «Қалыңдық» мағынасындағы сырғалы қыз немесе сырғалы атауы осыған байланысты шыққан. Алтай тілінде де қалыңдықты «сырғалы», «сырғалық» деп атайды. Яғни сырғасы бар деген мағынада [6, 379]. Осы әдетке қатысты қырғыз тілінде *сөйке салды* тіркесі жұмсалады. Қырғыз тілінде сырғаны *сөйке* дейді. Қырғыздардың әдетінде жігіттің әке-шешесі қыздың үйіне алғаш рет келген кезде болашақ келінінің құлағына өздері алып келген сырғасын тағады. Оның жанында басқа да сыйлықтары болады [7, 658-659]. Осыған байланысты кішігірім той жасалған. Бұл той қырғыз тілінде де сырға той деп аталған. Қазақ дәстүрінде қызға тағатын сырғаның орнына басқа да үкі (қасиетті саналатын құстың бір шоқ үлпілдек қауырсыны), жүзік, білезік, тана (әдемі ақық түйме), моншақ т.б. әшекей бұйымдары қолданылады. Сондықтан қазақ тілінде «құда түсіп, сырға тағып кетті» деудің орнына «үкі (тана, моншақ) тағып кетті» деп те айта берген. Кей жерде «жіп тағып кетті» дейді. Жоғарыда айтылғандай, мұндай заттармен бірге күйеу баланың ата-анасы тарапынан қыздың ата-анасына берілетін сый-сияпаты қоса жүреді. Ол сыйлық мал немесе күміс жамбы, ақша түрінде беріледі. Күйеу жағының осындай сыйлық апару кәдесі алғашында құда түсу рәсімін білдіретін атаулармен аталып бата *аяқ, сырға тағар, тана тағар, құлақ моншақ* тәрізді фразеологизмдер пайда болған. Ертеде, құлақ моншақ деп сырғаны

айтқан. Қырғызстанның оңтүстік диалектісінде сырғаның бір атауы құлақ моншақ [3, 532]. Этнографиялық деректер бойынша, көптеген түркі халықтарында қыздардың құлағын тесіп, сырға тағып қою өте ерте жастан басталады. Ертеде қыздың басы бос, атастырылмаған болса, керегеге, кілемге, тіпті бақанға сырға іліп қою салты болған. Үйге келген қонақ немесе жолаушы ілулі тұрған сырғаны көрсе: «бұл үйдің бойжетіп келе жатқан немесе бойжетіп отырған қызы бар екен, ата-анасы әлі ешкіммен құда болмапты, қыздың басы бос екен», – деген ой түйген. Жасалған материалы мен жасалу тәсіліне қарай алтын сырға, күміс сырға, лағыл сырға, шытыра сырға, қолқа сырға, қозалы сырға, үзбелі сырға, күмбезді сырға, қоңырау сырға, ай сырға, ақық сырға, иінді сырға, лағыл сырға, гауһар сырға, айшықты, тұмарлы, салпыншақ, жапырақты сырғалар, шұбыртпа сырға, адай сырға, айбалта сырға т.с.с. кете береді. Аты айтып тұрғандай зер сырға-алтын сымынан нәзік те, әшекейлі етіп жасаған сырға түрі, сояу сырға-сүйектен жасалған сырғаның түрі. Бұған қоса асыл тастардан көзі бар сырғалардың түрі көп: маржан сырға, меруерт сырға, лағыл сырға аталған тастардан көз қойған сырғалар. Салпыншақты сырғалардың да түрі көп: қозалы сырға-шар тәрізді металл салпыншақты сырға; сирақты сырға-бірнеше салпыншағы бар түрі (оны салпыншақтың санына қарай атай да берген: үш аяқты сырға, жеті аяқты сырға), тамшылы сырға-майда қозалары мол, салпыншақты сырға, құрылымы күрделі сырғалар, жұмыр сырға-іші қуыс; төбе сырға, сабақ, сабақты сырға-өзі үлкен, салмақты, салпыншағы мол сырға түрлері, үш буынды сырға, үш шолпылы сырға – үш салпыншақпен әшекейленген сырғалар, ал сырғаның салпыншағы аса мол, көп әшекейлі болса, оны қырық буынды сырға деп атаған. Кейде екі сырғаны моншақты жіппен байлап таққан. Мұндай сырғаны сәукеленің самай тұсынан ілмелеп байлайды. Оның көне аты төбе сырға – баскиімге, шашқа байланатын сырға түрі, оның төгілме төбе сырға деген атауы да ұшырасады [8, 24]. Зергерлік өнерінде бұйымдардың сыртқы пішінін, бет-бедерін ай, күн, жұлдыз сияқты аспан шырақтарынан ұқсас космогониялық өрнектерімен безендіру жиі ұшырасатын құбылыс және толып жатқан жақсы сенім-ырымға негізделген түсініктер бар. Ол халықтың өте ерте замандардан қалыптасқан сенім-нанымы, әдет-ғұрпы, салт-санасына байланысты туған. Қазақ сырғаларының құпиясы символикалармен күшейе түседі. Олар күн, ай, бұрама формалы болып келеді. Үшбұрышты тұмарша тәріздес сырғаларды жасы үлкен адамдар әлі күнге дейін киелі санайды. Сырға түрлерінің ажыратылып аталуы олардың сыртқы пішінінің ою-өрнекті, бірақ салпыншақсыз, жарты ай бейнелі күміс ай сырға (кей өңірлерде айшық; айшықты сырға деп те атайды) сырға; ертедегі соғыс қаруына ұқсатып айбалтаның жүзі жарты ай түрінде жасалған айбалта сырға түрі; дөңгелек формалы – алқа сырға; шеңбердің ортасында бес тармақты жұлдызы бар – жұлдыз сырға; сопақ, жұмыр, домалақша келген собық сырға және т.б. Ерекше нақышпен жасалған ерекше дара сырғалардың түрлері де киіммен қоса тұтынғанда адамның ажарын ашып, әр беріп тұрады. Ондайлар қатарында бетіне күмістен қойылған шошақ әшекей, томпақ көзі бар кейде оның бетіне бүршік, сірке салған күмбезді сырға; салпыншақтарын шұжық тәріздендіріп жасаған шұжық сырға; күміспен күптелген үкі аяғынан жасалған шар тәрізді салпыншақтары бар үкі аяқ сырға [9, 80]. Ай тәріздес сырғаны алтыннан және кейде күмістен жасаған, сонымен қатар оны немерелі болған әжелер таққан. Жасы 45-тен асқан әйелдер дәстүр бойынша кимешек кигендіктен, сырға тағудың қажеттілігі болмаған, сондықтан сырғаны көбінесе бойжеткен қыздар мен келіндер таққан. Әйелдердің кимешек киюі – сырғаның әйел әшекейі ретінде дамуына ықпал ете алмады. Мұражай қорларындағы қазақ сырғаларының санының аз болуы осыған дәлел бола алады. Халық түсінігінде сырға құлақты негативті энергия, жаман сөздерден, өсек-аяңнан қорғаған. Әйелдердің өзара әңгімелесуі кезінде кәмелетке толмаған еріксіз отырған балаларға «құлағына алтын сырға» деп айту ұрпынан кейін балалар «саңырау» болып, қажетсіз мәліметтерді қабылдамауы тиіс болған. Сырға – әйелдің сыртқы беделін көрсететін атрибут, яғни сырғалардан жеке кісінің иелігін немесе оның жас мөлшерін, шыққан тегін, өскен ортасын білдіретін қасиеттер де байқалып тұрады. Материалына сай ісі де, көркемдік шешімі де жоғары болып келеді. Алтынмен қапталып, асыл тастардан көз қондырылады. Орта Азия әйелдері көлемі үлкен сырғалар таққан. Көлемі ұлғайған сайын сырға бағалы әрі әсем болып табылатындықтан әйел мәртебесін асқақтата түскен. Мұндай ауыр күміс сырғаларды жиын тойларда ғана таққан. Қыздардың сыртқы әдемілігінің қалыптасуына және оның әйелдік қасиетінің жетілуіне әсер етеді. Бұл бұйым болашақта бала туу қызметінің жетістігінің кепілі болып саналады. Қалыңдық жасына жеткен қыздардың

сырғаларында күннің, жұлдыздың, айдың, ал салпыншақтарында тұқымның, гүл жапырақшаларының, дәндердің болуы репродуктивтілікті көрсетеді. Бұл өзінен тарайтын ұрпақтың көп болуын меңзейді. Дәстүрлі тұрмыста әлі күнге дейін сырға, сақинасыз жүру ерсі болып табылады. Қазіргі кезде ол жыныссыздықты білдіреді. Қазақ ертегілерінде уақытша қыздың сырғаға айналуы бұл бұйымның әйел жынысының белгісін көрсетеді және асыл тастар сияқты қазақ эпосындағы әйел кейіпкерлерінің әдемілігі ретінде қабылданған. Қайтыс болған әйелдің барлық әшекей бұйымдарын шешіп алып, шашын өріп қойған. Тек сырғасын ғана қалдырған, өйткені сырғасы жоқ әйелдің құлағына жылан кіріп кетеді деген түсінік халық арасында қалыптасқан. Егер сырғасыз жерлейтін болса, онда міндетті түрде құлақтың сырғалығын жырту керек болған. XX ғасырдың басына дейін қазақтар мен қырғыздардың жесір қалған әйелдері үшін бетін тырнап, өзін-өзі азаптау қатаң ереже болып табылған. Бұл түркі халықтарына тән дәстүр Пенджикент ғибадатханасында жоқтау кезінде құлақтарын кесу сәті көркем суреттерде бейнеленген. Бұл әрекеттің мәні өлімді имитациялау, қайтыс болған адамның артынан о дүниеге кетуге даяр екенін көрсетеді. Жыртылған құлақтың сырғалығы жыланның бәлелі пиғылдарын сақтандырған, сонымен қатар қайтыс болған әйелдің сырғасын қарапайым әдіспен шешіп алуға болмайтындығын білдіреді. Жақын адамы қайтыс болған кезде өзін-өзі азаптау ғұрпы әлемнің көптеген халықтарында кездеседі [10, 379]. Матадан жасалған бұйымдарда сырға және үшбұрышты бойтұмарлар тәрізді өрнектердің кездесуі, қазіргі кезге дейін үлкендер арасында тіл-көзден сақтау мағынасында қолданылады.

Қорыта айтқанда, түркі халықтарының зергерлік өнері өте ертеден, қазақ халқының құрамына кірген тайпалар мен халықтардың зергерлік өнерінен бастау алады. Ұлттық зергерлік әшекей бұйымның түрлерінің танымал болғандығын олардың Орта Азия, Шығыс Түркістан, Еділ бойы және Сібір халықтарында кең таралғандығынан көруге болады. Осы халықтардың әшекей бұйымдарында ортақ белгілер мен элементтер, аталуында да ұқсастықтар көп кездеседі. Мұндай ұқсастықтар зергерлік өнердің тек ертеден бастау алатындығын ғана көрсетіп қоймай, сондай-ақ, ерте замандардан үзілмей келе жатқан этникалық мәдени сабақтастықты да көрсетеді.

Әдебиеттер

1 Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы, 2008.
2 «edu.e-history.kz» сайты
3 Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. – Алматы, Ғылым, 1991.
4 Карутц Р. Среди киргизов и туркмен на Мангышлаке / Пер с нем. – Спб., 1910.
5 Баялиева Т.К. Доисламские верования и их пережитки у киргизов. – Фрунзе, 1972.
6 Шевцова А. Казахский народный орнамент: истоки и традиция. – М., 2007.
7 Кисляков Н.А. Очерки по истории семьи и брака у народов Средней Азии и Казахстана. – Л, 1969.
8 Қазақтың зергерлік әшекейлері. – Алматы: Өнер, 1985.
9 Шаханова Т.Ш. Обычи и обряды связанные казахов прикладного искусства в прошлом и настоящем. – Алматы, 2001.
10 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі / Энциклопедия. А-Д. – Т. 1. – Алматы, 2011.

References

1 Mankeeva J.A. Qazaq tilindegi étnomädenï atawlardıñ tanımdıq negizderi. – Almatı, 2008.
2 «edu.e-history.kz» saytı
3 Şoybekov R.N. Qazaq zergerlik öneriniñ sözdigi. – Almatı, Ğılım, 1991.
4 Karutc R. Sredi kirgizov i turkmen na Mangyshlake / Per s nem. – Spb., 1910.
5 Bayalieva T.K. Doislamskie verovaniya i ih perezhitki u kirgizov. – Frunze, 1972.
6 SHevcova A. Kazahskij narodnyj ornament: istoki i tradiciya. – M., 2007.
7 Kislyakov N.A. Ocherki po istorii sem'i i braka u narodov Srednej Azii i Kazahstana. – L, 1969.
8 Qazaqtıñ zergerlik äşekeyleri. – Almatı: Öner, 1985.
9 Shahanova T.Sh. Obychi i obryady svyazannye kazahov prikladnogo iskusstva v proshlom i nastoyashchem. – Almaty, 2001.
10 Qazaqtıñ étnografïyalıq kategorïyalar, uğımdar men atawlarınıñ dästürli jüyesi / Énciklopedïya. A-D. – T. 1. – Almatı, 2011.

Сансызбаев Ө.

Сөз қателіктерімен оған ықпал етуші факторлар

Мақалада қазақ тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі сөз қателіктері туралы айтылады. Сөз қателіктеріне ықпал етуші лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар қарастырылған. Нақты келтірілген мысалдар арқылы сөз қателіктерінің түрлері айқындалып, белгілі ғалымдардың еңбектері негізінде дәйектеледі.

Сөз қателіктерінің алғышарттарын қарастыру, оны болдырмау, себептерін көрсету қазақ тіл білімінің толық зерттеу нысанына айналуға тиісті. Мақалада қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарындағы қателіктерге баса назар аударылады. Сөз қателіктерінің қазіргі себептерін ашу мен оның алдын алу жолдары сөз болады.

Мақалада орфографиялық, лексикалық, грамматикалық және логикалық қателіктер туралы айтылады.

Түйін сөздер: сөз мәдениеті, сөз қателіктері, лингвистикалық факторлар, экстралингвистикалық факторлар.

Sansyzbayev O.

Word mistakes and its factors

The article is about word mistakes, which is one of the problems of Kazakh linguistics. There are considered the linguistic and extralinguistic factors affecting such errors. Also, there were identified types of mistakes by specific examples and they confirmed by the works of famous scientists. Consideration of the causes of mistakes and their prevention should become the subject of a detailed study of the Kazakh linguistics. The article focuses on the mistakes of modern media. The article describes the causes of mistakes and their prevention. Also, the article talks about the spelling, lexical, grammatical and logical errors.

Key words: culture of speech, word mistakes, linguistic factors, extralinguistic factors.

Сансызбаев О.

Речевые ошибки и факторы, способствующие их проявлению

В статье рассматриваются проблемы словесных ошибок в казахском языкознании, а также лингвистические и экстралингвистические факторы, влияющие на подобные ошибки. Типы ошибок выявлены посредством конкретных примеров и подтверждены на основе работ известных ученых. Статья включает в себя вопросы орфографических, лексических, грамматических и логических ошибок.

При ведении исследовательских работ особое внимание уделено ошибкам современных средств массовой информации, причинам их появления и путям их решения. Рассмотрение причин ошибок и ведение профилактических работ должно стать предметом детального изучения в казахском языкознании.

Ключевые слова: культура слова, словесные ошибки, лингвистические факторы, экстралингвистические факторы.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 81’271; 82.085; 808.5

Сансызбаев Ө.,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
II курс магистранты, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: omirbek_92.12@mail.ru
Ғылыми жетекшісі – ф. ғ. д. профессор Д. Әлкебаева

СӨЗ ҚАТЕЛІКТЕРІМЕН ОҒАН ЫҚПАЛ ЕТУШІ ФАКТОРЛАР

Сөз мәдениеті – қазақ тіл білімінің зерттеу нысандарының ішінде кейінірек қолға алынған сала. Оның тілдің басқа салаларынан басты айырмашылығы – күнделікті өмірмен, тілді қолдану, жазу, сөйлеуімен тығыз байланыстылығында. Ал осы сөз мәдениетінің көп қырлы, аса көкейкесті мәселелерінің бірі – сөз қателіктері.

Сөз қателіктері туралы қазақ тіл ғылымында, ғылыми еңбектерде біршама айтылып та, жазылып та жүр. Көбіне тілдік қателіктер деген атаумен де аталып келеді. Оның басты себебі әдеби тілдің нормативтік өлшемдері зерттелуінен, тілді пайдаланушылардың ішкі лингвистика саласына қатысты қарастырылғанына тікелей байланысты болса керек. Қазақ ұлттық әдеби тілінің нормасы мен тілдің табиғи нормаларын дұрыс сақтау мәселесі сөз мәдениетінің ең маңызды компоненті болып саналады.

Тілдік қателіктер – сөз мәдениетіне зиянын тигізетінін, оның нормалық базасын тұрақтандыруға кедергі келтіретін сала. Сондықтан тілдік қателер – сөз мәдениеті қарастыратын күрделі сала. Р. Сыздық бұл туралы былай дейді: «Тіл қолданысындағы қателерді көрсету үшін олардың дұрыс болуға тиісті базасын тану қажет, тілдік жүйені, ол жүйеге сай қалыптасқан нормаларды айқындап алу шарт». Сондықтан тілдік қателіктер сөз мәдениетінің де, стилистиканың да қарастыратын маңызды компоненттерінің бастылары болады. Тілдік қателіктер сөз қолданысында пайда болғандықтан, оны сөз қателіктері деп тұрақтандыру орынды болып саналады [2, 142].

Сөз қателіктері тек тілдік норма тұрғысынан тілдік заңдылықтарды дұрыс қолданбаудан ғана болмайды, оның басқа да себептері бар. Қазақ тілі сөз тіркесі, тұрақты тіркестермен синонимдік қатарларға өте бай, алайда, бір тіркестің екінші сөзбен тіркесуге болмайтын сәттері кездесіп қалады. Мысалы, етістіктің болымды, болымсыз түрі барлық есім сөздермен тіркесе бермейді [9, 39].

Сөз қателіктеріне жол бермеу – лингвистикалық білім дағдыларын ғана емес, мәдени құндылықтарды бағамдаудың кешенді білімділік жүйесін таныта алады. Жалпы алғанда сөз мәдениетінің түзетін сөз, сөз тіркесі, сөйлем арқылы құрылған адамның сөз «әрекеті» әртүрлі сандық және сапалық компо-

ненттің жемісі. Жеке тілдік тұлғаның «өзімнің алдымда көп қиындықтар тұр, ізінше мен келдім, он студент қана сенбілікке қатысты, казком күтіп тұр, қайтарын айтпады, айтарын, айтпасын білмедім, бір жаңа жұмыстар қарап тұр» деген сияқты сөз сөйлеудегі қателіктердің уақыт кешіктірмеді, қолданыста жиі ұшырасуын тек әдеби тілдік норма тұрғысынан ғана емес, түрлі экстралингвистикалық факторлармен бірге қарастыруды қажет етеді.

Тілдің пайда болуы, дамуы, әдеби тілдің қалыптасуы, стильдік тармақталуы туралы мәселелер де тіл және қоғам түсінігіне орайласады. Бұл орайда тілге әсер етуші факторларды да назардан тыс қалдырмаған абзал.

Тілге әсер ететін сыртқы факторлар (экстралингвистикалық) көп. Мұндай жағдайда мемлекет алдында тілдің өміршеңдігін сақтау, тілдің таралуы мен дамуы, қолданыс аясын сақтау сияқты мәселелер тұрады. Тілге әсер ететін экстралингвистикалық факторлардың әсерінен тіл, ең алдымен, функционалдық жағынан көп өзгеріске түседі. Өйткені, тілдің алғашқы белгісі – қарым-қатынас нысаны болу. Тілдің функционалды қызметі бұзылса, оның құрылымдық қызметінің бұзылары даусыз. Тілдің құрылымдық қызметі – тілдің көп өзгермейтіндігі.

Тілдік (лингвистикалық) және тілдік емес факторларды (экстралингвистикалық)ген. Ол тілден тыс факторларды тілді қоғам тарихы, географиялық мекен-жай, мәдениет тарихы, саясат, әдебиет, диалектілік жіктермен т.б. байланыста қарап зерттейді, яғни тілді оның өмір сүруіне қажетті сыртқы жағдайлармен байланыста қарайды. «Экстралингвистика тіл жүйесінің, ішкі механизмін түсіндіре алмайды, оған қатынасы жоқ. Ал тілдік факторлар тілдің құрылымын, жүйесін, яғни тілдің өзіне ғана тең ішкі мәселелерін, өзіндік ішкі заңдылықтарын зерттейді», – дейді [4, 49]. Бүгінгі сөз қателіктері де тілдік немесе тілдік емес факторлардың әсерінен орын алуда десек қателеспейміз.

Алдымен сөз қателіктері қандай жағдайда орын алады деген сұрақты талқылап көрейік. Көбіне тілдік ортаның әсерінен болады. Сондай-ақ жеке тұлғаның сөздік қорының аздығы да сөз қателіктерінің орын алуына себеп. Әр түрлі сөз жанрларына тән тілдік бірліктерді талғап қолданбау да қателікке жол береді. Ал бұқаралық ақпарат құралдарында кездесетін сөз қателіктерінің жөні бір бөлек. Себебі БАҚ тілдік ортаны қалыптастырады.

Бүгінгі бұқаралық ақпарат құралдарындағы көп кездесетін қателіктердің бірі – орфографиялық қателіктер. Емле ережелерінің сақталмауынан, орфографиялық принципті дұрыс қолданбаудан болатын қателіктерді жиі көзіміз шалады. Мысал үшін, бірге жазылатын, терминдік мәнге ие болған жекеменшік, қосазаматтық, жалпымемлекеттік, малшаруашылық сияқты құқық, шаруашылық саласына қатысты атаулар, еш, әр, кей, бір, қай, әлде сөздерімен біріккен есімдік, үстеу сөздер түбір тұлғаларын сақтап бірге жазылатын сөздер бөлек қалпында жүр.

Қарапайым ережелер болса да, қаперімізде шығарып алатын сәттер болады. Мысалы қазіргі интернетжурналистикада кездесетін сөз қателіктерінің бірі – орыс тілінен енген сөздерге қосымшалардың дұрыс жалғанбауы. Соңғы дыбыстары *ог, уг* болып келген сөздер мен *рк, рг, нг, кс, кт, ск, лк, нкт, кль, брь, бль* сияқты дауыссыздар тіркесіне аяқталған сөздерге қосымшалар әрдайым жіңішке қалпында жалғанады: *педагогтер, педагогі, геологтер, геологтің, паркі, парктен, киоскіге, полкке*, т.б. Ал ль дыбысынан аяқталатын сөздерге қосымшалар жуан жалғанады. Тек тәуелдік тұлғада келгенде ғана буын үндестігін сақтамай, жіңішке жалғанады. Мысалы, *медаль, медальға, медальдар, медалі; фестиваль, фестивальға, фестивальдық, фестивалі*;

Қазіргі уақытта интернет пен әлеуметтік желілерде тыныс белгілерден жіберілетін қателер өте көп кездеседі. Бұл да сөз мәдениетінің талабына үлкен нұқсан келтіреді. Тыныс белгіден жіберілетін қателіктер сөйлемнің құрылысына, оның орын тәртібіне үлкен нұқсан келтіріп қана қоймайды, тыңдаушының айтушыдан алатын сөз мазмұнының ақпараттық мәнін солғындатады әрі түсінуге ауырлық жасайды. Тыныс белгіден жіберілетін қателер тілді пайдаланушының сауатсыздығын көрсетеді.

БАҚ беттерінде *ал, бірақ, өйткені, сондықтан*, т.б. шылауларды сөйлемнің басына шығарып, одан кейін үтір қойып сөйлемді жалғастыратынын оқып жүрміз. Негізінен жоғарыдағы шылаулар көбіне сөйлем ортасында жазылады. Ал бұл шылаулармен сөйлемді бастау – кәсібиліктің белгісі емес. Бұл туралы Р. Сыздық: «Жазу мәдениетінің бір ұшы тыныс белгілерін дұрыс қоюда болса, оның ережелерін де белінен басып, берекесін алып жатқан жайымыз бар. «Дауыс кідірген жерге үтір қойылсын!» деген «жекеменшік» ереже шығарғандардың «көмегімен» үтір дегенді тоғытып жібердік. Сөйлем басында келген ал, бірақ, өйткені, сондықтан шылауларды үтірмен бөліп тастайтынды дағдыға айналдырдық. Бұл жалғаулық шылаулар

әдетте екі сөйлем мүшесінің ортасында немесе құрмалас сөйлемнің екі компонентінің ортасында келеді, мұндайда алдарынан үтір қойылады. Ал кейде, әсіресе газет беттерінде бұл жалғаулықтарды сөйлемнің басына шығарып қолданады. Ондайда сәл паузамен бөлініп айтылғанмен, үтірмен ажыратылмайды. Бұл орайда, яғни сөйлем басында келген одағай, қаратпа, қыстырма сөздерден кейін ғана үтір қойылады. Көрсетілген шылаулар – қыстырма да, одағай да, қаратпа да емес, жалғаулықтар» – дейді. [7].

Қазақ тілінде сөйлеу және жазу тәжірибесінде көп қарастырылмаған қателіктердің түріне жататындардың бірі – логикалық қателіктер. Қазақ тілінің стилистикасына қатысты еңбектердің ішінде М.Серғалиевтің «Стилистика негіздері» атты еңбегінде логикалық қателіктерге тоқтала отырып, сөз қателіктерінің негізі осы логикалық қателіктерден туындайтынын айтады [5, 95 б]. Сөз сөйлеу қарым-қатынасында туындайтын логикалық қателіктерді тілдік немесе тілдік емес қателіктердің қатарына жатқызуға бола ма деген заңды сұрақ туады. Логикалық қателіктердің күрделі құрылымдық нысанын басты назарға алғанда бұл сұрақтың жауабы да оңай емес екенін бірден аңғаруға болады. Логикалық қателіктер туралы ғылыми көзқарастар әлі бір жүйеге түскен жоқ. Негізінен логикалық қателіктер ойлау факторларынан туындайтын болғандықтан, тілдік емес қателіктердің қатарына жатқызылады. Тілдік қателіктердің барлығы сөзді қолданушының ойын дұрыс жеткізе алмағанынан, дұрыс ойламауынан, логикалық заңдылықты сақтамауынан орын алып жатады.

Логикалық қателіктерді анықтаудың өзі оңай емес. Оны білімді, нағыз тіл мамандары ғана зерттей алады. Десе де адамдар логикалық қателіктің орын алуына екі жағдайда жол беріп жатады. Кей адамдар әдейі жасаса, кей логикалыққа телер мақсатсыз жасалынады.

Логикалық қателіктер кейде фактілік қателіктермен ұқсас келеді. Айтушы өз пікірінен қайтпай, өзінің ойлау заңдарын жете пайымдамағандықтан, жауабын, пікірін өзгертпей логикалық қателікке ұрынып қалады. Мысалы: *Сенің айтқаныңның бәрі бос сөз, былшыл. Жер дегеніміз тегіс, екі өгіздің мүйізі көтеріп тұр*. Айтушы өз сөзін ойына алғашқы алған ақпарат негізінде пайымдайды, сондықтан осындай сөйлемдер логикалық қателікке жол береді [3, 162].

Логикалық қателіктер туралы біржақты пікірмен шектелуге болмайды. Логикалық қателіктер тілдік және тілдік емес факторлардың қатарына жатқызылады. Сөз мәдениетінің басты компоненттері болатын тілдік, этикалық, коммуникативтік нормалардан жіберілетін қателіктердің барлығы логикалық қателіктерге тікелей қатысты [6, 198].

Тілдік емес қателіктердің қатарына фактілік қателер (сандық деректер, есімдер, географиялық атаулар) жатады. Айтушы сөйлеу актісінде, баяндап отырған мағыналық-ақпараттық сөз «әрекетінде» белгілі хабар, ақпарат туралы дұрыс мағлұмат бермейді. Фактілік қателер айтушы білімінің төмендігін көрсетіп қана қоймайды, жеке тұлғаның интеллектуалды біліктілігін, аялық білімін және мәдениетін жетілдіруін талап етеді. Қазіргі таңда әлеуметтік желілердегі жеке топтар мен парақшалар оқырмандар санын арттыру үшін сан түрлі жалған фактілерді жазуда. Мысалы, *Астанаға келген Джастин Биберді белгісіз біреулер аяусыз соққыға жығып кетіпті.* Болмаса *Баян Есентаева шетелдік журналдардың біріне жалаңаш күйінде суретке түсті* т.б. Мұндай жалған фактілік ақпараттар әлеуметтік желі парақшаларында жетіп артылады. Ал оны кей оқырмандар ақиқат деп қабылдап қалуы да мүмкін.

Қазіргі қазақ баспасөзінде стилистикалық қателер көптеп кездеседі. Бұл қателер көбіне лексика, грамматика мен синтаксис принциптерін дұрыс қолданбаудан келіп шығады. Мысалы, бүгінде теледидардан жаңалық көріп отырып, жүргізушінің *«толығырақ тілшіміз баяндайды»* деген сөзін талай рет естіген де боларсыз. Ал мән беріп қарасаңыз, *«толығырақ»* деген сөздің өзі жарым-жартылай баяндайды деген мағынаға саяды. Дұрысы толықтырып баяндайды болады. Кейде *«бастаған ісіне бел шеше кірісті»* деген сөйлемді де жиі көзіміз шалатын болды. Адам бел шешіп демалады, бел буып іске кіріседі. Бұл бір шетінен логикалық қателік те.

«Жұмыс жасайды» деген тіркес те көп қолданылып жүр. Жұмыс жасалынбайды, жұмысты істейсің. Одан өзге *«қаңғыбас ит»* деген тіркес те көп қолданылады. Дұрысы бұралқы ит болады.

Қазіргі таңда тұрақты тіркестерді қолдануда да көп қателер кездеседі. Кей журналист: *«әкімқараның құлағына алтын сырға – пәленбай ауыл ауызсуға жарымай отыр»* дейді. Сонда сол жердің әкімі «менің құлағыма алтыннан сырға салды екен» деп, мәселені шеше қоя ма екен? Жоқ, әкім бұл сөзді қаперіне алмауы да мүмкін. Өйтетін жөні бар, өйткені «құлағына алтын сырға» тұрақты тіркесі – «естімей-ақ қой» деген мағынаны білдіреді. Сондай-ақ, *ауыз*

толтырып айтарлықтай, көңіл көншітерлік деген тұрақты сөз тіркестері жағымсыз мәнде ғана қолданылады. Оны кейде жағымды мәнде қолданылғанын есітіп жағамызды ұстаймыз.

Қазақ тілінің, ана тілінің сөз мәдениетін көтеру – ұлттық мүдде талаптарының бірі. Қазақ тіл мәдениетінің үлкен бір саласы – сөйлеу және жазу мәдениеті, оны жоғары деңгейге көтерудің басты заңдылығы – дұрыс айту және қатесіз жазу нормасы.

«Ана тілін жақсы білу – әркімнің азаматтық борышы. Егер әрбір сөзді орнымен жұмсай біліп, айтқан ойы мазмұнды, нысанаға дәл тиетіндей ұғымды шығып, тыңдаушысын баурап алардай әсерлі болса, ана тілінің құдіреті сонда анық сезілер еді. Ал мұндай шеберлік тек тіл мәдениеті жоғары адамдардың ғана қолынан келер жайт» – деп тұжырымдайды М.Балақаев [1, 78]. Бұл әрине ауызша және жазбаша қарым-қатынасқа түсушілерге тікелей қатысты.

Әдебиеттер

1 Балақаев М., Серғалиев М. Оқулық. – Алматы: Зият Пресс, 2004. – 140 б.
2 Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана: Елорда, 2001. – 230 б.
3 Әлкебаева Д. Сөз мәдениеті. – Алматы, 2011. – 141 б.
4 Сыздықова Р. Сөз сазы. – Алматы: Мектеп, 1974. – 95 б.
5 Сыздықова Р. Бүгінгіжазу-сызумәдениеті // Егемен Қазақстан. 2004, 17 қыркүйек.

References

1 Balaqaev M., Serğalïev M. Oqwlıq. – Almatı: Zïyat Press, 2004. – 140 b.
2 Sızdıq R. Tildik norma jäne onıñ qalıptanwı. – Astana: Elorda, 2001. – 230 b.
3 Älkebaeva D. Söz mädenïeti. – Almatı, 2011. – 141 b.
4 Sızdıqova R. Söz sazı. – Almatı: Mektep, 1974. – 95 b.
5 Sızdıqova R. Büngingijazw-sızwmädenïeti // Egemen Qazaqstan. 2004, 17 qırküyek.

Тоқбаев А.Қ.

Мемлекеттік тілді үйретудің өзекті мәселелері

Соңғы жылдары көптеген тіл мәселелері баспасөз бетінде басылып, өз оқырмандарының, әсіресе тіл жанашырларының көңілдерінен шығып жүр.

Бұл тақырыпта фонетика, грамматика, лексика сияқты тіл білімінің деңгейлері сөз етілмейді. Қоғамдық құбылысымызға байланысты қазақ тілі – мемлекеттік тіліміз сөз болады.

Бала бастауыш сыныпқа дейін ауладағы балалардан, үйде де, интернеттен мультфильмдер мен өзге де бағдарламаларды орыс тілінде көріп әрі естіп жүреді. Сондай жасөспірімдерге өзінің ана тілі – қазақ тілін қалай үйретеміз дейтін сұрақты шешу әдісі бұл мақалаға да арқау болып, қысқа әрі тұжырымды түрде берілген. Мақала қазақ тілін білуге және үйренуге ынтасы бар көпшілікке пайдасы тиер деген сеніммен жазылған. Сонымен қоса, ондай жағдайда қандай тәсіл қолданылатыны көрсетілген.

Қазақ тілінің құдыреті, оны жаңғырта түсу қажеттілігі де айтылады. Тәуелсіздігімізді ту еткен еліміздің мақтанышы – қазақ тілімізді білмей, үйренбей өскен жастар мемлекетіміздің абыройына сын екенін қарапайым тілмен жеткізілген.

Сонымен қоса, мемлекеттік тіліміз мәңгілік әрі баянды болу үшін рухымызға ауадай қажет ана тілімізді үйренейік, қолдан келсе, басқаларға да үйретейік деген мақсат көзделген.

Түйін сөздер: мемлекеттік тіл, қазақ тілі, қоғамдық құбылыс.

Tokbaev A.K.

Urgent problems of teaching the state language

In recent years, many problems in the study of languages, published in the media resonate with the readers, especially those who are concerned about the fate of the language.

The theme isnot aboutphonetics, grammar, vocabulary and other spheres oflinguistics. Dependingonthehistoryandpublic processes the theme is about Kazakhlanguage, thestatelanguage.

A childbeforegoingto Primary School hears Russian wordsfrom childrenin the yard orathomewatchingcartoonsandotherprogramsin the Internet. Methods of teaching theKazakhlanguageto young people are given in thisarticle inshortandconceptualform. Thearticlehas been writteninthebeliefthat it will be of benefit to those who wish to learn the Kazakh language. Inaddition, it gives methods for application.

The beauty of the Kazakhlanguage and the needof its popularizationwould take place in this article. In simple terms it refers to the need of young people to learn the Kazakh language – the pride of our country.Also if we want our language last forever we should learn and teach the Kazakh language.

Key words: the state language, the Kazakh language, public processes.

Тукбаев А.К.

Актуальные проблемы преподавания государственного языка

В последние годы многие проблемы в изучении языков, опубликованные в прессе, находят отклик у ее читателей, особенно у тех, кого волнует судьба языка.

В данной статье не рассматриваются такие отрасли языкознания, как фонетика, грамматика, лексика. В связи с общественным мнением в процессе обучения языка речь пойдет о казахском языке.

Ребенок до поступления в начальную школу слышит русские слова от детей во дворе, дома смотрит мультфильмы и другие программы из Интернета. Вопросы и методы обучения молодежи своему родному языку даны здесь в короткой и концептуальной форме. Статья написана в надежде, что принесет пользу желающим учить казахский язык. Кроме того, показаны методы для их применения. Также здесь говорится о важности и необходимости популяризации казахского языка как родного, так и государственного. Автор утверждает, что для повышения статуса казахского языка и его сохранения мы должны изучать родной казахский язык и обучать других.

Ключевые слова: государственный язык, казахский язык, общественный процесс.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 81:372.881

Тоқбаев А.Қ.,

Қайнар университетінің I курс магистранты,
Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: azattk@mail.ru

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҮЙРЕТУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Елбасы кезінде былай деген: «...Заманауи қазақстандық үшін үш тілде – қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеруі өз болашағының міндетті талабы. ...Бірақ, қазақ тілі қазақстандықтар үшін үш тілдің бірі емес, біріншісі, бастысы, маңыздысы.»

Еліміздің әр азаматы осы тоғысып жатқан үш тілді біле тұрып, өзінің Мемлекеттік тілін толық игеруі шарт. Сонда ғана ол өз ортасында нағыз лайықты адам деп есептелінеді. Өйткені өз ана тілін меңгерген адамнан ғана патриотизмді, отанына деген сүйіспеншілікті, өзінің отбасына деген жауапкершілікті күтуге болады.

Мемлекеттік тіліміз – ұлтымыздың күретамыры болғандықтан, тілімізді сәби дүниеге келгеннен бастап үйретуіміз қажет. Ауыл оқушылары қазақ тілін өз өмір сүрген ортада, туыстар мен достар арасында да мектепке бармай-ақ үйреніп алу мүмкін. Олар ұстаздарғамәселе тудырмайды. Ал орыс тілін пайдаланып жүрген көптеген қала балаларына мемлекеттік тілді үйрену әрине қиынға соғады. Себебі, олар «Ана тілін» алғаш рет қолына алғанда, сөйлемдегі әріптерді бір-біріне қоса алмай, сөз бен сөйлем мәніне жетпей, кітап бетін ашуға құлықсыздық танытады. Бірақ ондай орыс тілді балаға «Обучениеграмоте» оқулығын бергенде, әріптерді бірден қосып, оқи бастайды. Сондықтан қала оқушыларына қазақша үйрету мәселесін шешу үшін, қазақ пен орыс тілінің әліпбиі ұқсас болғандықтан, оларға алдымен орысша оқыту әдісін пайдаланатындар баршылық. Бұл алғашқы сабақ өткізгендегі оқыту мәселесінің бірінші күні, бірінші пәні ғана. Алдарында қазақша оқып үйренетін басқа да саланың пәндері бар. Сонда да көптеген ата-аналар балалардың болашағына алаңдамай, «Сауатын ашатын да, білімді саналарына құятын да мұғалім» – деп отбасында бала тілін бұрмалатып-шұлдірлетіп жүргені өкініштіақ.

Шет тілдерді бір-екі жылда үйреніп кететін жастарға халық мұрасы болып жүрген мемлекеттік тілді үйретудің ұлттық құндылықтарды бойларына сіңірудің әдіс-тәсілдері аз талқыланып жатқан жоқ.

«Кел балалар, оқылық!» – деп сонау XIX ғасырда ұран салған ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин үйреткен төл тіл қиын деп кім айтады?

Сонда көптеген балалардың өзінің мемлекеттік тілін екінші орынға қоюына не себеп? Не істеу қажет деген сұрақтарға жауап іздеуге еріксізден тырысып бағасың.

Бүгінгі күннің балалары берілген тапсырманы интернет желісінен оқып, ұстаздарды қажет етпейтіндей күйге де түсіп барады. Ал, техника тірі сөйлеу қатысына, басқаша айтқанда -ауызша сөйлеу қабілетіне, оқушының сөздік қорын байытуға, олардың ынтасын көтеруге жағдай жасай алмайды.Осы мәселені шешу үшін әрбір ұстаз білімін, шеберлігін екі есе арттырып, сабақтарды екі есе қызықты да ілімді оқытуға талпыну қажет. Бір сабақты интернеттен алынған білімімен тексеріп, екіншісін оқулық бойынша, үшіншісін оқу бағдарламасынан ауытқымай одан да мәнді өткізуге болады. Мәселен, тіл мен әдебиет пәнін айтыс, жыр және термемен жалғастырып (тіл жанры), поэзиядағы өлеңдерді жаттатқызып, прозадағы басты кейіпкерлерді талқылатып, шәкірттер арасында өзара бәсекелестік тудыруға болады. Сөздің тура және ауыспалы мағынасын, сөз құрамдарын, тіл мәдениетін, термин мен тілге байланысты бейнежазбаларды пайдалана отырып, түрлі пікір таласқа көшкен де артық емес. Сол сұрақ-жауаптарға байланысты бағалар қойылып жатса тіптен де құба-құп. Сынып ішінде оқу бұрышын ұйымдастырып, онда «Өнер алды – қызыл тіл» сияқты ойын мен байқауларда жеңіске жеткен балалардың аттарын атап, оқушылардың ой-пікірлерін, кейде ұстаздардың да әдістемелік-педагогикалық, практикалық, технологиялық ұсыныстарына арналған мақалаларын бастырса, ондай әдіс те тілдің қарым-қатынас құралы екенін дәлелдеп, оқушылардың оқуға деген ынтасын көтеріп, оларды бірлікке тәрбиелеуге әсерін тигізер еді.

Басқа пәндерге қарағанда осы бір гуманитарлық сала үлкен рөлге ие екені рас. Себебі өзге пәндер де тілмен түсіндіріліп, тілмен үйретіліп жатады.

Тағы бір мәселе; әр бала ертеңіміз болғандықтан, ұстаз тек білім беретін адам ғана емес, психолог болмаса да психология саласынан хабардар болуы міндетті. Себебі, бірі бай, біреуі орташа отбасынан, енді біреуі балалар үйінен шыққан оқушылардың санасы, мінез-құлқы, күш-жігері әртүрлі болғандықтан және қазіргі интернет заманында оқытушымен білімін теңестіріп қалған шәкірттерді сабақ уақытында тыныш отырғызу, тәртіпке келтіру оңай емес. Ол үшін балаларға сабақты қызықтыра, ойын түрінде беру керек. Бәрі оқушының көңіл-күйіне байланысты. Оларды әрдайым түсініп, көңілін аулауға да шыдамдылық керек. Ол тапсырманы түсінбей қалып, не әлеуметтік жағынан қиналып, не ортаға сыйыса алмай жүргені және сол сәттегі қылығын сезу үшін олардың өмірбаяның біліп қана қоймай, тұрмыс-тіршілігін, достар арасындағы қарым-қатынасын, аман-саулығын білу үшін сабақтан кейін олармен жас ерекшеліктеріне қарай тілдескен де орынды.Әлеуметтік жағдайы төмен болса, баланың намысына тимей, мектеп басшыларымен кеңесіп, әкімдіктегі оқу жүйесін басқаратын өкілдерге өтініш жазып, балалардың тірлігін жақсартуға болады. Әлсіз болса спорт ұйымына, денсаулығында ақау болса дәрігерлер комиссиясынан өткізіп, емдейтіндей шаралар қолданса, тұрған жері жайсыз болса оның да жартылай болса да шешімін тауып жатса,ондай баланың психологиялық жағдайы жақсарып, ұстаз дасабаққа берілген уақытынтолықтай сабақ өткізуге жұмсайды. Әрине, ата-ана да балаға қамқор. Мемлекеттік және ресми тілдерде іс қағаздарын жүргізу үлгілері бойынша үкімет ұжымына хат та жолдауы мүмкін. Алайда мектеп- ол үлкен мемлекеттік мекеме. Әр бала өзінің алғашқы мектебін өз үйіндей көріп, білім берген ұстаздарының аты-жөнін орта жасқа келсе де ұмытпайтыны, оларды ата-анасындай сыйлайтыны жоғарыда айтылғандай сондай қамқорлықтардың нәтижелерінен болар. Әрине, бұндай ізгілі әрекеттерді қолға алған ұстаздың ұйымдастырушылық қабілеті жоғары болған жөн.

Мемлекеттік тілді үйретудің тағы бір өзекті де маңызды мәселесі – сол үйретуге тырысқан адамға мемлекеттік тілдің қажеттігінмойындату. Ол үшін оларды оқуға үйрету аздық етеді. Оған тарихи дәлелден гөрі өзі өмір сүріп жатқан қоғамның тіл заңдары, оның іске асқан іс-шаралары, мемлекеттік тілдің болашағы қажет. Оларға мемлекеттік тілді жақсы үйренбеген маман жұмысқа бірден алына қоймайтынын, қызметте де өсу мәселесі қиындай түсетінін, және ол өз мамандығы бойынша оқып, білімін жетілдіруі қиындайтынын дәлелдермен айту абзал.

Белгілі тіл танушы Ә. Қайдаров «Қазақ қандай халық?» деген сауалға берілер дұрыс жауап, сайып келгенде, қазақ халқының кім болғанын емес, сонымен қатар оның бүгінгі таңда кім екенін және оның ертеңгі жарқын болашағын білгісі келетін, біле тұрып, түсінгісі келетін, өркениетті ел ретінде онымен мәдени, экономикалық, достық қарым-қатынаста болғысы келетін дүниежүзілік қауымдастықтарға да қажет» деп айтқан еді.

Сонда да, егер адамның көкірегінде намыс болмаса оған мемлекеттік тілді үйрету қиынның қиыны. Ондай жандардың тіл мәселесін шешу үшін олардың рухын да көтерген дұрыс. Қазақтың маңдайына біткенАбылайхан, Абай, Ыбырай, Әлия сияқты қаншама тарихи тұлғаларымыз бар. Қазақ теледидарына 59 жыл, «Жас алаш» газетіне, қазақ радиосына 95 жыл, «Қазақконцерт» бірлестігіне 57 жыл т.б. да қазақ тілінде сөйлеп тұрған ұжымдарымыз да қаншама! Бүгінгі таңда әлем мойындаған Қазақстан дүние жүзі бойынша көлемі жағынан тоғызыншы орынды алып, бүкіл Менделеев таблица элементтерін иесіболып отырса да ана тілін білмеген қазақ өз елінде шетелдік сияқты көрінуі қоғамға да сын болмақ.Мұстафа Шоқай да: «Бала қай тілде білім алатын болса, сол ұлтқа қызмет етеді» деп бекер айтпаған.

Сонымен қоса балалардың өзімшілдігіне де көңіл бөлген артық етпейді. Сонда ғана олар өзінің тілін қадір тұтып, сонда ғана сөйлеу мәдениетін үйреніп, мәнерлеп сөйлеу қабілетін асырады. Жазу арқылы да өз ойларын бір арнаға тоғыстырып, ізденеді, талаптана түседі. Оқушы мектепте үйренудің төрт кезеңін өтеді:

Тілдесім әрекеті.

Сөйлесім – айтылым.

Әріп тану.

Жазылым. Эссе. Мәтін құрау.

Мемлекеттік тілге сеніп, оны қажетсінген адам оқу жүйесін толық игеріп кетуге де шамасы жетеді. Нағыз қазақ болып, өмірге деген құштарлығын арттыра түседі. Далада да, қалада да кездескен әрбір қазақ тілін білген адаммен емін-еркін ой-түйсігімен бөлісуге мүмкіндік алады. Өйткені ұлттық тілден ол өзінің ұлттық болмысын сезеді. Қазақ тілі – қазақтың ана тілі. 1995 жылы әлемдегі 6 мыңнан астам ұлттардың ішінен тәуелсіз унитарлы ұлттық мемлекетін құру құқына ие болған 149 ұлттың бірі – қазақ ұлты болған. Ата-заңымен мемлекеттік тіл етіп, қазақ тілін қабылдаған болатын.

Қазақ тілі дүние жүзіндегі алты мыңдай тілдердің ішінде көркемдігі, тіл байлығы жағынан ондықтар ішінде тұрған тіл. Тіл – тәуелсіздігіміздің бір бөлшегі. Мемлекеттік тілді үйрету де бүгінгі саясатқа кіреді.

Алматы қаласының ОММ құжаттарынан мынадай мәлімет алуға болады. Саяси жобалардың көбі орыс тілде сөйлейтін адамдар арасындағы қазақ тілін және Қазақстандағы этнос өкілдерінің бірлігі мен достығы туралы мәселелерді қозғап жатады. 1930 жылдардың өзінде де халқымыздық тілдік саясаты қазақ тілін жалпылама оқытуға негізделген болатын.

1929-1930 жылдары құрылған курс жүйелері ашылып, қазақ тілін оқытуды ынталандыру үшін Қазақ социалистік автономиялық республикасының үкіметі орыс және өзге ұлт өкілдерінің тіл үйренуіне және қазақ тілін іс-жүргізу ісіне пайдалануына бірнеше іс-шаралар жүргізді.

1933 жылдың бірінші қыркүйегінде «Қазақ тілін меңгерген мамандарға арналған жеңілдіктер туралы қаулы» қабылданды.

1939 жылдың 13 қыркүйегінде Қазақ КСР Кеңес төралқасының арнайы отырысында да қазақ тілінен білімді анықтау бойынша сараптама туралы нұсқаулық бекітілді. Бұл нұсқаулық бойынша аудандық, қалалық және облыстық халыққа білім беру бөлімдерінде де қазақ тілі бойынша мамандардың тәжірибелік комиссиялары ұйымдастырылды.

Елдің елдігі өзінің мемлекеттік тілімен өлшенеді. Қазақ тіліміз ұлтымыздың мәртебесі, мақтанышы. Өз елінде бөтен болмау үшін әрі өзінжұрт сыйлау үшін әр қазақстандық ең алдымен Мемлекеттік тілін үйрену парыз. Қазақ ұлты мемлекетті құраушы титулды ұлт болғандықтан мемлекеттік тіл – ұлттардың бірлігінің факторы болмақ.

Президентіміздің жыл сайынғы жолдаған Жолдауында берген тапсырмасы: 2017 жылға қарай халықтың 80 пайызы мемлекеттік тілді меңгеру керек дегендіктен, мемлекеттік тілге тек тіл жанашыры болмай, оның қуаты да болып, өзінің тілге деген махаббатын көрсетіп жүрсе ол да бір көмек түрі.Бірақ өкінішке орай халықтың 80 пайыз тіл меңгеруіне әлі де ерте.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген ұлы Абайдың ұлағатты сөздері де тек ұстаздар үшін ғана емес, Қазақстанның әрбір азаматына арналған.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті детіл мәселесімен айналысып келеді.Тіл жөніндегі әр жоба Қазақстанда тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама аясында жүзеге асырылады. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының филиалдары, Білім және ғылым министрлігі деүлкен іс-шаралар өткізуде.

«Тәуелсіздік күмбез дейтін болсақ, сол күмбезді тіреп тұрған төрт белгіміз бар, оның бірінші – елтаңба, екіншісі – әнұран, үшіншісі – көк байрақ, төртіншісі – қазақ тілі» деген Елбасының сөзі детіл тағдырын шешуге өз әсерін тигізуде.

Қазақстанның болашағы қазақ тілі болғандықтан, Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы заңы да (1997 жыл) Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау міндеттерін белгілейді. Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз етеді...

Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді.

Тіл туралы заңдар Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар:

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға;

Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға; қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы және дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті.

Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

Қазақстан Республикасының азаматының ана тілін қолдануына, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауына құқығы бар.

Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызу жөнінде қамқорлық жасайды.

Ұлттық топтар жинақты тұратын жерлерде іс-шаралар өткізілген кезде олардың тілдері пайдаланылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасында тілдік белгісі бойынша азаматтардың құқықтарын кемсітуге жол берілмейді.

Қазақстанда мемлекеттік тілдің және басқа да тілдердің қолданылуына және оларды үйренуге кедергі келтіретін лауазымды адамдардың іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соқтырады... – деп жазылып сол жылдардағы заң бүгінгі таңда да өз шешімін тауып келеді.

Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы да сол 1998 жылдағы мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің өрістеуіне ықпал еткен.

Бүгінгі таңда Елбасымыз: «... Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз. Тілді заманға сай үйлестіріп, технология мәселесінен консенсус іздеу керек. Сонымен қатар, әбден орныққан халықаралық және шет тілінен енген сөздерді қазақ тіліне аудару мәселесін біржола шешу қажет. Бұл мәселе оқшауланған қайраткерлердің ортасында шешілмеуге тиіс. Үкімет мұны реттеген жөн» дегендей ұсыныстар айтуда. Осындай бағыт-бағдар беретін тапсырыстар кедергісіз орындалу үшін қазіргі нарық заманында да үкімет тарапынан мұғалімдердің еңбек жалақысын көбейтіп, кино саласында да өнегелі кино мен мультфильмдерді аударып, оны кинотеатрлар мен теледидардан көрсетіп, орыс мектептерінде оқитын балаларға қазақ тілі курстарын ақысыз өткізіп, қазақ тілінде шыққан қызықты кітаптарды да арзанға сатып дегендей көптеген шаралар да іске асып жатса, ол да мемлекеттік тілді үйретуге де, үйренуге де көп ықпалын тигізері хақ. Осындай игі істер арқасында қала орталығындағы кейбір дүкендер, мекемелер, көшелер де тіл тазалығын сақтап, қате жазылған сөздерден құтылар ма еді деп те ойлайсын.

«Басқаларды үйрете жүріп біз өзіміз үйренеміз» деп ұлы ойшыл Сенека босқа айтпаған.

Иә, тәуелсіздігімізді ту еткен еліміз қазақ болып қалу үшін мемлекеттік тілімізді қорғап, аялап келеді. Себебі, тек өз тілін толық меңгерген адам ғана өзінің ән ұранын 100 пайызға орындап бере алады. Ал енді халық мақал-мәтелдерімен, талай ұлыларымыздың сөздерімен, Елбасымыздың тапсырмаларымен, үкімет заңдары мен қаулыларымен дәріптелген мемлекеттік тіліміздің менсінбей, үйренуге талпынбай ақыр соңында мемлекеттік тіліміздің тарихын музейлерден көрмейік ағайын.Американдық ғалым Уолкер Коннор «Мемлекет халқының басым бөлігі сол ұлтқа тиесілі екенін сезбейінше, ұлт қалыптасты деп айтуға ерте» деген болатын. Ол үшін «Алтау араз болса, ауыздағы кетеді» деген бабаларымыздың сөзіне мән беріп, тек мемлекеттік қазақ

тілі арқылы қазақ болып жүргенімізді әрқашанда мойындауымыз қажет!

«Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады»А. Байтұрсыновтың осы сөзін ұмытпауымыз керек.

Елбасымыздың «Қазақстан – мәңгілік ел» бағдарламасы жас ұрпаққа байланысты болғандықтан, олардың ана тілі – мемлекеттік тіліміз де мәңгілік бола бергей.

Әдебиеттер

1 Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы. – 28 қаңтар, 2011.
2 Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра,1999. – 296 б.
3 Тіл туралы заң. – 1997. – 151 б.

References

1 ElbasınıñQazaqstanxalqınaJoldawı. – 28 qantar, 2011.
2 Nazarbaev N.Ä. Tarïxtolqınında. – Almatı: Atamura, 1999. – 296 b.
3 Tiltwralızañ. – 1997. – 151 b.

Тұрғанбекқызы А.,
Алшынова Г.

Фатима Балғаева – қобызды шебер меңгерген, алғашқы кәсіби орындаушы және педагог

Аталмыш мақалада қазақтың музыка өнеріне өлшеусіз үлес қосқан Фатима Балғабаеваның музыка өнеріне келген жылдарынан бастап ұстаздық, орындаушылық және ғылыми еңбек жолдары жүйелі түрде сараланады. Жаңа үш ішекті қобызға арналған ұлттық классикалық шығармаларды жоғары кәсіби шеберлікпен бірінші болып орындаған қобызшы ретіндегі қыры танылады. Қазақстан композиторларының қобызға арнап қазақ күйлері мен әндерін, пьесалар мен шығармаларды шығара бастауына ықпал еткен тұлға ретіндегі Фатима Балғабаеваның қазақ мәдениетіне сіңірген еңбегі кеңінен жазылады. Осы жолдағы ұстаздары мен олардан көрген тәлім-тәрбиесі мен тәжірибесі және педагог ретінде жазған ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік еңбектері, шәкірттері жайында сөз болады.

Фатима Балғабаева қобызшылардың кәсіби жаңашыл бағыттарын, уақыт талабына сай, кәсіби шеберліктің жетілуін, үлкен тәжірибе арқылы үнемі өзгеріске, жақсы нәтижелерге жеткен ғылым жолындағы жұмыстарын және кәсіби музыкалық жеке орындау әдістерін қалыптастырып кетті. Осы ретте Ф. Балғабаеваның есімі қазақ музыка тарихында алтын әріптермен жазылар біртуар тұлға ретінде айқындалады.

Түйін сөздер: қобыз өнері, қобыз орындаушысы, ұлттық музыка, қобыз мектебі, классикалық шығармалар, қазақ күйлері.

Turganbekkyzy A., Alshynova G.

Fatima Balgaeva, a person, who professionally learned playing kobyz, the first professional performer and teacher

In this article we will analyze the ways of formation of research, pedagogical and performing activities of Fatima Balgayeva after her first steps to the sphere of musical art and her invaluable contribution to the Kazakh music. Also we will describe the fact that she is considered the first person who professionally performed classical compositions for a new three-stringed kobyz. The article gives information about Fatima Balgayeva's contribution to melodies, songs, plays and compositions for kobyz of other Kazakh composers. Also we will talk about her mentors, the education and experience conveyed by them on her professional way, including her research and didactic works as a teacher, as well as her own pupils will be discussed.

Fatima Balgayeva created the new directions for professional kobyz performers, worked on the compliance of professional skills to the passage of time, made great progress and change in the sphere due to her extensive experience and scientific approach and worked with techniques of professional performance alone. Proceeding from this it becomes obvious that the name of Fatima Balgayeva will be engraved in the history of the Kazakh music in gold letters.

Key words: art of kobyz, kobyz performer, national music, school of kobyz, classical works, Kazakh melodies.

Турганбеккызы А., Алшынова Г.

Фатима Балгаева – человек, мастерский выучивший кобыз, первый профессиональный исполнитель и педагог

В данной статье разбираются пути становления исследовательской, педагогической и исполнительской деятельности Фатимы Балгаевой после ее прихода в сферу музыкального искусства и ее неоценимый вклад в казахскую музыку. Так же рассматривается тот момент, что она первой профессионально исполнила классические сочинения для нового трехструнного кобыза. Описываются и вклад Фатимы Балгаевой в мелодии, песни, пьесы и сочинения на кобызе других казахских композиторов. Так же рассказывается о ее наставниках, данные ими воспитание и опыт на профессиональном пути, в том числе ее исследовательские и дидактичные работы в роли учителя.

Фатима Балгаева сформировала новые направления для профессиональных исполнителей на кобызе, работала над соответствием профессиональных навыков течению времени, достигла больших успехов и перемен в этой сфере благодаря ее огромному опыту и научному подходу и работала с методиками профессионального исполнения в одиночку. Исходя из этого становится очевидным, что имя Фатимы Балгаевой будет выгравировано в истории казахской музыки золотыми буквами.

Ключевые слова: искусство кобыза, исполнитель на кобызе, национальная музыка, школа кобыза, классические произведения, казахские мелодии.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 78 (4/9)

Тұрғанбекқызы А., Алшынова Г.,

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің
2 курс магистранттары, Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: aidon_turganbek@mail.ru

ФАТИМА БАЛҒАЕВА – ҚОБЫЗДЫ ШЕБЕР МЕҢГЕРГЕН, АЛҒАШҚЫ КӘСІБИ ОРЫНДАУШЫ ЖӘНЕ ПЕДАГОГ

Қобыз өнері – қазақ халқының ең көне рухани мәдениеті. Жалпы тек қазақ емес, сонау түркі тілдес халықтардың мәдениетінен бастау алады. Қазіргі таңда қобыз – күй өнерінің жалғасы және де қазіргі заман талабына сәйкес заманауи шығармалардың орындаушы аспабы.

Қобыздың осындай деңгейге көтеріліп, әлі де жетілу жолында жүргені, өзіндік тарихы мен тыңдаушысы, орындаушысы, насихаттаушысы барда мәңгі өлмесі анық.

Қасиетті қобызды шебер игерген, сол арқылы музыка өнерін жан-жақты насихаттауда елеулі үлесін қосқан, халқымыздың біртуар қыздарының бірі – қобызшы Фатима Балғаева (1927-2005) болды. Ол 1927 жылы 5 мамырда Шымкент облысының Қызылбастау ауылында дүниеге келді. Жас кезінен-ақ Ф. Балғаева бай музыкалық ортада өсті. Сондықтан музыка өнерін үлкен қызығушылықпен бойына сіңірді.

Одан кейін 1942 жылы Ф. Балғаева Алматыдағы Жамбыл атындағы қазақ мемлекеттік филармониясында халық аспаптары оркестріне үйренуші ретінде қабылданды. Бұл кезде 15 жасар Фатиманың алғашқы үлкен өнердің есігін ашуы еді. Алғашында хас шебер домбырашы Науша Бөкейхановтың шәкірті болған екен, кейіннен Республикаға танымал домбырашы Қали Жантілеуовтен дәріс алады. Екі-үш жылдың ішінде домбыраны жетік меңгерген Ф. Балғаева қобызда ойнауды армандайды. Мұны дер кезінде сезген Ж. Қаламбаев Ф. Балғаеваға қобыз үйретудің жолын көрсетеді. Ал Ф. Балғаева, аз уақыттың ішінде күрделі аспапты тез меңгеріп, кәсіби музыкалық еңбек жолын халық аспаптар оркестрінде бастайды. Өзінің музыка өнеріне деген алғашқы қадамын қалыптастырған ұжым – Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық ұлт аспаптар оркестрінде, оның мүшесі, кейіннен қобызшылар тобының жетекшісі, әрі жеке орындаушысы ретінде 22 жыл бойы қажырлы еңбек етті.

1944 жылдың 24 шілдесінде Алматы қаласында Құрманғазы атындағы консерватория ашылып, 1945 жылдың қыркүйегінде халық аспаптары бөлімінде алғашқы сабақтары басталды. Бұл бөлімнің құрылуы академик, ғалым, сазгер А. Жұбанов тікелей еңбегінің арқасы екені белгілі. Сол жылдары Ф. Балғаева өз қабілетін жоғары біліммен ұштастырмақ ниетімен жаңадан ашылған Құрманғазы атындағы консерваторияның қобыз сы-

ныбына оқуға түседі. Сол кездегі Петербург консерваториясының профессоры А.С.Ауэрдың шәкірті, белгілі скрипкашы И.А. Лесман дәріс берді.

Жоғары мәдениеттік терең білімі бар Лесманнан алған сабағы, Балғаеваға кәсіби маман ретінде қалыптасуына зор ықпалын тигізді. Ұлағатты ұстаз қобызшыларға сабақ бере жүріп, скрипкашылардың озық әдістемелерін, жинақтары мен өзінің педагогикалық мол тәжірибесін пайдалана отырып, «Қобыз үйрену мектебі» және «Техникалық жаттығулар» атты еңбектерін жазып шығарды.

Осы тұста қобыз үйрену мектебі қылқобыздан басталары сөзсіз. Себебі, сол қолдың тырнақ ішімен орындалу әдісі бірден бір дәлел. Кейіннен скрипкалық шығармалардың репертуарға көптеп қосылуымен біз қобызшылар ысқыш ұстау, интонация, техника өсіру сияқты әдістерді скрипка ойнау әдістерінен алды.

Ұлттық оркестр құрылған шақта, қобызға арналған бірде-бір оқу құралы немесе арнайы шығармалар жоқ еді. Осы аспапқа арналған алғашқы шығармаларды А. Жұбанов, М. Төлебаев, Л. Хамиди, Е. Брусиловский, С.И. Шабельский жазды.

Ф. Балғаева – жаңа үш ішекті қобызға арналған ұлттық классикалық шығармаларды жоғары кәсіби шеберлікпен бірінші болып ойнаған қобызшы. Ол өз өнерімен кәсіби қобызға композиторлардың қызығушылығын тудырады. Нәтижесінде, сазгерлердің ішінде ең бірінші болып А.Қ. Жұбанов «Қобызға арналған бес пьесасын» жарыққа шығарды. Оның ішінде «Ария», «Романс», «Көктем», «Жез киік», «Вальс» шығармалары кірді. Композитор мұнда қобыз бен фортепианоға өңдеудің өзінше тәсілдерін тапты. Содан кейін, Қазақстан композиторлары қобызға арнап қазақ күйлері мен әндерін, пьесалар мен шығармаларды шығара бастады. Осы жаңа туындыларды қобызда бірінші болып Ф.Балғаева орындады.

1950 жылы Ф. Балғаева консерваторияны бітіріп, халық аспаптар оркестрінде сым қобызшылар тобының концертмейстері болып көп жылдар елеулі еңбегін сіңірді. Сонымен қатар, ұстаздық, орындаушылық және ғылыми еңбек жолдарын нәтижелі жүргізе білді. Ф. Балғаеваның өміріндегі ерекше атап өтетін оқиғалар: бүкіл дүниежүзілік жастар мен студенттердің фестивальдерінде: Берлинде (1951 ж.), Бухарестe (1953 ж.) және Мәскеуде (1957 ж.) қобызда жеке ойнап, лауреат атағына иеленуі [1, 79].

1958 жылы бірінші рет Мәскеудің үлкен театрында өткен Бүкіл дүниежүзілік жастар мен студенттердің фестивалінде қобызда жеке ойнап, конкурстың лауреаты атанады. Сөйтіп, қобыз өнерін бірінші болып шетелдерге таныстырған да, насихаттаған да Фатима болды. Мұндай фестиваль 1953 жылы Бухарестe, 1957 жылы Мәскеуде өтті. Және де 1958 жылы бірінші рет Мәскеудің үлкен театрында өткен қазақ республикасының әдебиеті мен мәдениеті күндерінің соңғы қорытынды концертінде КСРО халық әртісі Н. Тілендиев жетекшілік еткен симфониялық оркестрдің сүйемелдеуімен қобызда жеке орындауда өнер көрсетуі қазақ музыка өнерінің даму тарихында тұңғыш кездескен тамаша оқиға еді [2, 5].

Белгілі Қазақстан композиторы опера, симфония және кантата жанрларының негізін қалаған – Е. Брусиловский өзінің бай шығармашылығында ысқышты аспаптарға арнап бірнеше туындыларды жазып шығарды. Соның ішінде қобызшы Ф. Балғаеваға 1960 жылы арнайы арнап соната жазады. Бұл туынды қобызға арналған тұңғыш күрделі шығарма. Халық музыканы жетік меңгерген композитор, осы жанрды кеңінен насихаттап, ұлттық негізінде шығарған.

Ф. Балғаева тек қазақ даласының туған топырағында емес, сонымен қатар Кеңестер Одағының көптеген қалаларында, өндіріс орындары мен колхоз-совхоздарда, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Украина, Прибалтика республикаларында өнер көрсетіп, тыңдаушылардың ықыласымен сый-құрметіне бөленді. Одақтық және Республикалық концерттік ұжымының құрамында Ф. Балғаева көптеген шетелдерде болып, өз өнерін қалың жұртқа таныстырды.

Кезінде қобыздың «падишасы» атанған ол, қазақ радиосының алтын қорына қобызда орындалған көптеген шығармаларды үнтаспаға жазып, қобызға арналған шығармалардың орындаушылық шеберліктің қалыптасуына қомақты үлес қосты.

Үлкен өнер иесі, тәжірибелі ұстаз Ф. Балғаева Алматы консерваториясының халық аспаптары кафедрасын, соңынан қобыз-баян кафедрасын 18 жылдай басқара жүріп (1970-1988), жастар арасындағы шебер орындаушыларды тәрбиелеу ісіне зор үлес қосты. Осының арқасында өнерге еңбек сіңірген көптеген жеке орындаушылардың, педагогтардың жоғары жетістіктерге жетуіне жол ашты. Сондықтан, Ф.Балғаева Қазақстанның кәсіби музыка мәдениетінің дамуына, қобыз мектебінің қалыптасуына зор еңбек сіңірген маман ретінде танылды. Оның қазақ музыка мәдениетін

өркендеуіндегі жаңа жетістіктері үшін, 1954 жылы Қазақ КСР-не еңбегі сіңірген әртісі атағы беріледі. Консерваторияда қызмет еткен 45-50 жылдың ішінде қобызшының сыныбынан 100-ден астам шәкірттер тәрбиеленіп шықты [1, 78].

Ф. Балғаеваның жазған ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік еңбектерінің мәні де зор. Қобызда үйрену әдістемелік құралдарын және бірнеше Қазақстан композиторларының қобызға арналған шығармаларын жинап, жарыққа шығарды. Құрамына көптеген шығармалар енгізілген жинақтары, жоғары оқу орындары мен музыкалық колледждерде күнделікті қажетті оқу құралдарына айналды. Қазақтың мемелекеттік консерваториясының алғашқы түлегі, көрнекті ұстаз, Қазақстан Республикасының Халық әртісі, профессор Ф. Балғаева өмірінің ақырына дейін ұстаздық қызметін жемісті атқарып келді.

Қорыта келгенде, Фатима Балғаева прима қобыз мектебін қалыптастырушы, кәсіби деңгейге жеткізіп, әдістемелік еңбектерді алғаш құрастырушы. Тамырын тереңге жайған бәйтеректей бүкіл Қазақстандағы прима қобызшылардың кәсіби маман иесі болуына аянбай еңбек еткен оқытушы.

Ф. Балғаеваның шәкірті – профессор Меруерт Қабыкенқызы, қобыз үнінің оралымын ортайтпай, тиегін тыйдырмай, төрт ішегін үндестіре киелі өнердің мәртебесін бүгінгі таңға дейін марқайтып еңбек етіп келеді.

Қобызшылардың кәсіби жаңашыл бағыттарын, уақыт талабына сай, кәсіби шеберліктің жетілуін, үлкен тәжірибе арқылы үнемі өзгеріске, жақсы нәтижелерге жеткен ғылым жолындағы жұмыстарын және кәсіби музыкалық жеке орындау әдістерін көреміз. Әрине, кемшіліксіз еш нәрсе болмайды, бастапқыдағы ойлар, істелінген жұмыстар тәжірибе арқылы өзгерістерге ұшырайды. Білім әр қашанда бір орында тұруы да мүмкін емес. Соған байланысты жылдармен бастапқыдағы қобыз үйрену әдісі қалғанымен, қазіргі уақыттағы музыкалық білім беру оның ішінде прима қобыз аспабын үйретуде біршама өзгерістер байқалады. Ысқыш жүргізу, прима қобызда ойнау техникасын дамыту, түрлі скрипка мен фортепианоға арналған шығармаларда, жаттығуларда кездесетін қиын штрихтардың прима қобыз аспабында ойналуы, интонациялық дыбыс тазалығының қалай жүзеге асырылуы барлығы жоғарыда жазылған қобызшы ұстаздардың еңбектерінде берілген.

Қобыз қашанда қасиетімен, қоңыр мұңды жырлайтын қоңыр үнімен бүгінгі күнге дейін сақталып, жетіліп келеді. Бұл аспаптың орындаушысы мен үйренушісі, тыңдарманы мен жанашыры барда ғұмыры ұзақ, болашағы жарқын болғай. Қазіргі таңда скрипкаға арналған шет ел композиторларының шығармаларын нақышына келтіріп, прима-қобыз аспабының жетілуіне ұстаздар аянбай еңбек етуде. Бұл да Қазақстан Республикасының мәдениетінің, қазақ өнерінің жандануы, дамуы, музыкалық білім берудегі жаңашыл бағыттары болып табылады.

Әдебиеттер

1 Уразалиева К. Ұлттық музыка мәдениетіндегі қобызда орындау өнері /канд.дисс./ – Алматы, 2010.
2 Фатима Балғаева. // Ана тілі. № 38, 22 қыркүйек, 2005.

References

1 Urazaliyeva K. Ulttyq muzyka madenietindegi qobyzda oryndau oneri /kand.diss./ – Almaty, 2010.
2 Fatima Balgabayeva. // Ana tili. № 38, 22 qyrkuiek, 2005.

СОДЕРЖАНИЕ – МАЗМҰНЫ

1-бөлім Раздел 1
Әдебиеттану Литературоведение

Садыгов Ш.,
Истина Исы Муганна и свет Гусейна Джавида ... 4

Гахраманов С.
Азербайджанская литература в 1920-1930-х годах ... 14

Әбдіқұлова Р.М.
Портрет телімдері ... 22

Abdulina A.
Educational practice of Folklore: new aspects and methods ... 28

Аскарова А.Ш.
Основные тенденции русскоязычной литературы Казахстана в постсоветский период ... 32

Афанасьева А.С.
Архетип как единица семиосферы ... 40

Бисенбаев П., Кәрбозов Е.
«Алпамыс батыр» жыры: зерттелуі мен нұсқалары ... 46

Картаева А.М., Амингазинова А.
М. Әуезов шығармашылығындағы түркі халықтары әдебиеті ... 50

Mamraimova M.
The impact of the Nietzschean ideas on the J. London'soutlook ... 56

Ментебаева А.Е.
Қазіргі жапон қаламгерлері шығармашылығындағы дәстүр сабақтастығы ... 60

Нурмаханова М.К.
Творчество молодых писателей Казахстана 50-60 гг. XX столетия в оценке видного критика Калжана Нурмаханова ... 66

Оразбаева Н.С.
Синтез художественного и документального в освещении русским поэтом Л. Мартыновым положения казахских женщин в первой половине XX века ... 72

Рақыш Ж.С.
«Қамбар батыр» жырындағы әйелдер бейнесі ... 78

Салханова Ж.Х.
Художественный документализм в творчестве Герольда Бельгера ... 84

Сейітжанов З.Н., Қалқабаева С.Ә., Имаханбет Р.С., Оспанова А.А.
Көдек өлең-толғауларындағы уақыт шындығы ... 90

Смағұлов Ж.Қ., Дадиева М.Д., Смакова Т.
Сәбит Мұқанов поэзиясындағы футуризм белгілері ... 94

Солтанаева Е.М., Сағындықов Н.Б., Оспанова Г.Т.
Жыраулар поэзиясындағы ұлттық идея ... 100

Tagizada I.Q.
The obvious and secret psychologisms in alice munro's prose ... 106

Temirbolat A.B.
Peculiarity of National Idea's Realization in the Kazakh Literature of XVIII-XIX centuries ... 114

2-бөлім Раздел 2
Тіл білімі Языкознание

Анищенко О.А.
Полифункциональность молодежного жаргона: диахронический аспект ... 120

Абаева Ж.С.
Языковые механизмы воздействия в СМИ ... 126

Аладьина А.А., Минайдарова М.Е., Свидова Н.В.
Синтаксис притчевого текста ... 132

Әлиакбарова А.Т., Бекишева Р.М., Рскелдиева Д.Б.,
Қазақ антропонимиясының лингвомәдени ерекшеліктері ... 138

Әлкебаева Д.А.
Функционалды стильдердегі стереотиптердің стилистикалық ерекшеліктері ... 144

Babayev İ.I.
The formation of adverbs in english and azerbaijani on the basis of other parts of speech ... 148

Бектемирова С.Б., Исмаилова Н.А., Досанова А.М.
Образные выражения киноморфизмов в тюркской и славянской культурах ... 156

Zhanabekova M.A., Karagoishiyeva D.A., Kurkebaev K.K., Ulpan S.
Different approaches of using the concept of politeness (on the materials of Kazakh, Englishand Chinese) ... 162

Жүзбаева А.С.
Қазақ тіліндегі сына дыбыстар ... 168

Kogay E.R.
The concept of «Time» in signature worldview of Timur Zulfikarov ... 172

Котлярова И.В.
Лексические репрезентации концепта «тоска» через признаки растения (статья вторая) ... 178

Куанышева А.Б.
Идеографическое описание фразеологических единиц как источник культурно-значимой информации
(на материале «Словаря русского языка XI-XVII вв.») ... 184

Кушкимбаева А.С.
Әлемнің тілдік бейнесін түзудегі М. Әуезов драмаларының тіліндегі сентенция құбылысының ерекшелігі ... 192

Maksutkhan N., Tleugabylova Z.A., Rakhimbayeva R.M.
Automated kazakh language morphological analyser ... 198

Махажанова Л.М., Алиярова Л.М.
Классификации сложных слов в разносистемных языках ... 204

Махметова Д.М.
Речевые структуры с прилагательными в научно-естественных и научно-технических текстах ... 210

Sagyndykuly B., Kulzhanova B.
Universal nominations samples for all world languages ... 216

Сансызбаева С.К.
О коннотативных функциях зооморфных метафор ... 226

Сейденова С.Д., Мусалы Л.Ж., Карагойшиева Д.А.
Лингвистические аспекты анализа казахских фамилий ... 232

Смагулова А.С., Тусупова А.К., Садыкова Ж.Е.
Перспективы развития терминологических словарей в нефтегазовой отрасли ... 238

Tayeva R.M., Ongarbayeva M.S., Zueva N.Yu., Utesbayeva Zh.M.
Interlanguage phraseological equivalents (on the material of english and russian languages) ... 244

Ongarbayeva M.S., Tayeva R.M., Zueva N.Yu., Kolesnikova T.P.
Linguiscultural aspects of the research of the concepts marriage and family ... 250

Танабаева Г.Ө., Абдрахманова Ж.Ә.
Адамға қатысты ауру атауларының синтаксистік байланысу тәсілдері ... 256

Тасымов А.
Тіл қазынасы – қарапайым халықтың жады ... 260

Halenova A.R., Artykova E.U., Mahazhanova L.M.,
The impact of globalization on the appearance of the english words into the kazakh language ... 266

Шойманова М.Б., Жамашева Ж.Р.
Қазақ және ағылшын халықтарының ұлттық тағам атауларының тілдегі көрінісі 270

3-бөлім Раздел 3
Тіл мен әдебиетті оқытудың әдістемесі Методика преподавания языка и литературы

Almabaeva G.B., Artykova E.U.
Modern information technologies in education system 278

Darmenkulova R.N., Alymtayeva L.T., Amirov A.Zh.
The technics of formation students' cognitive competence while teachingkazakh language 282

Мулдагалиева А.А., Окушева Г.Т.
О роли мотивации в реализации программы трехъязычия в системе образования 288

Оспанова Д.Б.,
Об особенностях письменной научной речи 294

Ошакбаева Ж.Б.
Лингвистические модели усвоения русского/казахского языка как второго 300

Страутман Л.Е., Гумарова Ш.Б.
Задачи курса «Научно-технический перевод» на неязыковом факультете 304

Толегенов Т.Қ.
Қазақ тілі сабағында алаш арыстарының еңбектерімен таныстыру 310

Шыныбекова А.К.
Кәсіби қазақ тілінің заң саласында қолданылуы 316

4-бөлім Раздел 4
Аударма теориясы Теория перевода

Дәулеткелдіұлы С.
Қытай қазақтары аударма әдебиетінің өткені мен бүгіні 322

Турбекова С.А.
Один из видов формальной соотносительности личных имен при переводе художественного текста 328

5-бөлім Раздел 5
Мәдениет Культура

Аймұхамбет Ж.Ә., Байтанасова Қ.М.
Мифтік танымдағы жаратылыс диадасының қосарлы-қайшылықты бітімі 334

Борецкий О.М., Ким Л.М.
Люди и куклы в миросозерцании Востока (на материале японской литературы и кино) 340

Набиева Н.
Теоретико-эстетические особенности сценария документальных телевизионных фильмов 346

Аймұхамбет Ж.Ә., Оразбек М.С.
Миф құрылымындағы бинарлық оппозицияның поэтикалық трансформациясы 352

Стамғазиев Р.Ө., Сабырова Ә.С.
Жетісу өңірінің тұрмыс-салт әндеріне тән кейбір көркем музыкалық ерекшеліктер (С. Медеубекұлы, Б. Мүптекеевтің «Жетісу әуендері» жинағы бойынша) 358

Шарипова Д.С.
Орнаментальная система в творчестве мастера гобелена Ирины Яремы 364

6-бөлім Раздел 6
Жас ғалымдар Молодые авторы

Абдуманапова Ж.А.
Орнитонимдердің метафоралануы және символдық мәні 372

Айнабекова Г.Б.
Проза В.Ф. Михайлова 378

Есиркеева Д.А.
Газетный текст как объект лингвистических исследований..... 382

Kan V.
Translation problems of English conversational vocabulary in the Thomas Hardy's novel «Tess of the d'Urbervilles» 388

Mukhtar L.
The main approaches to the study of the concept in modern human sciences 392

Наханова Қ.Қ.
Түркі халықтарының эстетикалық дүниетанымындағы сырғаның символдық мәні 398

Сансызбаев Ө.
Сөз қателіктерімен оған ықпал етуші факторлар..... 404

Тоқбаев А.Қ.
Мемлекеттік тілді үйретудің өзекті мәселелері 410

Тұрғанбекқызы А., Алшынова Г.
Фатима Балғаева – қобызды шебер меңгерген, алғашқы кәсіби орындаушы және педагог 416

CONTENTS

Section 1
Literary Criticism

Sadygov Sh.
The truth of Isa Muganna and the light of Huseyn Javid ... 4

Gahramanov S.
Azerbaijan literature in the 1920-1930-s ... 14

Abdikulova R.M.
Elements of a portrait ... 22

Abdulina A.
Educational practice of Folklore: new aspects and methods ... 28

Askarova A.SH.
Basic tendencies of Russian-speaking literature of Kazakhstan in ŧhe post-Soviet period ... 32

Afanasyeva A.S.
Archetype as a unit of semiosphere ... 40

Bissenbayev P., Karibozov E.
The Legend "Alpamys batyr": studies and variants ... 46

Kartayeva A.M., Amingazinova A.
Literature of turkish nations in works of M.Auezov ... 50

Mamraimova M.
The impact of the Nietzschean ideas on the J. London'soutlook ... 56

Mentebayeva A.E.
The problem of continuity of traditions in the work of contemporary Japanese writer ... 60

Nurmakhanova M.K.
Literary creation of Kazakhstan writers in 50-60s of twentieth century in the assessment of a prominent critic Kaljan Nurmakhanov ... 66

Orazbayeva N.S.
Synthesis of fiction and documentary in elucidation by Russian poet L. Martynov of the standing of Kazakh women in the first half of the XX-th century ... 72

Rakysh Zh.S.
Women images in the epic "Kambar batyr" ... 78

Salkhanova Zh.Kh.
The artistic documentary in the works of Herold Belger ... 84

Seyitjanov Z.N., Qalqabaeva S.Ä., Ïmaxanbet R.S., Ospanova A.A.
Verses of kodek reality a time ... 90

Smagulov Zh.K., Dadiyeva M.D., Smakova T.
Signs of futurism are in poetry of Sabit Mukanov's ... 94

Soltanaeva E.M., Sagyndykov N.B., Ospanova G.T.
The National idea in the poetry of zhyrau ... 100

Tagizada I.Q.
The obvious and secret psychologisms in alice munro's prose ... 106

Temirbolat A.B.
Peculiarity of National Idea's Realization in the Kazakh Literature of XVIII-XIX centuries ... 114

Section 2
Linguistics

Anishchenko O.A.
Polyfunctionality of youth jargon: diachronic aspect ... 120

Abayeva Zh.S.
Language influence mechanisms in the media ... 126

Aladina A.A., Minaidarova M.E., Svidova N.V.
The syntax of the text ... 132

Aliakbarova A.T, Bekisheva R.M., Rskeldyeva D.B.
Linguacultural pecularities of kazakh anthroponymy ... 138

Alkebaeva D.A.
Stylistic features of stereotypes of functional styles ... 144

Babayev İ.I.
The formation of adverbs in english and azerbaijani on the basis of other parts of speech ... 148

Bektemirova S.B., Ismailova N.A., Dosanova A.M.
Figurative expression kynomorphisms in the turkic and slavic cultures ... 156

Zhanabekova M.A., Karagoishiyeva D.A., Kurkebaev K.K., Ulpan S.
Different approaches of using the concept of politeness (on the materials of Kazakh, Englishand Chinese) ... 162

Zhuzbaeva A.S.
False sounds in the Kazakh language ... 168

Kogay E.R.
The concept of «Time» in signature worldview of Timur Zulfikarov ... 172

Kotlyarova I.V.
The lexical representation of the concept «anguish» over the signs of plant (second article) ... 178

Kuanysheva A.B.
The ideographic description ofphraseological units as a source cultural and significant information(on the material of the Dictionary of the Russian language of the 11th-17th c.) ... 184

Kushkimbayeva A.
The peculiarities of the maxim in the presentation of the language picture of the world in M. Auezov's dramas ... 192

Maksutkhan N., Tleugabylova Z.A., Rakhimbayeva R.M.
Automated kazakh language morphological analyser ... 198

Makhazhanova L.M., Aliyarova L.M.
Classifications of compound words in multy system languages ... 204

Makhmetova Dj.M.
Speech adjective patterns in natural-scientific and scientific-technical texts ... 210

Sagyndykuly B., Kulzhanova B.
Universal nominations samples for all world languages ... 216

Sansyzbayeva S.K.
About connotative functions zoomorphic metaphors ... 226

Sejdenova S.D., Musaly L.ZH., Karagojshieva D.A.
Linguistic aspects of kazakh surnames analysis ... 232

Smagulova A.S., Tusupova A.K., Sadykova Zh.E.
Prospects of the development of terminological dictionaries in oil and gas industry ... 238

Tayeva R.M., Ongarbayeva M.S., Zueva N.Yu., Utesbayeva Zh.M.
Interlanguage phraseological equivalents (on the material of english and russian languages) ... 244

Ongarbayeva M.S., Tayeva R.M., Zueva N.Yu., Kolesnikova T.P.
Linguiscultural aspects of the research of the concepts marriage and family ... 250

Tanabayeva G.O., Abdrahmanova Zh.A.
Methods of syntactic links of words in the names of diseases ... 256

Tasymov A.
The richness of the language – the memory of the common people ... 260

Halenova A.R., Artykova E.U., Mahazhanova L.M.,
The impact of globalization on the appearance of the english words into the kazakh language ... 266

Shoimanova M.B., Zhamasheva Zh.R.
Linguistic units of traditional meal names of Kazakh and English nations in the light of the language 270

Section 3
Methods of teaching language and literature

Almabaeva G.B., Artykova E.U.
Modern information technologies in education system 278

Darmenkulova R.N., Alymtayeva L.T., Amirov A.Zh.
The technics of formation students' cognitive competence while teachingkazakh language 282

Muldagalieva A.A., Okusheva G.T.
On the Role of Motivation in the Course of Trilingual Program Realization in Education System 288

Ospanova D.B.
About scientific speech features 294

Oshakbaeva Zh.B.
Linguistic models of acquisition of Russian / Kazakh as a second language 300

Strautman L.E., Gumarova Sh.B.
Tasks of the course «Scientific and technical translation» at nonlinguistic faculties 304

Tolegenov T.K.
On the use of Alashorda works at the Kazakh language lessons 310

Shynybekova A.K.
The use of Kazakh language for professional purposes in the field of jurisdiction 316

Section 4
The theory of translation

Dauletkeldiuly S.
The past and the present of Chinese Kazakhs translation literature 322

Turbekova S.A.
One of the types of formal correlations of personal names in translation 328

Section 5
Culture

Aymukhambet Zh.A., Baitanasova K.M.
The binary and opposite nature of the dyad in the mythical consciousness 334

Boretsky O.M., Kim L.M.
Human beings and dolls in oriental philosophy of life (based on japanese literature and cinema) 340

Nabiyeva N.
Theoretical-aesthetic features scenarios of television documentaries 346

Aymukhambet Zh.A., Orazbek M.S..
The poetic transformation of binary opposition in the structure of the myth 352

Stamgaziev R.O., Sabyrova A.S.
About the musical characteristics of household songs Zhetysu 358

Sharipova D.S.
Ornamental system in creative work of the master art tapestry Irina Jarema 364

Section 6
Young Authors

Abdumanapova Zh.A.
Metaphorization and symbolic meaning of the bird's names 372

Ainabekova G.B.
Prose of V.F. Mikhailov 378

Yesirkeyeva D.A.
Newspaper text as the object of linguistic research 382

Kan V.
Translation problems of English conversational vocabulary in the Thomas Hardy's novel «Tess of the d'Urbervilles» 388

Mukhtar L.
The main approaches to the study of the concept in modern human sciences 392

Nakhanova K.K.
The symbolic significance of earrings in the aesthetic worldview of the Turkish people 398

Sansyzbayev O.
Word mistakes and its factors 404

Tokbaev A.K.
Urgent problems of teaching the state language 410

Turganbekkyzy A., Alshynova G.
Fatima Balgaeva, a person, who professionally learned playing kobyz, the first professional performer and teacher 416

УСПЕЙТЕ ПОДПИСАТЬСЯ НА СВОЙ ЖУРНАЛ

АКЦИЯ!!!

Каждому подписчику
ПУБЛИКАЦИЯ СТАТЬИ
БЕСПЛАТНО!!!

АКЦИЯ!!!

- **Акция действительна при наличии квитанции об оплате годовой подписки.**
- **Статья должна соответствовать требованиям размещения публикации в журнале.**
- **Статья печатается в той серии журнала, на которую подписался автор.**
- **Все нюансы, связанные с публикацией статьи, обсуждаются с ответственным секретарем журнала.**

Издательский дом
«Қазақ университеті»
г. Алматы,
пр. аль-Фараби, 71
8 (727) 377 34 11, 221 14 65

АО «КАЗПОЧТА»
г. Алматы,
ул. Богенбай батыра, 134
8 (727 2) 61 61 12

ТОО «Евразия пресс»
г. Алматы,
ул. Жибек Жолы, 6/2
8 (727) 382 25 11

ТОО «Эврика-пресс»
г. Алматы,
ул. Кожамкулова, 124, оф. 47
8 (727) 233 76 19, 233 78 50